

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного
университета имени С. Торайғырова

1997 ж. құрылған
Основан в 1997 г.



İ Ì Ó
ÕÀÁÀÐØ ÛÑÛ

ÂÃÑÒÍ ÈÊ Ì ÃÓ

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

2 2015

Научный журнал Павлодарского государственного университета
имени С. Торайгырова

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации
№ 14210-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан
4 марта 2014 года

Зейнуллина А.Ф., к.ф.н., доцент (и.о. главного редактора)
Демесинова Г.Х., к.ф.н., доцент (и.о. зам. гл. редактора)
Азылбекова Г.О., магистр лингвистики (отв. секретарь)

Редакционная коллегия:

Брицын В. М., д.ф.н., профессор (Украина);
Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Россия);
Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор;
Жусип К. П., д.ф.н., профессор;
Жусупов Н. К., д.ф.н., профессор;
Казимирова И. А., ст. науч. сотр. Института украинского языка
НАН, Украина;
Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия);
Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Россия);
Ыскак Д., д.ф.н., профессор;
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;
Нургожина Б. В. (тех. редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискеты не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

© ПГУ им. С. Торайгырова

МАЗМҰНЫ

Акимбекова Г. Ш., Солтанбекова Ф. Ә. Қала тіліндегі лингвистикалық элементтердің бірі эмпоронимияның көрінісі	9
Ақыш А. Н. «Абай жолы» роман-эпопеясын орысшаға аудару барысындағы М. Әуезовтің көркемдік ұстанымы	18
Андрющенко О. К. «Медиатекст» және «медиадискурс»: ұғымдардың өзара байланысы	25
Апеева Г. С. Абайдың ақын шәкірттерінің поэмаларындағы ортақ поэтикалық өрнектер	32
Әбдіқалық К. С., Әділбекова Л. М. М. Жұмабаев өлеңдеріндегі мәтіндік өзгерістер	39
Әділбекова Л. М., Әбдіқалық К. С. Ж. Аймауытовтың әдеби-сын пікірлері	43
Бейсенова Г. Аудармадағы лексика-грамматикалық трансформациялар (Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы негізінде)	48
Бектемирова С. Б., Арсланбаев А. Компьютерлік лексикография: электронды сөздіктердің типтері	54
Бисмильдина Д. Д. Мемлекеттік тіл мәртебесі	61
Досанова А. Ж., Тлегенова К. А., Айтқұлова Т. Н. Махмұт Қашқаридың «Диуани Лұғат Ат-түрік» еңбегіндегі тәлім-тәрбие мәселелері	70
Ержанова С. Б., Жаңалық С. Ж. Бексұлтан Нұржекеұлының «Күтумен кешкен ғұмыр» романындағы кейіпкерлер болмысы	76
Жанұзақова Қ. Т. Қазақ әдебиеттануындағы герменевтика және шығарманы қабылдау мен пайымдау	81
Жанұзақова Қ. Т., Дүйсекеева Б. Қазіргі қазақ әдебиеті дамуының жаңа бағыттары	87
Жанұзақова Қ. Т., Панзабек Б. М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің поэтикасы	94
Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «гүл», «бұлбұл», «базар» ұғымдары	102
Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Аяпбергенова М. М. Ж. Көпеевтің туған жер тақырыбындағы өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	110
Иманбердиева С. Қ. «Жаратушы» теонимінің концептілік белгісі	116

Карипжанова Г. Т., Абикенова Г. Т., Абзалдинова Г. К. Көркем мәтінге лингвостилистикалық талдау жасау жолдары	123
Қарағойшиева Д. А., Бектемірова С. Б., Искакова Г. Н. Қазақ тілінің хабарлы сөйленімдеріндегі тоналды акценттің зерттелуі (Praat фонетикалық бағдарламасы бойынша)	129
Маслова В. А. Когнитивтік лингвистиканың Кеңес Одағынан кейінгі кеңістікте дамуы	137
Мәмбетова М. Қ., Бисенбай А. М. Қазіргі автокөлік бөлшек атауларының сөздік қордағы орны	149
Муталиева Р. М., Оразбек М. С. Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» романына бүгінгі көзқарас	155
Муталиева Р. М., Оразбек М. С. Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесінің шешімі туралы	159
Насыритдинова Ә. Н. Техникалық терминжасамдағы сөз таптарының орны	164
Нестерик Э. В., Беликова О. В., Махметова А. Т. XIX–XX ғғ. көркем әдебиеттегі жыныстардың өзара қатынасын білдіретін эвфемизмдердің қызметінің ерекшеліктері	170
Нұрханова А. М. «Ұрын бару» лингвомәдениеттік концептіні когнитивті- пропозиционалды анализ тәсілі арқылы талдау	177
Ожекенева Б. Қазақ күнтізбесіне байланысты терминдердің ағылшын тіліне аударылу мәселелері	183
Өтемісова Г. Ж. Уәж және уәжділік теориясы: шығарма тіліндегі көнерген аталымдарға қатысы (Нұртуған шығармалары бойынша)	188
Пименова М. В. Метафоралардың мәдениет коды мен өрнегі	194
Пименова М. В. Антропоморфия мәдени коды	201
Рахимжанов К. Х., Ақошова М. К. Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романы туралы	207
Сармекенова Ә. М. Калькалау – медицинадағы терминжасаудың тиімді тәсілі	211
Таусоғарова А. Қ. Бүркеншік есімді мәтіндердің авторын анықтаудағы лингвистикалық өлшемдер	217
Теркулов В. И. Сөз жасауда модификацияның өзгеруі	225
Хаирова Г. М., Айтпаева А. С., Григорьева И. В. Орыс-қазақ сөздіктердегі эмотивтік етістіктердің лексикографиялық сипаттамасы	231
Авторлар үшін ереже	237

СОДЕРЖАНИЕ

Акимбекова Г. Ш., Солтанбекова Г. А. Отражение эмпоронимии в языке города как один из лингвистических элементов	9
Ақыш А. Н. О художественном стиле М. Ауэзова при переводе романа-эпопеи «Путь Абая»	18
Андрющенко О. К. «Медиатекст» и «медиадискурс»: взаимосвязь понятий	25
Апеева Г. С. Созвучие поэтических фигур в поэмах поэтов-последователей Абая	32
Абдикалык К. С., Адылбекова Л. М. Текстовые различия стихотворений М. Жумабаева	39
Адылбекова Л. М., Абдикалык К. С. Литературно-критические мысли Ж. Аймауытова	43
Бейсенова Г. Лексико-грамматические трансформации в переводе (на основе трилогии А. Нурпеисова «Кровь и пот»)	48
Бектемирова С. Б., Арсланбаев А. Компьютерная лексикография: типы электронных словарей	54
Бисмильдина Д. Д. Статус государственного языка	61
Борибаева Г. А., Медетбекова П. Т. Нынешнее состояние исследования топонимики в Казахстане	64
Досанова А. Ж., Тлегенова К. А., Айтқулова Т. Н. Проблемы воспитания в труде Махмута Кашкари «Диуани луғат ат-түрк»	70
Ержанова С. Б., Жаңалық С. Ж. Натура персонажей в романе Бексултана Нуржекеулы «Жизнь, проведенная в ожидании»	76
Жанузакова К. Т. Герменевтика в казахском литературоведении и восприятие литературного произведения	81
Жанузакова К. Т., Дуйсекеева Б. Основные тенденции развития современной казахской литературы	87
Жанузакова К. Т., Панзабек Б. Поэтика рассказа Мағжана Жумабаева «Грех Шолпан»	94
Жусупов Н. К., Баратова М. Н. Понятие «цветок», «соловей», «базар» в стихотворениях Машхура Жусипа	102
Жусупов Н. К., Баратова М. Н., Аяпбергенова М. Художественная особенность в стихах М. Ж. Копеева на тему Родина ...	110
Иманбердиева С. К. Концептность теонима «Создатель»	116

Карипжанова Г. Т., Абикенова Г. Т., Абзуддинова Г. К. Методы лингвостилистического анализа художественного текста	123
Карагойшиева Д. А., Бектемирова С. Б., Искакова Г. Н. Исследование тонального акцента повествовательных высказываний казахского языка (при помощи фонетической программы Praat)	129
Маслова В. А. Развитие когнитивной лингвистики на постсоветском пространстве	137
Мамбетова М. К., Бисенбай А. М. Роль современных наименований автозапчастей в словарном запасе	149
Муталиева Р. М., Оразбек М. С. Современный взгляд на роман Г. Мустафина «Караганда»	155
Муталиева Р. М., Оразбек М. С. О развязке в повести Ж. Аймауытова «Проступок Куникой»	159
Насыритдинова А. Н. Роль частей речи в техническом терминологическом образовании	164
Нестерик Э. В., Беликова О. В., Махметова А. Т. Специфика функционирования эвфемизмов, обозначающих взаимоотношения полов, в художественной литературе XIX-XX вв.	170
Нурханова А. М. Анализ лингвокультурного концепта «Первое посещение женихом дома невесты» методом когнитивно-пропозиционального анализа	177
Ожекенева Б. Проблемы перевода терминов казахского календаря на английский язык	183
Утемисова Г. Ж. Теория мотивов и мотивации: отношение устаревших названий к языку произведений (по произведениям Нуртуганова)	188
Пименова М. В. Культурный код и модели метафор	194
Пименова М. В. Антропоморфный код культуры	201
Рахимжанов К. Х., Ақошева М. К. О романе Ж. Аймауытова «Қартқожа»	207
Сармекенова А. М. Калькирование – эффективный метод составления терминов в медицине	211
Таусогарова А. К. Лингвистические параметры в установлении авторства текстов под псевдонимами	217
Теркулов В. И. О разновидностях модификационного словообразования	225
Хаирова Г. М., Айтпаева А. С., Григорьева И. В. Лексикографическое описание эмотивных глаголов в русско-казахских словарях	231
Правила для авторов	237

CONTENT

Akimbekova G. Sh., Soltanbekova G. A. One of the linguistical elements in the city language is the appearance of emporonimia	9
Akysh A. Mukhtar Auezov's exquisiteness during translation of epic novel «Path of Abay» into Russian language	18
Andryuchshenko O.K. «Mediatexts» and «mediadiscourse»: relationship of terms	25
Apeeva G. S. Consonance of poetic figures in the poems of poets followers of Abay	32
Abdikalyk K. S., Adilbekova L. M. Text distinctions of works of M. Zhumabaev	39
Adilbekova L. M., Abdikalyk K. S. Literary-critical thoughts of Zh. Aymaulytov	43
Beisenova G. Lexical and grammatical transformations in translation (based on the trilogy by A. Nurpeisov «The blood and sweat»)	48
Bektemirova S. B., Arslanbayev A. Computer lexicography: the types of electronic dictionaries	54
Bismildina D. D. Status of the state language	61
Boribayeva G. A., Medetbekova P. T. Nowadays situation of research of toponyms in Kazakhstan	64
Dossanova A. Zh, Tlegenova K. A., Aitkulova T. N. Problems of education in the work «Diuan lugat at-turk» by Mahmut Kashkari	70
Erjanova S. B., Zhanalyk S. The nature of characters in the novel by Beksultan Nurzhekeuly «Life spent in waiting»	76
Zhanuzakova K. T. Hermeneutics in Kazakh literature and the perception of literary work	81
Zhanuzakova K. T., Duicekeeva B. The basic trends of the modern Kazakh literature development	87
Zhanuzakova K. T., Panzabek B. The poetics of the story by Magzhan Zhumabaev «Sin of Sholpan»	94
Zhussupov N. K., Baratova M. N. The concept of «flower», «nightingale», «market» in the poems by Mashkhar Zhuship	102
Zhussupov N. K., Baratova M. N., Ajapbergenova M. Artistic features in poems of M. Zh. Kopeev on Homeland	110
Imanberdiyeva S. Conceptuality of the theonym «Creator»	116
Karipzhanova G. T., Abikeno G. T., Absuldinova G. K. Methods of linguistic analysis of artistic text	123

Karagoishieva D. A., Bektemirova S. B., Iskakova G. N. Investigation of the pitch accent of declarative statements of Kazakh language (using the phonetic program Praat)	129
Maslova V. A. Cognitive linguistics development in post-Soviet times	137
Mambetova M. K., Bissenbay A. M. The role of modern names of autoparts in lexical resource	149
Mutalyeva R. M., Orazbek M. S. The modern view to the novel of G. Mustafin «Karaganda»	155
Mutalyeva R. M., Orazbek M. S. About the roundabout in the story of Zh. Aymauytov «Misdemeanor of Kunikey»	159
Nassyritdinova A. N. The role of pars of speech in technical terminologies formation	164
Nesterik E. V., Belikova O. V., Makhmetova A. T. Specificity of functioning of euphemisms denoting gender relations in literature of the XIX-XX centuries	170
Nurhanova A. M. Linguocultural analysis of the concept «First visit of the groom to the house of the bride» through cognitive-propositional analysis	177
Ozhekeneva B. Problems of translation of terms of the Kazakh calendar into English language	183
Utemisova G. J. Motives and motivation theory: obsolescent names in relation to the language of creative works (based on creative works of Nurtugan)	188
Pimenova M. V. Cultural code and model metaphors	194
Pimenova M. V. Anthropomorphic culture code	201
Rakhimzhanov K. Kh., Akosheva M. K. About the novel of Jusipbek Aimaulytov «Kartkozha»	207
Sarmekenova A. M. Tracing – an effective method of drawing up the terms in medicine	211
Tausogarova A. K. Linguistic criteria in formation of author attribution of texts under pseudonyms	217
Terkulov V. I. On variety of modification word formation	225
Khairova G. M., Aitpayeva A. S., Grigorjeva I. V. The lexicographic description of emotive verbs in the Russian-Kazakh dictionaries	231
Rules for authors	237

ЭОЖ 811.512.122'27

Г. Ш. Акимбекова¹, Ф. Ә. Солтанбекова²

¹ф.ғ.к, доцент; ²ф.ғ.к, доцент, Алматы Менеджмент Университеті, Алматы қ.

ҚАЛА ТІЛІНДЕГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ БІРІ ЭМПОРОНИМИЯНЫҢ КӨРІНІСІ

Бұл мақалада лингвистикалық элементтердің бірі эмпоронимияға нақты мысалдар арқылы лексикологиялық және ономазиологиялық аспектіде талдау жүргізіледі.

Кілтімі сөздер: лингвистикалық элемент, қала тілі, эпоронимия, семантикалық лексика, ономазиологиялық аспекті, лексикологиялық аспекті, терминологиялық номинациялар.

Қазіргі қаланы лингвистикалық тұрғыдан сипаттап көрсететін лингвистикалық элементтердің бірі – **эмпоронимия** (грек. «сауда» + оним) болып табылады. Қаламыздың эмпоронимиясын лексикологиялық және ономазиологиялық аспектіде талдауымызға болады.

Қазіргі қаланың эмпоронимиясы әр түрлі. Стандартты үлгі бойынша номинациялар былай құрылған: номенклатуралық номинация – меншікті эмпороним. Қаламызда оннан аса номенклатуралық терминдер тіркелген: **дүкен, дүңгіршек, павильон, салон, студия, автоприцеп (тез тамақтандыру қызметін көрсететін орын, яғни автотіркеме), базар, сауда үйі, сауда орталығы, супермаркет, шағын маркет, бутик, сауда және ойын-сауық кешені, зал, агент**. Осылардың ішіндегі дүкен, дүңгіршек, павильон Қазақстанның барлық қалаларында кездеседі. Бұл терминдер тіл ұғымына қала тұрғындары арқылы кірді, әрі қолданысы мен ұғымы бойынша ешқандай қолайсыздық тудырмайды. Бұлардың ішінде атауына қарай кейбіреулерінің сауда орындары болса, ал енді біреулері қызмет көрсету орындары болып табылады. Бірақ та осы екеуінің бір атаудың бойынан табылатынын да байқауымызға болады. Мәселен, **салон** номинациясының семантикасы туралы айтатын болсақ, мынадай түрлі мағынада қолданады:

Салон – (киім-кешек, аяқ киім), мысалы, *салон «Обувь из Европы»* Мұнда *салон* сөзі мен *Европа* сөзі үйлесімділік тауып, жоғары сапалы шетелдік тауарлар жиынтығынан хабар береді.

Салон – (дүкен-салон, салон-дүкен), Перделер *салон-дүкені* бұл номинация ат қоюшының ойынша, қызмет көрсету сапасының жоғарылығымен ерекшеленеді.

Салон + квалитатив (Зергерлік салоны, жиһаздар салоны), «Alen Cold» зергерлік салоны, «Империл» жиһаздар салоны. Мұнда салон термині жоғары сапалы заттар сататын орынға қойылған.

Салон – сұлулық салоны, Мысалы, «Стиль НН» сұлулық салоны, «The Best» сұлулық салоны, «Престиж» сұлулық салоны, «Айсұлу» сұлулық салоны, т.б.

Міне, жоғарыдағы мысалдардан бірі *салон* деген сөздің өзі бірнеше тіркес жасап, бірнеше семантикалық сипат беріп тұрғандығын көреміз.

Эмпоронимде *салон* терминінің тіркесуімен беделді қызмет көрсетудің немесе тауардың сапасы қаншалықты екендігі айтылады. Мысалы, шаштараз бен шаш қырқу салонының арасындағы айырмашылықтарды сараптап көруімізге болады. Мәселен, шаш қырқу салонында тек бір шаштың өзіне арналған бірнеше қызмет түрлері бар, әрі жоғары білікті мамандар жұмыс істейді. Мұндай салондарда өте сапалы техникалық құралдармен қызмет көрсетеді, айталық, жаңа технологиялар негізінде компьютердің көмегі арқылы шаш қырқу, шаш өсіру немесе жалғау және т.б.

Зал номенклатуралық термині *салон* сөзіне синоним болса, ат қоюшының көзқарасы бойынша зал термині жарнамаға сәтті жол, яғни көптеген салон қатарларынан ерекшеленіп тұрады. Мысалы, «Италяндық ерлер аяқ киімі залы» мұнда ерлерге арналған төрт мезгілдік аяқ киімнің түрлі стилдері жиналған. Сондай-ақ, кешенді қызмет көрсететін тек *ерлер залы*, *әйелдер залы*, *әйелдерге арналған киімдер залы*, т.б. Бұндай объектілер және олардың атаулары қала тұрғындарының тіліне ғана тән құбылыс болып табылады.

Сауда объектілерінің ішінде әсіресе сауда орталықтары мен сауда үйлері жиі кездеседі. Мысалы, «Рамстор» сауда үйі, «Айнабулак» сауда орталығы, балалар әлемі «Достар» сауда орталығы, т.б.

Біздің көзқарасымыз бойынша қала тұрғындарының тілдік санасына біртіндеп енген *кешен* («**кешен**» латынның «комплекс» сөзінің баламасы. Бұл сөз қазақ тілінде көнерген сөздер қатарында болатын, енді қазіргі кезде тілімізде аталмыш мағынада қолдануда) яғни, жанына қажеттінің бәрін алуға болатын, «түгел қамтыған» деген семантикалы номенклатуралық терминдермен қоса, көп іске бейім деген мағынада «әмбебап» сөзі де жиі кездеседі. Мысалы, *Сауда-спорт кешені* «Белес», *Сауықтыру кешені* «Aspasia», «Удобный» әмбебап дүкені, т.б.

Автоприцеп (*тез тамақтандыру қызметін көрсететін орын, яғни автотіркеме*), бұл да сауда объектісі, номенклатуралы номинация, әсіресе бүгінгі таңда қаламыздың көптеген жерлерінде орналасқан. Ондай қызмет көрсету орындары шағын ғана болғанмен, жылдам қызмет көрсетеді. Бүгінгі заман уақытты үнемдеуге арналған заман болғандықтан, күнделікті өмірде тамақтануға арнайы уақыт болмаған жағдайда көмектесетін орындар бар. Мысалы, «Донер – Кебаб», «Кавказдық донер-кебаб», «Шаурма», «Самса».

Соңғы уақытта қаламыздың көптеген жерінен орын алған *Алматылық Донер - Кебаб*, *Алматылық Донер* деген автоприцептер орын ала бастады. Осы атаудан донер – кебаб тағамы қазақ халқына тән емес екенін, бірақ та сол тағамның осы Алматы қаласында жасалғанын, әрі тағамның құрамы бойынша басқа донер – кебабтардан айырмашылығы бар екенін байқауымызға болады.

Енді меншікті эмпороним талдауына келетін болсақ, мұнда маңдайшадағы жазуларды тікелей көрсететін атаулар тобы жатады. Бұл талдауға негіз болатын күнделікті өзіміз кіріп жүрген сауда орындары болады. Тіркелген сауда орындары классификациясын типологияларға бөліп талдап көрсетіледі.

Қаламыздағы дүкендер атауын шартты түрде мынадай мағыналық лексемалар тобына бөлуге болады:

1. Заттық лексика. Бұл өте үлкен топ, заттың, өнімнің атымен аталатын қорытынды семантикалы лексемалар. Мысалы, «*Меха и кожа*» дүкені, «*Подарки*» дүкені, «*Бочка*» сыра-дүкені, *азық-түлік дүкені* «*Тұмар*», «*Отау*» әмбебап базары, «*Пиво-квас*» дүкені.

2. Адамдар есімі. Мұнда объект иесінің және отбасы мүшелерінің біреуінің есімімен аталатын, әрі әдеби, мифологиялық және ертегі кейіпкерлерінің аттарымен аталатын номинациялар жатады. Мысалы, «*Бекзат*» азық-түлік дүкені, «*Газиза*» азық-түлік дүкені, «*Алия*» азық-түлік дүкені, «*Дина*» азық-түлік дүкені, «*Бексұлтан*» дүкені, «*Руслан*» дүкені, *сұлулық салоны* «*Алия*», «*Маржан*» дүкені, т.б.

3. «Табиғи» семантикалы атаулар, яғни жануарлар мен өсімдіктер, метеорологиялық құбылыстардың атаулары жатады. Гүл сататын киосктер гүлдердің атымен аталса, көбінесе бейтарап «*Гүлдер*» немесе «*Цветы*» деп атайды. Мысалы, «*Орхидея*» гүлдер дүкені, «*Дары природы*» дүкені, т.б.

4. Кеңістікті және жергілікті семантикалы лексика. Мысалы, «*Кристалл*» шаруашылық дүкені, өсімдіктер, жануарлар дүкені «*МИР*», «*Аура-плюс*» сұлулық салоны, «*Планета*», «*Еркін*» дүкені, «*Күнгей*» дүкені, т.б.

5. Шет тілдік лексика. Мұнда басқа шет елдік тауарлармен қызмет көрсететінін, шет елдік атакты фирмалардың атымен дүкендердің атын атау арқылы түсіндіреді. Сонда дүкендердің аты тауарлардың сапасын білдіріп тұрады. Мысалы, «*KIMEX*» аяқ-киім дүкені, «*DONNA*» сұлулық салоны, «*Studio*» сән салоны, «*Fashion*» сауда үйі, «*Diks*» аяқ киім салоны, шағын маркет «*MODEREN*», сән салоны «*ROMAKO*».

6. Абыройлы және жағымды бағалауыштық семантикалы лексика. Мұнда беделділікті білдіретін бірнеше мысалы, *престиж*, *элит*, *люкс*, *экслюзив*, *студия*, *фирмалық* сияқты сөздер қолданылады. Мысалы, «*Оксана*» шаш қырқу студиясы, «*Elite Nalis*» тырнақ студиясы, «*ТОМИРИС*» сұлулық студиясы, т.б.

Ал енді кейбір объекті атауларының өзі жағымды бағалаушылық пен абыройлықты білдіретін семантикалы номинациялар болып табылады. Мысалы, «*Lady*» *шаптаразы* (ақсүйектер тобындағы тұрмыстағы әйел), «*Vip Club*» *сұлулық салоны*, «*Князь II*» *азық-түлік дүкені*, *фирмалық дүкен* «*Маниук-т*», «*ZUZU*» *эстетикалық орталық*, «*Ару*» *сән салоны*, *сән салоны* «*Beauty*» (ағылшын тілінен аударғанда сұлулық, көркемдік деген мағынаны білдіреді),

Сондай-ақ *евро* элементі объекті атауларына жалғанып отырады. Мысалы, қаламыздағы көптеген көшелерде кездесетін «*Евроаптека*».

1. Ментальды саладағы семантикалы лексика. Сауда саласы бойынша көбінесе менталды семантикалы атаулар болып табылады. Мысалы, «*Мечта*» *дүкені*, «*Знание*» *кітаптар дүкені*, «*Книжный мир*» және т.б.

2. Уақыттық лексика. Осы топтың атаулары ешқандай өнімнен хабар бермейді, жылдың төрт мезгілінің атымен аталады. Мысалы, «*Золотая осень*», «*Сезон*» *дүкені*.

3. Терминологиялық номинациялар. Мысалы, «*Жиһаздар студиясы*», «*Маталар салоны*», «*Фото салон*», «*Интернет*», «*Сұлулық салоны*», «*Көзілдірік-Оптика*», «*Дәріхана-аптека*», т.б.

4. Діни ұғымдағы номинациялар. Бұл топқа діни ұғыммен берілетін атаулар жатады. Мысалы, «*Мүбәрәк*» *азық-түлік дүкені*, «*Аллаяр*» *шағын маркеті*.

Сонымен бірге эмпоронимияға тән құбылыстардың бірі – **трансонимизация** (белгілі атауды ономастикалық класқа түсіру), яғни қаланың, көшенің, мемлекеттің аттарын сауда орындарының атауы ретінде көшіре салуды айтамыз. Мысалы, «*Астана*» *дүкені*, «*Алматинка*» *дүкені*, «*Ресей*» *супермаркеті*, т.б.

Қазіргі қаланың тілдік көрінісі күнделікті бізді қоршаған ортаның сыртқы бейнесі болып табылады. Сауда объектілердің номинациясы арқылы қала тұрғындарының тілін білуімізге болады. Осы мысалдарға қарап ойымызды қорытындылайтын болсақ, сауда орындарының атаулары семантикалық жағынан әр түрлі екендігіне көз жеткіздік. Мұндай құбылыстар тек Алматы қаласына ғана емес, халқы көп қалалардың бәріне тән болып келеді.

Эмпоронимияны зерттеудегі **ономасиологиялық тәсіл**. Эмпороним номинациясының әдісі – ономастиологиялық тәсіл. Ол объектіден оның атына дейінгі қозғалысты қамтиды. Ономастиологиялық тәсілдегі негізгі мәлімет – аталынған объект.

Зерттеу міндеті – объектінің қай жағы оған атау болып бекітілетінін дәлелдеп түсіндіру. Қаламызда ақпараттық атаулардың да саны жетерліктей екенін дәлелдеу. Дәлелденген дүкен аттарының негізінде сату-сатып алу жағдайының элементтері кездеседі. Бұл жерде біз Т.В. Шмелеваның ойымен бөліскіміз келеді [70, 26 б.].

1. Субъект – сатушы;
2. Объект – бір нәрсенің сатылуы;
3. Адресат – сатып алушы;
4. Кваликатив – жағдайдың іске асыру әдісіне сипаттама;
5. Локатив – сату-сатып алу жағдайының іске асырылу орны;
6. Жағрафиялық – осы орынның жағрафиялық жағдайы;
7. Темпоратив – жағдайдың іске асырылу уақыты;

Субъект – Мысалы, «*У Апаши*» *азық-түлік дүкені*, «*У Аллы*» *азық-түлік дүкені*, «*У дядя Васи*». Бұл номинацияларда объекті иелерінің нақ өзі екендігінен, әрі онымен сауда жасауға болатындығынан хабар беріп тұрады.

Объект – «*Тұшпара-Пельмени*», «*Блинный*», «*Сыра-Пиво*», «*Кофейная*». Бұл жерде айтылған сауда объектісінде тек тұшпара, құймақ, сыра, кофе сататындығын номинациялар арқылы білуге болады.

Жағрафиялық жағдай бойынша мысалы келтіретін болсақ, Өтеген батыр көшесінің бұрынғы аты Мате-Залка екені бәрімізге белгілі, міне осыған байланысты сол көшеде «*Мате-Залка*» *азық-түлік дүкені* бар, Жандосов көшесінде Плодик аялдамасы бар, соның атымен қойылған «*Плодик*» *азық-түлік дүкені*, «*Плодик*» *сұлулық салоны*, Татарка көшесінде «*Татарка*» *дүкені* орналасқан, Шаңырақ ықшамауданының атымен сол жерде «*Шаңырақ*» *шағын маркеті* орналасқан. Ақсай-3 шағынауданында сауда павильоны «*Ақсай-3*», Кеңсай ықшамауданындағы *дүкен* «*Кенсай 2*» бар.

Кваликатив: «*Заказной*».

Темпоратив: «*Сезон*», «*Зима*».

Енді осы талдау бойынша қаламызда бірнеше дүкендер көп элементті номинациялардың ішкі мазмұнын анықтасақ, оны дәлелдеу үшін жоғарыда айтылған сипаттамаларға бірнеше мысалдар қойып талдап көрелік. Мысалы:

Объект + жағрафиялық жағдай: «*Обувь из Европы*», «*Обои из Италии*», «*Беларусь жиһазы*», «*Французский дом*» т.б.

Енді бір номинациялар бірнеше элементтерден тұрады, әрі өте нәтижелі болып келеді. Мысалы:

Объект + адресат: «*Обувь для всей семьи*», «*Жан-ұяға арналған киім*», «*Одежды для будущих мам*».

Объект + кваликатив: «*Нәзік кулинариялық дүкен*», «*Ақсай-нан фирмалық дүкені*», *фирмалық дүкен* «*Рахат*».

Қазіргі эмпоронимия бірдей атау тәсілдері арқылы қолданады:

1. Апеллятив онимизациясы. Мысалы, «*Хозяюшка*» *тұрмыстық заттар дүкені*, «*Сказка*» *азық-түлік дүкені*, «*Жалюзи*» *дүкені*, «*Фантазия*» *дүкені*, т.б.

2. Қысқартқан сөздер.

– қысқартылған түбірлердің қосылуы арқылы жасалады. Мысалы, «*Казинстрах*», «*Казстатинформ*», «*Казросимпорт*», «*Сервисстройцентр*», «*Домостроитель*» *дүкені*, т.б.

– аналитикалық сын есіммен қосылу арқылы жасалады. Мысалы, «Автомир», «Автопрофи», «ЛюМир» сауда орталығы, т.б.

– қысқартылған сын есіммен қосылу арқылы жасалады: «Алматыгорстрой», «Алматыинжстрой», «Алматыстройинвест», т.б.

– күрделі қысқартылған кірме бөлшектердің қосылуы арқылы жасалады: «Интеройлсервис», «Евротекстиль», «Интеркоммерц», «Интертрейд», «Еврочистка», «Интерфарм», т.б.

1. Жалғамалы атаулар.

– септік жалғаулары арқылы; мысалы, «Барлық отбасына арналған киім», «Барлық жан-ұяға арналған аяқ киім», «Стильді киім бутигі», т.б.

– генетивті конструкциялар арқылы; мысалы, «У Аллы», «У Насти», «У Анашки», «Мини-Маркет на Демченке», т.б.

– зат есім мен сын есімнің тіркесуі арқылы, мысалы, «Золотое руно» дүкені, «Золотая бочка» сыра құйылатын дүкен, «Золотой Локон» сән салоны, «Винный погребок» азық-түлік дүкені, т.б.

– сан есім арқылы жасалады, мысалы, «888» сұлулық салоны, «24 сағат» азық-түлік дүкені, 7-я супермаркет, 24 дәріхана, 36,6 дәріхана т.б.

2. Кірме сөздер арқылы;

– **транслитерация**, (лат. trans - арқылы, littera - әріп) - белгілі бір тілге ғана тән дыбысты екінші бір тілдің орфографиялық заңдылығына лайық белгілеу [7, 395 б.]. Мысалы, «Куан Фудс» дүкені, бұл жерде **food** ағылшын тілінен ауарғанда азық деген мағынаны білдіреді, әрі Куан дүкені азық-түлік қана сатады деген ұғымды түсіндіріп тұр, ал «Арт» шаштаразы, **art** сөзі ағылшын тілінен аударғанда **өнер** деген мағынаны білдірсе, мұнда шаш қырқу да өнер екенін білдіреді. Сонымен бірге, «Эра» шаштаразы, мұнда ағылшын **era** сөзінен алынған, яғни, мағынасы **кезең, уақыт, газыр** деген мағыналарды береді, мұнда кез-келген кезеңге сәйкес шаш қырқу үлгісін жасай аламыз деген ұғымды атаудан түсінуге болады.

Трансонимизация (бұл жазылуы әр түрлі, бірақ бірнеше тілде мағынасы бірдей сөздер), мысалы, «Expert» сұлулық салоны, бұл жерде **эксперт** сөзі орыс тілінде де, ағылшын тілінде де **сараптама** деген мағынаны білдіреді. «Jasmin» киім дүкені, мұнда **жасмин** атауы орыс тілінде де, ағылшын тілінде де **ақжұпар** гүлінің мағынасын береді. «Professional» сән салоны, бұнда екі тілде де **кәсіби** деген мағынаны білдіреді. «Лотос» шығыс салоны, мұнда **лотос** биологиялық термин, яғни, көп жылдық әсем гүлді су өсімдігі екендігі латын тілінде **lotos** (**лотос, нильская лилия**) де, орыс тілінде де осылай аталады. Тағы бір мысал көңіл аударсақ, «Effect» сән салоны. Мұнда **эффект** сөзі қазақ тілінде **нәтиже** деген мағынаны білдіреді, әрі сондай мағынаны білдіретіндігі бізге ағылшын немесе орыс тілінде тұрса да, аудармасыз да түсінікті. Сонда бұл сөздер осы екі тілдің қайсысында берілсе де, беретін мағынасы бір екенін көре аламыз.

Сонымен қазіргі қаланың тілдік көрінісі күнделікті бізді қоршаған ортаның сыртқы бейнесі болып табылады. Сауда объектілердің номинациясы арқылы қала тұрғындарының тілін білуімізге болады. Қазіргі қаланың тілдік келбеті тек объекті атауларымен ғана шектеліп қана қоймайды, тағы қазіргі қаланың тілін қалалық **эпиграфикадан** да көре аламыз. Қазіргі қала эпиграфикасы қаланың сыртқы көрінісін көрсететін маңызды элементтердің бірі болып саналады. Онда атаулар мен сәлемдесу мәтіндері (Қош келіпсіздер!, Сәтті сапар!), көше мен аудан атаулары жазылған кестелер (Щевченко 95), жайма тақтайлардағы жарнама мәтіндері (*әр түрлі телефон байланыстарына байланысты айтылған жарнама мәтіндері*), дүкен атаулары жазылған маңдайша жазулары (*«Grazia» аяқ киім дүкені*), қала тұрғындарының қолымен жазылған сату-сатып алу хабарландырулары қала көшелерінің басталар тұсынан металлдық құрылмаларда жазылады.

Сонымен, кеңістік факторы бойынша қала ортасының эпиграфикасын және күнделікті эпиграфиканы ажыратуға болады. Біріншіден «заттық» эпиграфика, ол күнделікті заттық белгілерді, мәтіндерді, тұтынушыларға арналған зат сияқты жазулар қамтылады. Екіншіден, қалада жазылған барлық мәтіндер жатады, яғни қала өмірінің эпиграфикасын көшелік, көліктік, дүкендік, мекемелік (кеңсе, мектеп, жоғарғы оқу орындары, банктер) деп бөлуге болады. Ал эпиграфикалық мәтіндерді ресми және бейресми деуге болады. Ресми эпиграфикалар баспа әріптерімен жазылған хабарландырулар, маңдайша жазулары, жарнама, көрнекі үгітшілік мәтіндер, жайма тақтадағы, қабырғадағы мәтіндерді жатқызамыз. Жалпы жарнамалар біздің іскерлік жағынан көріне бастаған мемлекетімізде айтарлықтай дәрежеде орын алып келеді деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Өйткені, жарнамаларда мемлекеттік тілдің әдеби тіл нормаларына сай қолданбауы болса, әрі жарнаманың ұлттық мүддемізге сай толық қалыптаспауы болып табылады.

Енді бейресми эпиграфикалар қала тұрғындарының қолымен жазылған немесе компьютермен жазылған мәтіндер, яғни бұған көбінесе сату-сатып алу, жалға беру, табылған затқа олжа сияқты мәтіндер жатады. Тағы айта кететін жайт, эпиграфиканы жанры бойынша шартты түрде мынадай жазба топтарына бөлуге де болады.

– **Бейімдеуші**, бұндай семанткалы жазбалар адамдардың қалаға бейімделуіне арналған, онда «Қайда?» немесе «Қайдан?» деген сұрақтарға жауап таба аласыз. Олар арнайы тақтайшаларға топономикалық жазбамен көшенің, алаңның, ауданның атаулары жазылады. Мысалы: *Абай даңғылы 108, Шевченко 95, Тимирязев 47, Байтұрсынов 65, Орталық стадион, Динамо стадионы, 8 микрорайон (шағынаудан), 11 микрорайон (шағынаудан).*

– **Хабарлаушы**, мұнда белгілі бір объектіге сипаттама береді, әрі тұрғындардың қажеттіліктерін орындау үшін қызмет ететіндерін білдіреді. Мысалы, дүкен, банк, кітапхана т.б. Мысалы: *«BAF кішкене ғана еңбекқор*

банк» деген жазулардың қасына бір топ құмырсқа жәндігінің суретін салып қойған, себебі құмырсқа ең кішкентай жәндіктердің қатарына жатса да, өте еңбекқор, ертеңін ертерек ойлайтын жәндік болғаннан кейін, банкі де сондай еңбекқор банк екенін көрсетеді. Бірақ та, ВАФ қысқартылған ағылшын әріптерімен берілген объекті атауына ешқандай көпшілік түсінетін тілмен толық түсіндірулер жазылмаған, тек интернеттегі сайттың ғана жазып қойғанын көреміз. Толық атауы «Астана қаржы банкі».

– **Шақырушы**, мұнда тұрғындардың құндылық жүйесіне және адамдардың тәлімін басқаруға шақыру туралы жазбалар жазылады. Мысалы, әр түрлі диагностикалық орталықтардың көрсететін қызмет түрлері болып саналады. Мысалы, *Денсаулық сақтау кешені сіздерге медициналық көмектердің барлық түрлерін көрсетеді.*

Бұндай эпиграфика сипаттамалары біріншіден адамның үлкен қалаға бейімделуге, бір нәрседен хабардар болуға, қала эстетизация қызметін білуге көмектеседі.

Қазіргі қалалық эпиграфикалардың факторларын дүкенді, көшелік, транспорттық, мекемелік деп қарастыруға болады. Көшелік эпиграфикалар мәтіндермен арнайы тақталарға жазылады. Бұл жөнінде жарнама тілі туралы ғылыми зерттеу еңбектерінде толығымен айтылған.

Сонымен ойымызды қорытындылайтын болсақ, годонимия қазіргі қаладағы тілдік көрініс элементтерінің бірі, әрі тарихи дамумен тығыз байланыста болатын, барлығына әсерін тигізіп отыратын қаланың ерекшелігі. Алматы қаласының годонимиясы жалпы қолданатын және кәсіби атаулардан тұратын лексиканың кең ауқымын алып жатыр. Көше атаулары тікелей халықпен, тарихпен байланыста болатындығын, олардың әр түрлі семантикалық ерекшеліктері болатындығына көз жеткіздік. Сондай-ақ эпиграфика ішіндегі этикет жанры да қала тілінде ерекше орын алады. Себебі, ол қаланың барлық жерінен орын тапқан, мәселен, әр түрлі мерекелік құттықтаулар, алғыстар, тілектер жазылған тақтайша жазуларын айтамыз. Мысалы, «Қала күнімен!», «Наурыз мейрамы құтты болсын!» т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Момынова, Б. Қ.** Газет лексикасы. (жүйесі мен құрылымы) – Алматы : Арыс, 1999. – 228б. – ISBN 9965-447-13-6

2 Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы : IDK-ТИПО редакциялық баспа орталығы, 1998. – 508 бет. – ISBN 5-625-01009-9

Материал 20.03.15 баспаға түсті.

Г. Ш. Акимбекова, Г. А. Солтанбекова

Отражение эмпоронимии в языке города как один из лингвистических элементов

Алматы Менеджмент Университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 20.03.15.

G. Sh. Akimbekova, G. A. Soltanbekova

One of the linguistic elements in the city language is the appearance of emporonimia

Almaty Management University, Almaty.

Material received on 20.03.15.

В статье ведется анализ в лексикологическом и ономазиологическом аспектах с помощью конкретных примеров одного из лингвистических элементов эмпоронимии.

We conducted an analysis in lexical and onomasiological aspects using concrete examples of one of the linguistic elements of emporonim in this article.

А. Ақыш

магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫН ОРЫСШАҒА АУДАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ М. ӘУЕЗОВТІҢ КӨРКЕМДІК ҰСТАНЫМЫ

Мақалада көркем мәтінді тәржімалау өнерінің шығармашылық құбылыс екені жан-жақты талданған. Оның күрделі табиғатын М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын аудару барысына зер сала отырып, байқауға болады. Қазақтың ұлы жаушысы көркем тәржіма мәселесіне үнемі жауапкершілікпен қараған. Әрине, жазушы соның ішінде өзінің басты көркем еңбегі, шығармашылығының шыңы «Абай жолы» роман-эпопеясын орысшаға тәржімалау ісіне ерекше мән бергені айтылады. Роман орыс тілі арқылы басқа халықтарға да тарап, дүниежүзінің оқырмандарына қазақ халқының атын шартарапқа таратты. Көркем аударма дұрыс жасалған уақытта оның эстетикалық қуатының пәрменді екендігін осы аудармадан байқауға болады.

Кілтті сөздер: роман-эпопея, көркем мәтін, тәржімалау өнері, көркем аударма, шығармашылық.

Өзінің шығармашылық жұмыстарына қашанда жауапкершілікпен қараған қаламгерлердің бірі Мұхтар Әуезов екендігі сөзсіз. Оны жазушының өзінің көптеген әріптестерімен сөйлеген сөздерінен, жасаған баяндамалары мен аудармашыларына айтқан ақыл-кеңестерінен байқауға болады. Өзінің жеке жұмысына өте сақ қараған және бойындағы талантын сарқа жазған ұлы қаламгер өз шығармаларын орыс тіліне аударып жеткізуді де шығармашылық жұмысындағы басты мәселелердің бірі деп білген.

Әрине, жазушы соның ішінде өзінің басты көркем еңбегі, шығармашылығының шыңы «Абай жолы» роман-эпопеясын орысшаға тәржімалау ісіне ерекше мән бергенін атап айтуымыз керек. Осы жұмысы жайында ол өзінің аудармашыларымен және сол аудармаға ықпалын тигізетін қалам иелерімен үнемі байланыста болып, жұмыс барысындағы жайларды ақылдасып отырған.

Қазіргі уақытта аударма жұмысына жеңіл-желпі қараушылық бар екендігі еріксіз еске түседі. Әр түрлі салада қызмет жасайтын кейбір мамандар қазақ тіліне жетік болмағандықтан, өз қарауындағы қазақ тілді

мамандарын аударма жасауға мәжбүрлейді. «Мынандай орыс тіліндегі материалды срочно қазақшалау керек» немесе «Мына материалды мына уақыттың ішінде срочно аударып әкеліңдер!» деп тапсырма беру жазылмаған заңдылыққа айналып кеткен.

Кез-келген қазақ тілді маманның немесе сабақ беріп жүрген ұстаздар қауымының кәсіби аудармашы емес екендігін былай қойғанда, жалпы аударма жұмысына алыс мамандар екендігі, ешқандай да аудармашы емес екендігі. Өйткені аудармашылық дегеніміз ол – өз алдына жеке өнер. Жеке кәсіп. Өмірдің ары қарай терендеп, дамуына жол ашатын өзінше бір әлем.

Аударма деп түпнұсқадан тікелей аудару жұмысын айтатыны белгілі. Ал ауызша аударманың жөні тіптен бөлек. Бұл жөнінде ғалымдарымыз нақты түрде мынандай пікір түйеді: «Ауызша аударма «ілеспе (синхронды), ізбе із аударма сияқты ауызша рәсімдеуді қажет ететін, ауызша аударма түрлерінің басын біріктіретін ұғым. Аударма процесінде түпнұсқа мен оның аудармасы ауызша жасалатындықтан, аударманың бұл түрінде аудармашы түпнұсқа бөліктерін бірақ рет қабылдап, оны кейіннен салыстыруға немесе жасалған аударманы түзетуге болмайтынын ескертеді» [1, 41]. Енді салыстыру үшін мына мәселеге назар аударып өтудің артықтығы жоқ. Бұл арада аудармашы түпнұсқаны акустикалық түрде қабылдап, соған орай да аударма жасап жатады. Ауызша аударманың ілеспе аударма және ізбе із аударма деген екі түрі бар. Ауызша аудармада аудармашы сөйлеп тұрған шешеннің сөзін кішігірім сегменттерін аударумен шектеледі, сондай-ақ түпнұсқаның басқа бөліктерін қарастыруға ықпал жасайды. Ал ілеспе аудармада аудармашы ауыздан шыққан бір немесе бірнеше ойды аудара алады. Ізбе із аударма мәтін тыңдалып болғаннан кейін жасалатын аударманың түрі. Ізбе – із аударма екіге бөлінеді. Олар парақтан аудару және абзацты–фразалы аударма.

Ал енді көркем мәтінді тәржімалау өнері – тіпті бөлек шығармашылық құбылыс. Оның күрделі табиғатын М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын аудару барысына зер сала отырып, байқауға болады. Қазақтың ұлы жаушысы көркем тәржіма мәселесіне ылғи да жауапкершілікпен қараған. Оның бұл қасиетін өз заманындағы қазақстандық орыс жазушысы Николай Иванович Ановқа және осы жұмыстың басы-қасында жүрген жазушы, қаламдас інісі Зейін Шашкинге жазған хаттарынан жақсы аңғаруға болады. Бұл кісілер осы романды тәржімалау жұмыстарына тікелей араласқан.

Енді сөзімізді айқындай түсу үшін Мұхтар Әуезовтің жазған хаттарына үңілейік. Бір жолы айтатын ойларын аталған екі кісіге де бір параққа түсіріп жолдапты. Сонда ұлы қаламгеріміз былай деген екен:

«Дорогие Николай Иванович и Зеин!

Мне телеграфировала Валентина Николаевна о своей передаче Вам, Николай Иванович, всего подстрочника от Смирновой. Человек больной и страдающий душевно Вера Васильевна Смирнова не решила послать

свой перевод даже первых глав, очевидно, они были сделаны у нее вчерне, а взяты заново и основательно она не в силах. Я понял ее и отказался теперь в целом от всей ее работы, по ее желанию. Это, пожалуй, в интересе книги неплохо, потому, что половина текста от нее доставила бы немало хлопот и потом, когда Вы закончите свою часть. больного да немолодого человека, вообще тяжелого на подъем, ничего невзыщешь. Не плохо еще и потому, что целая книга вся должна быть в едином по стилю переводе. Это легче и для Вас, отвечать за все, полностью принадлежащее вашему труду.

А сроки? Сроки, за которые, как мне сообщила В. Н. – боитесь Вы, в наших руках. Прежде всего, работа и ее качество. Со сроком – обернемся, как говорится, по нашему усмотрению» [2, 115].

Хат өткен ғасырдың орта тұсында жазылған. Ол кезде байланыс құралдарынан сыммен жұмыс істейтін қарапайым телефон ғана болған. Ұялы телефон болмағандықтан ол арқылы жүзеге асатын байланыстың басқа формалары да болмаған. Жазу құралы ретінде машинканы атауға болады, бірақ ол да үнемі күнделікті тіршілікті ыңғайға келе бермеген. Ұлы жазушылардың өздері бір бірімен қалам арқылы қағазға түскен хаттармен байланыс жасауы сондықтан. Бірден бір сенімді құрал қағаз бен қалам еді.

Соған қарамастан, көркем шығарма жазатын уақыттарының біраз бөлігін М. Әуезовтің жай хат жазуға арнауы, сөйтіп «Абай жолының» орысшалануға тиісті аудармасының жағдайын бүге-шігесіне дейін талдап отыруы ол кісінің бұл мәселеге қандай жауапкершілікпен қарағандығын көрсетсе керек.

Ол осы хатында Смирнова деген аудармашының аудармай, жұмысты тоқтатып қойғанын дұрысқа санапты. Өйткені ол кісінің мұндай күрделі жұмысқа шамасы келмейтінін айқын сезінген екен. Жазушы жоғарыда айтылған біраз ақылымен шектеліп қалмайды, алдыңғы ойын одан арман дамыта түсіп, тағы да мынандай мәселелерге тоқталады. Бұл арада тек аударманың тікелей өзіне қатысты ғана емес, сол жұмысты іске асыру барысындағы тұрмыстық жағдаяттарға да назар аударып өтеді:

«Вот по возвращении из Кисловодска в Москву я договорюсь со «Знаменем», чтобы они планировали печатание на летние месяцы, если Вы считаете, что работа затянется до мая. Также я передам и московским издательствам «Советскому писателю» и «Гослиту», которые будут печатать (первое после его журнальной публикации, а второе – к декаде в составе четырех книг).

А вы с Зеином поработайте, начиная с первой главы, войдите в суть – в природу и атмосферу книги, и дальше перспектива проявится лучше и легче, тогда-то и определите точнее, когда приблизительно сможете закончить весь перевод.

Одно только хочу напомнить вам обоим – в 1957 году, 28 сентября мне исполнится 60 лет – и конечно желательно было бы, чтобы «Знамя»

хоть начало бы публиковать в сентябре. А ведь по получении романа они будут еще какое-то время «дуть» на него. У них обычно читают многие члены редколлегии такие материалы, как роман. Например, при издании, вернее печатании первой книги «Путь Абая» из членов редколлегии кроме Кожевникова, Скорино, Макарова еще читали Н. С. Тихонов, Сафронов, Леонтьев, читали критики, сотрудники отдела прозы и т.д. Вот почему желательно представить им рукопись пораньше, они будут говорить и о переводе особенно потому, что переводчик новый для них автор. Но это последнее обстоятельство будем одолевать, я думаю, без труда, т.к. из людей, приглашаемых из Москвы по декаде, за зиму, будем иметь надежного редактора» [2, 116].

Хаттың бұл бөлігінде аударма жасауға кететін уақыт, үлгіріп бітіруге тиісті мерзім, журналға басар алдында кімдердің оқитындығы, журнал редакциясының алқа құрамындағы жауапты адамдардың есімдері аталып өтеді. Демек жазушы шығарманың тиісті бөлігі аударылып болған күннің өзінде де оны жариялау барысындағы технологияға да тоқталып өтеді.

Бұл арада Әуезовтің өзі ісіне өте сергек қарайтындығын және адамдар арасындағы қарым-қатынастың да белгілі бір дәрежеде рөл атқаратынын аңғарамыз. Жазушы бұл айтылғандармен қанағаттанып қалмайды, аудармаға қатысты ойын одан арман былай деп өрбіте түседі:

«Самое главное – это качество перевода – вот что я хочу особо и многократно подчеркнуть во всех своих обращениях к вам.

Я просил Зеина, чтобы он не удовлетворялся подстрочником. Пусть помнит, что подстрочник как косноязычный посредник между оригиналом и иноязычным литератур. переводчиком подобен только толмачу старых времен.

Он только доносит, в лучшем случае еще, смысл прямой, только понятийный – одинарный. А художественный прозаический текст то же, что и поэтический, имеет много дополнительных свойств – оттенки, нюансы, обертоны вызывающие, кроме прямого, первичного представления логического порядка, еще и побочные ассоциации. Вот с этими обертонами и оживает все сокровенное в тексте. Ради выявления этих-то именно качеств и надо бороться средствами великого, выразительного русского языка.

Оттенки, оттенки и все дорогие краски текста» [2, 116].

Хаттың бұл бөлігінде автордың аударма жасау технологиясына, яғни, шығармашылық мәселелерге тереңдеп ене түскенін байқаймыз. Аудармашыларға қатысты тұрмыстық-әлеуметтік жағдаяттардың дұрыс болуын бір пысықтап алғаннан кейін енді тікелей аударма жұмысының өзін талқылауға кірісуі де орынды, қай жағынан да қисынды.

Осы арада көркем шығармаға жолма жол аударма жасаушының да бейнесі көлденеңдеп өтеді. Өйткені орыс тілінің қазақша білмейтін майталманына қазақша сөздерді сол алғашқы қалпында, түпнұсқаға

жақындатып жеткізіп беретін жолма жол аудармашының рөліне мән бермесе болмайды.

Жер шарындағы алуан түрлі халықтардың сеніміне, тілі мен дініне, табиғи ортасы мен шаруашылық қалпына сәйкес рухани дүниетанымы қалыптасатыны мәлім. Халықаралық байланыстар саласындағы маңызды мәселелердің бірі – әлем халықтарының мыңдаған жылдар бойы жинақталған бай рухани қазынасын адамзаттың ортақ кәдесіне жаратып, игілігіне айналдыру, сөйтіп, ғылыми танымының көкжиегін кеңейтіп, дамудың соны сатысына көтерілу. «Абай жолы» романын тәржімалау жұмысы да сондай ілгерілеу жұмыстарының бірі ретінде руханият тарихында өз орнын тапты.

Бір тілдегі ақпараттық деректі екіншісіне түпнұсқаның маңызын, рухын сақтап дәлме-дәл көшірудің амалдары мен тәсілдерін үйрену жер бетіндегі мемлекеттердің өсіп-өркендеу жолында кездесетін дағдыға айналған ортақ тәжірибе. Бүгінгі таңда қандайда бір ұлт өзге халықтардан, дүниежүзілік өркениет бағдарынан оқшау өмір сүруі мүмкін емес, егер ондайды мақсат еткен ел болып жатса, ол сөзсіз дағдарысқа ұшырайды. Белгілі бір этнос өз алдына ұлт болып өмір сүруі үшін бәрібір өзге ұлттардың тілдік дамуымен байланыста болуы шарт.

«Абай жолының» орысша аудармасы сол байланыстың аса ірі үлгісі ғой. Аударма деген ұғымды жалпылама түсіне отырып, оның аударма жұмыстары барысында жекелеген салалық ерекшеліктеріне де (ауызша аударма, жазбаша аударма, еркін баяндау, әңгіме ету және т.т.) көңіл бөлу, олардың әрқайсысын жіктей қарау керек екендігі түсінікті.

Ал бүгінгі таңдағы тәржіманың рөлі «Абай жолын» аударатын кездегіден де күшейіп тұр. Себебі халықаралық урбанизация үрдісі дендеп енген сайын аударманың қолданылмайтын саласы жоқ деуге болады. Компьютер мен ғаламтор жаңалықтарын, түрлі агенттіктердің хабарларын, газет-журнал материалдарын, техника мен ғылым мағлұматтарын қалың бұқараға жеткізу жолындағы аударманың атқаратын рөлі ерекше. Әр оқырманға ең қажетті деген ақпараты жеткізу үшін аударманың рөлі тіптен күшейе түсетіні белгілі. Сонымен бірге ол ел мен елді, тіпті бір ел ішіндегі түрлі ұлттар мен ұлыстарды жақындастырып, ынтымақтастыққа жетелейтін күш қуат та аудармада. Кейде аударма өнеріне жеңіл желпі қарау көріністері бүгінгі таңда жиі кездесіп жатады.

Бұл енді негізгі тақырыптың фонында айтылып жатқан жекелеген ойлар, проблема болғандықтан, еріксіз ілгерлей сөйлеуге тура келіп тұр. Енді негізгі тақырыбымызға қайта оралайық. Аталған хатында М. Әуезовтің өзінің әрбір жазған сөзін қастерлей алатындығын байқамау, осы мәселеге жете көңіл бөлгендігін байқамау мүмкін емес.

«Абай жолының» алғашқы көркем аудармаларының бірін орыстың сол замандағы көрнекті жазушысы Леонид Соболев жасағаны мәлім. Ал енді

М. Әуезов пен Л. Соболев тәрізді жазу өнерінің ұлы тұлғалары арасындағы шығармашылық қарым-қатынас жайында әрі екеуі бірігіп жазған «Абай» драмасы турасында әдебиет сыншысы З. С. Кедрина өз пікірін былай білдіреді:

«В творческой дружбе М. О. Ауезова с Л. Соболевым осуществлялось взаимодействие двух национальных культур, двух в равной степени зрелых художественных индивидуальностей, несущих две различные традиции. Главное, чем обмениваются, что дают они друг-другу – это большой эпический образ героя, учителя, с каким приходит в эту драму М. Ауезов и методика психологической разработки подобного образа, какую приносит Л. Соболев» [3, 248].

Сөйтіп Кедрина М. Әуезов пен Л. Соболевтің арасында аударма нәтижесінде туындаған шығармашылық байланыстың тиянақтылығын мойындай отырып, екі халықтың арасындағы мәдени байланыстың нығаюына алып келгендігін айтады. Орыс сыншысының бұл пікірін қазақ әдебиеттанушылары да, аудармашыларыда одан арман тиянақтай түседі. Соның бір айқын мысалы С. Талжановтың төмендегі сөздері:

«Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын, оның бірінші, екінші томын аударған да – сол Соболев. Қазақ эпосын орыс жұртшылығына таныстырып, таратқан да – Соболев» [4, 171].

Бір сөзбен айтқанда, М. Әуезов өзінің басты кітабы «Абай жолы» романын орысшаға тәржімалау жұмысына ерекше мән берген және ол тәржіманың мүмкіндігінше сапалы шығуын қатты қадағалап отырған. Соның арқасында да бұл роман орыс тілі арқылы басқа халықтарға да тарап, дүниежүзінің оқырмандарына да жол тартты. Тек М. Әуезовтің ғана емес, қазақ халқының да атын шартарапқа таратты. Көркем аударма дұрыс жасалған уақытта оның эстетикалық қуатының қаншалықты пәрменді екендігін осы аударманың мысалынан-ақ байқауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жұмабекова, А., Жабағиева, Г.** Жазбаша және ауызша аударманың ерекшеліктері / Аударматану Алматы : Тіл оқу - әдістемелік орталығы, 2008. – 328 б.
- 2 Неизвестное в наследии Мухтара Ауэзова. – Алматы: Издательский дом «Библиотека Олжаса», 2013. – 400 с.
- 3 **Кедрина, З. С.** Творческий подвиг. / Дружба народов. – № 4. – 1964.
- 4 **Талжанов, С.** Томдық шығармалар жинағы. Астана : Ер-Дәулет, 2007. – 368 б.

Материал 13.04.15 баспаға түсті.

А. Н. Ақыш

О художественном стиле М. Ауэзова при переводе романа-эпопеи «Путь Абая»

Казахский национальный педагогический университет
имени Абая, Алматы.
Материал поступил в редакцию 13.04.15.

A. Akysh

Mukhtar Auezov's exquisiteness during translation of epic novel «Path of Abay» into Russian language

Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty.
Material received on 13.04.15.

В статье говорится об искусстве перевода как об одной из явлений творческой деятельности. Его сложную природу можно заметить, наблюдая за переводом эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая». Великий казахский писатель всегда с ответственностью подходил к проблеме художественного перевода. Несомненно, в статье говорится о том, что писатель уделил особое внимание переводу на русский язык своего главного художественного труда, вершины его творчества романа-эпопеи «Путь Абая» Благодаря русскому языку роман был распространен среди других народов и читателям всего мира прославил казахский народ. В случае правильного художественного перевода можно заметить, что он имеет мощное эстетическое воздействие на читателя.

In this article the fact of belles-letters translation as a creative phenomenon was analyzed widely. During the analyze of «Abay zholy» (Path of Abay) epic translation we can notice the complicated nature of this phenomenon. Kazakh's great writer always translated being in huge responsibility for it. «Abay zholy» (Path of Abay) was his main and best written epic novel and he paid great attention to its translation into Russian language. This novel was introduced into other nations in Russian translation version and with the help of this phenomenon Kazakhs were widely known by other nations. Writer translated this epic novel in a high degree saving all aesthetics power of belles-letters.

UDC 81'42:81'276.6

O. K. Andryuchshenko

Cand.of Phil.Sc., Assistant Professor, Department of the Russian language and Literature, Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar

«MEDIATEXTS» AND «MEDIADISCOURSE»: RELATIONSHIP OF TERMS

The article considers the important concept of mediatext and mediadiscourse for the modern mediallynguistics. The author analyzes the different points of view on these concepts, their attributes and characteristics. The views on the concept of discourse in the domestic and foreign linguistics are highlighted.

Keywords: mediatext, discourse, linguistics, concept, communication, mass Media.

These days, due to the rapid development of mass media, the scope of speech use is steadily growing in the field of mass communication. The texts of mass media in today's world are one of the most common forms of existence of the language, so the interest of linguists to the language in the media is steadily increasing, and the study of the concepts of mass media field is at this point in time the actual task of linguistics.

The current trend of integrated study of language in its many associations and functions has formed a basis for a series of interdisciplinary scientific directions (sociolinguistics, psycholinguistics, cultural linguistics, ethnolinguistics, ethnopsycholinguistics, legal linguistics etc.), among which mediallynguistics can be identified. The study of the media language functioning is a subject of mediallynguistics – a new direction in linguistics, which developed at the turn of the XX-XXI centuries on foundations provided by A. Bell, A. N. Vasilieva, V. G. Kostomarov, B. V. Krivenko, M. Montgomery, G. Ya. Solganik, N. Feyerklaf and others in their respective studies. In Kazakhstan linguistics this issue has been thoroughly studied by G. P. Baigarina [3; 4].

The term “mediallynguistics” was for the first time used in the Russian academic science in 2000 in the paper by T. G. Dobrosklonskaya “The study of media texts”. At the present time mediallynguistics is an independent scientific direction with its discipline-forming components: methodology, theory, internal structure, terminological system [8, p. 35].

The main theoretical components of mediallynguistics are concepts of “mass media text” (or “media text”) and “media discourse”.

In the linguistic encyclopaedia the text is defined as “sequence of sign-oriented units united by semantic relationship, the basic properties of which are coherence and integrity” [14, p. 507]. N. S. Valgin emphasizes that the text is the highest level unit, «because it has the quality of semantic completeness as a whole literary work, i.e. complete informational and structural whole” [5, p. 5]. Agreeing with the statement, G.Y. Solganik provides the following definition of this concept: “the text is a complex, hierarchically organized structure, which is a product of speech, characterized by integrity, coherence and completeness” [16, p. 15]. I. R. Galperin defines the text as a result of speech production process characterized by completeness, objectified in the form of a written document, literary-processed according to the type of the document, a work consisting of the name (title) and a number of special units (super-phrasal unities), united by various types of lexical, grammatical, logical, stylistic interrelations having a specific focus and pragmatic goal” [6, p.18]. Thus, in certain texts, as a set of symbolic units, key categories are semantic coherence and completeness. The concept of text in the area of communication does not match the traditional linguistic definition as mass media text goes beyond the verbal sign system. From the point of view of mediallynguistics the text is considered not only as a linguistic phenomenon, but also as a cultural phenomenon. The study of the text from the perspective of culture defines it as “a source of information on spiritual impulses and material sphere of human activity” [11, p. 78]. Alan Bell writes: “The definition of a media text goes beyond the traditional view of the text as a sequence of words printed or written on paper. The concept of media text is much broader: it includes voice quality, music and sound effects, visual images ...“ [Cit. by 8, p. 40]. Indeed, the text unfolds on television not only verbally, but also at the visual and musical level; radio text combines verbal text and audio effects; text of the press necessarily contain, in addition to verbal means, a component of graphic design. Researchers of the media text (R. S. Gilyarevsky, T. G. Dobrosklonskaya, Y. N. Zassoursky, V. G. Kostomarov, I. P. Lysakova, E. I. Pronin, E. E. Pronin, I. V. Rogozina, V. V. Slavkin, G. Ya. Solganik, N. V. Chicherina and others), each in their own field of study of mass communication, find specific shades of the meaning in the the concept of the media text. T.G. Dobrosklonskaya believes media text to be a broad multi-level phenomenon, the concept of which contains an organic combination of verbal units and media series [8]. Y. N. Zassoursky defines mediertext as “a new communication product” [10, p. 6], which can be used in a variety of media areas: newspaper, radio, television, Internet, mobile communications. The aim of creating media texts, in researchers’ opinion, is social regulation. The media text, as defined by I. V. Rogozin, is a verbal speech product created for the purpose of mediated communication in the field of mass media and is characterized by a pronounced pragmatic orientation, the main goal of which is social regulation” [Cit. by: 15, 72]. G. Y. Solganik stresses that the characteristic feature of media

text is a special type of author, as in the media there is a match of speech producing person and its subject [15, p. 15].

The most important characteristic of the modern text media, which distinguishes it from the general text, is a multidimensionality (described in the works of various authors by such terms as diversity, polyphony, heterogeneity or integrity) which should be understood to mean the combination of heterogeneous verbal, visual, auditive, audiovisual or other components in the single semantic space of the text [16]. One more distinctive characteristic of media texts is their language specificity, which is determined primarily by addressing mass audience [16, p. 7-15].

Another theoretical component of mediallynguistics is the concept of media discourse that is derived from the concept of “discourse”. The problem of studying the discourse was focused on by many domestic and foreign researchers in their works, among which are: O. V. Aleksandrova, N. D. Arutiunova, R. Barthes, T. A. van Dake, M. Ya. Dymarsky, V. I. Karasik, P. Serio, V. E. Chernyavskaya and others. Although historically the discourse theory originates from ancient treatises on rhetoric and poetics that were written thousand years ago, the term “discourse” was introduced into scientific linguistic usage only in the middle of the XX century by scientists E. Benveniste and Z. Harris, independently [2, p. 19]. Originally, in French linguistics the discourse meant speech in general, being synonymous to the term “text”; that is concepts described by these terms were considered as identical concepts [7, p. 51].

Over time, due to the development of communication theory, sociolinguistics, psycholinguistics, the content of these concepts gradually acquired various meanings. The first linguist to have distinguished between the concept of text and discourse was T. A. van Dake in his “Strategies for understanding coherent text” (1988). The main difference between the concepts of “discourse” and “text” is that the text is treated as a static phenomenon, and discourse - as a dynamic phenomenon. E. S. Kubryakova and O. V. Aleksandrov make the following conclusions about the relationship between the concepts of “text” and “discourse”: “The discourse should be understood to mean the cognitive process associated with the actual speech production, speech product creation, while the text is the result of the process of speech activity in a certain complete (and fixed) form” [13, p. 19-20].

While spontaneity should be considered as a distinctive feature of the discourse, the text is a harmonized phenomenon, canonical in the form of presentation. It should be emphasized also that the discourse is always aimed at provoking a reaction of the interlocutor, while the text is a closed communicative system; the discourse focuses on the live audience, and the text is targeted at an abstract audience, the discourse is limited in time, while the length of the text depends on the intention of the author. Another important difference between the

text and discourse, in researchers' opinion, is unlimitedness of the discourse in terms of the choice of verbal and nonverbal means in comparison with the text. E.S. Kubryakova notes that although the discourse and text are considered by some linguists as mutually exclusive, they are interrelated by "genetic relationship": as any text is preceded by a discourse, no text without discursive activity can exist. Thus, the concepts of text and discourse are not opposed to each other – their relationship is characterized by causality: the text is the result of the discourse [13]. Observations by researchers argue that, along with the opposite characteristics, these two concepts have some common properties. For example, T.A. van Dake points out that the author and the reader are "users" of the text and discourse, although not always in direct contact with each other [7].

In the framework of linguistic science there are many interpretations of the definition of the discourse, among which are the following:

1) Every coherent text that does not lose touch with real life, i.e., text in event-related aspect (N. D. Arutyunova);

2) The speech product in the entirety of expression: verbal and non-verbal, paralinguistic with the account of extralinguistic factors – social, cultural and psychological, essential for a successful speech interaction (Y. N. Karaulov);

3) "language in the language" presented in the form of special social reality (S. Stepanov);

4) a series of statements, united by the communication theme and situations where speech acts are realized, a coherent text "executed" in the speech (V. P. Konetskaya);

5) specific communicative events registered in written texts and spoken language, carried out in a certain cognitive and communicative typologically conditioned space (V. E. Chernyavskaja);

6) communicative situation, including awareness of communicants (communication partners) and text developed in the course of communication (A.A. Kibrik);

7) verbalized verbal and cognitive activity, understood as a combination of process and outcome, and having its own linguistic and extralinguistic features (V. V. Red);

8) A complex communicative phenomenon which in addition to text features extralinguistic factors including: knowledge of the world, opinions, attitudes and goals of the recipient necessary for understanding the text (T. A. van Dake) [1, p. 87-91] and others.

The most widely spread definition is that by N. D. Arutyunova in the Big Encyclopedic Dictionary: "The discourse (translated from French "Discours" as "Speech") is a coherent text, coupled with extralinguistic, pragmatic, sociocultural, psychological and other factors, text in the conceptual aspect; speech considered as a meaningful social action, as a component involved in the interaction of people

and their mechanisms of consciousness (cognitive processes). The discourse is "speech immersed in life" [14, p. 136-137].

Researchers identify various types of discourses. First of all, there are oral and written discourses with the account of the form of existence of this communicative phenomenon. V. I. Karasik identifies two specific types of discourse: personal (personality-centered) and institutional (status-oriented) discourse. In the personal discourse the speaking subject acts as a person with his/her rich inner world, in the institutional - as a representative of a particular social group [11].

The concept of "Media discourse" is derived from the general concept of the discourse.

"Media discourse" is a combination of processes and products of speech activity in the field of mass communication with all the richness and complexity of interactions thereof" [8, p. 152]. Discrete units of media discourse that share information streams into separate fragments are media texts, and that is the reason why the study of media discourse without analyzing the concept of "media text" is impossible. Differences between media texts and media discourse can be traced using a communication model, which is a key concept in the theory of communication and helps to present the process of human communication in the most complete structured way. The universal variant of the communicative model consists of the following components of communication: message sender, message recipient, channel, feedback, message itself, processes of encoding and decoding of messages, and communicate situation or context. Defining the text, media text and media discourse on the basis of this model, T. G. Dobrosklonskaya points out that the text is a message, and media text is a message plus a channel, while the media discourse is a message in conjunction with all other components of communication [8].

Currently, there are two approaches to definition of types of media discourse in linguistics. According to the first approach, the basis for identification of types of discourse is functioning in various areas of human activity, such as science, education, politics, mass media; media discourse in this case is defined as a specific type of verbal and cognitive activity, which is characteristic only for the field of mass media, and, accordingly, media discourse, political, religious, scientific, and other types of discourse are identified. The second approach lies in that any kind of discourse realized in the field of mass communication is considered as the media discourse. From this point of view researchers identify political, religious and other types of media discourse [12, p. 13-21].

Media discourse is characterized by special features. M. R. Zheltukhina has identified the following main features of the media discourse:

1. group-based correlation (the sender shares the views of the group);
2. publicity (openness, focus on mass recipient);
3. dissonance orientation (creating controversy followed by discussion);
4. dramatization and mass orientation (affecting several groups [9, pp. 27-40]).

Based on the foregoing, we can make the following conclusions: the concept of “media text” and “media discourse” are the main theoretical components of medialogistics; the media text is a kind of text, designed for mass audience which is characterized by a combination of verbal and media units and a special type of author, and features an expressed pragmatic orientation; the media discourse is a coherent text in conjunction with extralinguistic, pragmatic, sociocultural, psychological and other factors; on the basis of the components of the communication model, the text is a message, the media text is a message plus a channel, while the media discourse is a message in conjunction with all the other components of communication.

LIST OF REFERENCES

- 1 **Andronkina, N. M.** Ponjatie «diskurs» v mezhdisciplinarnyh issledovanijah i ego sodержanie v metodike prepodavanija inostrannyh jazykov / N. M. Andronkina // Mir nauki, kul'tury, obrazovanija. – 2008. – № 3. – P. 87-91.
- 2 **Arutjunova, N. D.** Diskurs / N. D. Arutjunova // Jazykoznanie. Bol'shoj jenciklopedicheskij slovar' / [gl. red. V. N. Jarceva]; 2-e izd. – M. : Bol'shaja Rossijskaja jenciklopedija, 1998. – P. 136-137.
- 3 **Bajgarina, G. P.** Smyslovaja neopredelennost' kak sposob podachi informacii v medijnom diskurse // Aktual'nye problemy izuchenija i prepodavanija russkogo jazyka i russkoj literatury XX veka v mul'tikul'turnoj srede, mesto izdanija Moskva. – P. 25-31.
- 4 **Bajgarina, G. P.** Sovremennij medijnij diskurs: metajazykovoe kommentirovanie // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serija: Filologija, № 4. – P. 137-143.
- 5 **Valgina, N. S.** Teorija teksta / N. S. Valgina. – M. : «Logos». – 2003. – 234 p.
- 6 **Gal'perin, I. R.** Tekst kak ob#ekt lingvisticheskogo issledovanija / I. R. Gal'perin. – M. : KomKniga, 2007. – 144 p.
- 7 **Dejk, T. A. van.** Jazyk. Poznanie (1). Kommunikacija / T. A. van Dejk; [pod red. V. I. Gerasimova]. – M. : Progress, 1989. – 312 p.
- 8 **Dobrosklonskaja, T. G.** Medialingvistika: sistemnyj podhod k izucheniju jazyka SMI: sovremennaja anglijskaja mediarech' / T. G. Dobrosklonskaja. – M. : Nauka, 2008. – 264 p.
- 9 **Zheltuhina, M. R.** O sodержanii diskursa mass-media / M. R. Zheltuhina // Vestnik Luganskogo pedagogicheskogo universiteta imeni Tarasa Shevchenko. – Lugansk, 2007. – № 11 (128), Ch. 1. – S. 27-40. – Serija «Filologicheskie nauki».
- 10 **Zasurskij, Ja. N.** Mediatekst v kontekste konvergencii / Ja. N. Zasurskij // Vestnik Moskovskogo un-ta. – 2005. – № 2. – P. 3-6. – Serija 10: «Zhurnalistika».
- 11 **Karasik, V. I.** O tipah diskursa / V. I. Karasik // Jazykovaja lichnost': institucional'nyj i personal'nyj diskurs. – Volgograd, 2000. – P. 5 – 20.

- 12 **Kozhemjakin, E. A.** Massovaja kommunikacija i mediadiskurs: k metodologii issledovanija / E. A. Kozhemjakin // Nauchnye vedomosti Belgorodskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2010. – № 2 (73). – Vyp. 11. – P. 13-21. – Serija «Gumanitarnye nauki».
- 13 **Kubrjakova, E. S.** Vidy prostranstva, teksta i diskursa / E. S. Kubrjakova, O. V. Aleksandrova // Kategorizacija mira: prostranstvo i vremja: materialy nauchnoj konferencii. – M. : Dialog-MGU, 1997. – P. 19-20.
- 14 **Lingvisticheskij jenciklopedicheskij slovar' / gl. red. V. N. Jarceva. – M. : Sov. jenciklopedija, 1990. – 683 p.**
- 15 **Solganik, G. Ja.** K opredeleniju ponjatij «tekst» i «mediatekst» / G. Ja. Solganik // Vestnik Moskovskogo un-ta. – 2005. – № 2. – P. 7-15. – Serija 10: «Zhurnalistika».
- 16 **Chicherina, N. V.** Mediatekst kak sredstvo formirovanija mediagramatnosti u studentov jazykovyh fakul'tetov / N. V. Chicherina. – M. : Izd-vo LKI, 2008. – 232 p.

Material received on 27.11.14.

О. К. Андрющенко

«Медиатекст» және «медиадискурс» ұғымдардың өзара байланысы
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.
Материал 27.11.14 баспаға түсті.

О. К. Андрющенко

«Медиатекст» и «медиадискурс» взаимосвязь понятий
Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 27.11.14.

Мақалада қазіргі медиалингвистикаға маңызды медиатекст пен медиадискурс ұғымдары қарастырылады. Автор берілген ұғымдарына, олардың белгілері мен ерекшеліктеріне әртүрлі көзқарасты талдайды. Отандас және шетел лингвистикадағы дискурс ұғымына көзқарас көрсетілген.

В статье рассматриваются значимые для современной медиалингвистики понятия медиатекст и медиадискурс. Автор анализируются различные точки зрения на данные понятия, их признаки и особенности. Освещаются взгляды на понятие дискурс в отечественной и зарубежной лингвистике.

Г. С. Апеева

ф.ғ.к., Орталық-Азия университеті, Алматы қ.

АБАЙДЫҢ АҚЫН ШӘКІРТТЕРІНІҢ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ ПОЭТИКАЛЫҚ ӨРНЕКТЕР

Мақалада Абайдың ақын шәкірттері поэмаларының композициялық құрылымындағы, көркемдік ерекшелігіндегі, жалпы сөз саптауларындағы Абай дәстүрінің көрінісі сараланып, ондағы ортақ поэтикалық өрнектер талданады.

Кілтті сөздер: поэма, ұстаз, дәстүр, көркемдік ерекшелік, композиция, бейнелілік, ұқсастық.

Абай мен оның ақын шәкірттерінің поэмалары тақырыптық-идеялық жағынан ғана емес, композициялық құрылымы мен жалпы тіл бейнелілігі, сөз саптаулары тұрғысынан бір-бірімен сарынды келуімен, шығармаларының сюжетін түзген ортақ оқиғалар ретінің көп болуымен де өзара үндесіп жатады. Мәселен, олардың поэмаларының композициялық құрылысы көбіне ұқсас болып келеді. «Масғұд» поэмасында:

Я, алла, құрметінде достың Махмұт,

Тілге жар бер, білінсін тура мақсұт.

Арун Рашид халифа заманында,

Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт [1, 68 б.].

Әуелгі екі жол кіріспенің басы тәрізді. Мағынасынан ежелгі шығыстық және көне түркілік мотивтің ізі байқалады. Сол дәстүр бойынша, бір Алла мен пайғамбардан медет сұраған соң, бірден оқиғаға кіріседі. Б. Кенжебаев «Шығыстың классик ақындары, әдетте, өз дастандарын тікелей оқиғадан бастап кетпей, шығарманың идеясы мен мазмұнын кітап оқушысына алдынала біршама аңғартатындай кіріспе-тезистер айтумен бастайтын болған» [2, 58 б], – дейді. Абайдың өзінде бұндай алғысөз жазу айқын көрініс бере қоймайды. «Әзім әңгімесінде» «Бір сөзім «Мың бір түннен» оқып көрген» деп шығарма сюжетінің төркінін ғана танытатын жалғыз ауыз сөзбен шектелсе, «Ескендір» поэмасында ақын бірден негізгі оқиғаның өзіне бет қояды. Абай шәкірттерінің арасында жаңағы аталған шығыстық дәстүрді қатан ұстанатын Шәкәрім Құдайбердіұлы поэмаларының композициялық құрылысы міндетті түрде үш құрылымды сақтайды. Алғы сөз, негізгі оқиға, соңғы сөз.

«Мұндай тезистерде ақын өзінің қандай мәселелерге көбірек тоқталатынын, оқушысына қандай өсиет айтып, қандай насихат бергісі

кететінін қысқаша ескертіп отырған. Көбіне дерлік түрлі әлеуметтік мәселелер, ақыл – ой, адамгершілік, ғылым-өнер, әдептілік нормалары, махаббат жайлы автордың пікірі айтылатын» [2, 58-б.], – деп ойын одан әрі сабақтаған ғалым Б. Кенжебаев.

Поэмань жазуға түрткі болған негізгі мақсатты бұлайша атап көрсету Шәкәрімнен басқа, Ақылбай мен Мағауияда бар, Әсет пен Уәйісте де кездеседі. Бір қызығы, өзге ақындар алғысөзде поэманың мән-маңызын артқызып көрсетсе, Ақылбай «Дағыстан» поэмасында төмендегідей жолдарды келтірген. (Мүмкін, сыпайылық үшін айтқан шығар).

Тепе-тек тек жатудың табы батып,

Білмедім не қылуды ішім пысып.

... Еріккен соң ер сөзін ермек еттім,

Осыны айтпасам да өнер қысып [3, 55 б.].

Дәл осы мағынаны Уәйістен де кездестіреміз:

Ыбырай жазып бер деп өтінген соң,

Дей ме деп тіл алмайтын неткен кеше [4, 274 б.].

Ақын шәкірттер арасында алғысөзге мән беріп, ден қоятын ақындардың бірі – Әсет Найманбаев. Әсет ақын өзінің «Қызыл табан ағаш ат» поэмасының алғысөзінде келер оқиғадан сыр тартып, философиялық ой түйеді. Сондай-ақ ол «Онегин мен Татьянаң әңгімелеріне» алғысөз жазуда да Шәкәрімдік жолға барған.

Абай өз поэмаларында міндетті түрде негізгі оқиғадан кейін соңғы сөз жазу үлгісін қолданған, яғни айтылғаннан ой тую мәселесін негізгі темірқазық ретінде ұстанған. Ескендірдің поэмадағы әрекетінен шыққан қорытындыны соңғы төрт шумақта уағыз-өсиет тұрғысында береді. «Масғұдтан» да төмендегі ойды қорытып шығарған:

Көптің бәрі осындай мысал етсең,

Көп айтты деп алданып, уағда күтсең.

Ғәпіл боп көп нәрседен бос қаласың,

Андамай көп сөзімен жүріп кетсең [1, 73 б.].

Ақын осы арқылы кейіпкері Масғұттың шешіміне деген пікірін, көзқарасын қоса білдіріп, кез келген істі өз ақылына таразылатып барып шешім қабылдау керектігінен ой түйгізеді. Абайда соңғы сөз осылайша өсиетшілдік қалыпта келсе, Шәкәрім бұл арада өзіндік шығармашылық қалып танытқан. Яғни, ақын бұнда ұстаз жолындағыдай таза өсиетшілдікке бармай, оқиға желісі аяқталған соң, елеп-екшеу, ой таразысынан өткізу ісін оқырманның өзіне қалдырып отырған.

Залым кім, парақор кім, жазасыз кім,

Қайсысы ақ жүректі, қайсысы кем?!

Кекті кім, кекті жеңіп кешірген кім?!

Білдің бе күшті екенін махаббаттың?! [5, 453 б.].

Шәкәрім поэмаларының соңғы сөздері осы мазмұндас болып келеді, айрықша мәндегісі «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасындағы байлам. Ақын бұл арада Абайдың әйгілі «бес асығы» тәріздес өзінің жоқтап өткен «бес айығын» жыр етеді. Мәжнүннің басындағы жағдай ақынның өз арманының жоқтаушысы болуына ұласқан. Яғни, «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасының соңғы сөзі Абайдың «Масғұт» поэмасындағы айтылар ойдың өзегімен негіздес өрбіген. Абайдың Масғұтқа өз басындағы жағдаятты айтқызыатынындай, Шәкәрім де Мәжнүн басындағы күйді өз басына теңгеріп отыр.

Ұлы ұстаз бен шәкірт ақындар поэмаларының композициялық құрылысы мен сюжеттік желісінде, образ сомдау барысында, шығарманың көркемдік бітімін беруде өзара ұқсастықтармен қатар, біркелкі әдіс-тәсілдердің де қолданылатыны бар. Мәселен, Абай «Ескендір» поэмасында әуелі сауал тастап барып, назарды соған аудартып алады. Соңынан өзі баяндау тәсілі арқылы, оған жауап қатады.

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары оған мекен.

Филипп патша баласы, ер көңілді,

Мақтансүйгіш, қызғаншақ адам екен [1, 64 б.].

Ақын шәкірттер поэмаларының көпшілігінде абайлық жолды үлгі тұтқаны байқалады. Яғни, оларда алдымен оқиғаның мекені мен мезгілі белгілі болады, соңынан кейіпкердің өзі, жасы, мінез-құлығы баяндалады.

Абай мен оның ақындық мектебіндегі шәкірт ақындар тілінде халықтық мақал-мәтелдердің қолданылуы жиі кездеседі. Олардың өзі қолданылу сипатына қарай екі тұрпатты келеді. Бірінде қазақ мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін сол қалпында өзгеріссіз қолданса, енді бірде өз жандарынан өзгертіп, шығармашылықпен пайдаланған. Тіпті ақындардың кей поэмаларының барлық идеялық негізін бір ғана нақыл сөзбен көрсетуге болады екен. Мысалы, Абайдың «Ескендірі» – «Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық», «Вадим» поэмасы – «Есектің артын жу да, мал тап» (Абайдың өз қарасөздерінен); Ақылбайдың «Дағыстаны» мен «Зұлыс» поэмасы – «Басқа пәле тілден»; Уәйістің «Бір қыздың уақиғасы» – «Уағда – құдай аты», «Жошы – Алаша хан» – «Сөз тапқанға қолқа жоқ».

Поэмадағы кейіпкер тұлғасын көрсетудегі ақын шәкірттер қаламының ізі олардың бір тамырдан тарап, ортақ ойдан нәр алғандығын куәландыра түседі. Яғни, бұл кейіпкердің сыртқы тұлғасын ұзынсонар суреттеуден ұтымды қолданысқа көшкен ұлы ұстаз тәсілінің жалғастық тапқандығының дәлелі. Кейіпкер бейнесін берудегі бұндай ұқсастықтар ерекше елеп, бөліп айтуды қажетсінеді:

Абай – Ескендір:	Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.
Шәкәрім – Троекуров:	Тәкаппар, мақтансүйгіш адам екен.
Ақылбай – Рахым:	Тәкаппар, зор көкірек сондай күшті.
Мағауия – Кебек:	Зор көкірек, өр сөзді адам еді.
Шәкәрім – Әнет баба:	Әрі би, әрі молла, ғұламасы.
Шәкәрім – Мамыр:	Әрі сұлу, әрі есті, еркекшора.
Ақылбай – Ибраһим:	Әрі сұлу, әрі есті, әрі мерген.
Шәкәрім – Веренский князь:	Әрі бай, әрі князь, әрі шені.
Шәкәрім – Веренский князь:	Өзі князь, әрі бай, шешен деген.
Шәкәрім – Көкенай:	Өзі батыр, мінезі қатты кісі.
Шәкәрім Суан – Раптан:	Өзі батыр, соғысқа тым айлашыл.
Мағауия – Сарыбастық:	Өзі батыр, өзі қу, өзі білгіш.
Көкбай – Шақшақ Жәнібек:	Өзі ер, өзі молла, жақсы кісі.

Абайдың ақын шәкірттері поэмаларында кездесетін ұқсас қолданымдар, тіпті бір-бірінен айнымай пайдаланылатын тіркестер реті де біздің дәл қазіргі нысанамыз үшін нақты айғақ болары сөзсіз.

Шәкәрім «Дубровский»:	Шығарып өз заңынша жаназасын... Некесін қиямын деп өз заңынша...
Мағауия «Медғат – Қасым»:	Спирт шықты басына, көз қызарып, Өз заңынша билейді, әнін салып.
Көкбай «Сабалақ»:	Сүйекке қалмақ жақтан кісі шапты, Барабан өз заңынша даңғырлатып.
Шәкәрім- Еңлік:	Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан.
Нысан абыз:	Сұп – сұр болып, алартып көзін ашып.
Андрей Дубровский:	Сұп – сұр болып көзінің оты жайнап.
Мәжнүн:	Қадалды сұп – сұр болып көкке қарап.
Вл. Дубровский:	Сұп – сұр болып жатыр еді жараланған.
Ақылбай:	Көзін жұмса, жігіт тұр сұп – сұр болған.
Шәкәрім:	Көпке топырақ шашсын ба, ұстап алды.
Ақылбай:	Көпке топырақ шашсын ба, атып жықты.
Мағауия:	Көпке жалғыз қолынан не келеді...

Ақын шәкірттер поэмаларының тілінде таза Абайлық сөз саптауларының кездесетіні бар. Олардың біразы жоғарыда келтірілген өлең жолдарында кездесті.

Әсеттің «Онегин мен Татьянаның әңгімелерінің» басталуы басқа болғанымен хат жолдарында ұстаз ақын сөздерімен дөп түсерлік тұстары бар. Мәселен:

Абайда: Қорлыққа көндім бұл құрлы,
Талапсыз, бақсыз мен сорлы, Байқалар халім бұл хаттан [6, 105 б.].
Еріксіз аттап ұяттан.
Әсетте: Халымды ұшпу хаттан бір байқайын,
Бағым жоқ, талабым жоқ мен Қорлыққа басты байлап арзандадым
бір сорлы, [7, 266 б.].
Аттадым еріксізден ұят жолды.

Абай шығармадан хаттарды үзіп алса, Әсет туындының сюжетін неғұрлым тұтастай толық алған. Яғни, Әсет Найманбаевтың «Онегин мен Татьянаның әңгімелері» сюжеті сақталынған, композициялық құрылымы жаңаша абайлық үлгіде қалыптасқан туынды. Әсеттің ара-арасында қыз бен жігіттің хаты келіп отыратын «Онегин мен Татьянаның әңгімелері» поэмасы мен Уәйістің ортасына қыз бен жігіттің қағысатын айтыс үлгісі енген «Тәуке -Жікібай» поэмасының құрылымы және Әріптің таза айтыстан тұратын «Біржан-Сара», «Тәуке-Ұрқия» поэмалары қазақ поэмаларының ішкі жанрлық үлгілерінің қалыптаса бастағандығының айқын дәлелі. Ақын шәкірттердің, бұлайша, поэма жанрына айтыс элементтерін араластыруы поэма заңдылықтарына қайшы келмейді. Себебі, «поэма – еркін құрылысты синтездік жанр» [8, 44 б.]. Негізінен өз өлеңіне айтысу үлгісін енгізу ақын шәкірттер арасында қалыптасқан үлгі сияқты. Мәселен, Абайдың өз баласы есепті болған Әубәкір шығармашылығы толығымен осыны дәлелдейді. Қ. Мұхамедханұлы «Өзінің алдындағы Абай шәкірттерінің жазатындары дастан, лирикалы өлең-жыр болғандықтан, Әубәкір оларды қайталамайды» [7, 293 б.], – дейді. Мысқыл, әжуа, қалжың қалпында жазатын ақынның «Қайырбек пен келіні», «Қыз бен өзі», «Бүркітпен айтысы» өлеңдерінің өзіндік туу тарихы бар. Ақын айтар ойын жеткізудің өте ұтымды тәсілін қолдана білген. Сол сияқты, өлеңге айтыс элементін енгізу Шәкәрімнің «Жайлаудың баласымен айтысы» шығармасында да көрініс береді.

Уәйістің «Тәуке-Жікібай» поэмасында Тәуке батырдың ауылдың жөнін, мәнісін сұрап алатындығы жөнінде авторлық баяндауға бармай, екеуін айтыстырып, шығарма жазудағы жаңаша тәсілді пайдаланған. Әріп Тәңірбергенұлы поэмаларындағы Біржан мен Сараның, Тәуке мен Ұрқияның айтысы арқылы Тобықты мен Найман арасындағы кейбір дау шарлы мәселелер төңірегінде сөз қозғалады. Бұнда мазмұнды жаңа түрге үйлестіру ісі, яғни жаңашылдыққа талпыныстың байқалатыны сияқты, ауыз әдебиетіндік көне дәстүрден аттап өтпейтін өнегешілдіктің де ізі аңғарылады.

Ақындардың өзге елдік сюжет негізінде шығарма тудыруы барысында өзіндігінің басым келетіні де тілге тиек боларлық. Тіпті олар шығыстық нәзира дәстүрінің қалыптасқан қағидаларын да ұстана бермейді. «Нәзирашыл ақын қандай жанрға нәзира жазса да, өзі үлгі алып отырған өлең үлгісін сақтауға тырысатын» [9, 189 б.] болған. Ал, «Ескендір», «Масғұт», «Әзім

әңгімесі» поэмалары болса, қазақтық қағидада, яғни он бір буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Сол сияқты ақын шәкірттердің де шығыстық мәснауиды пайдаланған бір де бірі жоқ. Өлең өлшемін, ұйқас, ырғағын қазақыландырған шығармалардың қазақ топырағына тек сюжеті ғана келіп жетті.

Өзіндік шығармашылыққа барудың басы тақырып өзгертуден басталған. Мәселен, Ақылбай Г. Р. Хаггардтың «Сүлеймен патшаның қазынасы» атты романынан оқиға алғанда, поэмасын «Зұлыс» деп атаған. Қ. Мұхамедханұлы бұның себебін «Тегінде, Абай романдағы Сүлеймен қазынасы деген аңыздан гөрі Англияның жаулап алған елі Зұлыстардың тағдырына көңіл бөлген» [3, 43 б.], – деп түсіндіреді.

Уәйіс Шондыбаев П. П. Ершовтың «Конек-горбунок» дастанының атын өзгертіп, бас кейіпкердің атымен «Иванушка-дурачок» деп атаған. Бұл әдебиетте бұрыннан бар кәнігі жайт. Яғни, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Ләйлі-Мәжнүн», «Дубровский», «Сабалақ», «Тәуке-Жікібай» т.т. тәрізді шығарманы бас кейіпкердің атымен атау көркем әдебиетте бұрыннан қалыптасқан үлгі.

Абайдың ақын шәкірттерінің әрқайсысының өзіндік стилі, жазу мәнері әр басқа бола тұра, Абай дәстүрінің ықпалымен жазылғандығы айқын көрініс береді. Нақтылай айтсақ, Абай өзінің шәкірттеріне көбінесе тақырып пен қоса сюжетті де ұсынған. Ал ол сюжеттердің ішіндегі «аңқып тұратын адамшылдық, санашылдық үгіті, сонымен қатар кейбіріндегі діншілдік, қаншылдық идеялары және осының бәрінің үстіне қосылған Еуропаның әңгіме құру желісі, түр, бояу үлгілері барлығы да мыналар арқылы Абайдың өз шығарма, өз тұлғасына... қосымша бұйымдар қосып тұрады. Абайдың бұрынғы өзінен байқалған мүсінін ары асыра тереңдей түсінуге көмекші болды» [10, 245 б.]. Абайдың лирикасындағы махаббатты, пейзажды, психологиялық ахуалды сюжетті шығарманың бойына алғаш дарытты.

Академик М. Әуезов «Абай сюжетті поэмаларды жазбады десе де болады. Бірақ ол жанрдың осы түріне түйсіне де, сүйсіне, оған бейім екенін анық білген. Ол шәкірттеріне тақырыптар беріп, солармен бірге қоян-қолтық, олардың күллі поэмаларының сюжеттік арқауы мен идеялық-әлеуметтік негізін құрап отырған» [11, 7 б.], – дейді. Шындығында, Абайдың өз шәкірттерінің шығармашылығына мейлінше мән беріп отырғаны байқалады. Әріптің «Зиядасына» айтқан ауыр сыны ақынның кейінгі шығармашылық бетіне қатты әсерін тигізген. Бұл сын кейінгі жерде оның да өлеңді «ермек үшін жазбайтынының» кепілі болған сыңайлы. Көкбайдың «Сабалағында» да ақынның өзі ұнатпаған тұстарында оны тоқтатып тастап отырғаны, сөйтіп шығарманың сюжеттік-мазмұндық тұрғыдан толық қалыптасуына өзіндік ықпал жасағандығын көреміз.

Ақын шәкірттердің әрқайсысының әр тақырыпта, әр сюжетте поэма жазғандарымен Абай мектебінен дәріс алғандығын дәлелдейтін ортақ

көріністердің де аз емес екендігін байқадық. Өзіндік дара шығармашылық қалпымен қоса, ақын шәкірттер өз поэмаларында бір ғана мақсатты дара ұстанып, «жұмыла көтерген жүк жеңілді» тағы бір мәрте дәлелдей түскен.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Абай Құнанбайұлы.** Шығармаларының екі томдық толық жинағы. –Т. 2. – Алматы : Жазушы, 2004. – 296 б.
- 2 **Кенжебаев, Б.** XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы : Білім, 1993. – 248 б.
- 3 **Мұхамедханұлы, Қ.** Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы : РГЖИ Дәуір, 1993. – 1-кітап. – 224 б.
- 4 **Мұхамедханұлы, Қ.** Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы : РГЖИ Дәуір, 1993. – 2 кітап. – 224 б.
- 5 **Құдайбердиев, Ш.** Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1988. – 559 б.
- 6 **Абай Құнанбайұлы.** Шығармаларының екі томдық толық жинағы. –Т. 1. – Алматы : Жазушы, 2004. – 294 б.
- 7 **Мұхамедханұлы, Қ.** Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы : РГЖИ Дәуір, 1993. – 3-кітап. – 224 б.
- 8 **Балтоғаева, Ж.** Поэма жанрының ерекшелігі туралы. // Ізденіс.
- 9 **Сейтжанов, Қ.** Шығыстық үлгідегі түркі классикалық поэзиясы және қазақ өлең дәстүрі. // Ұлт тағлымы, 2003. – № 2. – Б. 189-193.
- 10 **Әуезов, М. О.** Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1967. – 391 б.
- 11 **Әуезов, М.** Абайтану дәрістері. – Алматы : – Рауан, 1994. – 160 б.

Материал 13.04.15 баспаға түсті.

G. S. Aneeva

Созвучие поэтических фигур в поэмах поэтов-последователей Абая
Центрально-Азиатский университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 13.04.15.

G. S. Aneeva

Consonance of poetic figures in the poems of poets followers of Abay
Central-Asian University, Almaty.
Material received on 13.04.15.

В статье анализируются композиционные, художественные особенности поэм последователей Абая, влияние абаевских традиций на словоупотребление, а также общность поэтических фигур.

The composition artistic features of the Abay followers' poems, influence of the Abay's tradition on word usage, as well as common poetic figures are analyzed in this article.

ӨОЖ 821. 512. 122 (091)

К. С. Әбдіқалық¹, Л. М. Әділбекова²

¹ф.ғ.к., профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы; ²ф.ғ.к., профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

М. ЖҰМАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МӘТІНДІК ӨЗГЕРІСТЕР

Бұл мақалада Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің мәтіндік айырымдарына талдау жасалынады.

Кілтті сөздер: текстология, мәтіндік айырымдар, лирика, қате түрлері.

Мағжан Жұмабаевтың 1989-2008 жылдар аралығында жарық көрген шығармалар жинағын өзара салыстырып қарағанда, бірсыпыра мәтіндік айырымдар байқалады. Соңғы жинақтардағы өлеңдердің мәтіні бірдей. Тек ақынның қайта оралғаннан кейінгі, яғни Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1988 жылғы желтоқсандағы қаулысынан соң, 1989 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Шығармаларындағы» [1] өлең мәтіндерінде соңғы шыққан жинақтардағы өлең мәтіндерінен өзгешелік танытатын тұстары басым. Тіпті, 1995 жылғы «Білім» баспасынан шыққан «Шығармалар» атты 3 томдық жинағы мен 2008 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Көп томдық шығармалар жинағының» соңында берілген «Түсініктерде» 1989 жылғы жинақтағы өлең мәтіндеріне түзету енгізгендігін ескерткен. Осы түзетулерге, яғни, текстологиялық жұмыстардың қалай жүргізілгеніне мән бере отырып әр жинақта әр түрлі берілген мәтіндік айырымдардың дұрыс-бұрыстығына назар аударайық.

Мағжанның «Атақты ақын сөзі – алтын хакім Абайға» өлеңін (тақырып 2008 жылғы жинақтағы нұсқасы бойынша алынып отыр) қарастырсақ, соңғы екі жинақтағы /1995, 2008/ өлең мәтіні бірдей. 2008 жылғы жинақтың /1995 жылғы жинақтың да/ «Түсініктерінде»: «1912 жылы «Шолпан» жинағында басылған. 1989 жылғы кітапта «Дүние қолын жайып, енді күтпес» деген жол «Әлемнің құлағынан әні кетпес!» болып редакцияланған. Біз түпнұсқаға сүйенуді орынды деп таптық. Басқа да өзгертілген сөздер қалпына келтірілді»

[2, 192], – делінген. Қалпына келтірілген сөздердің ішінде өзгертуді қажет етпейтін сөздер де бар. Мәселен, өлеңнің бесінші, алтыншы шумақтарында кездесетін «жүйрік» сөзі 1989 жылғы жинақта:

Жүрген жанның артында ізі қалар,
Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,
Шешен өлсе, артында сөзі қалар! –

деген өлең жолдарындағы және «**Шешеннің** айтқан сөзі көпке кетер» деген алтыншы шумақтың төртінші жолындағы «*шешен*» сөзі «*жүйрік*» болып түзетілген. Бәрімізге белгілі бұл арада Мағжан Жұмабаев ақын өлсе артында сөзі қалатынын айту үшін жыраулық поэзия дәстүрімен кімнің артында не қалатынын санамалап шығады. Сонда о баста автор өз қолжазбасында «ақын» сөзінің орнына «*жүйрік*» әлде «*шешен*» сөзінің қайсысын қолданған екен деп ойлайсың? Дұрысы қайсысы дегенде, сөз ұстасы ақынға «шешендік» сөзі жақын ба деп қаласың. 1989 жылғы жинақты шығарушылар да осыны ескерген болар.

«Сорлы қазақ» өлеңін алсақ, 2008 жылғы жинақтың «Түсініктерінде»: «алғаш «Шолпан» жинағында басылған. Біз 1995 жылғы нұсқасын негізге алдық. Бірақ ондағы үшінші шумақтың екінші жолы бірінші басылымы бойынша «қылышын алып, надандық саған кезденді» деп, үшінші жолындағы «тымақтай» сөзі «тұмақтай» боп, ең соңғы шумағының екінші жолындағы «басы мойнын бұрар ма» тіркесі «білім мойнын бұрар ма» боп өзгертілді...» [2, 192], – делінген. Өзгертілген сөздердің ішінен үшінші шумақтың алғашқы екі жолын 1989 жылғы нұсқамен салыстырып көрейік. 1989 жылғы жинақта:

Қозғал, қазақ, білім **іздер** кез келді,
Қылыш алып «надандық» саған **кезенді**, –

деп берілсе, 2008 жылғы жинақта:

Қозғал, қазақ, білімге **жүгір**, кез келді,
Қылышын алып «надандық» саған **кезденді**, –

деп беріледі. Және де бесінші шумақтың алғашқы екі жолы 1989 жылғы жинақта:

Байғұс қазақ бас көтеріп тұрар ма?
Көңілі түсіп, **білімге мойын** бұрар ма? –

деп берілсе, 2008 жылғы жинақта:

Байғұс қазақ бас көтеріп, тұрар ма?
Көңілі түсіп, **білім мойнын** бұрар ма? –

деп беріледі. Зерттеушілердің айтуына қарағанда бұл өлең ақынның көзі тірісінде тек 1912 жылғы жинақта ғана жарық көрген. Бәлкім сол кездің өзінде өлең мәтіні редакция тарапынан өңдеуге ұшырауы, тіпті «*кезденді*» сөзі терушіден кеткен қате болуы да мүмкін. Өйткені, қазіргі редакцияланған 1989 жылғы нұсқа ұғынықты әрі ойға қонымды.

Ақынның «Жатыр...» өлеңін қарастыратын болсақ, 1995 жылғы жинақтың «Түсініктерінде» (2008 жылғы жинақта да): «алғаш «Айқап» журналының 1911 жылғы 2-санында жарияланған. Одан соң 1912 жылғы «Шолпан» жинағына енген. 1989 жылғы «Жазушы» баспасында жарық көрген «Мағжан Жұмабаев. Шығармалары» кітабында біраз сөз өзгеріске түскен. Мысалға, 1912 жылғы кітапта «Астана жұрт билеген адамдарды» деген жолы, 1989 жылғы басылымда: «Әуелде жұрт билеген адамдарды» деп, «астананы» – «әуелде» сөзімен өзгерткен. Сол сияқты «Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр» дегенді «Айтысып молдалармен іріп жатыр» деп, «Сезінбей өз өлгенін, өзгенікін, Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?» деген жолды «Сезінбей өзгенікін, өзінікін» деп өзгерткен. Автордың өз сөздері бұл жинақта қалпына келтірілді» [3, 229] делінген. Осы қалпына келтірілген сөздер мен өлең жолдарынан басқа түзетілген сөздерге назар аударайық.

1989 жылғы жинақтағы өлеңнің «*Тәңірінің рақметіне «жарып» жатыр»* деген сегізінші жолындағы «*жарып*» сөзі соңғы жинақтарда (1995, 2008) «*қанып*», «*Байлары мыңды айдаған шалқып жатыр»* деген он үшінші жолындағы «*байлары*» сөзі соңғы жинақтарда «*байларың*», «*Ұмытып өзін өзі бұл сабаздар»* деген жиырма үшінші жолындағы «*сабаздар*» сөзі соңғы жинақтарда «*сабазың*», «*Жемтікке құзғын болып кіріп жатыр»* деген жиырма сегізінші жолындағы «*жемтікке*» сөзі соңғы жинақтарда «*жемтікіі*», «*Күн сайын артқа қарай кетіп жатыр»* деген отыз сегізінші жолындағы «*күн сайын*» сөз тіркесі соңғы жинақтарда «*күннен күн*» болып түзетілген. Осылардың ішінде үшінші жақпен баяндалып жатқан өлең мазмұнына сәйкес «*байлары*» сөзі; алдыңғы жолда берілген «біреулерді» мезгеп, көпше түрде айтылып тұрған «*сабаздар*» сөзінің қолданылуы текстологиялық принцип бойынша қате емес. Сондай-ақ, «*жарып*» немесе «*қанып*», «*күн сайын*» немесе «*күннен күн*» деген сөздердің қайсысын қолданса да мәтін түсінігіне соншалықты нұқсан келмейді. Тек «*жемтікке*» сөзінің «*жемтікіі*» болып өзгеруі сөз мағынасын басқаға бұрады. 1989 жылғы жинақта «Оқыған, дін іздеген байғұс шәкірттің» құзғын болып қайда кіріп жатқаны түсініктірек. Яғни, бұл арада шәкірт «құзғын» сипатында болса, медреседегі молдалардың тәлім-тәрбиесі «жемтік» бейнесінде сомдалған тәрізді. Тағы да ескере кететін жайт, 1989 жылғы жинақтағы өлеңнің «*Кілтін де өнер білім ашып жатыр»* деген екінші жолындағы «*де*» сөзі /шылауы/ соңғы жинақтарда /1995, 2008/ түсіп қалған. Сөйтіп, бұл тармақ он буынды болып, он бір буынды өлең құрлысына нұсқан келтіріп тұр.

«Өнер-білім қайтсе табылар» өлеңін салыстырсақ, соңғы екі жинақтағы (1995, 2008) өлең мәтіні бірдей. 2008 жылғы жинақтың «Түсініктерінде»: «Бұл да «Шолпан» жинағынан.

Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе, –
Мылқау, меніреу, наданды қас деп білсе, –

дегендегі «наданды» сөзі 1989 жылғы жинақта «адамды» деп өзгертілген екен.

Өнер-білім жер астында болса-дағы,
Бір жетер, жолықтым деп тастамаса (1912), –
деп ақын ойы сәл бұрмаланып:

Өнер-білім жер астында болса-дағы,
Іздесе оны талпынып, бос қалмаса! (1989), –
деп өзгертілген. Әуелгі авторлық нұсқасы алынды. Бесінші шумақтың соңғы жолындағы «етегін» сөзі «етігін» деп өзгертілген» [2,193], – делінген.

1989 жылғы жинақты шығарушылар «*етегін*» сөзін «*етігін*» деп өзгерткен сияқты бірнеше сөздерге түзету енгізген. Мәселен, өлеңнің «*Ерініп, шаршамаса, белін буса*» деген екінші жолындағы «*шаршамаса*» сөзі соңғы жинақтарда /1995, 2008/ «*шаршамастай*»; «*Тынықпай, дамыл алмай, ертелі-кеш*» деген жетінші жолындағы «*ертелі-кеш*» қос сөзі соңғы жинақтарда «*ерте де кеш*»; «*Дуниенің қайғысына зарланбаса*» деген тоғызыншы жолындағы «*қайғысына*» сөзі соңғы жинақтарда «*қайғысынан*»; «*Құтыртып, шағыстырып жел бермесе*» деген он сегізінші жолындағы «*шағыстырып*» сөзі соңғы жинақтарда «*шабыстырып*»; «*Наданды қатқан жансыз тас*» деп білсе деген жиырма тоғызыншы жолындағы «*наданды*» сөзі соңғы жинақтарда «*білімсіз*» деп берілген. Бұл өзгерістер өлең идеясына айтарлықтай нұсқан келтірмейді, керісінше мәтінді тез түсінуге көмектеседі. Мәселен, «*шабыстырып*» емес «*шағыстырып*», «*білімсіз*» емес «*наданды*» деп алынса ұғынықты. «*Шабыстырып*» сөзі негізінен теруден кеткен қате болу да мүмкін.

Қорыта айтқанда, М. Жұмабаевтың әр жылдары шыққан өлеңдерін өзара салыстыруда жинақ шығарушылардың ақынның әрбір өлеңіне аса мән беріп, ыждағаттылықпен текстологиялық жұмыс жүргізгендері анық байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Жұмабаев, М.** Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1989. – 448 б. ISBN 5-605-00814-5

2 **Жұмабаев, М.** Көп томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы : Жазушы, 2008. – 208 б. – ISBN 5-605-01817-5

3 **Жұмабаев, М.** Шығармалары. – Алматы : Білім, 1995. – 256 б. – ISBN 5-7042-0436-8

Материал 04.05.15 баспаға түсті.

К. С. Абдикалык, Л. М. Адилбекова

Текстовые различия стихотворений М. Жұмабаева

Казахский государственный
женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 04.05.15.

K. S. Abdikalyk, L. M. Adilbekova

Text distinctions of works of M. Zhumabaev

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
Material received on 04.05.15.

Статья посвящена рассмотрению текстологических различий произведений Магжана Жумабаева.

The article deals with textological differences in the works of Magjan Zhumabaev.

ӨОЖ 821. 512. 122 (091)

Л. М. Әділбекова, К. С. Әбдіқалық

Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ ӘДЕБИ-СЫН ПІКІРЛЕРІ

Мақалада Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби-сын пікірлері көрініс тапқан шығармалары қарастырылған.

Кілтті сөздер: сын пікір, әдеби мәселе, баспасөз, тұжырым

Ірі көркем шығармаларын ақ өлең үлгісінде жазып, қара сөз әрі өлең тілімен бірнеше пьеса қалдырған, педагогика, психология саласынан оқу құралдарын жасап, мақалаларында өзі өмір сүрген ХХ ғасыр басындағы қоғамның өзекті мәселелерін көтере білген озық ойлы алаш қайраткерлерінің бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Ел-шежіре» баспасынан қалың оқырманға ұсынған жазушының алты томдық шығармалар жинағының жарық көруі мәдениетіміз бен әдебиетіміз үшін үлкен олжа болғанын айту абзал. Төңкеріске толы дүрбелең кезеңде түрлі қызметтерге ауысуға мәжбүр болған азаматтың қысқа ғұмырында алуан іс бітіріп, артында мол мұра қалдырғандығына бұл жинақ үлкен дәлел.

Сол мұраның сүбелі бөлігі жазушының публицистикалық шығармалары. Белден баса суық саясат, партия, идеология мәселелерін қалың жұртқа түсіндіруден бастап, халықтың әлеуметтік жағдайы, театрды дамыту, өнерді бағалау, әдебиетті өркендету, газет-журналдың қоғамдағы алатын орны, қазақтың ән-күйін сақтау, музыканың эстетикалық маңызы, мектеп жайы, оқу құралдары, ана тілді оқыту, ұлтты сүю, ұлт мақтанышы Абайды түсіну, поэзия аспанына жарқырай сәуле шашқан Мағжан мен құйрықты жұлдыздай ағып өткен Сұлтанмахмұт шығармашылығына кеңінен тоқталып, талдау сынды мақала-баяндамаларында қаламгер көтерген тақырыптарын молынан қамтып, тереңінен сүзіп, шешімін түйіп, оқырманына ой тастап отырады.

Пәндік тұрғыдан бүкіл өмірді қамтитын латынның *publikus* [1, 313], яғни нағыз «қоғамдық», «қоғамға арналған» сынды мағына беретін публицистика [2] сынды әдебиет пен журналистиканың бұл түрі қаламгердің әлеуметтік-адамгершілік идеясына сай өз кезеңіндегі қоғамға, ой-пікірлерге, түсініктерге, үстемдік құрған саяси институттарға, оларды не бекітіп, не өзгертуге және тікелей әсер етуге арналғандығын ескерсек, Жүсіпбек Аймауытов публицистикасы да ашық эмоционалдылығымен, полемикалығымен, тенденциоздығымен, сонымен қатар әдеби-сын пікірлерінің квинтэссенциялық тұжырымдарға тұнықтығымен ерекшеленеді.

Қолына 13 жасынан қалам алған жазушының түрлі жанрда қатар өндірте жазып отырғандығына қаламгердің «Өз жайымнан мағлұмат» деп аталатын Смағұл Садуақасовтың берген сауалнамасындағы жауабынан танысуға болады [3]. «Рабиға», «Жебір болыс» (Мансапқорлар), «Қанапия-Шәрбану» – 1916-1917 жазған пьесаларым. Кейін түзетіп баспаға бердім. Ең алғаш баспа жүзіне шыққан сөздерім 1917 жылғы «Сарыарқада». Бірінші нөміріндегі «Сарыарқаның сәлемі» деген өлең, екінші нөміріндегі «Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!» деген кедейшіл беттегі мақала сияқтылар. Одан соңғы «Абай» журналындағы «Ғашықтық» (әңгіме), «Көшу», «Ұран» («Қазағым қақтықпа...»), «Әскер марсельезасы» («Арғы атам ер түрік»), сияқты өлеңдер, әдебиет туралы мақалалар, «Бишаралар» секілді (Виктор Гюгодан) аудармалар болса керек. Өзге уақ-түйектер есімде жоқ» [3]. Осы қысқа үзіндіден-ақ Ж. Аймауытовтың алғашқы қолына қалам ұстаған қадамынан бірнеше жанрда қатар еңбектеніп машықтанғандығын: пьесалар, саяси, әдеби мақалалар, әңгімелер, аудармалар т.б. «уақ-түйектерден» көз жеткізуге болады.

«Ақ жол», «Абай», «Қазақ» сынды газет-журналдардың редакциялық құрамында жұмыс жасаған Ж. Аймауытов мақалалары үнемі жарияланып отырған. «Абай» журналының шығуына, оның «Абай» аталуына ат салысқан қаламгердің бұл турасындағы өзіндік ой-пікірі бүгінгі оқырманға да ой салғандай. 1918 жылдың 4 ақпанында Ж. Аймауытұлының редакторлығымен Семей қаласында айына екі рет араб графикасымен шыға бастаған «Абай» журналының №1 санында шыққан «Журнал туралы» тақырыбымен берген бас мақаласында

«Ақылды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жөн берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Өнер тап, оқы, характер қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын», сондықтан да кеменгердің атына арнап, «журналымыздың атын «Абай» қойдық» дей келе «Журналдың атын «Абай» қойғандық – қазақтың баласына ат қойғаны сықылды «журналымыз Абайдай болсыншы» деп еліктеген емес, Абайды құрметтеп, атын тарих жүзінде көркейтіп, нығайтпақ» сынды ойын жеткізеді. Абайды мақтамай, Абаймен мақтанайықты салмақтайды. Жазушының өмір сүрген кезеңін ескерер болсақ, мәдениет пен әдебиетке, өнерге келгендегі талғампаздығы мен терең білімі кейінгі ұрпаққа да өнеге. «Европа халқында журналға кісі атын қойған үлгі жоқ десек, Европа көшеге де білімдінің атын қояды. Мағынасыз көшеге жақсының атын қойғаннан, адамшылықтың ағаруына жеміс беретін журналдың атын жақсыға арнағандық анағұрлым жақсы емес пе?» [4] сынды ойына күні бүгін де ешкім таласа қоймас.

Қаламгердің сыни көзқарастары 1925 жылы «Ақ жолда» жариялаған «Көркем әдебиетті саралау» [5], «Әдебиет мәселесі» [6] атты мақалаларында кеңінен көрініс тапты. Бұл туралы жиырмасыншы ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдеби сын мәселесі жайын айта келе ғалым К. Ахмет былай дейді: «1925 жылдан бастап «Ақжол» газетінің 555 санында Жүсіпбек Аймауытов қазақ әдебиетінің бүгінгі жай-күйі жайында ұзақ әңгімені бастап, әркімге ой салатын, бел қайыстыратын сауалдарды көлденең тартты. «Төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты, рухы қандай еді? Енді қандай болуы керек? Төңкеріс әдебиетке қандай олжа салды? Қазақта төңкерісшіл тапшыл ақын-жазушылар бар ма? Болса кімдер? Тапшыл ақын жоқ болса, себеп не? Қашан болады?» және т.б. [7]. Яғни, автор өнер, әдебиет, тіл тазалығы туралы ойларын нақты сұрақтар қоя отырып, нақты мысалдар келтіре отырып қалың жұртқа жеткізуге тырысты.

Ж. Аймауытовтың қазақ әдебиеті мәселелеріне келгенде қай тақырыпта болмасын, білімінің жан-жақтылығы, орыс әдебиеті мен сыны тарихын, Европа әдебиеті мен мәдениетін терең меңгергендігі сезіледі. Қазақ ақындарының өлең жазу мәдениетін көтергісі келген қаламгер, бұл ретте В. Маяковский сөздерін мысалға келтіре отырып, ойын тұжырымдайды. «Маяковский айтады: «Өнер түрлі болу керек. Суретші, жазушы, артист таптың қолын ұстанатын құралы болу керек. Бірақ, ол құрал бес, он жылдың ішінде түкке жарамай қалатын шірік құрал болса, оның түкке керегі жоқ. Осы күнде кейбір жазушымыз өлең жазады:

Мен – жалшылардың зеңбірегін,

Олай да, бұлай да атам.

Осындай өлеңдер жұрттың алдына тартылады. «Мен жалшылардың зеңбірегін» дегенге ар жағында жан шошырлық бірдеме таяу шығар деп дәмеленіп қалсаң, «олай да бұлай атамын» дегенін оқып, мойның сылқ ете түседі. Өнер істеп үйрететін шеберлік. Бұл шеберлік ақындарымызда, жазушыларымызда кем», – дейді. Қазақ ақындары тіпті сорақы, ешбір сөзді талғамайды. Құдай аузына нені салса, соны қойып қалады. Газеттерді, журналдарды қарап отырсаң, кейбір өлеңдер оқушының сезімін тәрбиелемек түгіл, құсқысын келтіреді» [5] дей отырып, бұл ретте жарияланатын мәтінге газет-журналдардың жауапкершілігін арттыруды ұсынады.

Ж. Аймауытов Мағжан шығармаларының өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала келе, «Батыр Баян» поэмасын жоғары бағалап, ақындық күші, сөзге еркіндігі, суретшілдігі кеңінен танылатын, «Абай айтқан «сөз патшасы» «Баянда» барлығын» айта отырып, ойын «Мағжан алысқа шабатын сылпылдақ жүйрік емес, шыға салма, ағыншыл жүйрік деп айтуға болады» [8] деп түйіндейді де осы баяндамасында әдеби сынның маңызына тоқталады. «Орыстың Пушкин сынды, Гоголь сынды ақындары бар заманда, атақты социалист-сыншы Белинский әлі орыста әдебиет жоқ деп қайғырған. Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге қосатын атты жаратып, құйрық-жалын күзеп жіберсе көрікті болып жұтынып шығады. Әдебиетке сондай күтім, сондай сын керек. Әсіресе әдебиетті сынау біз сықылды жұртқа керек, өйткені бізде әлі жөнді әдебиет жоқ, бар болса – балапан, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жоқ, әдебиетті тәрбиелей, мәпелей білсек буыны қағайды, ер жетеді, біздің де ақындарымыз, жазушыларымыз санатқа қосылады» [8].

Баса айтуға тиісті нәрсе, Ж. Аймауытовтың әдеби-сын пікірлерінің жан-жақты көрінетін тұсы – Мағжан Жұмабаев поэзиясын талдауы. Мағжанның символизмі туралы талдай келе, ақынның сыртқы түрмен қатар, кейде ішкі мәнді де алып отырғандығын, «Бальмонт 22 жасында өмірден торығып, әлеуметтен қол үзіп: «Әлдиле, өлім, әлдиле» десе, Мағжан да бальмонтшілеп, жас басынан торығып, өлім шақыруды шығарды. Мағжанның еліккен орыс ақындары көп, оның бәрін санап өтудің қажеті жоқ» [8] деп тоқтайды. Мағжанның еліктегіштігі оның міні болып табылмайтынына мысал ретінде Пушкин, Лермонтовтың Байронға, Шекспирге еліктегенін, Л. Толстойдың Пушкинге, Гогольге еліктегенін, Леонид Андреев, Чехов, Арцыбашев, Сологуб сықылды ақындардың Достоевскийге еліктегенін, Максим Горький Пушкиндерді жатқа білгенін, Абайдың да Лермонтов, Пушкиндерге еліктеп жазғандығын айта кетеді. Мағжан поэзиясындағы орыс, қазақ, араб, татар «рухтарын» көрсете отырып, сентиментализмге ақынның әйел теңдігіне арнап жазған өлеңдерін келтіреді. «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмилә», «Шын сорлы», «Жас келін», «Алданған сұлу», «Тілегім» деген өлеңдерін оқысаңыз, бәрінде де әйелдің халін өте ауыр көрсетіп, әйелмен мұңдасқандай, әйелді аяғандай, есіркегендей оқушылардың жанын ашытқандай мұң бар,

зар бар...» [8] деп түйеді сыншы. Мағжан талантын тани білген, түсіне білген, бағалай білген, саралай білген қаламгер ойының биік қарымы бүгінгі мағжантанушыларға да бағдар болары анық. Жүсіпбек Аймауытов мақалаларын толықтай оқырман назарына ұсыну да келер күннің кезек күттірмес талабы болмақ [9,381].

Қорыта айтар болсақ, проза, драматургия саласымен қатар, қазақ әдебиеті сынының тарихында да құнды еңбектер қалдырған Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби-сын пікірлері өз кезеңіндегі ұлт әдебиетіне үлкен қозғау салған, күні бүгін де мән-маңызын жоймаған, заманынан оза туған терең білімді тұлға талантының бір қыры ғана.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Литературный энциклопедический словарь / под ред. В. М. Кожевникова и П. А. Николаева. – Москва : Сов.энциклопедия, 1987. – 752 с. Л64.
- 2 Merriam-Webster's Encyclopedia of Literature Hardcover – April, 1995 by Merriam-Webster (Editor), Encyclopedia Britannica (Editor), 1248 pages. – ISBN-13: 978-0877790426
- 3 **Аймауытов, Ж.** Өз жайымнан мағлұмат // Қазақ әдебиеті, 1988.23.12.
- 4 **Аймауытов, Ж.** Журнал туралы. // Абай. – №1. – 1992.
- 5 **Аймауытов, Ж.** Көркем әдебиетті саралау. // Ақ жол, 1925.17.04.
- 6 **Аймауытов, Ж.** Әдебиет мәселесі. // Ақ жол, 1925.1.04.
- 7 **Ахмет, К.** Сәбит Мұқанов және әдеби-көркем сын // Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – № 3 (76). – 2010.
- 8 **Аймауытов, Ж.** Мағжанның ақындығы // Лениншіл жас, 1923.25.01.
- 9 **Аймауытов, Ж.** Алты томдық шығармалар жинағы/ Ж.Аймауытов. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – Т.6. – 384 б. – ISBN 978-691-7317-64-5

Материал 04.05.15 баспаға түсті

Л. М. Адылбекова, К. С. Абдикалык

Литературно-критические мысли Ж. Аймауытова

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 04.05.15.

L. M. Adilbekova, K. S. Abdikalyk

Literary-critical thoughts of Zh. Aymaulytov

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
Material received on 04.05.15.

В данной статье рассматривается литературно-критические мысли Ж. Аймауытова.

This article discusses the literary-critical thoughts of Zh. Aymaulytov.

ӘОЖ 811.11-112

Г. Бейсенова

магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

АУДАРМАДАҒЫ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР (Ә. НҰРПЕЙІСОВТИҢ «ҚАН МЕН ТЕР» ТРИЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада аудармадағы лексика-грамматикалық трансформациялар Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы мазмұнының материалы негізінде қарастырылады.

Кілтті сөздер: аударма, лексико-грамматикалық трансформация, трилогия, қазақ әдебиеті.

Қазақ әдебиетінің классигі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы ағылшын тілінде басылып шыққаны мәлім. Әдебиеттің елеулі туындылары жиі болмаса да шет тілдерде жарық көріп тұратын кешегі кеңестік кезеңнің өзінде ірі шығармалардың ағылшын тіліне аударылуы ұлт мәдениетін мойындаудың даусыз белгісі саналатын, өйткені осы арқылы кітап ағылшын тілді аудиторияға ғана емес, іс жүзінде бүкіл әлемге жол ашады [1].

Мақалада Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы негізінде аудармадағы лексика-грамматикалық трансформациялар берілді.

Аудармадағы грамматикалық трансформация – бұл аудару тәсілі, басқа грамматикалық мағынасы осы грамматикалық бірліктің түпнұсқасында берілуі. «Қан мен тер» трилогиясында грамматикалық бірлік, яғни, сөз қалпы сөйлемнің белгілі түрі түрлі деңгейде беріледі. Грамматикалық ауысу аударманың ерекше тәсілі арқылы жай ғана оның аудармадағы грамматикалық формасы ПЯ/аударма тілін қолдануы емес, керісінше, оның мағыналық сипаты жағынан ПЯ-да қолдану формасын қолданбау, аналогиялық шығу, осындай қалыптың ауысуы. Сонымен ағылшын және орыс тілдерінде жекеше және көпше түр және ережеге сай, келісімді зат есімдер түпнұсқа ретінде және аудармада сол түрде қолданылады, ағылшын тілінде жекеше түрдегі сөз орыс тілінің көпше түріне сай келеді. Мысалы:

money — ақша, ink – сия, керісінше ағылшынның көпше түрі қазақ тілінің жекеше түріне сай келуі мүмкін. Мысалы: *struggles – күрес, outskirts – жағалау*. Бірақ белгілі бір ауысу түрі аудармада окказионалдык келісу арқылы беріледі: **Әке-шешесінен ерте айырылды**. *He became an orphan at the early ages*. Грамматикалық ауысу аудармада күллі таралған түрі *сөз тіркесінің ауысуы* болады. Ағылшын-орыс аудармасында көптеген тән белгілер зат есім – етістік және сын есім – зат есім. Ағылшын тілінде белгілі бір тұлғаны білдіру үшін жұрнақтар/суффикстер кең қолданылады (бүркітші, әнші, биші, т.б.), бірақ бұл «мамандарға» тән белгі [2]. Осындай зат есімдер аудармада етістік арқылы беріледі: **Еламан мұз үстінде жалғыз болды**. *Elaman was alone on the ice*.

Сөйлем мүшелерінің ауысуы оның синтаксистік ағымына сәйкес келеді. Осындай түрде сөз табының ауысуында осы қатарда байқалады. Мысалы, осы көрсетілген мысалдар жоғарыда айтылғандай, зат есім ауысуы толықтауышпен байқалғандай. Синтактикалық ағымның құрылуы сөйлем мүшелерінің ауысуымен, көбінесе бастауышпен айқындалғанын көреміз. Ағылшын-орыс аудармада ауысу тәсілдері бізге бір бағытта белгілі, ағылшын тілінде көбінесе орыс тіліне қарағанда, бастауыш сөзінен басқа функцияларды орындайды, субъектік белгіні білдіреді [3]. Мысалы: объективті белгі ол (бастауыш толықтауыштың орнында): **Жаңа қатқан мұзды аяғымен теуіп көреді**. *He was trying to kick the newly frozen ice with his feet. Уақытты белгілеу*; (бастауыш толықтауыштың түрінде) **Таң атқаниша шыдамай, түнде қайта оянып әлденеше жазаға барады**. *Not waiting for the dawn he woke up and went to some coasts by night*. (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер, 13 б.).

Аудармада сөз және сөз тіркестерімен жұмыс істегенде, олардың аудармалары *эквиваленттік және варианттық* белгісіне сәйкес келмеуі мүмкін. Оның жұмысына лексикалық оқу мен трансформация кіреді. Аударма үрдісінде трансформациялар статистикалық жоспарды талдау мен бірлік арасындағы қарым-қатынас ретінде қарастырылады. Ол динамикалық жоспарды, егер сөздік ұқсастық болмаса немесе контекст бойынша қолданылмаса аудармашы сөздің түпнұсқасын қолдануға мәжбүр болады [4]. Трансформация екіге бөлінеді: лексикалық және грамматикалық. Негізгі лексикалық трансформация белгілі бір үрдісте ИЯ/шетел тілі және ПЯ/аударма тілі арқылы қолданылады. Аударманың негізгі тәсілдері: аударманың транскриптісі және транслитерациясы; калькілік және лексика-семантикалық ауыстырулар (нақтылық, генерализация, модуляция).

Ең көп тараған грамматикалық трансформация – аударманың сөзбе-сөз аударылуы, сөйлемдердің мүшелденуі, олардың қосылуы, грамматикалық ауыстырулар, сөз формалары, сөз таптары, сөйлем мүшелері. Контекстік лексикалық-грамматикалық трансформацияға антонимикалық аударма,

көркем аударма және колигенсацияны жатқыза аламыз. Аудармада әр түрлі қосылуларды, қосымшаларды қолдануға болмайды. Аудармашы мәтінге сырттай мағыналы аудармаларды қоса алады. Кейбір кезде аудармашы қазақ тілінің заңдарын бұзбау үшін қосымшаларды қосады: *Кісі басына отыз-қырықтан гана тапсырдық. We ordered thirty-forty per person.*

Аудармашы сөздерді аударғанда кейбір сөздерді ескермеуі мүмкін. Осы ескермеушіліктер арқылы ол сөздердің бұзылмауына, грамматикалық жағынан дұрыс болуы үшін әрекеттер жасайды. Ескермеушіліктерді көп жіберуге болмайды. Ол үшін әр сөздердің өзінің синонимдері болады.

Лексикалық ауыстыруда аудармашы аудармада контекстке байланысты сөздік және эквиваленттік сәйестіктерді қолданбауы мүмкін. Ол осы сөздің аудармасын контекстке байланысты іздейді. Осындай әдісті «контекстік ауыстыру» деп атайды.

Нақтылау бұл алғашқы тілдегі кең мағыналы сөздің басқа тілдегі тар мағыналы сөзбен алмасуы болып табылады. Ағылшын тілінде кең мағыналы кейін басқа тілдерде толығырақ, дәлірек анықталатын сөздер көп: *violence, nation*. Қазақ тілінде осыған ұқсас жалпы кең мағыналы сөздердің қолданылуы өте сирек кездеседі. Сондықтан, аударылуда нақтылау мағыналы сөздер қолданылады. Мысалы: *Come* етістігі түрлі контекстте әр түрлі аударылады: *келу, жақындау, ұшып келу* және т.б. *Go* етістігі: *жүру, жаяу жүру, жүзу, ұшу, айдап келу, аттану, бару, барып келу, өту* және т.б. *Leave* етістігі де әр түрлі болып аударылады. Аудармашы кейде лингвистикалық және статистикалық орыс тілі нормасынан құтылу үшін бірнеше сөздерді қолдануға тура келеді. Бірақ әрбір жіберілген сөз айқындалу керек. Ешқашанда аудармаға қиын сөздердің орнына ағылшын тілінде синонимдік қатары бар сөздер, түрлі мағыналы синонимдер қолданылады: *Күн екіндіге таяу еді. It was almost after midday.*

Тілдік бірліктердің грамматикалық қасиеттері бірқатар тілдік құбылыстардан: сөз, сөз тіркестері, сөйлем формалары, элементтердің орын тәртібі, формалардың грамматикалық мағыналары, форма мен мағынаның контекстік атқаратын қызметтерінен тұрады. Аударылатын белгілі бір тілдік бірліктің ақпараттық маңыздылығын қарастырғанда, біз тек сөз және сөз тіркестерінің лексика-семантикалық мағыналарын ғана емес, сонымен бірге олардың аударма мәліметінің жеткізілу мөлшеріне біршама әсер ететін грамматикалық қасиеттеріне де ден қоямыз.

Ағылшын тілі мен қазақ тілінің грамматикалық қасиеттерінде ұқсастықтары (сын есімнің шырайлары, етістіктің шақтары, сөздердің орын тәртібінің функционалдық маңыздылығы мен айырмашылықтары (ағылшын тіліндегі артикль, қазақ тіліндегі септік, ағылшын тіліндегі герундий, қазақ тіліндегі көсемше) бар. Сонымен қатар, грамматикалық формалар, олардың атқаратын қызметтері мен мағыналары арасындағы айырмашылықтар мен

ұқсастықтардың толық немесе толық емес болатындығын естен шығармаған жөн. Толық аударма немесе толық емес аударманың әртүрлі нұсқаларын жасауға болады. Толық теңестіруге келмейтін айырмашылықтар толық ұқсастық сынды аз кездеседі. Сондықтан, аудармашының ең басты кезігетін мәселелері теңестіруді қажет ететін деңгей, грамматикалық формаларды аудару барысындағы теңестіру сипаты.

Осы мәселені шешудің басты амалы әдетте бастапқы контексті болғанымен, кейде белгілі бір мәтін түрін грамматикалық безендіру салты сияқты әсерлерді де есепке алу керек. Мысалы, грамматикалық формалар мен құрылымдарды бір үлгіге салу талаптары, белгілі бір грамматикалық формалардың стилистикалық бекітілуі, мәтіндегі хабардың нақты не нақты айтылмауы арасындағы дәстүрлі қатынас және тағы басқалары. Дәстүрлі түрде ағылшын мәтінінде тәуелділік есімдіктері зат есімді анықтаушы ретінде нақты түсіндірілсе, қазақ тілінде оны қолдану кейде хабардың көлемін ұлғайтады: *He raised his hands – Ол қолдарын көтерді (Ол өзінің қолдарын көтерді)* формасы көптеп кездескендігімен аудармада мәнерлілік үшін түсіп қалуы мүмкін). Осыдан келе мұндай мысалдарда *ішінара* немесе *нәлдік* аударма қолданылғаны дұрыс.

Ең басты мәселені жалпы қарастыру морфологиялық жағынан ұқсас грамматикалық формаларды аударуда толық аудармамен бірге басқа да жағдайларды қарастыруға көмектеседі. Жоғарыда айтылған нәлдік аударманы қолдану формалардың ұқсастығы негізінде дәстүрлі-функционалдық сәйкессіздік жағдайында нәтижелі келеді. Жоғарыда келтірілген мысалдардан басқа есімдік түрлерінің сәйкессіздігі жағдайында нәлдік аударманы қолдану туралы айтуға болады. Мәселен, *they say – дейді*, деп айтады; *you see – түсінесің бе*; *before one can say a word – аузыңды ашып та үлгермейсің*; *say it – айт*.

Есімдіктерді аударудағы басқа тәсіл – ішінара аударма, яғни толық форманы емес, ішінара қызметіне сай келетін форманы қолдану. Қазақ тіліндегі өздік есімдіктің өзіндік есімдік формасы болуы мүмкін. Толық не ішінара аударма қолданылады: *He could not break himself out of his habit of flushing/Ол өз әдеті қызарудан арыла алмады. He pulled himself together quickly/ Ол өз – өзін тез қолға алды.*

Аудармашылар көбінесе *функционалдық сәйкестік* тәсілін пайдаланады. Әсіресе, екі тілде де тура сәйкестігі бар етістіктің шақтарын аудару барысында қолданылады. Дегенмен, екі тілде олардың атқаратын қызметтері үйлеспей қалуы мүмкін. Мәселен, *Ол қонақ үйге орналасады* сөйлемін контекстің қосымша уақытына сәйкес түрлі әдіспен беруге болады: *She will stay at a hotel* (келу уақыты немесе басқа жағдайлар маңызды емес, деректің өзі берілгенде), *She will be staying at a hotel* (нақты уақыт контекстке байланысты) немесе *She is staying at a hotel* (ниет немесе келісім контекстке байланысты). Соңғы

форма қазақ тіліндегі форманың тура баламасы бола алмайды, тек оны ниет немесе келісімді білдіру үшін функционалдық жағынан ауыстырады.

Әдетте функционалдық ауыстыру берілген форманың контексте немесе жағдаятта қолданылуына сәйкес морфологиялық өзгеріс мүмкіндіктеріне негізделуі мүмкін. Мысалы: *Presumably Egypt is the oldest highly advanced civilization and is often seen as a symbol for everything ancient and secret / Білуімізіше*, Египет ескі жоғары дамыған өркениет болып табылады және әдетте барша ескі мен құпияның белгісі ретінде қарастырылады.

Ауызекі тілдік контекстте толық сәйкестік болуы мүмкін (мүмкін, болжам бойынша), бірақ бастапқы контексте (ғылыми мақала) ол қазақ тілінде мәтіннің стилистикалық айтылуын өзгертіп жіберер еді. Бұл жердегі ашық түрдегі предикативті форма (білуімізіше) қазақ тілінің дәстүріне сай ғылыми стильге келеді. Кейбір жағдайларда осы сынды немесе басқа да сыртқы түрі сәйкес келетін грамматикалық формалар аудармада атқаратын қызметінің айырмашылығы мен айтылу дәстүріне байланысты күрделі қайта құруды талап етеді. Осындай тәсілдер қатарына *грамматикалық формаларды үйлестіру, өзгерту және антонимдік аударманы* жатқызуға болады. *Үйлестіру* – әртүрлі грамматикалық формаларға жалпы грамматикалық қасиеттерді беру тәсілі ағылшын тілінің инфинитивті құрылымдарын аударуда қолданылады. Әдеттегі немесе қайталанатын іс-әрекетті білдіретін инфинитив қазақ тілінде формасы өзгертіліп аударылады: *He glanced up just to see a stranger on the neighbouring roof / Ол жоғары қарап, көрші үйдің шатырынан бейтаныс біреуді көрді; When he passed a florist's he was very art to drop in and order some roses for her / Гүл сататын дүкеннің жанынан өтіп бара жатқанда, ол онда соғып және қызы үшін раушан гүлдеріне тапсырыс беріп шығуға бейім болды.*

Ағылшын тілінен немесе қазақ тілінен аударма жасау барысында ұзақ сөйлемді бөліктерге бөлу немесе жаңа ойды, тізбектелген іс-әрекеттерді өзгерту аудармашының шығармашылығына байланысты болады: *Кешке қарай қораға қамалған қойлар маңырап, сиырлар мөңіреп, түйе боздап, малды ауылдың дағдылы әбігерін танытты.*

A) By the evening in the cattle farm the sheep bleating, the cow's mooing, the camel's growling were heard. Such was the daily routine of the village. Б) By the evening in the cattle farm the sheep began to bleat, the cow began to moo and the camels began to growl. The village was busy with their cattle. Аударманың бірінші нұсқасы грамматикалық формаларды сақтай отырып, ұзарған *of* формасын құрып, логикалық құрылымы жағынан бұлыңғыр болып тұрса, ал екінші нұсқада өзгеріс арқылы логикалық жағынан бірізді және дұрыс құрылған сөйлемді құрастыруға мүмкіндік тудырады.

Аударматанушы ғалым Ә. Сатыбалдиевтың айтуынша, «Аудармашылық – творчестволық өнер. Ол әркімнің қолынан келе беретіндей еріккеннің

ермегі емес. Аудармашы екі тілді жетік білумен қатар әрі жазушы, әрі ғалым болуға тиіс. Аударма сапасы оның талантына, біліміне, мәдени дәрежесіне, тәжірибесіне байланысты». Түпнұсқаны дұрыс интерпретациялау үшін аудармашы ерекше сезімталдық, интуицияға, білім мен эрудицияға ие болуы шарт.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Есембеков, Т.** Мәтінді аудару және интерпретация курсы // Аударматану мен әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2007. – 5-7 б.

2 **Хайруллин, Р.** Аударма сипаты. – Алматы : Жазушы, 1976. – 52 б.

3 **Аристов, Н. Б.** Основы перевода. – М., 1959.

4 **Бреус, Е. В.** Основы теории и практики перевода с русского языка на английский. – М., 1998.

5 **Нұрпейісов, Ә.** Қан мен тер. – Алматы : Жазушы, 1990.

Материал 22.05.15 баспаға түсті.

Г. Бейсенова

Лексико-грамматические трансформации в переводе (на основе трилогии А. Нурпейсова «Кровь и пот»)

Евразийский университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 22.05.15.

G. Beisenova

Lexical and grammatical transformations in translation (based on the trilogy by A. Nurpeisov «The blood and sweat»)

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 22.05.15.

В статье лексико-грамматические трансформации в переводе рассматриваются на основе материала содержания трилогии А. Нурпейсова «Кровь и пот».

In the article the lexical and grammatical transformations in translation system are considered on the basis of the content material of A. Nurpeisov trilogy «The blood and sweat».

С. Б. Бектемирова¹, А. Арсланбаев²

¹ф.ғ.к., доцент, ²2-курс магистранты, жалпы тіл білі және шетел филологиясы кафедрасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

КОМПЬЮТЕРЛІК ЛЕКСИКОГРАФИЯ: ЭЛЕКТРОНДЫ СӨЗДІКТЕРДІҢ ТИПТЕРІ

Мақалада лексикография – әртүрлі кезеңдерде жасалған сөздіктердің тарихын анықтап, ондағы атауларға тілдік талдау жасайды әрі сөздік жасау тәжірибелерін қорытындылап, олардың жасалу жүйесін негіздейді, сөздік жасау ісін бірізге салуға бағыттайды. Лексикография мәселесі тек қана сөздіктердің тізбесі ретінде ғана таныла алмайды. Сөздікке енген атаулар, ең алдымен, әр кездегі халықтың әдет-ғұрпы мен дүниетанымынан сыр шертетін жәдігерліктер ретінде танылады. Өйткені әр атаудың, әсіресе фразеологиялық бірліктерде, мақал-мәтелдерде, этнографиялық атаулардың ішкі мағыналық құрылымында халықтық дүниетаным көріністері, ұлттық дәстүр іздері жақсы сақталады. Лексикография – лингвомәдени тұрғыдан, тілдік таным тұрғысынан, тіл-тілдегі тілдік бірліктердің когнитологиялық қырын сипаттауға да мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: компьютер, лексикография, сөздік, тип, электронды сөздік

Сөздіктердің типтері әртүрлі. Лексикография нысанды нақты сипаттаудан яғни тілдің күрделілігімен және көпаспектілілігімен түсіндіріледі. Тіл туралы әртүрлі ақпаратты алуда сөздіктерді күрделілендіреді және кеңейтеді. Тіл туралы барлық ақпаратты бір сөздікте беру мүмкін емес. Сол себепті де кез келген ұлттық лексикографиялардан әртүрлі типтегі ондаған, тіпті жүздеген сөздік таба аламыз.

Классификаторлардың айтуы бойынша сөздіктерді типтерге бөлу әртүрлі негіздерге байланысты болады: *сөздіктің мақсатына; көлеміне; ондағы сөздердің орналасу тәртібіне; сипаттау нысанына және т.б.* Көрсетілгендердің көбі бір-біріне тәуелді, бір типті сөздікте қатар кездеседі, ал кейбіреулері өзгеше типті сөздіктің негізі ретінде алынады. Аударма, түсіндірме, диалектілік және аймақтық сөздіктер, сондай-ақ, сленгтік, тарихи, жаңа сөздер, этимологиялық, қанатты сөздер және т.б. арналған сөздіктер болады. Тіл туралы ғылымда сөздіктердің жалпыға ортақ типологиясының жоқ екендігін айта кету керек, дегенмен, сөздіктер типологиясын жасауға

Біріншіден, *лингвистикалық* және *лингвистикалық емес* сөздіктерді ажырата білу керек. Алғашқысы қандай да бір бағыт бойынша тілдің лексикалық бірліктерін (сөздер және фраземалар) жинайды әрі сипаттайды. Лингвистикалық сөздіктердің ерекше кіші типі *идеографиялық сөздіктер* деп аталады, ол ұғымнан (идеядан) бастап, сөздегі және сөз тіркесіндегі сол ұғымның көрінуіне дейін зерттейді. Лингвистикалық емес сөздіктерде лексикалық бірліктер (жекелей алғанда терминдер, дара және күрделі сөздер, жалқы есімдер) тілден тыс шындықтағы заттар мен құбылыстар туралы қандай да бір мәлімет берудің бастауы ретінде қызмет атқарады. Сөздіктердің аралық түрлері де кездеседі. Кез келген сөздік *жалпы* және *арнайы* болуы мүмкін.

Лингвистикалық сөздіктерге түсіндірме және *аударма* сөздіктер жатады, олар жалпы халықтық қолданыста бар барлық лексиканы қандай да бір деңгейде қамтиды. Арнайы лингвистикалық сөздік кейде кең (мысалы, фразеологиялық сөздік, шет тілдер сөздігі), кейде тар (мысалы, жаңа туылған нәрестелерге берілетін жалқы есімдер сөздігі) лексиканың саласын қамтиды.

Лингвистикалық емес сөздік – жалпы энциклопедия (мысалы: ҰКЭ – Үлкен Кеңестік Энциклопедия). *Арнайы лингвистикалық емес сөздік* – арнайы (салалық) энциклопедия (медициналық, заңгерлік және т.б.) немесе білімнің қандай да бір саласы бойынша қысқаша сөздік (негізінен – тарлау) немесе қандай да бір сала қайраткерлерінің (жазушылардың, суретшілердің) биографиялық сөздігі немесе қандай да бір елдің сөздігі («Who is who» типіндегі сөздік-анықтамалық) жатады [2].

Түсіндірме сөздіктер. Тіл көмегімен қандай да бір тілдегі сөздердің мағыналарын түсіндіруді басты міндеті санайтын сөздікті *түсіндірме сөздік* деп атайды. Түсіндіру концептуалды мағынаны логикалық анықтау арқылы (мысалы, *шынығу* – өте жоғары температураға дейін қызу; *рекордшы* – рекорд көрсеткен спортшы), синонимдер келтіру арқылы (*беймаза* – мазасыз, жабысқақ) немесе өзге сөзге грамматикалық қатысын көрсету формасында (мысалы, *бүркемелеу* (зат есім) – *бүркемелеу* және *бүркемелену* етістіктерімен мағыналас әрекет) беріледі. Кейбір түсіндірме сөздіктерде сөз мағыналары қажет жағдайларда суреттердің көмегімен жеткізіледі. Эмоционалды, экспрессивті және стилистикалық коннотациялар арнайы белгілердің көмегімен көрсетіледі («қолдамайтын», «жек көр», «әзіл», «ирон», «кітаби», «ауызекі» және т.б.). Жекелеген мағыналар қажеттілікке және мүмкіндікке байланысты (сөздік көлеміне байланысты) мысалдармен көрсетіледі, мысалы, аталмыш сөз қатысатын қарапайым сөз тіркестерімен (үтік қызды, дау-дамай қызды – етістік «ушығу» ауыспалы мағынасында қолданылған) немесе (әсіресе үлкен көлемді сөздіктерде) беделді жазушылардың цитаталарымен толықтырылады. Негізінен, түсіндірме сөздіктер сөздің грамматикалық

сипатын білдіреді, арнайы белгілердің көмегімен сөз таптарын, зат есімнің грамматикалық тегін, етістік түрін және т.б. көрсетеді және қажет жағдайда аталмыш сөздің «негізгі» немесе «сөздіктік» формасынан өзге грамматикалық формаларын келтіреді. Кей жағдайда сөздің айтылуы (мысалы, орыс тіліндегі түсіндірме сөздіктерде – екпін), кейде өзге де қосымша мәліметтері беріледі.

Түсіндірме сөздіктер қазіргі әдеби тілдің сөздіктері болып табылады. Олардың кейбіреулері қатаң нормативті сипатта болады, яғни әдеби нормаға толық сай келетін фактілерді таңдайды, аталмыш фактілерді ғана дұрыс деп түсіндіреді, ауызекі сөйлеу бағытына аз да болса бұрылғандарды бөліп тастайды. Мысалы ретінде француз тілінің академиялық сөздігін «Dictionnaire de l'Académie Française» келтіре аламыз. Ал өзге түсіндірме сөздіктерінің көбі әдеби тілді кең ұғынады және сәйкесінше, ауызекі және қарапайым лексиканы (тар-облыстық, диалектілік, тар кәсіби және терең аргументтік элементтерден өзгені) қамтиды. Аталмыш типке орыс тілінің келесі академиялық сөздіктері жатқызылады: КСРО Ғылым академиясының 17 томдық «Қазіргі әдеби орыс тілінің сөздігі» / «Словарь современного русского литературного языка» (1950-1961) және 4 томдық «Орыс тілінің сөздігі», практикалық мақсатта көп пайдаланысқа ие болған С. И. Ожеговтің бір томдық «Орыс тілінің сөздігі» «Словарь русского языка» (Н. Ю. Шведова ред. толықт. және түзет. 9-басылымы, 1972 ж.), ертеректе жарық көрген Д. Н. Ушаков ред. авторлар ұжымының «Орыс тілінің түсіндірме сөздігі» / «Толковый словарь русского языка». Орыс лексикографиясы үшін 17 томдық академиялық «Қазіргі әдеби орыс тілінің сөздігі» ерекше маңызға ие. Ол 120 мыңнан астам сөзді қамтиды. 1970 жылы Ленин премиясымен бағаланды [3].

Бірнеше рет басылған И.В. Дальдің «Тірі ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігі» / «Толковый словарь живого великорусского языка» (4 том, бірінші басылымы 1863-1866 жж.) өзгеше сипатқа ие, ол 19 ғасыр ортасындағы облыстық және диалектілік лексиканы толық қамтиды, аталмыш лексиканы және халық сөйленістерін толық қамту тұрғысынан келгенде И. В. Дальдің сөздігіне жеткен сөздік жоқ. Ол әдеби тіл мен диалектілердің 200 мыңдай сөзін қамтиды. 1965 жылдан бастап Ф. П. Филиннің редакторлығымен «Орыс халқының сөйлеу мәнерлерінің сөздігі» / «Словарь русских народных говоров» шыға бастады. Онда 19-20 ғасырлардың барлық орыс халқының сөйлеу мәнерлерінің фразеологиясы мен диалектілік лексикасы берілді [4].

Түсіндірме сөздігінің басты міндеті:

- сөздің мағынасын және оның сөйлеу кезінде қолданылуын түсіндіру,
- дұрыс пен бұрыстың аражігін ашу,
- сөздердің тіл стильдерімен байланысын көрсету,
- оқырманға сөздің септік, тек, етіс, түр және өзге грамматикалық формаларының ерекшеліктері туралы мәлімет беру;
- сондай-ақ, сөздің жазылуы мен түсіндірілуі көрсетіледі.

Түсіндірме сөздіктер, негізінен (үнемі емес), *нормативті* болады, яғни сөзді әдеби-тілдік нормалардың талаптарына сәйкес түсіндіреді (норма тілге қатысты қолданылады – ол әдебиеттің қатысуымен жасалады және оны қоғам сөзді сөйленісте, жазуда, айтуда және екпінмен қолдануды реттейтін міндетті ереже ретінде мойындайды). Сонымен, жоғарыда келтірілген И. В. Дальдің «Тірі ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігінен» басқа орыс тілінің түсіндірме сөздіктері нормативті болып табылады.

Аударма сөздіктер. Түсіндірме сөздіктерге көбіне екі тілді (мысалы, орыс-ағылшын, ағылшын-орыс), кейде көп тілді аударма сөздіктері қарсы қойылады. Аударма сөздіктерінде мағынаның сол тілдегі түсіндірмесі емес, сол мағынаның өзге тілдегі аудармасы беріледі, мысалы: *накалиться* – become heated, *назойливый* – importunate, troublesome. Сөздіктің өзге тілдегі мәтінді оқу (тындау) кезіндегі құрал болуға арналғандығына немесе ана тілінен өзге тілге аудару кезінде құрал ретінде қолданылатындығына байланысты оны әртүрлі құрастыру керек. Сонымен, ағылшындарға арналған орыс-ағылшын сөздігінде «оң жақтағы» мәлімет (яғни ағылшынша) орыстарға арналған орыс-ағылшын сөздігіне қарағанда аз берілуі мүмкін. Мысалы, орыстың *обращение* сөзін аудару кезінде ағылшындарға арналған сөздік мүмкін болатын барлық ағылшын эквиваленттерін (*address, appeal; conversion; treatment, circulation* және т.б.) санамалап шығуы мүмкін, өйткені ағылшын халқының өкілі аталмыш сөздер арасындағы мағыналық айырмашылықтарды біледі; ал орыстарға арналған сөздіктерде *address* және *appeal* бұл ‘обращение к ...’, *appeal* бұл ‘призыв’ мағынасындағы ‘обращение’; *conversion* бұл ‘обращение в веру’ және т.б., *treatment* бұл ‘обращение с...’, ‘обхождение с кем-либо’, ал *circulation* ‘обращение товаров, денег және т.б.’; осыған қоса, аталмыш ағылшын тіліндегі зат есімдердің қандай көмекші сөздермен қолданылатындығын, екпіннің орнын көрсетуге тура келеді, яғни *обращение* сөзімен берілген мәтінді орыс тілінен ағылшын тіліне аудару кезінде ағылшын эквиваленттерін дұрыс қолдануға көмектесетін көп түсіндірмелермен қамту керек. Ал ағылшын-орыс сөздігінде жағдай сәйкесінше өзгереді. Орыстарға арналған сөздікте орыс тіліндегі бөлік аз болады, ал ағылшындарға арналған сөздікте мағыналар мен орыс тіліндегі баламалар арасындағы айырмашылықтарды көрсетуге, оларды грамматикалық белгілермен беруге, екпінді көрсетуге және т.б. тура келеді. Сөздерді аудару үнемі қиындық туындатады, өйткені сөз мағынасының көлемі әртүрлі тілдерде бірдей болмайды, әр тілдегі ауыспалы мағына әртүрлі дамиды. [5].

Аударма сөздіктер екі тілді (орыс-француз, ағылшын-орыс және т.б.) және көп тілді болуы мүмкін. Соңғысына 1902 жылы жарық көрген ағайынды А. Попов пен В. Поповтың құрастырған «Жеті тілдегі сөздік (француз-неміс-ағылшын-итальян-испан-португал-голланд-орыс)» / «Словарь на семи языках (французско-немецко-английско-итальянско-испанско-португальско-

голландско-русский» жатады. Аталмыш сөздіктердің теориялық және практикалық маңызы зор емес. Салалық терминологияның бірнеше тілдегі аудармасын беретін көптілді арнайы сөздіктер айтарлықтай маңызды, мысалы, 1881 жылы жарық көрген «Орыс-ағылшын-француз-итальян-дат және норвеж-латыш тілдерінің қалта теңіз сөздігі» / «Карманный русско-английско-французско-итальянско-датский и норвежско-латышский морской словарь». Соңғы жылдары ең жиі қолданылатын сөздер мен сөйленістерді қамтитын көп тілді қысқа сөздіктер кең тарай бастады. Мысал ретінде 1961 жылы София қаласында жарық көрген «Славян тілашарын» / «Славянский разговорник» келтіре аламыз. Онда орыс, сербхорват, болгар, поляк және чех тілдеріндегі сәлемдесу («Здравствуйте!» және т.б.), ескерту («Берегитесь!» және т.б.) сөздері, қонаққа барғандағы, дүкендегі, поштадағы және т.б. тұрмыстық тақырыптардағы әңгімелерге арналған сөздер берілген. Көп тілді сөздіктердің әртүрлі мақсаттық ұстанымдары болуы мүмкін.

Жалпы сөздіктер қатарына тілдегі барлық лексиканы арнайы бағыт бойынша қарастыратын сөздіктер жатады. Сөздерді құрамдас элементтерге бөліп көрсететін, яғни сөздің морфологиялық құрамы туралы анықтама беретін *сөз құраушы* (деривациялық) сөздіктер де осындай. Мысалы, З. А. Потеханың «Мектеп сөз құраушы сөздігі» / «Школьный словообразовательный словарь» (1964 ж.). Әрі қарай сөздердің шығу тегі және алғашқы мотивировкасы туралы мәліметтерді қамтитын (бір тілдің немесе туыстас тілдер тобының) *этимологиялық сөздіктер*. Қысқа этимологиялық сөздіктер әр сөзге автор шынайы деп таныған бір этимологиядан келтірумен шектеледі. Ірі және көрнекті сөздіктерде, негізінен, туыстас тілдердегі сәйкестіктер келтіріледі және «контроверзілер» яғни қандай да бір сөзге қатысты ғалымдар арасындағы дау-дамай туралы айтылады, ұсынылған болжамдардың қысқаша салыстырулары және олардың сыни бағалары беріледі. Этимологиялық сөздіктерге этимологиялары түсініксіз (бұл жағдайларда «түсініксіз» деп көрсетіледі) сөздер де енеді. Мотивировкалары анық туынды және күрделі сөздер этимологиялық сөздікке мүлде енгізілмейді, әлде негізгі сөздің сөз құраушы белсенділігін көрсету мақсатында немесе туынды сөзде негізгі сөз жоғалтқан ескі мағыналармен байланыс көрсетілген жағдайда санамаланады. Этимологиялық сөздіктердің мысалы ретінде А. Преображенскийдің «Орыс тілінің этимологиялық сөздігін» / «Этимологический словарь русского языка», 1966 жылдан бері орысша аудармамен шыға бастаған М. Фасмердің «Russisches etymologisches Wörterbuch» келтіруге болады. Практикалық мақсатта 1961 жылы жарық көрген Н. М. Шанскийдің, В. В. Ивановтың және Т. В. Шанскаяның «Орыс тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» / «Краткий этимологический словарь русского языка») пайдалы болуы мүмкін.

Этимологиялық сөздіктердің өз ішінен екі түрге бөлінетін *тарихи сөздіктерді* ажырата білу керек. Олардың кейбіреуі тілдің алғашқы жазба

тарихынан бастап бүгінге дейін (тарихи дәуірдің бір бөлігін қазірге дейінгі) әр сөздің және оның жекелеген бөліктерінің дамуын зерттеуді мақсат тұтады. Аталмыш типке мысалы ретінде ағылшын тіліндегі «Үлкен Оксфорд сөздігі», Гримм ағайындылары бастаған неміс сөздіктері және Г. Пауль сөздігі, Швед академиясының үлкен сөздігі және өзгелері келтіріледі. Тарихи сөздіктердің екінші түріне 1893-1903 жж. басылған, 1912 жылы толықтырылған филолог және этнограф И. Срезневскийдің «Көне орыс тілінің сөздігі» «Материалы для словаря древнерусского языка» (3 томдық) секілді тіл тарихының көне кезеңінің сөздіктерін және өткен дәуірде өмәр сүрген бір жазушысының сөздігін, тіпті жекелеген ескерткіштерді жатқызуға болады [6].

Тарихи сөздіктердің алғашқы нұсқалары – әліпби, лексикон және мәтін жанындағы сөздіктер: сөздік мәтіннің қасына қойылады да мәтіннің сөздерінің түсіндірмелері беріледі. Тарихи сөздіктің табиғатын кезінде Л. В. Щерба төмендегідей сипаттады: «Толық мағынасында тарихи деп белгілі кезеңдегі барлық сөздердің тарихын, жаңа сөздер мен мағыналардың пайда болуын, сондай-ақ өлуін, түр өзгертуін беретін сөздік аталуы керек».

Тарихи сөздіктің тағы бір түрі – *жазушы сөздігі*.

Жазушының немесе жеке ескерткіштің сөздігі толық болуы керек. Демек:

а) аталмыш жазушының шығармаларында (сондай-ақ сақталған жазбада) қолданылған барлық сөздер қамтылуы керек;

б) осы сөздердің кездескен барлық формалары көрсетілуі қажет.

Жоғарда аталған сөздіктердің типтік қатарын *диалектологиялық, жиілік, орфографиялық, орфоэпиялық, фразеологиялық* және т.б. сөздіктер толықтырды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Абрамова, Е. И.** Лексикология и лексикография: лингвистические материалы: пособие для студ. Филологического фак. / Е. И. Абрамова, О. А. Фелкина. – Брест : Изд-го Брестского гос. ун-та им. А. С. Пушкина, 2003. – 79 с.

2 <http://courier.com.ru/nauka/diction1.htm#up> «Что внутри электронного словаря?».

3 **Мадиева, Г. Б., Бектемирова, С. Б., Күзембекова, Ж. Ж.** Лингвистикалық зерттеулердегі компьютерлік технология. – Алматы : Қазак университеті, 2014.

4 http://www.lingvoda.ru/transforum/articles/pdf/selegey_a1.pdf / «Электронные словари и компьютерная лексикография», Владимир Селегей, компания АBBY.

5 **Савина, А., Типикина, Т.** Наука и жизнь. – 1999. – № 9.

6 Сергеев, В. Н. Словари – наши друзья и помощники. – М. : Просвещение, 1984.

Материал 16.03.15 баспаға түсті.

С. Б. Бектемирова, А. Арсланбаев

Компьютерная лексикография: типы электронных словарей

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби, г. Алмата.
Материал поступил в редакцию 16.03.15.

S. B. Bektemirova, A. Arslanbayev

Computer lexicography: the types of electronic dictionaries

al-Farabi Kazakh National University, Almaty.
Material received on 16.03.15.

В данной статье рассматривается лексикография, как наука, которая определяет историю словарей, созданных в разные периоды, делает лингвистический анализ на наименованиях в них, изучает систему создания словарей и систематизирует формирования слов. Проблема лексикографии не представляет только перечень словарей. Новые внесенные в словарь слова, прежде всего, наследия о традициях и мировоззрения народа разного периода. Потому что, в каждом слове, особенно в фразеологических единицах, пословицах, в содержательной структуре этнографических наименований сохраняются народные мировоззрения, следы национальной традиции. Лексикография дает возможность описать когнитивную сторону языковых единиц разных языков с точки зрения лингвокультурологии, языкового познания.

In the article lexicography is considered as a science which defines the history of the dictionaries created during different periods, makes a linguistic analysis on the words in them, studies the system of dictionaries creation and systematizes the formations of words. The problem of lexicography isn't just the list of dictionaries. The new words that entered the dictionary are, first of all, heritage of traditions and outlook of the people living in different periods. Because, in each word, especially in phraseological units, proverbs, in substantial structure of ethnographic words the national outlook, and traces of national tradition are given. The lexicography gives the chance to describe the cognitive point of language units of different languages from the point of view of linguocultural studies, language knowledge.

ЭОЖ 81'244

Д. Д. Бисмильдина

ф.ғ.к., доцент, Қазақ инженерлік-техникалық академиясы, Астана қ.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

Бұл мақалада автор қазақ тілінің статусын республикамыздың мемлекеттік тілі ретінде талдайды, сондай-ақ оның халықаралық тілдер сапасында әлемдік сахнадағы ролін болжайды. Автор қазақ тілінің статусын оның тілдің байлығымен, тазалығымен және мемлекеттің гүлденуімен байланыстырады.

Кілтті сөздер: қазақ тілі, ана тілі, мемлекеттік тіл, халықаралық тіл, мәртебе, дәнекер.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Ата Заңы бойынша мемлекеттік тіл – елдің Туы, Елтанбасы, Өнұраны сияқты мемлекеттің символы. Қазақ тілі – Қазақ елінің тұғыры, тұтқасы. Қазақ ұлтының ана тілі және Қазақстан Республикасында тұратын барша қазақстандықтардың мемлекеттік тілі. Ол мемлекетіміздің барлық азаматтарын біріктіруі керек. Мемлекеттік тіл – еліміздегі көп ұлт өкілдерінің ынтымағы мен келісіміне дәнекер. Әрбір қазақстандық қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеуге міндетті, бұл – оның азаматтық борышы. Мемлекеттік тіл мәселесі – ұлтаралық қатынастарды тұрақтандыратын, халықтардың бірлігін нығайтатын және қоғамдық келісімді сақтаудың басты кепілі.

Қазір елімізде «Тілдердің үштұғырлығы (қазақ, орыс және шет тілдері)» саясаты жүзеге асырылуда. Әрине, тіл білген жақсы. Көп тіл білген сайын адамның өрісі де, өресі де биіктей береді. Бірақ біз Қазақстан Республикасында ең бірінші орында тұрған қазақ тілінің, біріншіден, қазақтардың ана тілі екенін, екіншіден, барлық қазақстандықтардың мемлекеттік тілі екенін, ал орыс тілінің мемлекеттік тілге қосымша қолданылатын ресми тіл екенін және ағылшын тілінің халықаралық қарым-қатынас қызметін атқарытынын ұмытпауымыз керек.

Қазақ тілі – Ұлы тіл. Себебі қазақ тілі: 1) әлемдегі ең бай тілдердің төрінен орын алады. Ол тіл байлығы жағынан – 3-інші орында (ең бай тіл саналатын араб тілінде 12 миллион 300 мың сөз болса, бұл көрсеткіш ағылшын тілінде – 750 000, қазақ тілінде – 600 000, ал испан тілінде – 300 000, орыс тілінде – 150 000 сөзді құрайды, қазіргі қытайлар 87 019 иероглифті қолданады); 2) сөйлейтін адамдарының саны жағынан әлемдік тілдер арасында – 70-інші орында, ал түркі тілдерінің арасында – 4-інші орында; 3) түркілік болмысының сақталуы жағынан – 1-інші орында (яғни

қазақ тілі өзінің табиғи болмысын, тазалығын сақтаған). Қазақ тілінің сөздік қорының 60 пайызы түркілік түбірлі сөздер болып табылады. Бұл – түркі тілдерінің ішіндегі ең жоғарғы көрсеткіш.

Қазақ тілінің мемлекеттік, халықаралық мәртебесін сол уақыттың өзінде-ақ айқындаған педагог-ақын Мағжан Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере кешкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы... Күндерде бір күн түрік балаларының тілі бірікпесе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік», – деген еді [1, 269-270].

Барлығы – өзіміздің қолымызда. Біз өз ана тілімізде сөйлеуге ұялмауымыз керек. Біздің анамыз да, әкеміз де – қазақ тілі. Біз оны басқа тілге ауыстыра алмаймыз. Қазақ тілі – әлемдегі ең мықты тіл!

Бұл әлемде ең бастысы – біздің қай жерде тұрғанымыз емес, қандай бағытта жылжып барамыз, міне, сонда. Қазіргі уақытта қазақ тілі тек білім мен ғылым саласында, мемлекеттік органдарда ғана қолданылмайды, ол ғаламтор тіліне де айналды. Бірқатар халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда қазақ тілі жұмыс тілі ретінде қолданылатын тілдердің қатарында тұр. Қазақ тілін үйренгісі келетін адамдардың саны күн сайын артып келеді. Мемлекет тарапынан қазақ тілін оқытуға қаншама қаржы жұмсалуда десеңізші?! Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтқан: «Бүгінде қазақ тілі ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Тек соңғы 3 жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 млрд теңге бөлінді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн», – деген сөзі арқылы мемлекеттік тілдің бүгінгі күнгі мәртебесін бекітті [2].

Қазақ тілі халықаралық тіл деңгейінде қолданылатын тіл дәрежесіне де шыға алады. Өйткені қазақ тілі тілге қатысты барлық өлшемдерге толық жауап береді. Ал мемлекетіміздің экономикасы күннен күнге гүлденуде. Уақыт өте келе қазақ тілін үйренуге деген шетелдіктердің де сұранысы арта

түседі. Адамды адаммен, халықты халықпен, елді елмен байланыстыратын ең берік дәнекер – халықтардың мүдде ортақтығы десек, егеменді Қазақстанның әлемдік сахнадағы беделі артқан сайын, қазақ халқын тануға, қазақ тілін үйренуге деген ықылас-ниет, талпыныс қазіргі кезде бірте-бірте шет елдерде де арта түсті. Журналист Мақсат Қалиға айтқызсақ: «За рубежом уже всем становится понятно: казахский постепенно обретает статус языка международного значения! И пример тому – изучение казахского языка в соседней России. По мнению российского сенатора Игоря Зуги, который предложил о необходимости повсеместного внедрения в систему среднего образования изучения казахского языка, «каждый школьник должен иметь возможность изучать один из богатейших тюркских языков» [3, 5].

Тілді білу – өз ұлтыңды тану. Ұлттық тілді білу ұлт ділін, қасиетін, мінезін, ой, жан-дүниесін, сырын білу екенін, халықтық мәдениет пен дәстүрді жаңғырту болатынын естен шығармайық. Тілді оқулықтан үйрену өте мардымсыз болады. Бай қазынаны игеру қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, ғылыми еңбектермен танысу, жазба жұмыстарын жүргізу, күнделікті оқу, үйрену арқылы ғана орындалады. Ұлт мүддесіне игі бір іс қалдыруды ойласып, «мен де қазақ едім-ау!» деп әрекет ету керек. Мұның бәрі өз кезегінде еліміздің Мәңгілік болуы үшін жасалған жоспарлы іс-шаралар болмақ. Сөйтіп, Мәңгілік Елімізбен бірге ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЕ МӘҢГІЛІК ЖАСАЙ БЕРМЕК!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жұмабаев, М. Шығармалар. – А., 1996.
- 2 Назарбаев, Н. Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан халқына Жолдау // www.akorda.kz, 2014. – 17 қаңтар.
- 3 Мақсат, Қ. Поговори со мной по казахски, или Как в России танцуют «Қара жорға» // Казахстанская правда. – 2013. – 8 ноября, С. 5.

Материал 16.02.15 баспаға түсті.

Д. Д. Бисмильдина

Статус государственного языка

Казахская инженерно-техническая академия, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 16.02.15.

D. D. Bismildina

Status of the state language

Kazakh technical academy, Astana.

Material received on 16.02.15.

В настоящей статье автор анализирует статус казахского языка как государственного языка нашей республики, а так же прогнозирует ее роль на мировой арене в качестве международного языка. Автор связывает международный статус казахского языка с ее богатством, чистотой и процветанием государства.

In this paper, the author analyzes the status of the Kazakh language as the official language of our country, as well as forecasts of its role on the world stage as an international language. The author connects the international status of the Kazakh language with its wealth, purity and prosperity of the state.

ӘОЖ 81'0

Г. А. Борибоева¹, П. Т. Медетбекова²

¹PhD докторант; ²филдол.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҮГІНГІ ТОПОНИМИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Бұл мақалада Қазақстанның топонимика жүйесінің зерттелу жайы, сонымен қатар белгілі тілдің сөзжасамдық құралдары мен модельдері қарастырылған.

Кілтті сөздер: ономастика, топонимика, жалқы есім, т.б.

Тіл ғылымының ішкі салаларының бірі лексикологияның ономастика ғылымының жалқы есімдерді қарастыратын және оның жер бетіндегі кез келген табиғи немесе адам жасаған объектілер атауынан тұратын жалқы есімдер түрін зерттейтін ғылым саласы топонимика. Топонимика немесе антропонимика, жалпы алғанда ономастиканың зерттеу нысаны жалқы есім. Жалқы есімдерсіз адамзат қоғамында қарым-қатынас болуының өзі мүмкін емес жағдай. Топонимика ғылымын зерттеуші ғалым Ә. М. Мурзаевтың айтуынша, «қазіргі әлемді географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес. Пошта, телеграф, теміржолдар өз қызметтерін тоқтатады, ұшақтар әуежайда, кемелер аты жоқ кеме тоқтайтын жерлерде тұрып қалған болар еді. Ал газерттер жер шарының әр жерінде болып жатқан оқиғаларды қалай жеткізер еді?» [1, 17]. Міне, жалпы есімдерге қарағанда жалқы есімдердің көп болуының себебі де осында. Қай халық болмасын осы жалқы есімдердің дұрыс қолданылуына аса үлкен жауапкершілікпен

қарайды. Бірақ әр халықтың әлемге, өмірге деген танымы түсінігі өзінше, яғни өзіндік құндылықтары бар, соны жоғалтпаудың жолын іздейді.

Қазақ тіл білімінің ономастика бағытының зерттелуі, теориялық және практикалық құндылығы бірдей өте жоғары деңгейде зерттелген және әлі күнге дейін зерттелу үстінде. Топонимикалық атауларды беруде тек тілші ғалымдар ғана емес өзге ғылым салаларының өкілдері, қоғамдағы зиялы қауымдардың атсалысуымен берілуі өте орынды. Оған дәлел топонимика – *елді мекен атауы: қала, ауыл; жоғарыда айтып өткен байланыс жолдары атауын, орман, алқап, тоғай атауын, жерлеу орындары атауын, шіркеу атауын, су нысандарының атауы, оның өзі өзен, көл, көлшік, саз, батпақ, мұхит, оның бөліктері; теңіз не оның бөліктері; бұлақ атауы деп, жер үсті қабатындағы нысандар, жер асты қабаттарының нысандары, аймақ, жер бөлімшелерінің атауы деп, әр қайсысы өз алдына нысан ретінде қарастырылып, зерттелуін қажет етеді. Мысалы, бүгінгі ғылымда жер үсті қабатындағы нысандар атауын – ороним деп, жер асты қабатының нысандарының атауы – сплеоним деп, ал аймақ атауы – хороним, жер бөлімшелерінің атауы – агрооним деп аталады. Бұлардың аталуы, зерттелуі жайында көптеген деректер келтіруге болады. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде топонимиканың зерттелуі қарқынды дамуда және оның қолданыстағы маңыздылығы өз алдына құнды.*

Орта Азия мен Қазақстандағы көптеген топонимдер, әсіресе елді мекен аттары, өлкелердің шаруашылығы мен мәдениетінен мағлұмат береді. Ойконимдер құрамындағы *кент, қала, шаһар, қышлақ* терминдері ортағасырлық заманнан бары белгілі. Мәселен, *Шымкент (ОҚО), Сүткент (ОҚО), Маңғышлақ (Маңғыстау обл.), Саудақент (Жамбыл обл.), Манкент (ОҚО), Шерқала (Маңғыстау обл.), т.б.*

Қазақстан топонимдер жүйесінде мифологиялық түсінік пен діни ұғымға байланысты топонимдердің ерте кездегі рулар мен тайпалардан қалған мұра екені айдан анық. Бұл типтегі топонимдер республикамыздың оңтүстік аймағында және Маңғыстау өлкесінде көбірек ұшырайды. Мысалы, *Асықата, Бабаата, Шақпақата, Әулиеата, Қайынтау, Қатынсу, Майбұлақ, Майтөбе, т.б.* Басқа ел мәдениетінің екінші бір халықтың мәдениетінің дамуына әсер етіп, ықпал жасауына топонимдік материалдар да толық айғақ бола алады. Бұған тілімізге енген орыс тілі грамматикалық терминдері мен кейбір топонимдік атаулар толық дәлел [2, 48].

Топонимдердің жасалу жолдарын зерттегенде, ең алдымен қай тілге қатыстылығын анықтау қиындығы туындайды. Топоним – белгілі тілдің сөзжасамдық құралдары және модельдері арқылы жасалатын тілдік бірлік. Белгілі бір тарихи-хронологиялық дәуірде кірме топонимдер қабылданып, толығымен ана тілге бейімделуі мүмкін. Орыс топонимдеріне, Ресей территориясындағы және басқа да аумақтардағы орыс топожүйесіне кіретін топонимдерді атауға болады.

Мысалы, орыс тілі түбірі негізінде орыс тілінің сөзжасамдық аффикстері арқылы жасалған – *Усть-Каменогорск, Семипалатинск, Павлодар, Петропавловск* немесе орыс тілге жатпайтын түбірлерден орыс тілінің сөзжасамдық модельдері арқылы жасалған – *Маралиха, Большенарымское водохранилище*, т.б., шығу тегі бойынша орыс тіліне жатпайтын, бірқатар орыс тілінің фонетикалық, грамматикалық жүйесіне бейімділген – *Аламаты (орыс.) Алма-Ата (қаз.)*, т.б.; калька, жартылай калькалар – *Үлкентеректі – Большая теректы* [3, 66].

Жоғарыдағы айтылған мысалдарды негізге ала отырып, кез келген топонимнің түбірін анықтауда экстралингвистикалық деректерді қолдану керек деген тұжырымға келеміз. Бұл бірден-бір мысал ретінде айтылғаны.

Қазақ ономастика, оның ішінде топонимиканы зерттеуші ғалымдардың күн санап өсуі өте қуантарлық. Жоғарыда айтып өттік «жалқы есімнің» күнделікті адам тіршілігінде атқаратын қызметі жоғары, сондықтан да сол жалқы есімдерді зерттейтін ғылым саласының, әсіресе топонимика саласының әлі де қарастыратын қыр-сырлары, ашылмаған құпияларының болуы заңдылық.

Бүгінгі күні осы саланы зерттеуші ғалымдарымыздың қатарында: Қоңқашпаев Ф. Қ., Әбдрахманов А. А., Жанұзақ Т., Попова В. Н., Султаньяев О. А., Рысберген Қ., Қожанов М., Керимбаев Е. А., Мәдиева Г. Б., Иманбердиева С. Қ., т.б. зерттеуші-ғалымдардың зерттеулері мен еңбектері жайында көптеген мәліметтер келтіруге болады. Оған қоса бүгінгі студенттеріміздің өздерінің мекен, ауыл, қала атауларының тарихы жайындағы мәліметтерінің өзі біршама.

Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орынды бағындырған ұлан-байтақ жер аумағы бір ғана Қазақстанға тиесілі. Ежелден әр бір атауға ерекше мән беретін қазақ халқы үшін туған теж топырағының жер-су аттарының маңызы зор. Кез келген топонимиялық атаудың қойылуы мен беретін мағынасының артында түгелдей тарихпен байланысты ұғымдар жатыр. Қазақ топонимиясы көп жағдайда өзі орналасқан жерді мекендеген ру-тайпалар атауларымен, ол жерде орын алған тарихи оқиғалармен, сол мекенде кездесетін аң, жануар, өсімдіктерге байланысты аталып келген. Сол атаулар жинағы қазақ жерінің, қазақ елінің мәдениеті мен тарихынан, салт-дәстүрінен, ұлттық құндылықтарынан хабардар етеді.

Ал біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны Қазақстандағы ірі-ірі облыс, үлкен қала атауларының аталу себептері мен семантикасы.

Қазақстан әкімшілік құрылымы бойынша бөлінісі: Алматы облысы, Атырау облысы, Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Батыс Қазақстан облысы, Жамбыл облысы, Маңғыстау облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Қарағанды

облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы. Бұл облыс атауларын жеке-жеке қарастыруға болады.

Жер көлемі жағынан бірінші орынды тұратын – Қарағанды облысы. Бұл облыс Қазақстанның орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. «Қарағанды» сөзінің шығу төркіні екі жақты қарастырылады. Біріншісі, сол аумақтағы қараған өсімдігімен байланысты. Топырақ талғамайтын, құрғақшылыққа, суыққа төзімді, биіктігі 0,5-2 метрдей болатын бұта өсімдіктер. «Қараған» – өсімдік атауы; «ды» – зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақ. Екіншісі, облыстың мақтанышы бола білген қара алтын – көмірмен байланысты. Табылған қара көмірлер жердің астына қатып қалған қара қан делінеді. «Қара» - түс атауы, мағынасы қара түс, қою; «қан» – тамырларды қуалап ағатын қызыл сұйықтық зат; «ды» – зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақ. Бұл айтылған екі пікірдің де ғылыми негізі жоқ, жай тұрғылықты халықтың пікірі.

Халқы жөнінен өзге облыстарды басып озатын, бұрынғы астана орналасқан облыс – Алматы облысы. Алматы облысы күллі әлемге әйгілі болған, әсем қала, Қазақстанның бұрынғы астанасы – Алматы қаласының атуымен аталады. «Алматы» атауын жемістің бір түрі алмамен байланыстырады. Алматы қаласының аталу немесе атауының өзгеру тарихын екі кезеңге бөліп қарауға болады. Біріншісі, табылған ескі тиындар мен ертедегі ғұламалар жазбаларына сүйене отырып географиялық тұрғыдан алғанда Іле Алатауы маңайы – Алмату (кейбір деректерде Алатаға) деп аталған. Бұл – қаланың ең бірінші атауы деп жорамалданады. 1979 жылы табылған ескі тиындар XIII ғасырдың соңғы ширегіне тиесілі – бұл қала атауына байланысты хронологиялық тұрғыда ең алғашқысы болып табылады. Мұндай ақпаратқа дейін алғашқы дереккөздердің бірі ретінде Захиредден Мұхамед Бабырдың «Бабырнама»-сындағы қалалар тізбегі саналды. Ол жердегі «Алмату/Алматы» атауының жанында XVI ғасыр көрсетілген. Дәл осы атау кейіннен Мырха Мұхаммед Хайдардың «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде кездеседі. Дегенмен, әйгілі археолог К. Байпаков кез келген деректі келтірерде оның территориясына мән беру керектігін айтады, себебі, Алматы орналасқан жетісу мекені, расымен де, үлкен аумақты жерді қамтиды.

Екінші кезеңде Алматының атаулары нақты тарихи деректермен келтіріледі. 1854 жылы Ресей патшалығы тарапынан Верный бекінісі салынды, 1867 жылы бекініс көркейіп, қала статусын иемденді. 1921 жылдың 5 ақпанында қалаға «Алма-Ата» атауы берілді. Бұл атаудың мағынасы бойынша, қала алма мекені деп сипатталады. Алма – жеміс атауы, Ата – қарт кісі, әке деген мағынада. Өзінің тарихи атауы «Алматы»-ға тек 1993 жылы ие болды.

Белгілі ғалым Т. Жанұзақ өзінің еңбегінде Верныйдың «Алматы» емес, «Алма-Ата» болып өзгеру себебін былайша тұжырымдайды: «Шапырашты

Қазыбек бек Тауасарұлы «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты XVIII ғасырдағы еңбегінде тамаша адам Алма ата жайлы толық жазып көптеген мағлұматтар берді. Ол кісінің тұрақ, мекен-қонысы: қыс қыстауы Алмаарасанға барар жолдағы Аюлы өзеніндегі Алматы көліне барар сайды қыстаса, жазда қазіргі Алмаарасанды жайлап, суық күзге дейін ауруларға арасан суымен ем-дом жасайды екен. Алма ата қыстаған сай ол кезде Алма ата сайы аталып, жаз жайлауға ем-дом жасаған Арасан Алмаарасан аталыпты. Бұл күнде Алма ата сайы ұмыт болып аталмағанмен, Алмаарасан атауы сақталып, бүгінге кейін адамдарды емдейтін Республикамызға белгілі ірі санаторий болып отыр. Алма ата жүзден аса сүйекті өсімдіктерді будандастырып, алманың жаңа сорттарын шығарыпты. Бұрынғы Верный қаласының Алма ата аталуының себебі – сол кездегі зиялылар Алма атаның есімін мәңгі есте қалдырып, сол атақты адамды құрмет тұтудан болса керек. Қазақ тарихында қасиетті, киелі, әулие ата-бабалар есімдерімен байланысты жер-су аттарының бары көпке айқын. Мәселен, Қорқыт Ата, Шақпақ Ата, Асық Ата, Бекет Ата, т.т. Алма Ата атауының орысша Алма-Ата деп сызықша арқылы жазылуы сол тілдің орфографиялық заңына байланысты жайт» [4, 38-39].

Дегенмен, қандай да бір топоним болмасын уақыт өте келе түрлі тарихи өзгерістерді басынан өткізеді.

Еліміздегі 4 облыс географиялық аумағына қарай Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстары болып бөлінеді.

Облыс атауларындағы бір ғана топоним – Жамбыл облысы адам есіміне байланысты қойылған. Орталығы Тараз қаласы. Тараз облысы – тарихи маңызы бар қалалардың бірі де бірегейі. 2000 жылдық тарихы бар көне қаланың атауы бір емес бірнеше рет өзгерді, алайда, нәтижесінде Алматы атауы секілді, өзінің байырғы атауына қайта оралды. 1856 жылы қалаға «Әулие-Ата» атауы берілді, бұл атау Қарахан құрметіне қойылған. Қарахан – Қарахандар әулетінің негізін салушысы. Қаланың орталығында Қарахан кесенесі де орналасқан, жалпы Қарахан әулетімен Тараз қаласының байланысы тереңде. 1936-1938 жылдар арасында қалаға Қазақстанның КП ОК бірінші хатшысы Л. Мирзоянның есімі берілді. Л. Мирзоян ату жазасына кесілген соң «Мирзоян» атауын «Джамбул» деп өзгертті. Бұл атау Қазақстанның және Кеңес Одағының атақты ақын жыршысы Жамбыл Жабаев есіміне берілген. 1993 жылы «Джамбул» атауы ретранскрипцияланып «Жамбыл» деп аталына бастады. Төрт жылдан соң, онамастикалық комиссия шешімімен және президент үкімімен бұрынғы «Тараз» атауы қойылды. Облыс – Жамбыл облысы болып қала берді, ал орталығы – Тараз қаласы болды. Бұл қала Қазақстан тарихындағы ең көп атауын өзгерткен қала деп те айтылады.

Тараздан кейінгі көне қалалардың бірі болып саналатын Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкент қаласы. Шымкент қаласы

тұрғындарының саны жөнінен үшінші, ал жер көлемі бойынша Қазақстан бойынша бірінші орында тұр. Шымкент атауының этимологиясына тоқталған А. Әбдірахманов «Чимкент//Чимнкент//Чеменген формалары қазақша Шымынкент//Шымнкент//Шымкент түріне көшкен» деп келтіреді де, беретін мағынасы «өсімдікті қала, көк майса қала» деп жазады [5, 230]. Атаудың бірнеше нұсқасының берілу себебін өзіне дейінгі зерттеушілердің келтірген «чемен, чүмен, чим» деген өсімдік атауымен негіздейді. Т. Жанұзақ та өзіне дейінгі жасалған зерттеулердің екі жақты пікірін көрсетеді: «қорған қала» және «өсімдікті қала». Осылардың барлығын ескере келе Шымкент топонимі – «көк майсалы, бау-бақшалы шыммен қоршалған бекіністі қала» деп негіздейді [6, 385].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Махпиров, В. У.** Имена далеких предков. Алматы, 1997. – 17 с.
- 2 **Жанұзақ, Т., Рысберген, Қ.** Қазақ ономастикасы жетістіктері мен болашағы. «Азия» баспасы. Алматы, 2004. – 48 б.
- 3 **Мәдиева, Г. Б., Иманбердиева, С. Қ.** Ономастика: зерттеу мәселелері. «Іс-Сервис» ЖШС, Алматы, 2004. – 66 б.
- 4 **Жанұзақ, Т.** Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы : «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. – 356 б.
- 5 Қазақ тіл білімінің антологиясы // Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 240 б.
- 6 **Жанұзақ, Т.** Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы : «Өнер», 2011. – 496 б.

Материал 26.05.15 баспаға түсті.

Г. А. Борибаяева, П. Т. Медетбекова

Нынешнее состояние исследования топонимики в Казахстане

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 26.05.15.

G. A. Boribayeva, P. T. Medetbekova

Nowadays situation of research of toponyms in Kazakhstan

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.
Material received on 26.05.15.

В статье рассматриваются топонимические системы исследования в Казахстане, а также модели и средства словообразования определенных языков.

The article deals with the study of toponyms in Kazakhstan, as well as the models and means of word formation of certain languages.

ӨОЖ 854. 342

А. Ж. Досанова¹, К. А. Тлегенова¹, Т. Н. Айткулова²

¹ п.ғ.к., доценттер, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.; ² магистрант, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана қ.

МАХМҰТ ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ АТ-ТҮРІК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінің жастарды тәрбиелеуде алатын орны қарастырылады.

Кілтті сөздер: ұрпақ тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, тәлім-тәрбие, жас ұрпақты ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда рухани құндылықтардың мәнін, маңызы мен ұлттық ерекшеліктерін анықтау ұлттық сана-сезіміміздің бағдар бағыттылығын қалпына келтіруге ықпал етеді. Қазақстан үшін рухани құндылықтар туралы ілім дәстүрлі дүниетаным мен жаңа жағдайға бейімделу кезінде туындайтын құндылықтардың ақиқаты мен жалғанын ажыратудың, ұлттық болмысымызды танудың негізіне айналып отыр. Жастардың ұлтжандылық қасиеттерін рухани құндылықтар аясында қарастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі [1].

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінде: «Қазақстандық патриотизмге, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу» туралы айтылады. Мұндай мемлекеттік талап-міндеттер бүгінде жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру ісінің жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығын көрсетеді. Мұндай тәрбие үрдісі әр отбасынан бастау алып, білім беру жүйелерінде үздіксіз, кешенді жүргізілуін талап етеді.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында: «Отаншылдық, отансүйгіштік, патриотизм – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі», – деп анықтама берілген [3, 218 б.]

Осы тұрғыда М. Қашқаридың еңбектерінің алатын орны зор. Заманында алыс аймақтарға әйгілі болып, саяси-шаруашылық және қоғамдық-әкімгершіліктің үлкен орталығына айналған Қашқарда оқып білім алған Махмұд өз дәуірінің тендесі жоқ атақты ғұламасы болды. Махмұдтың ана тілі – Қарахан мемлекеті қағандарының, яғни Шығыс Түркістан түркілерінің тілі. Ол тілде Іле бойын жайлайтын яғма, тухси, чығыл сияқты тайпалар сөйлеген.

Негізгі еңбегі «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») деп аталады. Түркі халқының XI ғасырда өмір сүрген аса дарынды перзенттерінің бірі Махмұт әл-Қашқари. күні бүгінге дейін ғалымның туған жылы белгісіз. Атақты шығармасы «Диуани лұғат ат-түрік» 1072 немесе 1078 жылдары жазылған деп шамалап жүр.

Махмұт Қашқари – тегі жағынан ұйғыр емес, оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген түркі халықтарының ортақ перзенті. Сол себепті де оның шығармасы да ортақ қазына, ортақ классикалық мұра екендігін ескерткен жөн [4].

Сөздік тек ғана тіл білімінің мәселелеріне арналған еңбек ғана емес, сонымен қатар ғылымның көптеген салаларынан хабардар ететін сан-салалы еңбек. Еңбек Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әлеуметтік-мәдени өмірінің алуан салаларынан мәлімет беретін құнды туынды. «Диуани лұғат ат-түрік» – түркі халықтарының тамаша ескерткіші болып табылады. Сөздікте адамгершілік, тәлім-тәрбие, психологиялық қасиеттер, адамның бойында кездесетін жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарға сипаттама береді.

Бұл ат орыс тіліне де, қазақ тіліне де (басқа түркі тілдеріне де) «Түркі тілдерінің жинағы» («Диуан» – жинақ деген сөз), «Түркі тілдерінің сөздігі» (еңбектің мазмұны сондай), тағы басқа аттармен әр қилы аударылып жүр. Кітаптың негізгі түпнұсқасы жоғалған. Махмұд ибн Құсайын бұдан бұрын «Түркі тілдері синтаксисінің асыл қазынасы жайындағы кітап» деген тағы бір еңбек жазған сияқты (автор оны «Диуанда» атап өтеді), бірақ ол әзір табылған жоқ.

Өз еңбегін қалай жазғандығы туралы ғұлама былай дейді: «мен түріктер, түрікмендер, оғыздар, яғмалар, қырғыздардың қалаларын, қыстауларын мен жайлауларын көп жылдар бойы аралап шықтым, сөз жинадым, әр алуан тіл ерекшеліктерін үйреніп, оларды анықтап отырдым. Мен бұл істерді тіл білмегендігімнен емес, сол тілдердегі әрбір жеке айырым белгілерді бақылау үшін істедім. Әйтпесе, мен тілдерді өте жақсы, жетік білетін мамандардың санатынанмын, жіті аңғарып, ескі мен жаңаны жыға танытын білімпаздардың бірімін», – дейді. Еңбек түрік халықтарының мәдениеті, шаруашылығы, этнонимдері, топонимдері, халықтық календары, географиялық терминологиясы және көптеген басқа да мәліметтер алуға болатын, өзінше бір энциклопедиясы іспеттес.

Махмұт Қашқари түркі тілдерінің түрлі говорлары (жергілікті тілдік ерекшеліктер) жайлы айта келіп, мысал ретінде берген сөздерінің ішінде

қазіргі қазақ тілінде де айна-қатерсіз қолданылып жүрген төмендегідей сөздерді де ұшыраттық. Мысалы: «арық, ақыр, қар, қара, азық, қозы, қыз, қашты, көмді, білді, тірілді, өлік, су, ат, топырақ». Соған қарағанда, қазақ тілі түркі тілдері тілінде ата сөздерін көп сақтаған таза тілдердің бірі деп әбден болады.

Орыс зерттеушілерінен Қашқаридың шығармасы жайлы өз ойларын айтқан В. В. Бартольд, С. Е. Малов және А. Б. Халидов болды. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» әскери, махаббат, әллегия, табиғат секілді тақырыптармен қатар, моральдық, этикалық, тұрмыстық, мифологиялық оқиғаларды да сөз етеді. Қашқаридың аталған шығармасында да әл-Фарабидің рационалистік және гуманистік идеяларының іздері айқын көрінеді.

Түркі елі әдебиетінің ренессанстық дәуірінің бастапқы кезеңіне жататын осы бір үлкен классикалық шығарма. Қазіргі қазақ тілінің негізін, әдебиеттік арнасының көзін танытатын мәнді де, маңызды, түркі халықтарының мақтанышы болған құнды мұра, жазба әдебиетіміздің тұлғалы шығармасы. Қазақстанды мекендеген көптеген түркі тайпалары қалдырған ортағасырлық ортақ мәдениет үлгісі.

«Жинақта» тәлім-тәрбие, дидактика, өсиет, адамгершілік, ұрпақ тәрбиесі, ізгілік туралы ой-пікірлер айтылады. Мәселен, «Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер», «Ұлысында ұлы болсаң, білімінді елге бер», «Асығыс еткен іс шала, асығыс жаққан от шала», «Ұлым, ақыл тыңдасаң, білімсіздік жоғалар, білім қалар артыңда, ғұмыр сырғып жоғалар». «Әр адам оңай түсіну үшін – деп жазады М. Қашқари, – мен араб тілінде қолданылып жүрген терминдерді пайдаландым». «Түркі тілінің араб тілінен ешқандай кемдігі жоқ» - деген пікірін де автор осы жерде айтып кетеді. «Бұл кітапты – деп жазады Махмұд, – мен алфавиттік ретпен жаздым, оны мақалдармен, саджалармен, мәтелдермен, өлеңдермен, раджаздармен (әскери өлеңдермен) және прозалық үзінділермен өрнектедім. Мен қиындарды жеңілдеттім, түсініксіздерді түсіндірдім, жылдар бойы жұмыс істедім: (Кітап оқушыларын) олардың (түріктердің) әдет-ғұрпымен және білімімен таныстыру үшін, оған олардың оқитын өлеңдерін, бақытты және бақытсыз күндері данышпандық әңгімелер айту үшін қолданатын мақалдарын шешен, айтушыға, ал ол келесі айтушыға жеткізу үшін төгілте жаздым. Сонымен (сөздермен) қатар аталған пәндерді және белгілі (жиі қолданылатын) сөздерді кітапта жинақтадым, сондықтан кітап жоғары деңгейге көтерілді және айқын басымдылыққа жетті».

Ғалымның айтуынша, кітаптағы сөздер әрбір буындағы әріптердің өзара тәртіптері бойынша түзілген. Әр сөз араб тіліне аударылып, сол сөздің жұмсалуды жайында мысалдар келтірілген. Мысалдардың көбі – халық аузынан жиналған ақыл-кеңес беретін, насихат айтатын, ғибрат алатын, үлгі-

өнеге көрсететін парасатты сөздер, мақалдар мен мәтелдер, қанатты тіркестер, қалып алып кеткен ойлар, тұрақты сөз орамдары, өлеңдер, әдеби үзінділер.

Мысал келтірсек, «Уақыт мезгелідері асықтырады, адамның күшін сарқылтады, ерелердің әлемін тарылтады. Оның (уақыттың) тәртібі солай, ол басқалардың (елдің) бәріне бірдей әсер етеді. Егер әлем, дәлдеп тұрып садақ тартса, таудың шыңын да жарып жібереді» [5]. «Менің ұлым, мен саған мұрагерлікке қайрымдылық жасау қағидаларын қалдырамын. Қайрымды ерлермен бірге жүр». «Әлемнің түні мен күні жиһанкездер сияқты. Олардың жолы кіммен қиылысса, соның күшін алады.» «Адамның заттары мен дүниесі – оның дұшпаны. Байлық жинағанда ойлан, ол ернеуінен асып кетпесін, асып кетсе ол су тасқыны сияқты иесін төмен қарай тартып кетеді. Дүние үшін талай ерлер қор болған. Дүниені көріп олар (оны) жемтікке үймелеген құзғындай бас салады. Олар дүние жинап тығып сақтайды, жетіспейді деп жыланып жүріп, пайдасын да көрмейді, олар алтынды да солай жинайды. Дүние үшін, құдайды ұмытып, (өзінің) балаларын, туыстарын шын мәнінде тұншықтырады» [5].

Халқымыздың өмірінде аса зор тұрмыстық-шаруашылық мәні болған астрономиялық түсініктер мен аспан жұлдыздары ілімінің көне түрік дәуірінен бері жалғасып келетін тарихи бағалылықтар екендігін қиынды дәлелдейтін нақты мәліметтер осы жазбада жүр. «Үркер», «Жетіқарақшы», «Темірқазық» атаулары мен Аспан Әлемін арнайы тақырыпқа айналдырған өзге де бірқатар материалдар Қашғари үшін түркілердің табиғатты тану мәдениетін кейінгілерге жеткізу құралы болғандығын байқатады.

Ғалым еңбектің түгелдей бір тарауын түркілердің уақыт есебін жүргізу, жыл маусымдарын белгілеу мәселелеріне арнаған. «Түркілер он екі жылды он екі хайуанның атымен атайды. Балаларының жасы мен өткен күндердегі соғыс тарихын, сол сияқты түрлі есте тұтар шақтарды жылдардың айналуымен есептейді», – деп көрсетеді Қашғари халық өмірінде елеулі роль атқарған кезеңдік жылнама жайында. Әрі қарай әрбір жылдың тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз деп аталатынын тізбелей келе, автор былай деп жазады: «Айлардың атына келетін болсақ, сапарларда айлардың аттары арабша қолданылады. Көшпенді өмір сүретін, мұсылман болмаған түркілер жылды төрт маусымға бөліп, әр үш айды бір атпен атайды. Жылдың өтуін сол тәсілмен белгілейді. Мысалы, наурыздан кейінгі көктемнің алғашқы айы Лақ айы, келесі ай Үлкен лақ айы. Бұл айларда лақ марқаяды, семіреді. Бұдан кейінгі айды Ұлы ай дейді. Бұл ай жылдың ортасында келеді. Бұл уақытта жердің жүзі жеміске толып, мал әбден семіреді. Ақ көбейеді» [3].

Қашғари көрсетуінде ай – отыз күннен тұратын уақыт өлшемі. Бір айлық уақыттың өтуі – айдың дәуір сүруімен есептелгендіктен, жылдың он екіден бір бөлігі де Ай деп аталады. «Түркі халықтарының жыл қайыруы» деп

аталатын бұл тараудағы халықтық наным-сенімдерге қатысты деректер де аса қызғылықты. Кашғари айтуынша түркілер осы жылдардың әрқайсысында бір қасиет бар деп есептейді: олардың пайымдауында, Сыыр жылы кірсе, ұрыс-жанжал көп болады. Себебі, сыыр бір-бірімен кеп сүзісетін мал. Тауық жылы кірсе, азық-түлік көбейеді. Өйткені тауықтың жемі – дән. Ұлу жылы кірісімен жауын-шашын көбейіп, астық бітік еседі. Себебі Ұлу суда өмір сүреді. Доңыз жылы кірсе, қар қалың жауып, суық қатты болады. Өсек-аяң көбейеді. Осы сияқты әрбір жылда түркілер бір нышан бар деп есептейді, - деп атап көрсетеді халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-сана дәстүріне байланысты ұғым-түсініктерінің астарына терең үңіліп, айрықша зер салған білімпаз.

«Іңір – жарық пен қараңғының түйісетін сәті. Оғыздар «імір» дейді», – автор бабаларымыздың тәулік ішіндегі аралықты белгілеу үшін қолданған ұғымдары жайында. Әрі қарай – таң, таң сәрі, ақшам, түс атаулары келтіріліп, олардың мән-мағынасы ашып көрсетілген талдаулармен жалғасқан. Қоршаған ортамен тіл табыса білген әлеумет бейнесі, оның жаратылысты ұғыну ерекшеліктері көрініс берген аса құнды деректердің біразы «Сөздіктегі» ауыз әдебиеті үлгілері.

«Тәңірім аспанды кең жаратыпты, /Жұлдыз бар онда ғажап дара тіпті. /Асылды ауаменен оратыпты, / Адамды болмысымен таңырқатып», – деп жырға қосады табиғатты нақты да ғажайып шындық деп түсінген бабаларымыз. Заманындағы түркі ұлыстарының тұрмыс-салттық ұғымдары, эстетикалық талғамы, айналамен қарым-қатынасы, одан алған сезім-эсерлері аса ұтымды бейнеленген. Сөздікте ерекше тәлімдік-тәрбиелік, ғибарттық мәні бар мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер жиі кездеседі: «Ақылымды ал, ұлым менің, рақымшыл бол, әулетіңнің ағасы бол, ақылшы данасы бол, білгеніңді ортақтас...», «Ұлым менің, ақыл сенің серігің», «Ашу-ыза ақылыңды алады, мажыма мылжың дүниенді тарылтады». Сөздікте қаншама адамгершілікті, рақымшылдықты, дәріптейтін тәлімдік ой-пікірлер орынды берілген: «Даналардың сөзі – ақыл, зер салсаң, зердеңе қонар», «Рақымшыл болсаң, менмен болма», «Рақымың болмай мақтансаң, қиын-қыстауда қиналарсың», «Туғаныңның мәртебесін өсіргің келсе, сый-сияпат көрсет...» [5].

Қазақтың ұлттық дүниетанымындағы ұлтжандылық пен рухани құндылықтарды зерттеуге бағытталған жоғарыда аталған еңбектерде біз зерттеген тақырып, яғни қоғамымыздағы рухани құндылықтардың ұлттық негіздері мен соның негізінде туындаған мәселелер қаралмаған. Қазақ елі тәуелсіздік алғалы бері біртіндеп ұлттық құндылықтарына оралып, тілі мен діні дамып келеді. Ендігі басты мәселе – ұйымшылдықпен жас ұрпаққа ұлтжанды тәрбие жүргізе отырып, ата-бабаларымыздың асыл мұраларын жастардың бойына сіңіру.

Қай елде болмасын, жас ұрпақты ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу қоғам мен мемлекеттің назарынан тыс қалған емес. Осы бір

ауыр да ардақты міндеттің бүгінгі таңда қоғамымыздың барлық саласында, соның ішінде білім беру саласында жүргізілуі әлемдік деңгейге сай дамуды талап етеді. Білім беру саласында оқыту процесін, оның заңдылықтарын, принциптерін пайдалана отырып, азаматтық тұлғаны тәрбиелеп, оның бойындағы ұлтжандылық сезімін зиялылыққа, адамгершілікке ұштастырса, болашақ ұрпақ тәрбиесіне тигізер себі мол демекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев, Н. Ә. Өзекжарды ойлар. – Алматы : Мектеп, 2003 – 172 б.
- 2 Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Т.7. / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 728 б.
- 3 Келімбетов, Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 264 б.
- 4 Жұмабеков, А. Қ. Түркі халықтарының жазба мұраларындағы педагогикалық ой-пікірлер. – Шымкент, 2004. – 132 б.
- 5 Қашқари, М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-түрк»). – Алматы : Ана тілі, 1993. – 192 б.

Материал 10.04.15 баспаға түсті.

А. Ж. Досанова¹, К. А. Тлегенова¹, Т. Н. Айтқулова²

Проблемы воспитания в труде Махмута Кашкари «Диуани лұғат ат-түрк»

¹Университет «Туран-Астана», г. Астана;
²Казахский университет экономики, финансов и международной торговли.
 Материал поступил в редакцию 10.04.15.

A. Zh Dossanova¹, K. A. Tlegenova¹, T. N. Aitkulova²

Problems of education in the work «Diuani lugat at-turk» by Mahmut Kashkari

¹University «Turan-Astana», Astana;
²Kazakh University of Economy, Finance and International Trade.
 Material received on 10.04.15.

В статье рассматривается роль «Диуани лұғат ат-түрк» М. Кашкари в воспитании молодежи.

The article discusses the role of «Diuani lugat at-tyrk» by M. Kashkari in educating young people.

С. Б. Ержанова¹, С. Ж. Жаңалық²

¹ф.ғ.д., профессор, қазақ әдебиеті кафедрасы; ²«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

БЕКСҰЛТАН НҰРЖЕКЕҰЛЫНЫҢ «КҮТУМЕН КЕШКЕН ҒҰМЫР» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БОЛМЫСЫ

Бұл мақалада аталған туындының көркемдік, тілідік, стиль ерекшеліктері сөз болады. Жазушы қаламына тән сөз қолданыстарына талдау жүргізіліп, көркем бейненің қолдану мүмкіндіктері талданады.

Кілтті сөздері: көркем тіл, поэтикалық әуезділік, көркем бейне, кейіпкер әлемі.

Оқырман қауымға есімі мәшһүр болған қабырғалы қаламгеріміздің бірі Бексұлтан Нұржекеұлы екені баршаға аян. Асыл өнер иесінің құнды дүниелерінен бізді өзімен бірге қан тасытып, жүрек шаншытып, махаббат мұхиттарында – ақшаңқан сезімдер айдынында қағазын қайық, қаламын ескек етіп, шалқар сапарда бірге сағынышпен сарғайған; бірде өкінішпен опық жеген; бірде үмітпен арманған жеткен; бірде қимасымен қауышқан; арқашан жақсылық пен ұлылыққа ұмтылған; қамшының қысқа сабындай ғұмырын бақыт құшағына жетуге арнаған қарапайым кейіпкерлерімен, яғни шынайы өміршендігімен мейлінше құдіреттене түскен замандастарымызбен ерекше тартып, ерекше баурап алған алуан түрлі шығармаларын айтсақта, тілге тиек етіп талдасақта орынды.

Қаламгердің төл әдебиетімізге – рухани қазынамызға келу жолы, өсу қалыптасуы, сөйтіп суреткерлік көшелі өрнегін табуы және сонысы арқылы әдеби ортада қапысыз танылуы әрі оқырмандар сүйіспеншілігіне заңды бөленуі дәлел. Соның бір кесек көрінісі автор оқырмандарына 1974 жылы «Күтумен өткен ғұмыр» атты повесін ұсынады. Таңдамалығында «Күтумен кешкен ғұмыр» романы болып енгенімен, ол бұдан бұрын 1982 жылы «Қазақ прозасының кітапханасы» сериясында осы қалпында, роман қалпында жарық көрген. Әуелгі аты стилистикалық тұрғыдан өзгергенімен мазмұндық тұрғыдан өз қалпын толық сақтаған. Ал оның есесіне осы басылымда біраз ширатылған, біраз толықтырылған. Десекте біз осы мақалада сөз еткелі отырған кейбір жайттарды, бізге дейінгі жазылған мақалаларды негізге ала отырып талдауды жөн көрдік. Осы орайда С. Тапанова қаламынан туған мына бір жолдар бүгін біз сөз еткелі отырған суреткер шығармашылығының да

негізгі арнасын айқындап тұрғандай. «Алты тараудан тұратын «Күтумен өткен ғұмыр» романында атақты әнші Әтіке мен сол ғұмыр бойы күтумен өткен Қайнештің бір жағынан өте аянышты, бір жағынан өте аяулы, ал, түптеп келгенде, қай жағынан болсын аялауға, ардақтауға лайық әрі ғажап, әрі қарапайым тағдырлар суреттеледі. Кейіпкерлердің көркем бейнелері ерекше ашылады. Кең ауқымда алып қарасақ, көркем бейне – өмірлік шындықты игеру мен қайта қорытып, жаңадан жасап шығарудың өнерге ғана тән ерекше тәсілін сипаттайтын қырын көреміз» [1,58] деген.

«Көркем шығармада негізгі айшық – адам образы. Кейіпкерлер мінезі шығарманың арман–мұратын танытып, түсіну емес. Әдебиеттің объектісі – өмір, ал предметі – адам. Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Көркем бейне жасауға қажетті өмірлік материалды жинақтап, әдеби тұлғаны даралауға дейінгі күрделі жолдан өткенде әдеби бейне туады» [2,528]. Міне, бұл пікірдің дәлелі ретінде романдағы кейіпкерлердің көркемдік бейне тұрғысынан мән беруді жөн көрдік.

Әр тараудың атауында да көп мән бар. Мәселен «Ойда жоқта ұшырасқан келіншек (Жамалхан)», «Тағыда ойда жоқта кездескен басқа келіншек (Әуес)», «Жайма базардағы жолығыс», «Қыз алып қашу», «Баланың өлімі», «Үзілмей келе жатқан үміт», «Отыз тоғыз жыл өткенде», деген атаулардың өзі–ақ оқырмандарды қызықтыра жөнеледі. Жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы әнші Әтікені ең әуелі Жамалхан атты келіншекпен, онан соң Әуес атты келіншекпен ұшырастырады. Жамалхан Әтіке мен Қайныкештің арасында дәнекер болады, қажының қызы жас келіншек Әуес екеуінің арасы өткінші сезімнің ғана куәсі болып қалады.

Адам баласы бүтін бола тұра жарты. Қазақтың «Екі жарты–бір бүтін» деген мақалдың мәні тым терең. Сондықтан олардың бір–бірін іздеуі, өз жартысын іздеуі– жаратылыс заңы, бағы жанып тапса–бақыт жұлдызының жарқырағаны. Қателесіп не бұйырғаны осы ғой деп көнбестікпен тапса–сорыңның қайнағаны. Ішкі жалының сөнуі, шала шоктың бықсуы. Теңін табу, яғни өзіне лайық жартысын табу қанша қиын болса, ал таппай сергелдеңге түсу, тағдыр тәлкегіне түсу сонша оңай. Махаббат бүтіндігіне түсу үшін, махаббат жартысын табу керек. Адам өзі тұтас бола тұра, сезім тұтастығына әрқашан ұмтылумен келеді. Жігіт пен қыздың махаббаты дегеніміз, түптің түбінде, екі жарты–бір бүтін болуы.

Махаббат монодуализм дегеніміздің өзі осы ғой. Ағаштан келі де келсап та жасауға болады. Келісіз–келсаптың, келсапсыз–келінің қажеттіде кәдеге асуда неғайбыл. Махаббатың тапқан жандардың бір–біріне ұлы Абайдың

Сенсің –жан ләззатты,

Сенсің–гән шарбатты,–деген жолдарын мәңгілік қайталайтыны сондықтан. Әтіке мен Қайныкештің асқақ мұраты осы жолдарды өмірде жүзеге асыру еді. Бірақ бұл оларға бұйырмады. Тіршілік талқысында Әтіке

ұшты–күйлі хабар–ошарсыз кетті. Қайныкештің тән шәрбәті озбырлықтың құрбаны болып, Байтуға бұйырды. Тағдыр сыны, өмір өксігі–қандай ашы, қандай қатал. Сөйте тұра Қайныкеш Әтікеге деген сүйіспеншілігін мәңгілікке, көзі жұмылғанша сақтап қалды. Жан ләззаттын тек Әтікеге арнағанына өкініші жоқ. Қайныкеш бейнесінің ерекшелігі, даралығы осында жатқанын мынадан көреміз. « Мен көп қателескен әйелмін. Үлгі алатындай ештеме жоқ, бақыттымын деп бақытсызбын деп кесіп айта алмаймын, Әтікемен бірге қартайсам» [3,35] деп сыр шертуінің де бір мәні бар.

Бүінгі біз сөз етіп отырған «Күтумен өткен ғұмыр» романының басты сюжеттік желісіндегі көркемдік бейнелерге мән берсек: Суан елінің әнші-сазгер жігіті Әтікенің жастық өмірі мен әншілік өнеріне байланысты оқиғаларға құрылған. Қым–қиғаш әрі тартымды, әрі мейлінше серпімді сюжетті, ел мен жер, өнерпаздық, араздық пен ағайыншылдық, туралы толғаныстары кейіпкерлердің іс–әрекеттеріне, пайым–парасатына сәйкес психологиялық, көркемдік тұғырдан мейлінше орамды, мейлінше толыққанды болып шыққан. Шығармада қилы заманның зардабынан өспей жатып өшкен өнерлі жігіт Әтікенің тағдыр талқысына түсіп, ақырында не оққа ұшқанын, не арғы жаққа өтіп кеткенін білмей өмірін күтумен өткізген ата–ана, ғашық жар Қайныкеш жайлы баяндалады. Ата–анасы арманда болып көз жұмады, ал Қайныкеш болса Әтікенің өзіне арнап жазған әнінің хабары жетіп, ғазиз жүрек сүйіктісінің өзін көре алмай, оның әнімен табысып жатып тыным табады.

Ал автор Жамалханың өзін бізге былай таныстырады: «Танадай көздері тіпті тайсалатын емес, жалт қарағанның өзі кісіні тайсақтатады, әйтеуір жанарымен сөйлеп тұрған жан. Бидай өңі де суық, –десе, енді оның қимыл қозғалысын былай суреттейді: «Келіншек сылқ–сылқ күліп, білегін билете үйіріп әкеп алақынымен аузын басты. Келісті күлкісіне сай келіншек қылмың ете қалды. Қылықтарына дауа жоқ: бет қызылы мен көз жанары жарыса ойнап, қылт өзгерісі жүзіне жараса кетті. Өзіл астарында әйелдің қай сыры жатқаны күнгіріт» [3,24].

Жамалханға берілген осы мінездемеден түйеріміз: өз ретіне қарай мінезінде өзгеріп отырытындығы, бойында өткір, өжеттілік барлығы байқалады. Сонымен бірге намысшылдық та Жамалхан бойынан табылады. Жалпы, шығармада Жамалханның жинақтаған портреті жоқ, оны бейнелейтін деректер шығарманың өн бойында, іс–әрекет үстінде шашыраңқы күйде берілген.

Шығармаға арқау болған кейіпкерлердің бірі – Әуес. Автор келіншекке біткен оқшау сұлулығымен оның өзіне жарасып киген киімін жарастыра суреттейді: «Сұңғақ бойлы, мөлдіреген ақ келіншек имене басып келіп, қымыз құюға отырды. Қос бұрымын шынтағымен ғана ысырып, арқасына қарай итерді». Немесе «Тостағанға қымыз құйып жатып бір сәт жалт

қарағанда, Әтікенің жүрегі суырылып кете жаздағандай сезінді. Өрт шарпығандай, тұла бойы ду ете қалды, келіншектің жүзіндегі қызғылт шырайы да тұрақ таппады. Сірә, жүйрік сезімдер келіншекті де жан–жаққа жетелеп отырған тәрізді» [3,47-48] – деп сипаттайды.

Әуестің портреті толық жинақталып берілген. Бірақ соның барлығы бір көргеннен ғана, сырты бүтін, іші түтін жағдай. Сөйлесе, сырласа келе бұлда сол кездегі барлық әйелдердің басында кездесіп жатқан жүрегі жаралы, қоғамның, ескі салттың құрбаны болып жүрген бақытсыз жандардың құрбаны.

Б. Нұржекеұлының «Күтумен өткен ғұмыр» романындағы кейіпкерлердің тағдыр талқысына түсіп, қандай қиыншылықтарға тап болса да адамдық бейнесін, қасиетін жоғалтпаған, жақсылықтан үміттерін үзбеген, тағдыр тауқыметіне мойымаған, адалдық пен әділдікті баянды етіп, қашанда таза, ізгі ниеттерін бойына сақтап қалуға тырысатын жандар. Негізі осы романың кейіпкерлерінің өзіндік болмыс ерекшелігі махаббат әлемі арқылы ашылады. Махаббат мәселесі – көркем өнер мен әдебиеттің ежелгі тақырыптарының бірі. Ол әдебиеттен кең түрде орын алып, өшпес, өлмес туындыларға жан бітіріп, ғасырлар асқарынан асырып келе жатыр. Сонымен қатар жан дүниенің сұлу күйін, мөлдір махаббатың қоғамдық дүние мен терең байланыстыра көрсету жаңа әдебиетіміздің келелі мәселесі. Жазушы шығармасында махаббат атты биік сенімді қорғай алатын жастар бейнесін аша отырып, өз өмірін, сезімін сақтай алатын, сыйлау арқылы кісілікке, сүю арқылы адамдыққа көтерілген ұрпақ бейнесін қалыптастыруға бастайды.

Жалпы, жазушы замана шындығын, кейіпкерлердің бітім–болмысын, ішкі жан дүниесін, әрқилы тағдырларын, әсіресе жастар арасындағы сүйіспеншілік сезім иірімдерінде адамзатты ежелден толғандырып келе жатқан, қазіргі уақытта да аса алаңдатып отырған мәселерді түбегейлі шешуге тырысады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Тапанова, С. Б.** Нұржекеетің «Күтумен өткен ғұмыр» романындағы ғашықтар тағдырының ұлттық психология мен педагогикаға тән белгісі// Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл, әдебиет сериясы, 2004. – №5. – 58 б. – ISBN 5-605-00814-5

2 Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық жинақ. Тәуелсіздік кезеңі (1991–2001). – Алматы : Қазақпарат, 2006. – 10т. – 528 б. – ISBN 5-605-01817-5

3 **Нұржекеев, Б.** Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1993. – Т.2. – 350 б. – ISBN 5-7042-0436-8

Материал 25.05.15 баспаға түсті.

С. Б. Ержанова, С. Ж. Жаңалық

Натура персонажей в романе Бексултана Нуржекеулы «Жизнь, проведенная в ожидании»

Казахский государственный
женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 25.05.15.

S. B. Erjanova, S. Zhanalyk

The nature of characters in the novel by Beksultan Nurzhekeuly «Life spent in waiting»

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
Material received on 25.05.15.

В статье рассматриваются особенности художественной речи в произведениях Бексултана Нуржекеулы «Жизнь, проведенная в ожидании». Обсуждаются лексико-стилистические возможности, интонационно-семантический строй художественной речи, ритмическая организация произведений писателя.

The object of the study was a novel by Beksultan Nurzhekeuly «Life, spent in waiting». This article is about the problems of human relationships, the true love and the friendship among the young people. To this end, the images are analyzed in love with the character and aspect in national character and national upbringing.

ӨОЖ 82.0; 82.09 + 821.512.122.

Қ. Т. Жанұзақова

ф.ғ.д., қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДАҒЫ ГЕРМЕНЕВТИКА ЖӘНЕ ШЫҒАРМАНЫ ҚАБЫЛДАУ МЕН ПАЙЫМДАУ

Мақалада әлемдік әдебиеттанудағы герменевтиканың қалыптасу тарихы мен дамуы, басты ұстанымдары, оның қазақ әдебиеттанудағы көрінісі қарастырылады. Герменевтиканың гуманитарлық ғылымдардың методологиялық негізін құрайтындығы тұжырымдалады. Сонымен қатар түсіну, интуитивті тану мен интерпретация ұғымдарына түсінік беріледі. Түсінудің шарттылығы, интерпретацияның (зерделеу) таңдамалы және шығармашылық қуаты пайымдалады.

Кілтті сөздер: герменевтика, автор мен оқырман, шығарманы қабылдау, түсіну, интерпретация.

Әдебиеттану ғылымының қоғамдық ғылымдармен, оның ішінде герменевтикамен байланысы жан-жақты. Өйткені герменевтика гуманитарлық ғылымдардың методологиялық негізін құрайды. Қазіргі әдебиеттану көркем шығарманы қабылдау мен автор мәселесіне, ондағы оқырманның орнына айрықша мән беруде [1]. Осы тұрғыдан келгенде көркем шығармашылықтың аса маңызды коммуникативті сипатын естен шығармау қажет.

Өнер туындылары, оның ішінде көркем шығарма да адамдардың өзара тығыз қарым-қатынасына негізделеді. Өйткені автор өз туындысын халыққа, белгілі бір қауымға, біреуге арнап жазады. Көркем шығарма – оны тудырған адамның жолдауы іспетті. Сондықтан оқырман сөз арқылы туындының көркемдік әлемін және оны жасаған авторды қабылдайды. Көркем тілдің адамды сендіретін, жұбататын, ойлантатын құдіретті күші бар. Кейде автор шығармадағы баяндауға араласып, кейіпкеріне болысатын, оқырманмен сырласып, ой бөлісетін, сұхбат құратын жайттар да кездесіп жатады. Сондықтан соңғы жылдары әдебиеттану шығарманың мәтіндік жүйесіндегі автор образы, оны оқырманның қабылдауы, оған әсері сынды күрделі мәселелерге көңіл бөле бастады. Бұл тұрғыдағы зерттеулер – қазіргі қазақ әдебиеттануында қарқын алып келе жатқан герменевтиканың үлесінде.

«Герменевтика» ұғымның өзі алғаш көне Грецияда пайда болды, алынған хабарды белгілі бір ережелер мен интуицияға сүйене отырып түсіндіру өнері дегенді білдіреді. Герменевтиканы (көне грекше «түсіндіремін») етістігінен

туған) екі тұрғыдан қарастыруға болады. Бір жағынан, мәтіндерді пайымдау теориясы, көркем мәтіндерді түсіндірудің талдау әдісі, екінші жағынан, герменевтика – түсіндіру, рух туралы ғылымдарды менгеру туралы қазіргі философиялық ілім.

Герменевтиканың теориялық тарихы ХҮІІІ ғасырлардан бастау алады. Ф. Д. Шлейермахер, Г. Ф. Майер, Х. Вольф, А. Бек, Ф. Аст өзінің еңбектерінде герменевтиканы мәтіндерді түсіндіру өнері ретінде негіздеді. Кейіннен герменевтиканы В. Дильтей, Х. Гадамер, М. Хайдеггер дамытты.

Герменевтиканың негізін қалаушы Ф. Шлейермахердің (1768-1834) түсіндіруі бойынша, ол – Евангелие мәтіндері авторларының рухани дүниесіне ену тәсілі. Ф. Шлейермахер «Герменевтика», «Критика» атты зерттеулерінде мәтіндерді түсіндіру теориясының негізін жасады. Ол зерттеуші мәтінді автордан гөрі тереңірек, жан-жақты түсінеді, дұрыс бағалалай алады деп санады. Ф. Шлейермахер Ф. Новалис, Л. Тик, ағайынды В. мен Ф. Шлегельдермен тізе қосып, неміс романтиктерінің философиялық-әдеби үйірмесінде дәріс оқыды, осы әдеби бағыттың да теориялық іргетасын қалауға атсалысты.

Герменевтикада философиялық пайымдау объектісі болып тіл танылады. Неміс философы В. Дильтей герменевтиканың өрісін кеңейтіп, оның міндетін белгілі бір философиялық бағыттың ғана емес, тұтас дәуірдің, мәдениеттің ішкі дүниесін түсінуге мүмкіндік беру деп анықтады. Ол герменевтиканы барлық қоғамдық ғылымдардың негізі, іргетасы ретінде қарастырды және оны мәдени, жазба ескерткіштер мен әдеби мәтіндерді түсіндіру, пайымдау ерекшеліктері туралы ілім деп қабылдады.

М. Хайдеггердің ойынша, «тіл – болмыстың үйі», яғни тіл арқылы адамның ішкі феномендеріне үңілуге болады, ол – түсінудің бастауы. Неміс философы Х. Г. Гадамер мәтінді «соңғы шындық» деп таныды, оны философиялық пайымдау нысанына айналдырды.

Қазіргі әдеби герменевтика саласы бойынша өнімді еңбек еткен америкалық әдебиеттанушы – Э. Д. Хирш. Ол «Достоверность интерпретации» (1967), «Три измерения герменевтики» (1972), «Цели интерпретации» (1976) атты еңбектерінде герменевтиканың теориялық мәселелерін әдеби мектептер мен бағыттармен тығыз байланыста қарастырады. Э. Хирш қазіргі структуралистердің, постмодернистердің көркем мәтіндегі автор образын мансұқтауына қарсы шықты. Ол мәтінді объективті тарихи тұрғыдан зерттеуге, автордың түпкі ойына ерекше мән береді. Э. Хирш бойынша, герменевтиканың мақсаты – мәтіннің бастапқы, түпкі мән-мағынасын іздеу, танып-түсіну. Ол бір шығармаға әртүрлі интерпретация жасауға, әр зерттеушінің оның әртүрлі түсінуіне қарсы шықты. Зерттеушінің міндеті – шығармаға алғашында автор берген нақты мағынаны, автордың ой өзегін айқындау болмақ.

Зерттеушілердің пайымдауынша, мәтінді тану үшін жан-жақты, көп қырлы талдау қажет. Мәтіннің мағыналық мазмұны мен композициялық құрылымының ерекшеліктерін түсініп қана қоймай, сонымен қатар авторлық ұстанымды, автордың ішкі әлемін, шығармашылық даралығын, дүниетаным ерекшелігін, оның шығарманы кімге бағыттап жазғанын да ескерген жөн. Герменевтика өнер туындысын жеке дара қарастырмай, оны тудырған, дүниеге келуіне ықпал еткен дәстүрлі мәдениет аясында тану, түсіну қажеттігін алға тартады.

Герменевтикада мәтінді тануға қатысты екі түрлі көзқарас бар. Біріншісі – мәтінді әлеуметтік, мәдени-тарихи жағдайлардың ықпалынсыз, тек оның өзіне ғана сүйене отырып, түсіндіру қажеттігін қолдайды. Екінші жақтың ұстанымы бойынша герменевтика – философия. Мұнда мәтінді түсінуден, интерпретация жасаудан гөрі ол турасында ой толғау басым.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы да герменевтика тәсілдеріне жүгініп, автор мен оқырман арасындағы күрделі қарым-қатынасты ашуға, жеке тұлғаның ішкі әлеміне, тылсым тереңіне үңілуге бағдар алғанын байқаймыз. Т. Есембеков мәтін поэтикасын, оқырман мен автор байланысы мен түрлерін жан-жақты зерттеді [2, 45]. Қазақ философы Ғ. Есім «Хакім Абай» атты еңбегінде герменевтиканың негізгі ұстанымдарына сүйене отырып, ұлы ақынның шығармаларын жеке әдеби құбылыс ретінде ғана емес, оны тудырған тарихи кезең аясында, зор мәдени дәстүрлер контекстінде қарастырады [3]. Ғалым герменевтикалық талдау арқылы Абай шығармаларын оның дүниетанымымен, этикалық, эстетикалық идеалдарымен сабақтастыра қарап, ақынның терең ойлы дана философ, гуманист екенін дәлелдеп шықты.

Герменевтикада түсіну ұғымы басты орын алады. Бұл орайда мәтінді интуитивті тану мен ондағы мағынаны пайымдау, түсіндіру аса маңызды. Сондықтан түсінудің басты шарты – интерпретация (зерделеу) болмақ.

Әдебиеттануда интерпретация көркем шығарманың тұтастай мағынасын, мазмұнын, оның идеясын, концепциясын тану, түсіну, зерделеу болмақ. Оның бірнеше түрлері бар:

1. Алғашқы, оқырмандық интерпретация адамның шығарманы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы әсеріне, көңіл-күйіне, сезіміне негізделеді.
2. Ғылыми интерпретация. Әдебиеттанушы оқырман ретіндегі алғашқы әсерін ғылыми негізде жинақтап, нақтылап, әдеби талдаумен тексереді.
3. Шығармашылық-образдық интерпретация әдеби шығарманы көркемөнердің басқа түріне көшіру (мысалы, әдеби шығарма негізінде көркем фильм түсіру, сахналық қойылым, опера немесе балет жасау т.т.).

Түсінудің кісіаралық сипаты басым. Көркем шығарма мен ондағы образдар жүйесі күрделі, көп қабатты, терең мағыналы болғандықтан әдебиеттанушы ғалымдар кейде бір туынды төңірегінде сан алуан, бір-біріне ұқсамайтын, тіпті бір-біріне қайшы келетін пікірлер, көзқарастар айтып

жатады. Мұндай мәтіндер қызу таластың, ғылыми айтыстың нысанына айналады. Мәтінді талдау барысында зерттеушіге немесе оны қабылдаушы оқырманға байланысты ол өзгеріп, жаңа мағына-мән үстеуі мүмкін. Осыдан келіп, интерпретацияның (зерделеу) шығармашылық қуаты мен таңдамалы сипаты көрінеді.

Интерпретация теориясы мен тәжірибесіндегі басты мәселе – оның орынды, орнықты, шындыққа сай, яғни адекватты болуында. Ең алдымен шығарманың шынайы мәнін, терең қабаттарын түсіну үшін интерпретация жасалады. Автордың айтайын деген ойын дәл межелеп, мәтіннің мағынасын, тереңінде жатқан астарын дұрыс әрі орынды зерделеу мақсатында зерттеушілер кейде бірін-бірі сынап, қызу пікірталастарға барады. Интерпретацияның танымдық мақсатын талдаудың басқа түрлері – оның концепциясын айқындау немесе шығарманың көркемдік ерекшелігін анықтау, болмаса зерттеушінің ешкімге ұқсамайтын ерекше ойын, көзқарасын білдіруге ұмтылуы т.т алмастыра алмайды. «Интерпретация дегеніміз – өзінше түсіну» деген қарапайым қағидаға ден қойсақ, мұндағы «өзінше түсіну» - авторға қарама-қарсы, одан өзгеше түсіну деген сөз емес, керісінше шығарманың сырын ұғу мақсатында оны «өз жүрегіңнен өткізу» болмақ.

Интерпретация – көркемдік тұтастықты ғылымның тәсілдері арқылы тану. Интерпретация теориясында туындайтын негізгі сұрақтың бірі – оның теориялық тұрғыда дәлме-дәл, шынайы, яғни адекватты болуы мүмкін бе? Ол үшін сөз болатын нысан туралы объективті, дұрыс түсінік берілуі қажет. Мысалы, С. Елубайдың «Ақ боз үй» романы ХХ ғасыр басындағы кеңестік дәуірдің солақай саясатын (жаппай ашаршылықты, елге төнген нәубет пен асыра сілтеу науқанын) сынайды десек – ол рас, алайда ол жазушы туындысының көркемдік мазмұн ерекшелігін толық ашып бере алмайды. Мұндай «бас-аяғы күзелген» интерпретация салыстырмалы түрде дұрыс дегенмен де, дәл емес.

Герменевтикалық талдауда басты қиындық шығарманың көркемдік мағынасын сөздік-ұғымдық (ғылыми) құралдар арқылы жеткізу барысында туады. Семиотика тұрғысынан келсек, мұндай экстралингвистикалық көшіру процесі тұсында кей жағдайларда дәлсіздіктер де болады [4]. Бұл дегеніміз – адекватты интерпретациядан бас тарту емес, себебі шығарманы бір тілден екінші тілге көркем аудару кезінде де кейбір бұрмаланушылықтар орын алғанымен, біз одан бас тартпаймыз. Семиотикалық сипаттағы дәлсіздіктер шешуі рөл атқармайды. Өйткені дарынды интерпретатор мұндай бұрмаланушылыққа жол бермеуге тырысады, сондықтан олар болса да, қатты байқала бермейді. Екінші жағынан, ондай дәлсіздіктің сипатын ескере отырып, интерпретация жасауда реттеуге болады. Мысалы, ұғымдық ойлаудың көркемдік мағынаны қасандандырып жіберетінін ескеріп, шығарманың пафосына көп көңіл бөлу қажет, мәтінді пайымдау көбінесе көркемді идеяны «жадағайландырады»,

сондықтан кейбір нәзік тұстарды, қайшылықтарды да назардан тыс қалдырмау керек. Әрине, мұның барлығы шартты, соған қарамастан теориялық тұрғыда нақты интерпретация беруге ешқандай кедергінің жоқтығын айтқымыз келеді. Герменевтиканың ауқымдылығы, күрделілігі автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынас мәселесінің күрделілігімен байланысты болса керек. Көркем шығарманы оқып, оны түсіну барысында автор мен оқырман арасында диалог жүреді. Өйткені жазушы шығармада өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді, ал оқырман ондағы оқиға мен кейіпкерлер әлемін өз биігінен, өзінің дүниетанымы тұрғысынан бағалайды.

Әдебиет – өмірді тану құралы ғана емес, адамның өмірге көзқарасын қалыптастыратын, мінез-құлқы мен тұрмыс-тіршілігіне әсер ететін өнер түрі. Адамзат ақыл-ойының көркемдік даму тәжірибесінде адам жанына төтенше әсер етіп, дүниеге қайта жаратылғандай, катарсис ахуалды бастан кешіргізетін көркем шығармалар да бар. Көркем туындыда адамдар мен заттарды қайта жасап, әлемді қайта жаратқысы келген түпкі ойдың бой көрсететіні белгілі. Француз мәдениеттанушысы, философ, тарихшы Мирча Элиаде герменевтика тәсілдерін қолдана отырып, көркем шығарманың, мысалы, О.Бальзактың «Адам комедиясы» шығармасы мәтінінің сакральды, тылсым күші болады деуінің де жаны бар. Әдебиеттанушы ғалымдардың пікірінше, Генрих Мелвилл, Марк Твен, Уильям Фолкнер, Скотт Фицджеральд шығармалары да осындай киелі әсерге ие екен. Қазіргі әдебиеттану шығармаларды осы тұрғыдан келіп талдай бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Цурганова, Е. А.** Герменевтика // Западное литературоведение ХХ века. – М., 2004.
- 2 **Есембеков, Т. У.** Көркем мәтін поэтикасы: оқу құралы. – Алматы : Қазақ университеті, 2012. – 228 б.
- 3 **Есім, Ғ.** Хакім Абай. – Астана, 2012. – 400 б.
- 4 **Барт, Р.** Избранные работы. Семиотика. Поэтика. – М., 1989.
- 5 **Бахтин, М. М.** Эстетика словесного творчества. – М., 1979.

Материал 30.03.15 баспаға түсті.

К. Т. Жанузакова

Герменевтика в казахском литературоведении и восприятие литературного произведения

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 30.03.15.

K. T. Zhanuzakova

Hermeneutics in Kazakh literature and the perception of literary work

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 30.03.15.

В статье рассматриваются проблемы герменевтики, как науки о толковании текстов, учении о принципах их интерпретации, о понимании смысла произведения. Герменевтика составляет основу методологии гуманитарных наук. Возникший в последние десятилетия XIX века, интерес к истории и проблемам герменевтики не ослабевал на протяжении всего XX века. В зарубежной науке за это время появилось неисчислимо множество самых разнообразных работ, посвященных вопросам герменевтики, философской и филологической. В статье исследуются возникновение, становление и дальнейшее развитие герменевтики как науки. Анализируются такие понятия как «понимание», «интуитивное познание», «интерпретация». Делаются выводы, об относительности понимания, избирательности и творческой силе интерпретации.

The article deals with the problems of hermeneutics, the science of interpretation of texts, teaching about the principles of interpretation, understanding the meaning of the work. Hermeneutics is the basis of the methodology for the human sciences. Emerging in the last decades of the nineteenth century, interest in the history and problems of hermeneutics continued unabated throughout the 20th century. During this time innumerable variety of work on hermeneutics, philosophical and philological appeared in foreign science. The article studies the emergence, establishment and further development of the science of hermeneutics. Examines the concepts like «understanding», «intuitive knowledge» and «interpretation». Draws conclusions about the relativity of perception, selective and creative power of interpretation.

ӨОЖ 821.512.122.

Қ. Т. Жанұзақова¹, Б. Дүйсекеева²

¹ф.ғ.д., профессор м.а.; ²магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінің дамуындағы басым бағыттар белгіленеді. Әдебиеттің даму бағыттары модернистік, постмодернистік агымдармен тығыз бірлікте қарастырылады. XXI ғасырдың басындағы жаңа қоғамдық дәуірге аяқ басқан ұлттық әдебиеттің даму ерекшеліктері айқындалады. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының басты даму бағыттары ұлттық ғылыми ойдың даму тарихымен және қазіргі әдеби процеспен байланысы бағамдалады.

Кілтті сөздер: әдеби және көркемдік бағыттар, әлеуметтік және мәдени жағдайлар, проза, әдебиеттану ғылымындағы даму бағыты, реализм, модернизм, постмодернизм.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қазақ әдебиеті дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Сөз өнерінде кеңес тұсында қалыптасқан «таптық қайшылықтар», «социалистік реализм» сияқты басты ұғымдары келмеске етіп, қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша бағалау орын алды. Әдебиеттануда бет алған басты ғылыми бағыттардың бірі – бұрындары ойдан шығарылған социалистік реализм әдісімен әдіптеліп, сыңаржақ көзқарас тұрғысынан бағаланған әдеби шығармаларға жаңаша ойлау жүйесіне лайық әділ бағасын беру қолға алына бастады. Қоғамдағы әдебиеттің атқаратын қызметі, теориялық тұрғылары өзгерді. Бұл тұста әлеуметтік-саяси формацияның, қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруіне байланысты қоғамда қалыптасқан эстетикалық идеалдар мен рухани мәдениетіміздегі құндылықтарды қайта қарау, бағалау орын алды. Осы орайда әдебиеттану ғылымының басты даму бағыттарын, заңдылықтарын, оның әдіснамалық тұғырнамасын, теориялық негіздері мен зерттеу аясын айқындау, әдебиеттің көркемдік табыстары мен жетістіктерін зерделеу аса өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Көп ғасырлық бай дәстүрі бар қазақ әдебиеті ұлттық рухани мәдениеттің үлкен бір құрамдас бөлігі ретінде үздіксіз, жүйелі әрі кешенді зерттеуді қажет етеді. Әдебиет тарихының түрлі кезеңдерін теориялық тұрғыда бағамдау әлемдік көркем мәдениет дамуының жалпы жүйесінде диахрондық, синхрондық аспектілер тұрғысынан халықтың рухани ізденістерінің орны

мен қызметін анықтауға, сол арқылы егеменді еліміздің жалпыадамзаттық ғылыми-мәдени үрдіске батыл қадам жасауына мүмкіндік береді [1].

Орасан зор тарихи өзгерістерге бай ғасырлардың тоғысы – қазақ әдебиетінің даму тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі. Бұл тұста әлеуметтік-саяси формацияның, қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруіне байланысты қоғамда қалыптасқан эстетикалық идеалдар мен рухани мәдениетіміздегі құндылықтарды қайта қарау, бағалау орын алды. Жаңа қоғамдық дәуір, жаңа тарихи кезеңде ұлттық әдебиеттің даму ерекшеліктерін жаңаша көзқараспен, әділ бағалау үшін қазақ әдебиеті тарихын таптық көзқарастан ада, ешқандай идеологиясыз, таза әдеби, рухани мұра ретінде зерттеу мүмкіндігі туды. Қоғамдық өзгерістер мен демократия қазақ әдебиетінің ел тәуелсіздігі жағдайында дамуына алғышарт қалыптастырды. Әдеби процесс арнасын жаңа бағытқа бұрып, жаһандық әдеби жұртшылыққа рухани асыл қазыналарымызды таныстырудың өзге де форма, тәсілдерін іздестіру үрдісі жанданды. Сөз зергерлерінің қол жеткен көркемдік табыстарына сүйене отырып, жаңа шығармаларының дәуір талабынан табылуына күш-жігерін аянбай жұмсағаны, зор шабытпен әрі жауапкершілікпен еңбектенгені айқын байқалады. Осыған орай, қазақ әдебиетінің мақсат-мұраты, тыныс-демі, өрнек-айшықтары да жаңаша, өзгеше болып қалыптаспағы заңды болатын. Әдебиет жаңашылдығымен танылып, белгілі өлшем, жаттанды қалыпты бұзуға ұмтылды. Батыс әдебиетінен сусындаған дәстүрлі әдебиетіміз жаңа көркемдік ізденістерге қол жеткізді. Әдебиет тарихына жаңа көзқараспен қараған уақытта көптеген реалистік шығармаларымыздың көркемдік тініне жаңаша тәсілдердің тамырласып жатқанын аңғарамыз. Әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерімен еркін сусындаған жазушылар бір-бірінен адамды тану, оның рухани тіршілігін бейнелеуде өзіндік ерекшеліктерімен, қаламгерлік қолтаңбасымен дараланды.

Қазақ әдебиеттану ғылымы ұлттық сөз өнері тарихын, оның танымал тұлғаларының өмірі мен шығармашылық мұраларын талдап, таразылау ісін кең жолға қойды. Әсіресе, кеңестік жүйе тұсында қалың көпті назарынан тыс қалып келген әдеби, мәдени мұраларды, ел үшін еңбек еткен тарихи тұлғаларды, халық жадынан шыға бастаған көне кезеңнің жәдігерлерін, т.т. жинап, жариялау мен бастыруда айтарлықтай еңбек етті. Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттану ғылымының қарқынды дамуы ең алдымен қоғамдық ой-пікірде еркіндік тууымен, еліміздің егемендікке қол жеткізуімен байланысты болды. Қуғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушылар мұрасы халыққа қайтарылды. Әдеби зерттеуде жан-жақты салалы еңбектер дүниеге келіп, әдебиеттің даму бағыттарын айқындау қарқын алды.

Әдебиет теориясындағы күрделі әрі өзекті мәселелердің бірі – әдеби бағыттар мен ағымдар. Әдебиеттің даму ерекшеліктері, көркемдік таным арналары бағыттар мен ағымдар, әдіс мәселелерімен тығыз ұштасатыны

мәлім. Өткен күн мұраларын бүгінгі күн биігінен қайта таразылаған тұста бағыт пен ағымдар мәселелері жан-жақты талқылауды, терең зерттеуді қажет етеді. Тіпті кеңес қоғамы дәріптеген реализмнің мазмұны мен даму мәселесін жаңаша зерттеу де қазіргі әдебиеттану ғылымының күн тәртібінде тұр [2].

Кеңес әдебиетіндегі «социалистік реализмді» ұлықтау ұраны басқа әдеби дәстүрлердің дамуына кедергі келтірді. Соцреализм әдебиеттің табиғи дамуының нәтижесінде қалыптаспаған, жасанды түрде әрі жедел енген әдеби әдіс болғандықтан әдебиет тарихындағы өзіне дейінгі әдіс-тәсілдердің, әдеби бағыттардың көркемдік жетістіктерін, өзіне қажетті, талабына сай келетін кейбір идеялық-эстетикалық ұстанымдарын ғана қабылдады. Әдебиетте үстемдік құрған соцреализмнің көбесі біртіндеп сетіней бастады да, әдебиетіміз қарқынмен дамып, стильдік жағынан байып жетілді, модернистік ағым-бағыттар қалыптаса бастады. Қазақ прозасы әдебиетіміздің жетекші, кемел жанрына айналды. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік әлемі, гуманистік-адамгершілік әлеуметтік-адамгершілік, философиялық-этикалық және адамның жан дүниесіне, психологиясына тереңдей ену – міне, осынау ауқымды мәселелерге жауап беру осы кезеңдегі қазақ прозасының тақырыптық, идеялық ерекшелігін құрайды. Шығармада адам тағдырын, оның жан дүниесіндегі құбылыстарды алғашқы орынға шығару үрдісі белсендірек байқалды. Сыртқы объективтік әлемнен гөрі адамның ішкі субъективтік әлеміне ден қою, көпшіл «бізден» гөрі жалқы «Менге» иек арту байқалды.

Жаһандық әдебиет тарихында көркемдік сананың даму тәжірибесі әр кезеңдегі тарихи-әлеуметтік құбылыстарға лайық түрлі әдеби әдістерді, ағым-бағыттарды тудырды. Өнер - өмірдің шынайы қалпын, объективтік болмысын бейнелеу. Көркемөнер тәжірибесінің ұзақ ғасырлар бойғы даму тарихында суреткерлердің өмірді қаз-қалпында, шынайы бейнелеуге талпынуы өнердің табиғатынан туындайды. Көркемдік шындық жасау талабы қай уақытта да көркемдік әдістер мен бағыттарға арқау болған. Көпғасырлық қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің басты бағыттары төмендегідей: 1) диахрондық, синхрондық аспектілер тұрғысынан әдеби бағыттардың дамуы арқылы автордың шығармашылық ерекшелігін айқындау; 2) салыстырмалы талдау арқылы әлем әдебиетінің аясында ұлттық әдебиетіміздің ерекшеліктерін айқындау; 3) әдебиетті көркемдік тұтастық ретінде түсіну мен бағалау; 4) әдеби мұраларымызды қайта қарау, бағалау, оның ішінде шетелдегі қазақ әдебиетін зерттеу; 5) әдебиеттің көркемдік, эстетикалық ерекшеліктеріне, философиялық мазмұнына назар аудару, қазақ әдебиетін басқа халықтардың әдебиетімен салыстыра талдау.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы – қазақ халқының тарихындағы ұлы тарихи өзгерістер кезеңі. Әдебиетте рухани-эстетикалық, көркемдік құндылықтарға бет бұру, адамгершілік және концептуалдық

ізденістерге назар аудару қарқын алды, идеологиялық, эстетикалық, философиялық парадигмалар өзгерді [3]. Әдебиет тарихын жаңадан жасау тек тарихилық принципінің қажеттілігінен келіп туындайтын концепцияға ғана емес, ең бастысы әлем әдебиетінің және ұлттық көркем ой мен мәдениеттің даму заңдылықтарына негізделген. Әдебиет тарихына көз жіберсек, қашанда жаңа дәуірдің өзіне сай тақырып ала келетіні белгілі. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдар әдебиетінде жаңа бетбұрыс байқалды. Жаңа заман лебі дүниеге жаңаша көзқарасты қалыптастырды. Әдебиетке жаңа қаһармандар келді, өмірді бейнелеу кеңістігі кеңейді, философиялық сарын, драматизм күшейді.

Әдебиет өмірді бұрынғыдай әлеуметтік аяда ғана бейнелемей, саяси-шаруашылық мүддені емес, ұлттық мүддемізді жоқтаған күрескер кейіпкерлерді алға тартты. 1990 жылдардан кейінгі кезеңдерде проза кеңес дәуіріндегі қуғын-сүргіннің сырын тереңдете ашуға бет қойды. Руханият, инсаният мәселелеріне терең бойлауға мүмкіндік туды. Уақыт талабына орай тереңге тамыр жайып, жаңа сапалық қасиеттермен толыса түскен әдебиетіміздің қуатты бір бұтағы прозада өзгеше бояу, соны нақыштар, рухани ізденістер бой көрсетті. Әдебиеттану ғылымындағы зерттеу жұмысының өзекті бір арнасы мұсылмандық ұғымдардың, исламдық қағидалардың қазіргі әдебиеттегі орнын тексеруді көздейді. Ой-сана еркіндігі, тәуелсіз рух қаламгерлердің тынысын аша түсті. Бұл исламдық тақырыпқа қалам тербеген туындылардан анық байқалады.

Жаңа дәуірдің жаңа мазмұн әкелетіні – әдебиеттің бұлжымас заңдылығы болса, көркем әдебиеттің оның табиғатына сәйкес жаңа формада бейнеленуі де заңдылық. Прозада түрлі тенденциялар, алуан әдеби дәстүрлер мен ағымдар табиғи үйлесті. Ұлттық әдебиеттану ғасырлар тоғысында белгілі бір себептер негізінде туындаған идеологиялық қиындықтардың шешімін табу жолында еңбек етуде. Тәуелсіздік тұсындағы әдеби үдерісті тұтастай алсақ, әдебиеттің бірнеше даму бағыттарын айқындауға болады. Олар – дәстүрлі реалистік әдіс және модернистік, постмодернистік ағымдар. Сонымен қатар осы кезең прозасында романтикалық тенденциялардың да омырау соза алға шыққанын бағамдаймыз. Әдебиетте адамзатты толғандырған кесек те күрделі рухани-адамгершілік мәселелер алға шықты. Қазақ прозасына жаңа ой, тың өрнектер қосқан Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, М. Мағауин, Ә. Тарази, Т. Әбдіков, Қ. Жұмаділов, О. Сәрсенбаев, Қ. Ысқақов, Р. Токтаров, Б. Мұқай, Қ. Түменбай, А. Алтай, Т. Ахметжан және т.б. қаламгерлердің адамның жан дүниесін түрлі аспектіде, әр түрлі көркемдік деңгейде ашып көрсетті. Бұл шығармалар қазақ прозасын тек жанрлық тұрғыдан ғана емес, мазмұндық жағынан байытып, философиялық толғаныстарға барынша ден қойды, көркем шығарма жүлгесінде драматизм, трагедиялық сарын күшейді. Қаламгерлер қоғамдағы түбегейлі өзгерістердің жеке тұлғаның ішкі жан

дүниесіне, санасына әсер-ықпалы мен жеке тұлғаның сол өзгерістерді қалай қабылдайтынын бейнелеуге күш салды. Прозалық туындыларда жеке тұлғаның, қоғамның қайшылықты дамуы мен жалпы әлемнің үйлесімсіздігі туралы ой өзегі айқын көрініп, кейде драмалық жағдайға дейін ширғынып, трагедиялық ахуалға ұласып жатты.

Әдебиеттану тарихында көркемөнер туындыларынан өмір шындығын талап ету басты заңдылық еді. Әдебиеттанушылар әдебиеттің реалистік сипатын бағдар етіп, көркемөнердің мән-маңызын танытатын басты ерекшелігі – өмірді шынайы бейнелеу, өмірді түсіндіру, өмір құбылыстарына үкім айту деп білді. Әлемдік әдебиеттің алтын қорына қосылған ең озық туындылардың да реализм әдісімен жасалғаны ақиқат. XX ғасырда реализм бағыттан біртіндеп көркем шығармашылықтың моделіне айналды. Реализм – осы аттас түрлі бағыттардың (сыншыл реализм, социалистік реализм, итальяндық неореализм, латынамерикалық «магиялық» реализм және т.б.) жалпы атауы. XX ғ. реализмнің кең өріс алған негізгі ұстанымдары: шынайылық, психологизм, тарихилық, философиялық, деректілік сипаттар. Олардың әрқайсысы қазірге дейін қалыптасып, жаңа реңкке ие болды.

Қазіргі қазақ әдебиетінде барлық көркемдік әдістердің танымдық тұрғылары қым-қиғаш араласып жатыр. Кеше ғана бір зерттеу еңбектерінде «романтикалық» деп аталған шығармалар бүгінде қайтадан модернистік, я «постмодернистік ыңғайдағы туындылар» қатарында аталады.

Модернизм әдебиет пен өнердің сахнасына XX ғасырда орнығып, өз дәуірінің мәдени қажеттіліктерінен туды. Ол – XX ғасыр өнерінде әлемді көркем бейнелеудің дәстүрлі әдістерінен бас тартқан бағыттардың жалпылама шартты атауы. Модернизм адам табиғатын, құпия сезімдерін ирония, ойын элементтері, сана астарындағы құбылысты зерттеу арқылы көрсетеді. Жеке тұлға мағынасыз болмыс алдында өз әлсіздігін сезінеді. Бұл бағыттағы жазушылар композицияға, тілге, т.б. көптеген стильдік, көркемдік сынақтар жасады.

Постмодернизмге тән негізгі сипаттар туралы пікірлер әр түрлі. Зерттеушілер бұл бағыттағы жазушыларға бұлдырлық тән, олар ешнәрсені ашып айтпайды, ақырғы сөз қозғаудан аулақ дейді. Постмодернизм тарихи және көркем дәстүрлердің бірігуіне негізделген. Әр түрлі халық, мәдениет, субмәдениет, уақыт ішіндегі әдіс-тәсілдерді, стильдерді, тақырып, проблема, мотивтерді бір шығарма аясына біріктіру осы постмодернизмнің сипатты белгісі саналады. Постмодернистік мәтін оқырман көңілінде оқиға барысына қатысты үнемі күмәнділік тудырады [4]. Постмодернизм өмір көріністерінің бәріне дерлік өзгеше ирониямен қарайды. Модернизмдегі: жалғыздық, дәрменсіздік сарыны, пенденің ортамен қарама-қайшылығы, дамыған қоғамның технократиялық болмысынан қорқу, тұлғаның абсурдты, хаосты өмірден безінуі сынды элементтер постмодернизм поэтикасына ауысты.

Трагедиялық сарын, қоғамды жатсыну, сөзге сарандық, астарлап ишарамен сөйлеу, үкім айтудан, соңғы түйінді айтудан қашу – постмодернистік сипаттағы бүгінгі қазақ прозасына тән қасиеттердің бірі. Модернизмді хаосты әлемді адамның жатсынуында айқынырақ танылатын ерекше дүниетаным ретіндегі тарихи-философиялық және әдеби-көркемдік категория деп тануға болады [5]. XX ғасырда модернистік бағыттар мен интенциялар әдебиеттің алуан көркемдік тінін құрай отырып, бір мәдени кеңістікте қатар өмір сүрді.

Қазіргі әлемдік әдеби үдерісті тұтастай алсақ, әдебиеттің басым даму бағыты ретінде постмодернистік ағымдарды атауға болады. Постмодернизм тарихи және көркем дәстүрлердің бірігуіне негізделген. Әр түрлі халық, мәдениет, субмәдениет, уақыт ішіндегі әдіс-тәсілдерді, стильдерді, тақырып, проблема, мотивтерді бір шығарма аясына біріктіру осы постмодернизмнің сипатты белгісі саналады. Әлемдік мәдениетте күш алған постмодернизм құбылысы қазақ әдебиетінде 1990 жылдардан бастап біртіндеп көріне бастады. Трагедиялық сарын, қоғамды жатсыну, сөзге сарандық, астарлап ишарамен сөйлеу, үкім айтудан, соңғы түйінді айтудан қашу – постмодернистік сипаттағы бүгінгі қазақ прозасына тән белгілердің бірі. Алайда қазіргі әдебиетте жекеленген постмодернистік элементтер кездескенімен, ол қазақы топыраққа дәл батыс, орыс әдебиетіндегідей терең сіңіп кете алмады деуге болатын сияқты.

Талантты жазушының шығармашылығы қашанда бір ғана көркемдік әдіс аясына, белгілі қалыпқа сия бермейтіні әдебиет тарихынан белгілі. Әдеби үдеріс үздіксіз жалғаса отырып, әрбір жаңа дәуір өзіне дейінгі көркемдік жетістіктерді бойына сіңіреді. Әдебиеттің қалыптасу, даму тарихында түрлі көркемдік әдістер мен әдеби ағым-бағыттардың болуы, қатар өмір сүруі – заңды құбылыс. Әдеби үдеріс аясында түрліше әдеби ағым-бағыттардың қанаттаса, жарыса дами отырып, бірде иықтас жүріп, бірде өз үстемдігін көрсетуі – әдебиеттің қоғамдық, рухани өмірдегі басымдығын, ұлттық әдебиетіміздің көркемдік ізденіс, өсу, толысу және толыққанды даму үстінде екенін танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Николаев, А.** Основы литературоведения: Учебник для студентов филологических специальностей. Иваново, 2011. – 255 с.
- 2 **Крупчанова, Л.** Введение в литературоведение. – М., 2009. – С. 36.
- 3 **Елеукенов, Ш. Р.** Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде (1991-2002 жылдар). – Алматы : Алатау, 2006. – 352 с.
- 4 **Нұрғалиев, Р. Н.** Толғауы тоқсан қызыл тіл. Зерттеулер. – Алматы : Үш қиян, 2009. – 304 б.
- 5 **Майтанов, Б.** Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер, мақалалар. – Алматы : Құс жолы, 2012. – 490 б.

Материал 30.03.15 баспаға түсті.

К. Т. Жанузакова, Б. Дуйсееева

Основные тенденции развития современной казахской литературы

Казахский государственный
женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 30.03.15.

К. Т. Zhanuzakova, B. Duicekeeva

The basic trends of the modern Kazakh literature development

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
Material received on 30.03.15.

В конце 20-х и в начале 21 вв. казахская литература вступает в новый этап развития. Вместе с изменением восприятия роли литературы в обществе, возрастает активное использование новых форм. В статье анализируется развитие казахской литературы в контексте мирового литературного процесса, особенности постмодернизма в казахской литературе. Выявляются традиции и новые направления развития современной казахской литературы.

In the late 20's and early 21 century Kazakh literature is entering a new stage of development. Along with the change of perception of the role of literature in society, the active use of new forms is increasing. The article analyzes the development of Kazakh literature in the context of the world literary process, especially in the post-modern Kazakh literature. The traditions and new directions of development of modern Kazakh literature are revealed.

Қ. Т. Жанұзақова¹, Б. Панзабек²

¹ф.ғ.д., профессор м.а.; ²аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

**М. ЖҰМБАЕВТЫҢ «ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ»
ӘҢГІМЕСІНІҢ ПОЭТИКАСЫ**

Мақалада М. Жұмбаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің көркемдік әлемі талданады. Суреткер дүниетанымына әсер еткен тарихи-әлеуметтік жағдайлар оның шығармашылығымен тығыз байланыста қарастырылады. Әңгіменің бас кейіпкері Шолпанның ішкі әлемін күрделі психологиялық талдау мен қым-қуыт рефлексиялық күйін, сана арпалысын суреттеу шеберлігі пайымдалады. М. Жұмбаевтың қазақ әйелінің басында бола бермейтін тосын оқиғаны суреттеген шағын шығармасының қазақ әдебиетінің қазынасына қосқан үлкен эстетикалық жаңалығы тұжырымдалады.

Кілтті сөздер: дүниетаным, психологиялық талдау, романтика-символистік дүниеқабылдау, сана тартысы, екідудайлық, тұрақты мотив.

XX ғасыр басындағы өтпелі дәуірдің орасан өзгерістерін, жаңа заманды түсіне алмаған М. Жұмбаевтай ұлы тұлғаның көркемдік дүниетанымы да күрделі. Сондықтан табиғатынан романтик, сыршыл суреткердің шығармашылығын, кереғарлыққа толы өмірі мен өлімін аңызға айналдырған катал уақыттың аясында талдау заңды. Мағжан дүниетанымының күрделілігін, қайшылығын қозғағанда, суреткерлік шеберлігі мен тапқырлығы турасында емес, ақиқат болмыстың алдында өзіне қойған талабы сөз болады. Ақиқатқа адал суреткер әдебиетте үстемдік еткен қасаң қалыптар мен ережелердің шектеулі шеңберінен шыға алды. Өз туындыларында катал да қайғылы өміріне налып, өлімді жиі ауызға алуы, түнекті жырлауы қарсыластарына ақынды даттауға табылмас айғақ болды.

М. Жұмбаев шығармашылығындағы негізгі тақырыптардың бірі – адам өмірінің трагедиялық сипаты, адам жалғыздығы, кемел емес, кем-кетігі көп әлемде адам өмірінің қайғы мен мұңға толы болуы. Бірақ ол суреткер үшін тылсымды жүрекпен танудың тәсілі, өмірге деген ұлы махаббаттың ащы толғағы іспетті. Оның туындыларындағы басым романтика-символистік сарындардың сырын осы тұрғыдан таныған жөн. Жаңа заманның алмағайып өзгерістерін қабылдай алмау, қоғамға көңілі толмау ақынға идеалды тек өткеннен іздетіп қоймайды, өзінің ішкі әлеміне үңілтеді. Көркем туынды

суреткердің жанынан терең орын алған сезім-күйлерден, өзін айрықша толғандырған құбылыстардан туады.

Оның шығармаларынан рухани үйлесімді, сұлулық пен жақсылықты ерте заманнан аңсауын, ал өз ортасына, заманына деген сенімсіздігін, қанағат етпеген мінезін танимыз. Ақын жаңа дүниемен келісе алмағандықтан жалғызсырайды, ішкі сезімін көбірек жырлайды. Мағжан бабалардың байырғы дәуірін, өткен күнді аңсайды, өйткені жаңаның кескіні оған анық емес. Бірақ ол бірыңғай тірліктің қызығынан түңіле бермейді. Оның шығармалары терең сыршылдығымен, алысқа меңзер қиялшылдығымен, нәзік саздылығымен, түпсіз мұңға толы өзгеше бітіммен ерекшеленеді. Осы қасиеттер оның дүниетанымының көркемдік-эстетикалық жүйесін құрайды. Романтизм әдісі ақынға сырттан келген жоқ, оның табиғи дарыны мен ол нәр алған ұлттық сөз өнерінің тереңінен бастау алды. Мағжан дүниетанымына жақын бұл әдісті уақыттың өзі алға тартты, XX ғасырдың басындағы өтпелі дәуір ұсынды.

1920 жылдардың алғашқы жартысында кейіпкерлерінің іс-әрекетіне қарап, басты сарынын анықтау қиынға түсетін көркем дүниелер де осы кезеңде жазылды. Осы орайда М. Жұмбаевтың «Шолпанның күнәсі» [1] әңгімесін атауға болады. «Шолпанның күнәсі» – XX ғасыр басындағы қазақ прозасының қазанына үлкен көркемдік олжа әкелген ерен аңсарлы дүние. М. Жұмбаевтың сезімді, махаббатты суреттеуде қазақ әдебиетіне тәсілдік, стильдік тұрғыдан жаңалық әкелгені ақиқат. Ол М. Әуезов, Ж. Аймауытовтар сынды 20-шы жылдардағы психологиялық прозаның шебері болды. Өліммен қатар өмірге деген құштарлық, шетсіз-шексіз ойдың тұңғышы мен күнделікті күйбең тіршілік, рух өрлігі мен қайғыға салыну, махаббат пен дүниеден безіну сияқты қым-қиғаш жағдайлар - суреткер болмысына тән. М. Жұмбаев адам баласының рухани жетілуіне кедергі келтіретін, оны жабайы қалпында ұстауға тырысатын таптық түсінікке қарсы көзқарасын ашық білдірді.

М. Жұмбаев дүниенің қарама-қайшылығын сезінумен қатар болмыстың осы қасиетімен қызық екенін түйсінді. Суреткерді шытырман жағдайлар жалаң күйінде қызықтырмайды. Ол ақиқатқа жету жолында қарама-қарсы категорияларды, ұғымдарды, ойларды бір арнаға тоғыстырады. Суреткердің адам болмысының, оның ішінде әйел табиғатының күрделілігін, қайшылығын және жұмбақтығын: тұлғаның бір мезгілде асқақ арман биігіне көтеріліп, күнделікті күйкіліктің қалыбынан шыға алмау қабілетін, діндар және күнәһар, мейірімді әрі қатігез бола алатынын бейнелеуі негізгі шығармашылық нысанға айналды. Осы сипат XX ғасыр басында жарық көрген шығармалар көшіндегі Мағжан туындысына ерекше рең, өзгеше сипат береді.

Жеке тұлғаның жаза басып, ары мен нәпсі арасындағы арпалысы, қым-қиғаш сезімдер тартысы негізінде екідудайы күйге түсуін шеберлікпен

бейнелеу М. Жұмабаев прозасының көркемдік жаңалығы болды. «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде осындай идеялар жаңғырық тапты. М. Жұмабаев осы шығармасы арқылы қазақ прозасының қалыптасу тұсындағы дәстүрлі әйел теңсіздігі тақырыбын ғана емес, әйелдің бақыт жолындағы арпалысын, жан дүниесіндегі сезімдер тартысын жүрек түкпірінен зерделеуімен ерекшеленеді. Жазушы әйелдің «бақытты жар, ана болсам» деген арманын күйзелткен тағдыр мұны мен зарының иірімдерін, зардабын тереңнен қозғайды.

Шығарманың мұнды бесік жырымен басталуы болашақ қайғылы оқиғаны тұспалдайды. Әңгімеде Шолпан мен Сәрсембай – әуел баста бір-бірін сүйіп қосылған жандар. Алайда баланың болмауы олардың арасына жарықшақ түсіреді. Жас кезінде бала көтеруден бойын аулақ салып, «бала бере көрме» деп тілеген Шолпан Сәрсенбайдың көршінің балаларына көңілі ауғанын көріп, күрт өзгереді. Ол енді алғашқы райынан қайтып, құдайға мінәжат етіп, бала сұрайды.

Шолпан – оқшау кейіпкер. Шолпанның өмірі де, ойлау жүйесі өз ортасынан өзгешеленіп, сол тұстағы қоғамдағы қазақ әйелдерінен дараланады. Ол – сол тұстағы дәстүрлі қазақ әйелінен характерлік даму эволюциясы өзгеше, ешкімге ұқсамайтын, соны тұлға. Ауылдағы көп әйелдердің бірі емес, өз теңіне қосылған, танымы мен түсінігі бөлек, тәкаппар, қатарынан оқ бойы озық. Өзгені ойлауға мұршасы жоқ, мына дүниеде тек өзі мен күйеуі ғана бар. Оның санасындағы еқұдайылық реалды болмыстан алшақтай отырып, өзінің қалауындағы, ішкі дүниесінің талабына сай өзге әлем жасауға ұмтылысында жатыр. Шолпанның санасында «отбасы моделі», «идеалды әлем» туралы өз арманы, өз әлемі бар. Өйткені «...бала болмағандықтан *ертегідей әдемі өмір* қу мазарға айналайын деп тұрған жоқ па?» (Ж. Қ. курсив біздікі). Шолпан өз мақсатын іске асыру жолында ештеңеден тайынбайды, өмірін өз қалауына, қажетіне сай өзгертуге талпыныс жасайды. Әке бола алмайтын күйеуінің жағдайымен Шолпан еш келісе алмай, басына бақытты өз қолымен орнатқысы келеді. Табиғат бермеген бақытты қалай жасау керек? Неліктен оған ана болу бақыты бұйырмаған? Шолпан басына түскен тауқыметті үнсіз бақылап тұра алмайды, ортаның пікіріне де құлақ аспайды, оқшау әрекетке барады. Оның жүрегіндегі ең асыл арманы күнәға итермелейді. Қазақ прозасындағы драматизм табиғатын жан-жақты зерттеген ғалым Т. Есембеков «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде Шолпанның «романтикалық немесе идеалдандырылған мақсат пен оны рационалды жүзеге асыру» негізінде туған драмалық жағдайды бастан кешіретінін жазады [2, 43 б.].

Шығармада өз әрекетін күнә, қылмыс деп қармайтын Шолпанды жеңіл жүрісті әйел дей алмаймыз. Өйткені ол қандай жолмен болса да, күйеуін бақытты етудің, бала сүюдің құрбаны болуға дайын. Шолпан өз күнәсіне арының алдында жауап береді. Оны бас-көзге қарамай соғып жатқанда, оның қорғанбауы, аяушылық сұрамауы осыны көрсетеді. Шолпан өз қиялының

неге күйрегеніне, оның себебіне тереңдемейді. Ол тіпті Сәрсенбайдың үйінде тәрбиеленетін болашақ баласының тағдыры туралы да ойланып жатпайды. Бұл кереғарлық түйін Шолпанның өз басында, санасында өтіп жатыр. Тағдырдың әділетсіздігін түзеткісі келген Шолпан өзімен-өзі бір жақ та, бүкіл дүние бір жақ. Міне, осы тұста Шолпан табиғатының екіұдайылығы көрінеді. Ол басқа адамдардың көзқарасымен санаспайды, тек өзінің ішкі талабы үшін тіршілік етеді. Шолпанның іс-әрекеттерінің амбиваленттілігі құпия ойын жүзеге асыруға бағытталған. Қайшылықты іс-әрекеттер оның «жұмбақтығын» қоюлатқан. Түптеп келгенде, күшті сезімнің иесі ғана күшті, оқыс, оқшау әрекетке бара алады. Шолпанның Сәрсенбайдың бақыты үшін өзін құрбандыққа шалуы да батылдықтың, қаһарман қимылдың, яғни ерліктің белгісін танытады.

Шолпан күйеуінің көзіне шөп салғанда, олардың болашақ бақытты өмірінің бастауы, жалғасы болады деп өзін жұбатады. Сәрсенбайдың басқа түскен тағдырға еш бір қимыл жасамауы оның ашу-ызасын тудырады. Сондықтан Шолпан шығармада өзін құрбандыққа бас тігетін кейіпкер ретінде танылады. Ол сән-салтанатты, бақытты, төрт құбыласы түгел өмір сүргісі келеді. Осы арман Шолпанды шығарманың басында әйелдің табиғатына тән нәрседен бас тартқызса, енді қандай мақсатпен болса да соған жетсем деп дедектетеді де, ақыр аяғында өмірін трагедиялық ахуалға тірейді. Оның жаны мен денесінің бөлінуі (шығармадан үзінді келтірсек: «Өзімбайға денесін уақытша ғана беріп, жанын аман алып қаламын деп ойлады Шолпан») ішкі жан дүниесіндегі бейберекетсіздікке әкеледі. Ол жаным күйеуіммен бірге, ал Өзімбайға тек тәнімді бердім деп ойлады. Алайда автордың сөзімен айтсақ Шолпанның: «жанынан денесі, денесіне жаны айрылмайтын. Кімге берілсе де жан дүниесімен түгел берілетін әйел еді» [1, 304 б.].

Осының ар жағында түсіндіруге келмейтін әрбір жеке адамның іс-әрекеті жатады. Екі иығына қонған белгісіз бір күш еш ойланып-толғануға келтірмей, өз ырқына көндірді. «Ұят болады» деген ұстанымнан аттап кеткен соң, қылмысқа белшесінен батады. Бұрын-соңды мұндай әрекетке бармаған Шолпанға қолға алған ісі қызықты болып та көрінеді. Өз ісінің арам екенін білсе де, бала сүйсем деген ой оны бәрінен аттап кетуге әкеледі. Өзімбайдың көңілін өзіне қарату үшін небір әрекеттерге барады, әр қылығын, көзқарасын алдын-ала ойластырып қояды. Оның Өзімбаймен кездесуі өте бір құпияға, ғаламат құмарлыққа, теңдессіз қызыққа толы. Осы қызық оны адал жардың ақ төсегін атауға алып келеді. Мақсатын іске асыру үшін серік таңдаудағы ішкі есеп пен инстинкт, Өзімбаймен арадағы қарым-қатынасқа ерекше мән беру – драмалық жағдайға әкеліп тіреген бастаулардың өзара қайшылыққа түсуі болды.

Шығарма бастан-аяқ Шолпанның ой толғанысына, санасындағы тартысқа құрылған. Оқиға желісі, кейіпкерлер характері Шолпанның көзімен,

ойы мен санасындағы «таластан» сомдалады. Жазушы мәңгілік мәселе етіп адамның өзін-өзі табуын, өзінің ішкі дүниесін түсінуін қояды. Әңгімеде бар оқиға Шолпанның санасындағы құбылыстар арқылы дамиды. Ол – жалғыз және сырымен жан адаммен бөліспейді. Жары да, көңілдегі де Шолпанның жан дүниесінде не болып жатқанымен шаруасы жоқ, оның іс-әрекетінің нағыз сырын түсінбейді. Шолпан мен Сәрсенбайдың арасында диалог жоқ, олар өзара сөйлеспейді. Түсінбеушілік жатсынуға әкеліп соғады. Тығырықтан шығар жол таппаған әйелді қасіреті оның ішкі сөзінде жатыр. Жалғыздық дертіне душар болған Шолпанның серігі – ойы. Сәрсенбайдың ойы Шолпанға да, оқырманға да жұмбақ.

Шолпан әрекеті бірізді емес, бір-біріне қарама-қарсы мазмұнда көрінеді. Әуелі баладан бас тартады, одан баланы бар жан-тәнімен қалайды. Ол әдетте діншіл, күйеуін сыйлайтын болғанымен, бір сәт жеңіл нәпсіге бой ұрғызады. Шолпан шығарма басындағы рухани биікте болса, шығарма көркемдік шешімінде ол «ойнас жасаған қар неме».

Кінәлі Шолпанға суық су құйып жатқан әйелдердің әңгімесі де оның тағдырына деген екі көзқарасты қатар көрсетеді: «– Қар бетпақ, саған алла не керек?! – деді бір қатын: – Ештеңе етпес, қарағым, жастық та... құдай тауып берсін, – деді екінші біреуі» [1, 308 б.]. Шолпан мінезіне қатысты осы екі көзқарасты жазушы әңгімедегі оқиғаны дамыту барысында қатар қоя отырып, жүзеге асырған.

Зерттеуші А. Ишанова: «В последние минуты жизни Шолпан «баюкает дитя», опровергая подсознательным жестом все обвинения, обретая и унося с собой образ дитя-жизни» – дейді [3, 133 б.]. Шолпанның басына осынша қайғы-қасірет, тағдыр тауқыметін әкелген ауыр күнәні ол не үшін жасады? Тек өмірге сәби әкелу үшін ғана. Шолпанның сәби туралы арманын өлім алдындағы қорқыныш та жеңе алмады. Өз бақыты үшін күрес кейіпкерді күйреуге әкелді.

М. Жұмабаев «күнә» тақырыбына жаңа қырынын келеді. Адамды дүниенің жалғандығы, соған қарамастан қызығы өз иіріміне салады. Шолпан өз түсінігіндегі бақыт пен сордың арасындағы тағдыр тәлкегін қалап алады. Оның әйел бақытын қалай сезінетіндігінен оқиға желісі өріледі. Мағжанның кейіпкері қым-қиғаш ойлары мен ұйқысыз ойларының нәтижесінде туған шын күнәсін түсінгенде, жаны шошиды, өз-өзінен түршігеді. Ол ендігі жерде тыныш өмір сүре алмайтынына көзі жетеді, жан-дүниесі арпалысқа түседі. М. Жұмабаев оқиғаны шытырман жағдайлар арқылы өрбіте отырып, баласыздық қасіретін тартқан Шолпанға жаның ашитындай жағдайға жеткізеді. Ол – арманы сағымдай желге ұшқан, қателерінің қайғысын тартқан, адасқан әйел. Ш. Елеукенов шығарманы жоғары бағалай келіп былай дейді: «Шолпанның күнәсі» – ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасына жана леп әкелген дүние... Әңгіменің бас кейіпкері Шолпан әр түрлі сыртқы

жағдайлардың және ішкі толғаныстардың нәтижесінде үнемі өзгеріп, үрдіс дамып отыратын характер. Жазушы сол өзгерістерді жан диалектикасын жiтi қадағалау жолымен көрсетеді. Осының арқасында бала көру сияқты қарапайым тақырып биік адамгершілік өреге көтеріліп, адамның құқықтылығы, бас бостандығы проблемаларына ойысады» [4, 275 б.].

Өлерінің алдында Шолпанның санасында бүкіл өмірі алдынан «найжағайдың отындай жарқ етіп» өте шығады: жаңа шолпысының сыңғыры, Сәрсенбаймен алғашқы кездесуі, оның өзін алып кетуге келуі, алғашқы түні... және молданың үкім оқып, күбірлеген дауысы. Кейіпкердің жан дүниесіндегі сән-салтанат пен оның өмірге құштарлығы дүниенің опасыз жалғандығымен қайшылыққа түседі. Кейіпкер өз өлімі арқылы жазықсыз «күнәдан» арылғандай күй кешеді. Шолпанның бақытқа ұмтылған адамшылық болмысы мен тұрмыс, тағдыр шарасыздығы күйзелткен қайғы-шерін суреттеуге құрылған кереғар оқиғалар өз шешімін трагедия арқылы табады. М. Жұмабаевтың философиялық лирикасында да, «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде де тұрақты мотив – адам тағдыры тақырыбы жоталанып көрінеді. М. Жұмабаев концепциясында ол құпия да қатал, жұмбақ та еліктіргіш, қашып құтыла алмайтын әрі адамға тән емес ғарыштық күштердің көрінісі ретінде қабылданады.

Суреткердің романтикалық-символистік дүние қабылдауында тағдыр тақырыбы өлім тақырыбымен етене байланысты. Ақын шығармаларындағы лирикалық кейіпкер өлгеннен кейін кеудеден жанның ұшып кетуін бір терең тылсым, қасиетті құпия ретінде қабылдайды. Б. Майтанов: «Өмір мен өлім тайталасын романтиктер де, осы әдістің аясында қанат жайған символиктер (бейнешілер – Ж. Аймауытовтың термині) де жырлайды. М. Жұмабаевтың туындыларында осы екі сарын молынан қамтылады. Мұндай творчестволық өрнек қаламгер стилінің басқа жағдаяттарға да байланысты соны қырларын танытпақ» [5, 56 б.] – дейді. «Шолпанның күнәсі» шығармасында романтикалық, символик сарын реалистік шеберлікпен, психологиялық тереңдікпен тұтастықта көрініс береді.

Жазушы жас өмірі қиылған Шолпанды қаралап-даттамайды да, ақтамайды да. Оқырманға бағасын өзі берсін дегендей өз пікірін таңбайды да, ойлануға азық болар ұзын арқан, кең тұсау ой тастайды. Бірақ М. Жұмабаевтың қандай жағдай болса да, қандай қателіктер жасаса да, әрқашан адам өмірінің құнды, бағалы екендігін болмыс заңдылығының басты бағдары деп танытынын байқаймыз. Автордың өз қаһарманына деген жанашырлығы айқын да терең. Мағжан әңгімесінің астарында ең асыл арманының жолында өлген қорғансыз, нәзік, аруды жоқтаған аза жатыр. ХХ ғасыр басындағы әйел тағдыры тақырыбына қол артқан қазақ жазушыларының түпкілікті идеясы жеке тұлға бостандығы мен жеке адамды қайталанбайтын рухани құндылық ретінде қадірлейтінін бағамдаймыз.

Әңгіме қарапайым оқиға желісіне құрылғанымен, адам психикасының күрделі қатпарларын қозғап, астарында көп ойларға меңзейді. Кейіпкердің алға қойған мақсаты мен бүкпесіз шындығы, іс-әрекетінің қайшылығы шығарманың көркемдік деңгейін көтере түседі.

М. Жұмабаев стилінің күрделілігі, даралығы бірден көзге түседі. Шығармада Шолпанның, яғни «рухани құлаған» тұлғаның ішкі жан дүниесінің екіге жарылуы, жоғары мен төменнің, діндарлық пен нәпсіқұмарлықтың, құдай мен шайтанның арасындағы сергелдеңі романтикалық арнада дамиды. Шағын әңгіме сана күресінен, пікір қайшылығынан, ой арпалысынан тұрады. Шығарманың басты эстетикалық сапасы – кейіпкердің ішкі әлемін күрделі психологиялық талдау, оның әдеттен тыс шытырман, қым-қуыт рефлексиялық күйлерін ашып көрсету. М. Жұмабаевтың шағын шығармасы қазақ әйелінің басында бола бермейтін тосын оқиға арқылы айтар ойының күрделілігімен, психологиялық шеберлігімен, әйел затының жан иірімдерін, зар-қайғысын тереңнен толғауымен ерекшеленеді. «Шолпанның күнәсі» реализмнің қалыпты шеңберіне сыймайды. Шын мәнінде де, ақ некеден аттап, жат қылыққа барған, күйеуінің алдында «қылмысты, күнәлі» болған Шолпан өз қасіретімен, өмірін құрбандыққа шалуымен-ақ сол күнәсін жуады, тазарады. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің дамуында М. Жұмабаев көркемдік әдісінің өзгешелігі ең алдымен қаһарманның рухани өмірін мүлде жаңа психологиялық баяндауында көрінеді. Мағжан кейіпкерлері өздерінің қымбат та құпия ішкі сезімдерін жария етуден, өздерін сол үшін ешкім түсінбеуі мүмкін-ау деген ойдан еш қорықпайды. Адамдар арасындағы күрделі қарым-қатынастарды бейнелей отырып, адам психикасының терең құпияларына батыл бойлау білуі – М. Жұмабаевтың эстетикалық жаңалығы, сол тұстағы қазақ прозасындағы тың қадамның бірі ретінде көрінді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жұмабаев, М.** Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, кара сөздер. – Алматы : Жазушы, 1989. – 448 б.
- 2 **Есембеков, Т. У.** Драматизм и казахская проза. – Алматы : Ғылым, 1997. – 428 с.
- 3 **Ишанова, А. К.** Типология литературной игры (концептуально-сравнительный аспект): дис. ... док. филол. наук: 10.01.03. – Астана, 2006. – 353 с.
- 4 **Елеукенов, Ш. Р.** Мағжан. – Алматы : Санат, 1995. – 383 б.
- 5 **Майтанов, Б. Қ.** Сөз сыны (XX ғасыр әдебиетінің көріністері). – Алматы : Ғылым, 2002. – 344 б.

Материал 30.03.15 баспаға түсті.

К. Т. Жанузакова, Б. Панзабек

Поэтика рассказа Мағжана Жумабаева «Грех Шолпан»

Казахский государственный
женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 30.03.15.

К. Т. Zhanuzakova, B. Panzabek

The poetics of the story by Magzhan Zhumabaev «Sin of Sholpan»

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
Material received on 30.03.15.

В статье проанализирован художественный мир рассказа М. Жумабаева «Грех Шолпан». Рассматриваются основные принципы построения текста, ключевые принципы поэтики в рассказе. Историко-социальные факторы, повлиявшие на миропонимание М. Жумабаева, рассматриваются в тесной взаимосвязи с его творчеством. В статье анализируется психологическое мастерство писателя, исследуется характер Шолпан, многогранная и сложная психологическая природа женщины.

The article analyzes the art world of the story by Magzhan Zhumabaev «Sin of Sholpan». It explains the basic principles of construction of the text, the key principles of poetics in the story. The historical and social factors affecting the world view of M. Zhumabaev, are closely linked to his work. The article deals with the nature of a multifaceted and complex, psychological nature of women. Examines the psychological skill of M. Zhumabaev.

Н. К. Жусупов¹, М. Н. Баратова²

¹д.ф.н., профессор; ²к.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ПОНЯТИЕ «ЦВЕТOK», «СОЛОВЕЙ», «БАЗАР» В СТИХОТВОРЕНИЯХ МАШХУРА ЖУСИПА

В данной статье рассматриваются понятия такие как «цветок», «соловей», «базар» в стихотворениях Машхура Жусипа.

Ключевые слова: восточная литература, символы, тюркская литература, образ.

В восточной литературе, среди нее – тюркской литературе, очень много других символов. Остановимся на символе «цветок» («гүл»):

Бектер ізгі болса, ессіздік жоғалар,
Байыр халық, әлем гүлге оранар!

Юсуф Баласағуни – XI в. [1, с. 127].

1. Гүл өнсін әрбір басқан іздеріңнен,

Гүлді күтсең, гүл ашылып гүлзар болар.

Кожа Ахмет Яссауи – XIII в. [2, с. 100].

2. Күндеушілер тікен болғанда, сіз таза гүлсіз,

Көгалда гүл болмас тікенексіз.

Хорезми – 1353 г. [3, с. 98].

3. Бір гүлсің бақшадағы ашылмаған.

Науканың әзір күнге басылмаған.

Нурым Шыршыгулулы – XIX в. [4, с. 158].

4. Сөзін оқы және ойла

Тез үйреніп, тез жойма,

Жас уақытта көңіл – гүл.

Абай Кунанбаев [5, с. 67].

5. Ақ етің үлбіреп,

Өзгеше біткен гүл.

Там же [5, с. 173].

6. Өмірдің гүлісіз,

Көңіліме жұбаныш.

Там же [5, с. 215].

7. Балбырап шыққан жазғы гүл,

Көз тартқандай болады.

Кім біледі, күрт түсіп,

Мезгілінсіз солады.

Манит издалека мой взор,

Как одинокий огонек,

На тонкой ножке летним днем

Едва раскрывшийся цветок.

Не опалит ли до поры

Морозом алый лепесток?

Султанмахмут Торайгыров – 1917 г. [6].

8. Ветры, ветры, о снежные ветры,

Заметите мою прошлую жизнь.

Я хочу быть отроком светлым

Иль цветком с луговой межи.

С. Есенин – 1919 г. [7].

(«Қарлы боран ойнағындай малғұнның,

Бәрін де көм, бәрін де көм сол күннің,

Болғым келер жарқын ұлан, нұрлы ұлан,

Әлде гүлі болғым келер шалғынның»).

9. В хороссане есть такие двери,

Где обсыпан розами порог.

Там живет задумчивая пери.

В хороссане есть такие двери,

Но открыть те двери я не мог.

(«Хорасанда есіктер бар, қақпа бар

Гүл әкелер пенделер де, пірің де.

Сол арада бір періште қалқа бар»).

Там же.

10. Көрдің бе болған бағбан гүлге құмар,

Ол итке гүл мен сабан бір бас шығар.

Машхур Жусип [8, с. 7].

11. Аспан – биік, жер – төмен, тау, тас – қатты,

Ат аяқты болғанда, құс – қанатты.

Заһардан – бал, тікеннен гүл шығарып,

Жұма күні жаратты адамзатты.

Там же [8, с. 24].

12. Әуелден болған бар ма күндіз түнсіз,

Ішінде көп тікеннің, – сіз, – бір гүлсіз!

Бағаңыз бұрынғыдан болған қымбат

Садапта болған тұтқын, – сіз – бір дүрсіз!

Там же [8, с. 220].

13. Қызыл гүл көрдім уақытын солғанының,
Дүниенің жоқ опасы толғанының.

Там же [8, с. 258].

14. Қызыл гүл жасарсайшы солып жатқан,
Әр нәрсе шағымызда болып жатқан.
Жақсылық ойлаңыздар, біздің халық,
Тастаныз жамандықты толып жатқан.

Там же [9, с. 7].

15. Жер жоқ па, бозбалалар, гүл ашылған?
Алашта менен сөзін кім асырған?!

Бұ да сонда [9, с. 199].

Анализ приведенных выше примеров показывает, что цветок выступает символом счастья. Лирический герой стремится постоянно нарвать этот цветок. Образ цветка встречается не только в тюркской литературе, но и в литературе других народов, в частности, в русской литературе. Этому свидетельствуют отрывки из стихотворных произведений С. Есенина. Если рассмотреть образ соловья («бұлбұл»), то мы видим, что соловей в постоянном поиске цветка. Короче говоря, встреча соловья с цветком символизирует счастье и любовь. А если птица не находит на своем пути цветка, то это говорит о несчастной любви:

Шешектерге төгер бұлбұл мың үнін.

Юсуф Баласагуни – XI в. [1, с. 57].

1. Қүйіп – жанып құл болған, ғашығына бұлбұл болған,
Кімді көрсе құл болған, жомарт болған ғашықтар.

Кожа Ахмет Яссауи – XIII в. [2, с. 85].

2. Сол бұлбұлдың сазды әуенін естігендер ...
Зар еңіреп көзінің жасын бұршақ қылар.

Там же [2, с. 107].

3. Махаббат бақшасының бұлбұлы боп,
Таң сәріде зар илеумен қонғым келер.

Там же [2, с. 112].

4. Сахарда гүлдер ашылып, сайрайды бұлбұл,
Бір Алланы айтып тілесе сахар уакты ішінде.

Там же [2, с. 116].

5. Гүл бағының бұлбұлсыз, кезі болар ма,
Сұлулардың бет-жүзі назардан тыс қалар ма?

Хорезми – 1353 г. [3, с. 88].

6. Сөйлесе, сөзі әдепті, һәм мағыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.

Абай Кунанбаев – XIX в. [5, с. 41].

7. Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл,
Көсем де өткен не дүлдүл,
Сөз мәнісін білсеңіз.

Там же [5, с. 66].

8. Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл,
Тастағы үнін қосар байғыз, көкек.

Там же [5, с. 156].

9. Гүл бақшаңа кірдім, еркін салдым асыр-сайранды,
Бұлбұл даусын үнсіз тыңдап көңіл шіркін жайланды.

Габдолла Токай – 1909 г. [10, с. 44].

10. Этой грусти теперь не рассыпать
Звонким смехом далеких лет,
Отцвела моя белая липа,
Отзвенел соловьиный рассвет.

С. Есенин – 1924 г. [7, с. 160].

(«Бір кездегі күлкіңдей сыңғырлаған
Шаша алмайсың бұл мұңды күнді ұрлаған.
Гүлі түсіп үлгерген жөке тал мен
Сайрап кеткен бұлбұл таң бұлдыр маған»).

11. Может, и нас отметит
Рок, что течет лавиной,
И на любовь ответит
Песнею соловьиной.
Тупое сердце, не бойся.

Там же [7, с. 239].

(«Бұл тағдыр, бәлкім, өмірде
Бізге де сөзін тыңдатар.
Махаббат толы көңілге
Бұлбұл жыр болып үн қатар
Аңғалақ жүрек, алқынба»).

12. Голубая да веселая страна
Пусть вся жизнь моя за песню продана,
Но за гелию в тених ветвей
Обнимает розу соловаей.

Там же [7, с. 241].

(«Көгілдір жұрт, көңілді әлем бұрышы
Бар ғұмырым құрбан мейлі жыр үшін.
Ғалия үшін көк бұтақты саялап,
Құмыр бұлбұл құшты гүлді аялап...»).

13. Гүл қадірін кім білер, бұлбұл білер,
Білдім деген бәрі де дүмбіл білер.
Жаялықтың орнына түсуменен
Қор қылады бұлбұлдан басқа өңгелер.
... Гүлге ғашық бұлбұл көрсем-ау деп,
Соқырлық көрінгенді орға жығар.

Машхур Жусип [8, с. 7].

14. Бұлбұлды танымайсың тұрған сайрап,
Атасың торғай ғой деп, таспен байлап.
Таусылмас бұл не қылған су демейсің,
Бұлақтай ағып жатқан көзі қайнап.

Там же [8, с. 132].

15. Айрылған ел, жұртынан біз бір сорлы,
Жас аққан көзімізден біз бір мұңлы.
Бұлбұл құс Гүлстаннан айрылған соң,
Бағасы болмайды екен торғай құрлы.

Там же [8, с. 211].

16. Хатты ашып оқыған күн-июнь оны,
Қазақша жұма – ұлыстың ұлы күні.
Көргендей қызыл гүлді, бір масайрап,
Бұлбұлдың зымстанда ашылды үні.

Там же [8, с. 271].

17. Қараңыз бұлбұлдардың сайрасына,
Бұлақтай, тастан аққан, қайнасына.
Бас та азат, орын да азат, форым да азат,
Еркімен жүрсе әркім деп пайдасына.

Там же [9, с. 72].

18. Бұлбұл құс болып қалар торғайдан қор,
От түсіп гүлстанын, өрт алған соң!

Там же. [9, с. 163].

19. Егер де гүл ашылса, бұлбұлымын,
Дананың сөзге жүйрік дүлділімін.
Басқаға қаз бен қудан шабытым жоқ,
Қыраны, қаршығаның тұйғынымын!

Там же [9, с. 199].

20. Қызыл гүл, үлпілдеген, үзіліп түсіп,
Бұлбұл құс гүлстаннан кеткен ұшып.
Жүзінде кең жалғанның бір перзентті
Еміреніп, сүйе алмастан, ерні тұшып.

Там же [9, с. 234].

21 Таусылып қызыл гүлдер, қалды тікен,
Сайрайды гүлстансыз бұлбұл қайтіп?!

Там же [9, с. 262].

Приведенные отрывки свидетельствуют о том, что не только в тюркской литературе, но и в литературе других народов, к примеру, в творчестве С. Есенина «соловей» («бұлбұл») и «цветок» («гүл») – приобретение счастья, любви. Анализ образов «базар», «волна» («толкын»), «лето» («жаз»), «туча» («бұлт»), «знамя» («ту»), «тұман», «яд» («у») свидетельствуют о связи разных литератур, соответствии требованию времени, возрождению в национальном мировидении. Анализ употребления образа «базар» подтверждает пример традиций:

Мен де өзіңе қызмет еттім жаныммен,
Ажал жетті, болдым базар барыммен.

Юсуф Балсагуни – XI в. [1, с. 149].

1. Дүние – базар: жайнар, байлар көзінді,
Өзін де алдап, алдатасың өзіңді.

Там же [1, с. 171].

2. Қырық төртінде махаббаттың базарында,
Жағамды ұстап жылап жүрдім гүлзарында.

Кожа Ахмет Яссауи – XIII в. [2, с. 30].

3. Ғашық базары ұлы базар, сауда харам,
Ғашық жанға сенен өзгені ойлау харам.
Ғашық жолына берілгенге дүние харам,
Не қылсаң да ғашық қылғыл, паруардігар.

Там же [2, с. 61].

4. Жақсы болса туғаның,
Күнде қызық базарың.

Шал Кулекеулы – XVIII в. [11, с. 152].

5. Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар,
Не болады құр жожақ?!

Абай Кунанбаев [5, с. 120].

6. Кешегі Оспан
Бір бөлек жан
Үйі-базар, түзі той.

Там же [5, с. 188].

7. Көңілге жұбаныш
Сен едің базарым.

Там же [5, с. 270].

8. Дүниенің базарында арзан нарқым,
Болса да нарқым арзан, қымбат – даңқым!
Қадірім жоқ тірлікте ағайынға
Өлген соң: «Әттегене!» – дерсің халқым!
Машхур Жусип [8, с. 224].
9. Бейнетің қанша қылған жанбаған соң,
Кім көреді базарға салмаған соң.
Жез де бір, алтын да бір жерде қалса,
Қадірлеп ешкім қолға алмаған соң.
Там же [8, с. 131].
10. Бұл дүние бір күні базар, бір күн мазар,
Балам деп әр күн базар, содан жазар.
Өзі бай, өз үйінде өзі батыр,
Үй түгіл, сыйып жүрді жалғанға азар!
Там же [12, с. 17].
11. Дүние – базар: құрылған ісі-сауда,
Құс торда күн кешкен, балық – ауда.
Там же [12, с. 32].
12. Пірлерден зат едіңіз тиген назар,
Тамаша жүрген жерің болған базар.
Там же [12, с. 34].
13. Қызады базарлары күз болғанша,
Түзеліп оңала алмас бір былғанса.
Ағайын кінәласып арбасады,
Әркімнің талас жері сөз болғанша.
Там же [9, с. 14].
14. Базарға келіп едің ат терлетіп,
Бос жүрсің әр нәрсені тамаша етіп.
Сен бүйтіп далбаса боп босқа жүрсең,
Жұрт тарқап, сауда бітіп, қалар кетіп.
Там же [9, с. 112].
15. Базарға жақсы – жаман жатыр барып,
Ешкім жоқ – мәз – мейрам боп, жүрген жарып!
Там же [9, с. 126].
16. Жаралы, көңіл шіркін, азалымыз,
Қайтып тұр бұл жалғаннан назарымыз.
Жатырмыз мәнгүрт болған саудагердей,
Жәрмеңке, тарқап кетіп, базарымыз.
Там же [9, с. 163].
17. Арам болды жалғанда бізге базар,
Тірілей көрге түсіп болдық мазар.

Міне, осындай мән-жайы кәпірлердің
Шарапатты ерлерден тиген назар.

Там же [9, с. 192].

Во всех этих примерах «базар» – признак существования, источник повседневной жизни, жизнедеятельности. Вместе с тем неуместность ограничения лишь богатством выражается в этом образе. К примеру, во втором отрывке базар – источник существования лирического героя, ориентирующего его на обман, то есть признак достатка, богатства. Известно, что жизнь человека отличается от жизнедеятельности других живых существ тем, что он способен на глубокие чувства любви. Анализируя с этой позиции, можно сказать следующее: в третьем примере лирический герой страдает из-за любви. В хисса (лит. фольклорный стихотворный рассказ, повествование; эпическая поэма) Машхур Жусипа «Судный день» («Қиямет ахуалы») повествуется о том, что когда наступает Судный день, как доказано в науке, исчерпывается солнечная энергия, земля вся горит, человечество оказывается в безвыходности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Жүсіп Баласағұн**. Құтты білік. – Алматы : Жазушы, 1986. – 616 б. (Ауд. А. Егеубаев).
- 2 **Қожа Ахмет Иассауи**. Диуани Хикмет, Алматы : Мұратас, 1993. – 262 б.
- 3 Хорезми. Оғыз-наме. Мұхаббат – наме.- Алматы: Ғылым, 1986.-208 б.
- 4 XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы : Ғылым, 1985. – 320 б.
- 5 Абай. Шығ., 1-том. – Алматы : Ғылым, 1977. – 454 б.
- 6 **Торайғыров С.** Шығ. 1-том. – Алматы : Ғылым, 1993. – Б. 117.
- 7 **Есенин С.** Таңдамалы. – Алматы : Жазушы, 1979. – Б. 60, 90.
- 8 **Мәшһүр Жүсіп**. Шығ. 1-том. – Павлодар : ЭКО, 2003. – 436 б.
- 9 **Мәшһүр Жүсіп**. Шығ. 4-том. – Павлодар : ЭКО, 2004. – 535 б.
- 10 **Ғабдолла Тоқай**. Көңіл жұлдызы. – Алматы : Жазушы, 1986. – 180 б. (Ауд. Төкен Әбдірахманов).
- 11 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы : Ғылым, 1982. – 240 б.
- 12 **Мәшһүр Жүсіп**. Шығ. 2-том. – Павлодар : ЭКО, 2003. – 384 б.

Материал поступил в редакцию 04.05.15.

Н. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратова

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «гүл», «бұлбұл», «базар» ұғымдары

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 04.05.15 баспаға түсті.

N. K. Zhussupov, M. N. Baratova

The concept of “flower”, “nightingale”, “market” in the poems by Mashkhur Zhusip

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 04.05.15.

Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «гүл», «бұлбұл», «базар» ұғымдары жан-жақты қарастырылады.

This article discusses the concepts such as “flower”, “nightingale”, “market” in the poems by Mashkhur Zhusip.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

Н. Қ. Жүсіпов¹, М. Н. Баратова¹, М. Аяпбергенова²

¹ф.ғ.к., профессор; ² магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

М. Ж. КӨПЕЕВТІҢ ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада ақын М. Ж. Көпеевтің мұрасы қарастырылады. Ақынның көңіл-күйі өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның әлеуметтік-тарихи тағы басқа да хал-ахуалымен бірге көрініс табатындығы ақынның туған жер тақырыбына арналған туындыларынан айқын аңғарылатыны талданады. Ақын өлеңдеріндегі лирикалық тұлға әлемдегі болып жатқан өзгерістерге бей-жасай қарамайтын, адамзат баласының өмір салтында болып жатқан қоғамдық қатынастардан сырт қалмайтын ақынның ішкі толғанысымен қатынаста болатыны баяндалады.

Кілтті сөздер: М. Ж. Көпеев, идея, теңеу, ұлттық айшық.

Әдебиетіміздің тарихында ұзақ жыл орны ойсырап келген, елге ежелден белгілі болған ақын-жазушыларымызды еске алғанда, ең алдымен М. Ж. Көпеевті ағауымыз орынды. М. Ж. Көпеев – әдебиеттің түрлі жанрында қалам тартқан дарынды қаламгер. Оның азаматтық, суреткерлік, өнерпаздық мақсат-мұраттары қазақ әдебиеті тарихымен біртұтас. Олай дейтініміз, ақын шығармалары арқылы қазақ әдебиетін байытып қана қойған жоқ, фольклор жинаушы ретінде танымал болып, ауыз әдебиетін жинап рухани қазынамызды толтырды. Туған әдебиет теңізіне құяр кең арналардың бірі – халық ауыз әдебиетін, яғни халықтың мол мұрасын, асыл қазынасын

жинап, жариялау ісінің қиындығына төзіп, құнды жазбаларын қалдырған М. Ж. Көпеевтің еңбегі өлшеусіз. Ел аузында ежелден сақталып келе жатқан тарихи аңыз-әңгімелерге көңіл бөліп, онда айтылатын уақиғаларды ой елегінен өткізіп, өз туындыларында да пайдаланып отырған. Ақынның ауыз әдебиеті үлгілерін баспаға әзірлеп, зерттеудегі қаһармандық еңбегі бүгінде әдебиетші қауымға жақсы таныс. Біз дана тұлғаның туындыларын терең білген сайын өзіміздің салт-дәстүрімізді, ішкі-сыртқы тарихымызды кеңінен тани бастаймыз. Сондықтан ақын мұраларын мұқият зерттеп, тереңдеп үңілу күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе.

Ақын шығармаларының барлығы дерлік өзекті тақырыпты көтереді. Ел тағдыры, туған жер, отан, халық мұраты, сонымен қатар адалдық пен әділдікті жоғары қою, елін сүю, халыққа қызмет ету мәселелері туындыларында айқын көрініс табады. Мәшһүр Жүсіптің ағарту, өнер – білімді ел азаттығы жолындағы күресте қару етіп пайдаланып, өз туындыларында еркіндік, азаттық, бостандық идеяларын аса бір ұлтжандылықпен ту етіп көтереді. Туған жер, өскен ортасын сүйген ақын жүрегі халық деп соққан. Ел тағдырын жоғары қойған Мәшһүр Жүсіп туған жерді жоғары бағалаған. Озбыр отаршылдықтың бұғауын үзіп, егемен ел болуды Мәшһүр Жүсіп те аңсаған. Ел тағдырын жырға қосып, туған жер үшін тебіренген. Ұлт тағдыры, ұлт азаттығы жолында күрескен арыстарды рухтандырар туындыларын жазған. Мәшһүр Жүсіп туған жер тақырыбына ерекше мән берген. Туған жерінен айрылған халық зарын жеткізген, әрі халық намысын оятар қайрау, санаға сәуле түсірер өлең тудырған:

*«Айрылған біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.
Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді,
Қойнында құшақтаған жесірінен.
Адасып осы күнде қазақ қалды,
Бұрынғы ата-баба рәсімінен.
Жылқыға керек жерге егін салып,
Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен»[1].*

Ақын жырлары замандастарымен тақырыптық үндестік тапқан. Мысалы, Нарманбет ақын «Сарыарқа» өлеңінде халықтың туған жерге деген сезімін оятып, сүйіспеншілігін арттыруды көздейді:

*«Сарыарқа, сарқыраған суың қайда?
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда?
Найзағай шарт-шұрт етіп нәсер құйған
Көк-жасыл туың қайда?
Көк майса, көк орай шалғын шөбің қайда?
Қызғалдақ қызыл-жасыл, көк балдырған
Балауса бал татыған бар ма сайда? [2].*

деп бауыр басқан қонысына айрылған елдің сәні таусылған Сарыарқаның зарын күйзеле жырға қосады. Халық қамын жеген қос ақынның жер туралы ішкі азасы осылай төгілген.

Мәшһүр Жүсіп халық тағдырына толғанып, шұрайлы жерінен айрылған ел шерін жырға қосып, халқымен қоса егілген.

М. Ж. Көпеев «Туысқан бауырларыма бір насихат» – деген мақаласында: «Әй... қазақ ағайындар! Жылдан-жылға кедей болып, жоқ жерден малдарыңнан айрылып қалып, күн асқан сайын кеміп барамыз, мұны кімнен көреміз» [3] – деп жазды. М.Ж. Көпеев қазақ елінің қамын жеп, орыстың жүрісі анау, ал менің елім не болып барады деп, қайғырады. «Қойды шарық бүлдіреді, елді қортық бүлдіреді» – деген мақалды үлгі ретінде алады. Жалпы, М. Ж. Көпеевтің бұл – мақаласы үлкен келелі істі, әлеуметтік мәселелерді көтереді. М. Ж. Көпеев жастарды білімге шақыру, надандықтан қашу, өзге ел секілді жер жырт, егін сал, оқу-оқы деген идеясын әрқашан астарлап та, ашық та жазып, айтып отырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің азаматтық әуендегі шығармаларынан ел – жұрты үшін жанын қиюға даяр, халық мүддесі үшін әрқашан жаны жаралы, көңілі қаралы болған елін сүйген ұлтжанды ақынның келбетін көреміз. Ақын елдің еңсесі биік елге айналуы үшін бірлік керек екендігін әрқашан толғауларында айтып отырған:

Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла,

Қазағым, қайран халқым бауырларым, – [1] дейді

Мәшһүр Жүсіп Көпеев жырларынан азаматтық, ұлтжандылық сезім басым. Ақын поэзиясында өзі өмір сүрген замандағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі бейнеленеді. Қаламгер туындыларында халқының жерінен айрылып, өз елінде қысым көріп отырғандығын ашына айтады. Патша әкімшілігінің озбырлығы мен ел билеу жүйесіндегі әділетсіздікке қарсы үн тастап, алаш жұртының отаршылдық бұғауына шырмалған сорлылық халіне күйеніп, ашына жырлайды.

Байланып қорыққандықтан жүрді тілім,

Қазағым, қайран жұртым, есіл елім.

Мұжық кеп, қара шекпен крестьян,

Жеріңді қылмады ма тілім – тілім [1].

Қазақтың шұрайлы өрісінен айрылып, суы мен балығына иеленген басқа жұрттың келімсектерінің озбырлығына күйінеді. Халықтың мүшкіл халін өлеңдерінде өрнектейді. Халықты қайраттандырып, отаршылдыққа қарсы сезімнен оятуға тырысады, отаршылдыққа қарсы күресуге шақырады. Қазақ халқының отарлық саясатқа жем болып, ұлттық салты мен дәстүрінен, ұлттық қасиеттерінен айрылып қалу қаупі төнгенін сезініп, қамығады. Ұлттың рухани қазынасын жоғалтып алмауын көздейді. Халықтың бей-жай күйіне күйінеді:

Тауып ал, тұман түспей тұстасыңды,

Жолдас бол, сынап алып қостасыңды,

Баласы дін – мұсылман ұрандасып,

Қосып кісі санына, қос басыңды – [1].

– деп, ақын бүкіл түркі халықтарының туыстығын, тұстастығын, бірлігін көксейді. Халықты Ресейдің отаршылық бұғауынан құтқару жолын іздейді.

Ақын туындысын оқырманға неғұрлым тартымды, жанына жақын, көкейіне қонымды болу үшін тіл мәнерін құбылтып, ажарлап, айшықтап, шебер құлпырта білген. Ақын ұлттық тіліміздің лексикалық байлығын, халқымыздың көркемдік қазынасын, әлем әдебиетінің классикалық тәжірибесін жете меңгерген, жақсы игерген.

Ақын өзі өмір сүрген заманның ащы шындығын шығармалары арқылы көркем тілде шынайы жеткізе білді. М. Ж. Көпеев өз дәуіріндегі қазақ сахарасының әлеуметтік-тұрмыстық және қоғамдық-саяси жайларын тереңірек түсіне біліп, сезімін поэзиясы арқылы нақты және астарлап болсын жеткізуге тырысты. Ақын поэзиясында XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ өмірінің ақиқатын шынайы түрде баяндайды.

Ақын әлеуметтік мәселелерді, халық тағдырын өткір, ащы сарказм, сатира арқылы, кейде аллегориялық жарлау үрдісімен, кейде тікелей толғау түрінде сынап отырған. Заман мен адам жайындағы философиялық көзқарасы өлеңдерінен көрінеді. Ақын поэзиясындағы ащы шындық ақынның лирикалық «мені» арқылы өзгеше сипатта көрінеді. Ақын өз өнері жайында да, тыңдаушысы туралы да тұңғыш түпсіз тереңдіктен толғанады. Ол «Мәшһүрдің сөзді киіндіріп...» деген өлеңінен көрінеді:

Аузына кейбір жанның қыдыр барып,

Ие бар тұратұғын кеңес салып,

Болғанда ақын – дария, ауыз – садап,

Сөз – гауһар, сол садаптан алған жарып [3,140. б],

– деп, ақындық сөзді «гауһарға», «бау-ағашқа», «үлпілдеген қызыл гүлге» теңеу арқылы қара сөзге қарағанда бейнеелі болатындығын, әсері күшті, ағыны қатты суы мол дариядай болатындығын жарқырата көрсетіп береді.

Ақын «Мәшһүр Жүсіптің 46 жасында сөйлеген сөзі» өлеңінде:

Өзіме көрінемін өзім мінді,

Кісендеп бекітпедім неге тілді.

Жасырмай өз ойыма келген сөзді,

Айтайын әңгіме қып сіздерге енді.

Әңгіме естісеңіз мына бізден,

Адамға пәле – тілден, бейнет – көзден.

Адамның адамишылық артықтығы,

Көрінер, түсіп көзге, сөйлер сөзден.

*Кем де емес кейбір сөзім жанған шоқтан,
Әркімге ауыр тиер қалақ оқтан.
Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,
Атанды бәрі хайуан тілі жоқтан [3].*

Ақын «кем де емес кейбір сөзім жанған шоқтан» деп өткір тілді екендігін ескерте отырып, сонымен қатар «адамға пәле – тілден, бейнет – көзден» деп тілдің өзіне пәле әкелетіндігін айтады. Ақын өткір тілді «кісендеп бекітпедім» дейді. «Кісендеп» - ұлттық айшық, әрі тіл дерексіз ұғым. Ақын айтса дәл, орынды сөйлейтіндігін айтып, айтар сөзі кесіп түсетін өткір, алмас болатындығын ескертеді.

Ақын заман жайлы көп толғанады. Ел тағдыры туралы толғаныс ақынның төл туындыларының қай – қайсысынан да аңғарылып, азаматтық бейнесін көрсетеді. Мысалы, ол «Фибратнамада ақындық, азаматтық міндет туралы ойын ұсынып, өзінің қоғамдағы орнын белгілемекші болады». Арманын ашық айта алмай, дағдарысқа ұшырап жүргенін ескерте келіп:

*Болдым зой өмірімді тауысқандай,
Мерт болдым айға шауып арыстандай
Сұңқардай биік тауды мекен қылмай,
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай [1],*

– дейді. Ақын идеясын әлемге тамған тамшыдай деп қынжылады. Ал сол фибраттан түк ала алмай надан қалар дейді. «Ғаламға ап – рахмет нұрын шашар, үстім су болады деп надан қашар» дей келіп:

*Бұлттай жауатұғын менің өзім,
Көкірегім қан, жаспенен толған көзім,
Жаңбырдың ап – рахмет тамшысындай,
Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім [1],*

– деп, заманындағы жайттарға қынжылған қаһарманның көкірегі қан, көзінде жас екендігін, қиналған саяси күрестің қаһарманының жан күйзелісін суреттейді.

«Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйлеген сөзі» деген өлеңінде ақын елді сорлатқан әлеуметтік теңсіздік, қулық-сұмдықтың көбеюі, сөздің қадірі кеткендігі, елді неше түрлі алаяқ – пысықтардың билеуі туралы айтылады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев халық қамын ойлаған адамдарды арыстанға, қу-пысықтарды түлкіге теңеп, халықты алдаған «ептілер» туралы, елдің соларға күні түсіп отырғандығын көрсетеді.

Сөзінде бай адамның «міні» болмайдытынын мысқылдап жазады.

*Кедейлік кетіреді сыныңызды,
Бар болса, мол табады мініңізді.
Бұл күнде тіл сөйлемей, мал сөйлеген,
Көре бер өйтіп - бүйтіп күніңізді [1],*

– деген жолдарда ашы мысқыл, кекесін бар.

Қорыта айтқанда, М. Ж. Көпеев – қазақ халқына тыныш, бейбіт өмір тілеген, өз жерінің байлығын емін-еркін пайдаланып, салт-дәстүрін сақтап, ата-баба мұрасын уағыздап, насихаттап, ұлттық тәлім-тәрбие мен рухани құндылықтарын насихаттаған, саяси-әлеуметтік бостандықты талап еткен қазақтың қайраткер ұлдарының бірі. XX ғасырдың басындағы ел мұңын жоқтаған асыл азаматтарының бірі Мәшһүр Жүсіп туындылары арқылы патша өкіметінің саясатына қарсы наразылық танытып, халық үшін жанын түйген дана. Отарлаушы патша өкіметінің қылышынан қан тамған жеңдеттерінен қорықтап, өз өмірін қауіпке тіге отырып, қаймықтап қазақ халқының қоғамдық және мәдени мүдделеріне сай қажеттіліктерді талап етеді. Ақын поэзиясында сол кездегі қазақ елінің ауыр тұрмысы, патша өкімдерінің қалың бұқараға көрсеткен зорлық-зомбылығы, халықтың жер-суынан айырылып, ығыса көшуі мәселелері айтылады. Ақынның көңіл-күйі өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның әлеуметтік-тарихи тағы басқа да хал-ахуалымен бірге көрініс табады. Ақын өлеңдеріндегі лирикалық тұлға әлемдегі болып жатқан өзгерістерге бей-жай қарамайтын, адамзат баласының өмір салтында болып жатқан қоғамдық қатынастардан сырт қалмайтын ақынның ішкі толғанысымен қатынаста болатыны поэзиясында айқын көрінеді. Демек, М.Ж.Көпеев замандастары сияқты ел мүддесін жоғары қойған тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 1. – 454 б.
- 2 Нарманбет. Шығармалары. – Қарағанды : Болашақ, 1998.
- 3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар : ЭКО, 2004. – Т. 4. – 535 б.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар : ЭКО, 2003. – Т. 2. – 384 б.

Материал 04.05.15 баспаға түсті.

Н. К. Жусупов, М. Н. Баратова, М. Аяпбергенава

Художественная особенность в стихах М. Ж. Копеева на тему Родина
Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 04.05.15.

N. K. Zhussupov, M. N. Baratova, M. Ajapbergenova

Artistic features in poems of M. Zh. Kopeev on Homeland

В статье рассматривается наследие наиболее таинственного и сакрального поэта Машхур Жусупа Копеева. Изучается его философские раздумья о человеке, о смысле жизни, разуме и сознании, о судьбе своего народа, о добре и зле. Исследование создает реальную возможность более близкого знакомства с духовным наследием Копеева. Цель – исследование стилистических, идейно-художественных, лексических и нравственно-эстетических аспектов лирики М. Ж. Копеева, раскрытие истоков и основных направлений творчества поэта.

In the article there is considered the legacy of the poet M. Zh. Kopeev. Studied his philosophical thoughts about people, about the meaning of life, mind and consciousness, about good and evil. The study creates a real opportunity to get better acquainted with the spiritual heritage of M. Zh. Kopeev. The aim is the study of stylistic, ideological-artistic, lexical and moral-aesthetic aspects of M. Zh. Kopeev lyrics, the disclosure of sources and major works of the poet.

ӘОЖ 811.512.1'373.2

С. Қ. Иманбердиева

ф.ғ.д., профессор, Алматы менеджмент университеті, Алматы қ.

«ЖАРАТУШЫ» ТЕОНИМІНІҢ КОНЦЕПТІЛІК БЕЛГІСІ

Мақалада «Жаратушы» теонимінің концептілік белгісі қарастырылады.

Кілтті сөздер: теоним, концепт, паремия, фразеологизм, лингвистикалық бірліктер.

Соңғы жылдары мәдениет, тіл және сананың өзара байланыс мәселесі кеңінен қарастырылуда: нақты тіл иелерінің әлемнің тілдік бейнесі жан-жақты зерттелуде, қандайда бір мәдениеттің шеңберінде болмысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу үшін бай материал болып табылатын әр тілдің ассоциативті сөздіктері құрылуда. Кез келген мәдениет тіл бірліктері өзге тілде қайталанбас өз ерекшеліктеріне ие. «Мәдени құрылымға көп тілдің қажеттілігі, М. С. Каганның пікірі бойынша, оның ақпараттық мазмұны

көпқырлы әрі бай және әр ақпараттық үдеріс адекватты бірліктерде көрініс табуын қажет етеді» [1]. Бұл пікірге Л. В. Щербаның айтқаны үндеседі: «Біздің тікелей тәжірибеміз арқылы жинақталған әлем, барлық жерде бірдей бола тұра, әр тілде әркілі қалыптасады, мәдени тұрғыдан біртұтастықты құрайтын, бірақ әр тілде сөйлейтін халықтарда да әртүрлі қалыптасады» [2].

Тіл иелерінің қарапайым сананың бөлшегі ретінде әлемнің (қарапайым) тілдік бейнесінен көрініс беретін мәдени-этникалық компонент фрагмент ретінде тілдің лексикалық бірліктерінде қабылданады, алайда тілдің өзі бұл әлемнен көрініс бермейді. Себебі санадағы болып жатқан фактілер мен ақпараттар жиынтығынан тұтастай тілде көрініс беруі мүмкін емес. Ол тек ұлттық тілдік тұлғаның осы әлемді концептуалдау әдісінен көрініс береді, сондықтан да әлемнің тілдік бейнесі тіркесі шартты болып табылады: бір тілдік мағына арқылы әлем бейнесі схемалық болып келеді, себебі зат, құбылыс және олардың ерекшеліктерін категориялау негізінде жатқан ерекшелік белгілерінен құралады және әлемнің тілдік бейнесін адекваттау үшін болмыс туралы эмпирикалық білімімен нақтыланады.

Объективті болмыстан көрініс беру арқылы адам тілде таным нәтижелерін бейнелейді. Әлемнің бейнесі ұғымы адамның осы әлемді тану үдерісінен құралады. Егер әлем – адам және өзара қатынас ортасы болса, әлем бейнесі – орта мен адам туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі. Когнитивтік лингвистика өкілдері әлемнің тілдік бейнесі ретінде көрініс тапқан біздің концептуалды жүйеміз тіршілік және мәдени тәжірибемізге тәуелді және онымен тікелей байланысты.

Когнитивтік лингвистиканың қарқынды дамуы концепт ұғымын түсіну мен оның типологиясын жасау мәселесін қарастыруға көптеген зерттеушілерді талпындырды. Концепт бірнеше менталды құбылысты қамтиды, басты міндеті адам санасындағы білімнің құрылымын жасау, жүйелеу. Концепт типологиясын жасау концептілерде көрініс беретін білім (таным) түрлерін айыру үшін қажет.

Концепт құрылымын құрастыру үшін концепт көрініс берген барлық тілдік корпусты (лексикалық бірліктер, фразеология, паремиялогиялық қор), тілге тән ерекше эталон-образдан көрініс беретін тұрақты теңеулер жүйесін қоса зерттеу қажет [3].

Бұрынғыдан адамның бар өмірі, дүниеге келгенінен о дүниеге қайтқанға дейін жаратқанға сену, мұсылмандық әлемінен көрініс беретін мазмұнға толы болатын. Құдайға сену ұғымы, аңыз-әңгімелер, мешіттің құрылымы, әулиелердің есімдері, діндарлардың аталуы – барлығы адамның тілдік санасында көрініс тапқан ұғымдар, оның парасаттық бағытын анықтады [4].

А. П. Бабушкиннің анықтамасы бойынша Жаратушы концепті абстрактілі концептілерге жатады, яғни «санада бар, бірақ физикалық тұрғыдан жоқ, бұл нақты «құндылық» және «антиқұндылықты» білдіретін концепт, бірақ оны көруге, сезінуге болмайды [5].

«Жаратушы» концептісінің Қазақстан мен Орта Азия мұсылман халықтарының лингвомәдениетінде өте ұзақ тарихы бар, бұл тілде молынша көрініс табуымен (Алла, Құдай, Хақ, Құдіретті, Жаппар, Жаратушы, Тәңір т.б.), көптеген мақал-мәтелдер, афоризм, көркем шығармаларда, фразеологизмдерде, тарихи ескерткіштерде қолдануымен дәлелденеді.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында Алла сөзіне келесі анықтама берілген:

Алла – бүкіл дүниені, адамзатты, жан-жануарды жаратушы ие – Құдай.

Жалпы редакциясын Т. Жанұзақов басқарған Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде келесі анықтама берілген [6]:

Алла – діни Құдай, жасаған, жаратушы.

Жаратушы – 1. көне Діни ұғым бойынша, бүкіл әлемді жаратқан ұлы күш, құдірет. 2. Дүниеге келтіруші, өмір беруші.

Жасаған – діни. Құдай, Алла, тәңірі, жаратушы, жаратқан.

Құдай – 1. діни. Бүкіл ғаламды жаратушы; Алла тағала, Құдірет. 2. ауысп. Ең мықты, әмірші, бастық.

Құдірет – 1. Құдай, Алла, Жаратушы. 2. ауысп. Керемет күш, ғажайып қасиет.

Тәңір – діни 1. Құдай, Алла тағала, Құдірет. 2. Құдіретті күш иесі, пір.

Хақ – 1. Шындық, күмәнсіз ақиқат. 2. Мұсылман дініндегілердің ұғымы бойынша дүниені жаратқан Алла тағала, Құдай, Тәңірі.

Бұл сөздіктерден біз діни мәнде адам санасынан тыс, бүкіл ғаламды жаратушы күш иесі деген түсінік берілгенін аңғарамыз. Сөздіктерде Құдірет, Алла, Тәңір, Құдай, Жаратушы сөздері үлкен әріппен берілген. Сонымен бірге Жаратушы сөзінің бірінші мағынасы бүкіл жанды/жансыз әлемге қатысты болса, екінші мағынасы тек жанды құбылыстарға қатысты, ал Құдай, Тәңір сөзінің екінші мағынасы бірінші мағына негізінде қалыптасса, Хақ сөзінің жаратушы мәні бірінші денотатқа қатысы жоқ құбылыс негізінде қалыптасқан және хақ сөзі – Алланың тоқсан тоғыз көркем есімдерінен жиі қолданылатындарының бірі.

Орта ғасыр түркі тарихи жазба ескерткіштерінде Жаратушы концептісінің фреймдік құрылымы «бет бұру», «нұрын төгу», «мейірім төгуші», «сират көпірі», «Мүңкір-Нәңкір», «мешіт», «зікір салатын орын», «сұрақ-жауап алатын орын», «махшар күні», «Тор тауы», «дозақ», «жұмақ», «пайғамбар» т.б. танымдық элементтерден құралады. Сонымен бірге, «Жаратушы» концептісінің мазмұндық таралу өрісіне қатысты бірнеше субфреймдерге бөліп, модельдерін құруға болады. Мәселен, «мен білемін: 1) *X* рақым етеді *A*-ға; 2) *X* тірілтеді (*жан береді*) *A*-ны (*ға*); 3) *X* сұрақ-жауап алады *A*-дан; 4) *X* ақыл, сана береді *A*-ға; 5) *A* құлшылық етеді *X*-қа; 6) *A* тілейді *X*-тан; 7) *A* сират көпірден өтеді *X* дидарын көру үшін; 8) *X* жұмсайды *P*-ді *A*-дан сұрақ-жауап алу үшін; 9) *X* дидарын көру үшін,

A зікір салады; 10) *X*-қа жақын болу үшін, *A* намаз оқиды; 11) *X*-тан қорықпағаны үшін, *X* жазалайды *A*-ны; 12) *A* *X* алдындағы бес парызын орындайды; 13) *A* өзін *X*-тың құлы, *C*-тің үмбеті санайды; 14) *C* *Tor* тауында *X* дидарын көрген; 15) *C* *X*-тан *K*-ні алған; т.б. Мұндағы *X* – Жаратушы (Алла, Құдай, Тәңірі, Хақ); *P* – періште (Мүңкір-Нәңкір); *C* – пайғамбар (Мұхаммед (ғ.с.), Мұса, Иса, т.б.); *K* – кітап (Құран-кәрім; Інжіл, Таурат, Забур); *A* – адам (пенде).

Дін және Жаратушы (тек мұсылман қауымы емес, жалпы когнитивтік кеңістікте) концептісінің қалыптасуы туралы ойланған көптеген философтар дін мен Жаратушы ұғымы қатар әркез болған емес деген пікірде (Демокрит, Бенедикт Спиноза, Т. Гоббс, П. А. Гольбах т.б.). Олардың пікірінше, дін қалыптасуының бастапқы негізінде табиғаттың күшті құбылыстары алдындағы қорқыныш, болашаққа деген сенімсіздік, адамзаттың өз күшіне сенбеушілік жатыр. Діни сенім аспан құбылыстарына бас ұрудан туындаған. Басында адамдар табиғи құбылыстың өзінен қорқып, құрмет тұтқан, кейіннен көзге көрінбейтін, соларды бағындыратын белгісіз күшке сенген, соңынан ой-толғаулар біртұтас себеп, жоғары сана, Жаратушы туралы пікір қалыптастырған. Жаратушы – әлемді басқаратын, қасиет тұтатын ең жоғары құдіретті болмыс. Жоғарыда айтылған теорияға сәйкес Жаратушы ұғымының қалыптасуында метафора жатыр. Э. Кассирердің терминологиясы бойынша – «базистік метафора», яғни «тек қана ауысу емес, сонымен бірге басқа түрге айналу; сондай-ақ санадағы барға ауысу емес, жаңа бір қалыпқа өту» негізінде қалыптасқан [7].

Жаратушыға сену – көптеген құбылысты: табиғи құбылыстар, эпидемия, өлім т.б. түсіндіреді. Түсінбейтін нәрселер жеңіл түсіндірілетін болды. «Метафора абстрактілі құбылыстарды жеңіл қабылданатындай түсінікті етеді (негізгі жолы – нақтыдан абстрактіге көшу, материалдыдан рухани дүниеге көшу)» [8]. Метафора бұл жағдайда көзге көрінбейтін, түсініксіз, жұмбақ нәрсені түсінікті, сана қабылдайтындай етуге көмектесті.

Өзінің ұзақ қалыптасу тарихында Жаратушы концептісі көптеген адамдарды толғандырды, бұл феноменді түсіндіруге талпынған көптеген мектептер құрылды. Антропологиялық мектеп өкілдері (Л. Фейербах, Э. Тейлор, Г. Спенсер) діннің адами (анимистикалық теория) негізін табуға талпынды. Олардың пікірінше, өлгеннен кейін рухқа, соңынан Құдайға айналатын барлық заттардың жаны бар. Алайда бұл теория ғалымдар тарапынан да, діни өкілдер тарапынан да қатаң сынға алынды.

«Жаратушы» концептісін аталымдық тұрғыдан қарастырғанымызда, біз жинаған материал бойынша, Алла, Құдай, Тәңір бірліктері, сонымен бірге Алланың бірнеше көркем есімдері мен метафоралық аталымдары анықталды.

Тірек атау ретінде біз Алла, Құдай, Тәңір атауларын алдық, себебі олар өте жиі кездеседі және стильдік тұрғыдан бейтарап.

Зерттеліп отырған концептінің аталымдық өрісі кең, оны біз әсіресе Қ. А. Ясауидың «Диуани хикметінен» байқаймыз. Деривациялық өрісін Алладай, Құдайдай, Тәңірдей бірліктері құрады.

Осыған орай «Жаратушы» концептісінің аталымдық өрісін құрудың негізгі тәсілдері – эксперименталдық әдіс, көркем мәтінді, ескерткіштерді, фразеологиялық бірліктерді және мақал-мәтелдерді талдауды жөн көрдік.

Ассоциативтік тәжірибеден субъектінің өмірлік тәжірибесі – этикалық және мәдени деңгейін байқаймыз. Ассоциативтік өріс – тілдік бірліктердің жиынтығы, мазмұн ортақтығына қарай топтастырылған құбылыстардың ұғымдық, заттық және функционалдық ұқсастығы.

Лексикалық бірліктің ассоциативтік өрісі санада қалыптасатын әлемнің тілдік бейнесімен тығыз байланысты. Сондықтан да ассоциативті өрісті талдау арқылы кез келген халықтың дүниетанымынан, психологиясынан, тұрмысынан, наным-сенімінен мол ақпарат алуға болады. Психолингвистикалық эксперимент негізінде сөздер арасындағы ассоциативтік қатынас анықталады. Ол үшін таңдап алынған реципиенттерге тірек-сөзге қатысты ойға түскен барлық (немесе нақты анықталған саны, яғни мақсатты эксперимент) сөздерді жазу ұсынылады. Эксперимент нәтижесінде алынған сөздер тобы ассоциативтік өрісті құрайды. Ассоциативтік өрісте реципиенттердің таңдауы бойынша жиі қолданылған сөз ортақ байланыстылық және концепті болу деңгейін анықтауға негіз болады. Ассоциативтік мағына ұғымы адамда сөз бен ой арқылы түзілегін байланыстар мен қатынастардың үлгілерін, арнайы ішкі құрылымын табу барысында, адамзаттың сан қырлы тәжірибесінің танымдық тұрғыдан ұйымдастырылу нәтижесінде қалыптасады [9].

Ассоциативтік эксперимент – XX ғ. басында К. Г. Юнг т.б. ұсынған тұлға уәждемесін зерттеудің айрықша жобалық әдісін білдіру үшін психологияда бекітілген термин. Эксперименттің қарапайым түрі: тәжірибеден өтетін реципиенттің белгілі бір дүниені таныту үшін қолданған тірек сөздердің жинағын білу. Реципиент тірек сөздердің белгілі бір жиынтығына ойына келген сөзбен неғұрлым тез жауап беруі тиіс. Бұл әдіс А. Р. Лурияның зерттеуінде дамыды, ол «түйіндес моторлық әдісті» ұсынды, онда реципиент ауызша жауаппен бірге екі қолымен белгілі бір қимылдар жасау керек. Сонда қозғалыс координациясын талдау тәжірибесінен өтуші субъектінің аффективтік реакциялары диагностикасының мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді. Ассоциативтік эксперименттің еркін, бағытталған, тізбекті түрлері бар.

Еркін ассоциативтік экспериментте ешқандай шектеу болмайды, реципиент тірек сөзді естігенде ойына түскен сөздердің бәрін тізіп жазуына болады, сөздің сыртқы, мазмұндық ерекшеліктері шектелмейді. Ал мақсатты ассоциативтік экспериментте реципиентке белгілі бір мақсатқа қатысты шектеу қойылады.

Негізгі эксперименталды әдіс ретінде «Жаратушы – кім?» бағытталған ассоциативтік эксперимент қолданылды. Бағытталған ассоциативтік эксперимент (БАЭ) «жаратушы» концептінің ассоциативтік өрісін құруға септігін тигізетін барынша көп реакция береді.

БАЭ-ке 300 реципиент қатысты, оның 140 – әйел, 160 – еркек. Реципиент ретінде студенттер, мұғалімдер, инженерлер, экономистер, заңгерлер алынды. Эксперимент 2007-2008 жж. жүргізілді. Әр реципиент эксперимент шарты бойынша Жаратушы сөзіне ең алдымен ойына түскен 5 анықтама беруі керек болатын. Эксперимент нәтижесінде реципиенттерден 1200 анықтама алынды. Соның ішінде 10 реципиент 1 анықтама берсе, 20 – 2; 35 – 3; 110 – 4; 125 – 5. Жауап беруден бас тартқан реципиенттер болған жоқ. «Жаратушы» концептінің ассоциативтік өрісі құрылды, ол мынадай түрде болды:

«Жаратушы – кім?» (1220): Алла (155), Құдай (60), Тәңір (70), Құдіретті (20), кен (20), жомарт (105), бұйрық (30), көк иесі (20), нұрын шашқан (5), рахымды (25), кешірімшіл (10), Құран жіберген (10), жалғыз (10), сақтаушы (10), кіршіксіз (10), дұрыс жол (20), күшті (30), Хақ (40), жаппар (20), төзім беруші (5), сиындырушы (10), жан беруші (15), қуат беруші (5), жаратушы (300), жазалаушы (30), бақ беруші (5), қолдаушы (10), мәңгі жасаушы (20), елеуші (5), пенделерін жарылқаушы (40), мейірім төгуші (25), бет бұрдырушы (15), өмір тұғыры (25), нәсіп етуші (10), сана беруші (15), жауап алушы (10), қанағат еткізуші (5).

Жаратушы ассоциациялы өрісін құраған ассоциация беруші сөздердің мағынасын талдау барысында реципиенттер атаған Жаратушының бірнеше белгілерін анықтау мүмкіндігі туды. Олардың берген анықтаушы сөздерінің қаншалықты Жаратушыға (денотатқа) қатысын айқындау арқылы мағынасы ашылды. Мысалы:

Күшті – адам санасының қабылдауынан тыс күш; жалғыз – оған жалғыздық жарасады; кең – тілегенін береді; нұрын шашқан; ғалам иесі – он сегіз күнде ғаламды жаратты; сақтаушы; көк иесі т.б.

Мұны «Жаратушы» концептісінің құрылымын анықтауда басты критерий деп қарастыруға болады. Сонымен бірге аталмыш концептінің таралу өрісіне қарай құрылымын төмендегідей сызба түрінде көрсетуге болады:



Сурет 1 – X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштердегі «Жаратушы» концептісінің құрылымы

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Каган, М. С. Философия культуры. – М., 1996. – С. 137-210.
- 2 Щерба, Л. В. Избанные работы по языкознанию и фонетике. – Л., 1958. – Т1. – С. 52.
- 3 Пименова, М. В. Предисловие // Введение в когнитивную лингвистику. Под ред. М. В. Пименовой. – Кемерово, 2004. – 208 с.
- 4 Скляревская, Г. Н. Лексика русского православия в процессе языкового возрождения начала XXI века: ее место в лексической системе и в культуре страны // Русистика и современность: лингвокультурология и межкультурная коммуникация. – М., 2002. – С. 6.
- 5 Бабушкин, А. П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж, 1996. – С. 43-67.
- 6 Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы : Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
- 7 Кассирер, Э. «Сила метафоры» // Теория метафоры: Сб. – М., 1990. – С. 36.
- 8 Маслова, В. А. Лингвокультурология. – М., 2001. – С. 5.
- 9 Попова, З. Д. Когнитивная лингвистика / З. Д. Попова, И. А. Стернин. – М. : АСТ: Восток-Запад, 2007. – 314 с.

Материал 15.06.15 баспаға түсті.

С. К. Иманбердиева

Концептность теонима «Создатель»

Алматы менеджмент университет.
Материал поступил в редакцию 15.06.15.

S. Imanberdiyeva

Conceptuality of the theonym «Creator»

Almaty Management University, Almaty.
Material received on 15.06.15.

В данной статье рассматривается концептность теонима «Создатель».

This article discusses the conceptuality of the theonym «Creator».

УДК 81' 42

Г. Т. Карипжанова¹, Г. Т. Абикенова², Г. К. Абзулдинова³

¹ф.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.; ²ф.ғ.к., Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті; ³ф.ғ.к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

КӨРКЕМ МӘТІНГЕ ЛИНГВОСТИЛИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада көркем мәтінді талдаудың аспектілері анықталады. Дыбыстық қабаттан мәтінге дейінгі аралықтағы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдау көркем шығарма тілінің өзіндік ұйысу ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын, көркемдік құралдардың лингвоэтикалық қызметін анықтауға жағдай тудыратындығы мысалдар арқылы дәйектеледі.

Кілтті сөздер: мәтін, тақырып, идея, композиция, лингвистика, лингвоэтика, портрет, фонетикалық құбылыс

Көркем шығарма тіл байлығын танытумен ғана шектелмейді, сондай-ақ, тілді байытатын, дамытатын негізгі арналардың бірі болып табылады. Сөз құдіретін көрсету мен сөзден айшықты кесте өрудің шеберлерінің поэзия немесе прозалық шығармаларының тілін зерттеу арқылы әдеби тілімізді танып, меңгерудің тиімді жолы болып табылмақ.

Көркем мәтінді талдаудың бірнеше аспектілері бар. Көркем мәтінді әдеби тіл нормаларына қатысы тұрғысынан алып талдау, мағыналық талдау, көркем бейне жасауға қатысы жағынан алып талдау, жазушының дара стилін таныту мақсатында талдау. Ғалымдар мәтін талдаудың бірізді болмайтындығы туралы «...бұл мына жайларға байланысты: біріншіден, қандай мәтінді қалай талдау зертеушінің алдына қойған мақсат-міндеттерінен туындайды, екіншіден әр мәтіннің өзіндік ерекшеліктері ескеріледі» [1], – деп атап көрсетеді.

Көркем шығарма тілі – көркем композицияның элементі. Көркем шығарманы лингвостилистикалық тұрғыдан талдауда негізінен екі нәрсе басты нысанға ілінеді: біріншісі – әдеби тілдің дамуы барысындағы көркем туындының орнын; екіншісі – жеке ақын-жазушылардың сөз мәнерін зерттеу. Талдаудың негізгі міндеті көркем мәтінді зерттеу арқылы оның идеялық және эстетикалық болмысын ашу болып табылады.

«Көркем мәтінді өнер туындысы ретінде зерттегенде таза лингвистикалық әдіс-тәсілдермен шектеліп қалу жеткіліксіз. Себебі көркем туынды, даралық көркем стиль жазушы шығармаларының сөйлем құрылысы ғана емес, әр жазушының шығармаларына тән мазмұн мен түр ерекшеліктері. Көркем әдебиет стилистикасында шығарманың тілін оның идеялық мазмұнынан бөліп алып қарауға болмайды. Бұдан талдаудың лингвистикалық принциптерімен әдіс-тәсілдерін әдебиеттану тұрғысынан талдаумен, соның ұғымдары, категорияларымен, принциптері және әдіс-тәсілдерімен ұштастыру қажеттілігі туады» – дейді ғалым Б. Шалабай [2].

Демек, көркем мәтінді лингвистикалық тұрғыдан талдау – әрбір тілдік құралдың қызметін талдау арқылы олардың мәтіндегі мағынасын ашу, қолданылу мақсатын айқындау. Ақын-жазушы шығармаларының қыр – сырын, көркемдік ізденістерін, тақырыптық – идеялық жақтарын т.б. жан – жақты қарастыратын әдеби талдауларын бүтін «дүниенің» екі жағы десек, олардың әрқайсысын терең зерттеу арқылы ғана бүтіннің табиғатын толық тани аламыз.

Көркем әдебиет қоғамдық өмір қалыптастырған әлеуметтік топтардың қоғамдағы алатын орнын, өзара қарым – қатынастар мен өзіндік ерекшеліктерін көрсетуде бірінші кезекте сол топтардың тіліне тән тілдік элементтерге иек артады. Мұндай тілдік ерекшеліктер көркем шығармада ортақ кәсібі мен тұрған жері, өскен ортасы т.б. жағдайлар біріктірген адамдар тобының әлеуметтік ерекшелігінен хабар беретін стильдік көрсеткіштер болып табылады. Көркем образ жасауға апаратын жолдағы көптеген амал – тәсілдер қатарында адамға тән түрлі мінез ерекшеліктері мен оның қалтарыстарын көрсетуде жазушы үшін үлкен маңызға ие нәрсе – кейіпкер тілін «өзгермеген» қалпында пайдалану. Қоғамдағы өзі кіретін әлеуметтік топпен ортасы атынан сөйлейтін кейіпкер ешқандай әсірелеу, боямасыз – ақ

келбеті мен бітім болмысынан, білімі мен қабілетінен хабар беріп, тіл арқылы орнын айқындайды. Бұдан кейіпкер бейнесін сомдауда тілдік құралдардың қаншалықты маңызды екендігін, сондай-ақ тіл мен әдебиет арасындағы байланысты айқын аңғарамыз. Тілдік ерекшеліктерді туғызудағы негізгі факторлардың бірі шығарма кейіпкерінің қоршаған орта қалыптастырған дүние танымы мен өмірге деген өзіндік көзқарасы, көрген – білгені мен оқып – түйгенінен туған адами позициясы образ жасаудағы жазушы ескеретін бірден – бір жайт болып табылады.

Тіршілік иірімдеріндегі адамдар тағдырын бейнелеп, образдар галереясындағы олардың қайталанбас портреттерін жасау үшін жазушы кейіпкердің жеке басына тән барлық белгіні пайдалануға тырысады. Ол белгілердің қатарына тілдік құралдар да кіреді. Яғни ана сүті, әке өсиетімен даритын ұлттық ерекшеліктерінен бастап, мекен еткен жері мен кәсібіне байланысты тілдік қолданыстар, сондай-ақ, жас ерекшелігі мен әлеуметтік сипатын танытатын білім деңгейі, осы айтылғандарға қатысты сөз саптауындағы тілдік ерекшеліктер назардан тыс қалмайды. Оның сыртында әр адамның сөйлеу мәнеріндегі индивидуалдық ерекшеліктер образ сомдаудағы ең қажетті құралдардың бірі болып табылады.

Мағынасы айқын аңғарылатын, стильдік бояуы бірден көзге түсетін сөз бен сөз тіркесі, сөйлем бірліктері кез келген мәтіндегі қолданыс аясын анықтап, стильдік фон жасауға қатысатын белсенді тілдік құралдар екендігін тану үшін филологиялық талдау жасау қажет. Әр функционалды стильдің өзіндік мағынасы мен бояуы жағынан ажыратылмайтын стильдік қабаты болады. Дыбыстық қабаттан мәтінге дейінгі аралықтағы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдау көркем шығарма тілінің өзіндік ұйысу ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын, көркемдік құралдардың лингвопозитикалық қызметін анықтауға жағдай туғызады. Көркем шығармада фонетикалық құбылыстарда түрлі стильдік мақсатта жұмсалыады. Мысалы, сонар дауыссыздарының түсіріліп айтылуы іс жылдамдығын, қимылдың бірден жүзеге асқандығын білдірсе (боп- болып, со кезде- сол кезде), дыбыс созылыңқылығы кейіпкердің эмоциялы-психологиялық күйін білдіреді.

Е. Жанпейісов сөйлеу тіліндегі сөз тіркесінің әдеби тіл аясындағыдан өзгешелеу, әр түрлі фонетикалық қысқартулар, синтаксистік ауытқуларға ұшырасып отыратындығын авторлық баяндамадан сырт кейіпкерлер тілі, яғни кейіпкерлердің әрқайсысының өзіне тән сөйлеу машығын сақтау қажеттілігімен түсіндіреді [3].

Мысалы, *...Тілінің ащысын ш-ш-шіріктің! – деп Шекер тағыз бірталай жерге апарып тастады* (Ж. А.).

Мысалдағы дыбыс созылыңқылығы *ш* коммуникация кезіндегі сөйлеушінің эмоциясын беруге қызмет еткен.

Дыбыстың стильдік қызметі олардың қайталанып келуінен байқалады. Көбінесе, поэзиялық шығармалар айқын көрінеді. Жалпы, ақындар әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін осы тәсілге жиі сүйенеді.

Мәтінде қайталама құбылысы морфологиялық тұлғалардың бірдей болып келуі арқылы жасалған. Жалпы, бұл тәсіл – сөйлемге стильдік мағына үстейтін тәсіл. Ақын қатарларды түзуге тепе-теңдік үшін, ұйқас үшін жеке сөзді ғана емес құрамының қосымшаларының да біркелкі болып келуін көздеген. Өлең жолдарынан байқайтынымыз, лексикалық қайталамалар стильдік қызмет атқарады, сонымен қатар құрылымдық-композициялық қызмет атқарады. Лексикалық қайталамалар да поэзияда жиі кездеседі. Сол арқылы өлең өрімі оқырманын баурап әкетеді.

Лексикалық қайталама туралы айтар болсақ, өлеңнің ырғақтылығын күшейтіп, берер ойды тереңдетіп, әсерлейтін осы тәсіл болмақ.

Ал прозада қайталаманың бұл түрі мақсатты қолданылса, мәтіннің көркемдігіне тікелей әсер етеді.

Қазақ тілінің стилистикасында жазушы Ғабит Мүсіреповтің алғашқы әңгімелерінің бірі – «Тулаған толқында» кездесетін «қоңыр» сөзінің көршілес бірнеше сөйлемде он жеті рет қолданғанына қарамастан, оқырманын жалықтырмайтыны, қайта әр сөйлемде әр түрлі мағыналық реңкке ие болуы нәтижесінде өте бір орынды жұмсалып, маңызды, стилистикалық қызмет атқаратындығы жақсы талданған [4].

Сөз қолданудың оңтайлы тәсілі ретінде жазушы қайталауларды прозаның шағын түрлерінде ғана емес, көлемді романдарында да жиі пайдаланып отырды. Мысалы, Қазақ солдаттарынан келтірер болсақ, *«Кейбіреулері сеніп қалады, кейбіреулері ығысып қалады, сонымен ол біздің ауылдың «Адырақпайы» болып шықты». «Бейне өз шешемнің отырысы, бейне өз шешемнің айран құйысы, бейне өз шешемнің аяғыштығы». «Салмағымыз да бірдей, өнеріміз де бірдей». «Шекесі шығыңқы домалақ бастар, ұзын шеке сопақ бастар, бүйірі салыңқы ұзын бастар, қыжыр-қыжыр, қыртыс бастар, кере қарыс ойлы маңдайлар, өнерге біткен ашық маңдайлар, өнерсіз, етті қалың маңдайлар екі жыл бойы алдымнан кеткен жоқ»* (Ғ. М.). Қайталауларды қаламгердің прозасындағы өзіндік дәстүрі бар тәсіл деп айтуға болады.

«Дыбыстық қайталамаларды қарастырған еңбектердің басым көпшілігі оларды поэзиялық шығармалар тіліне тән тәсіл ретінде алады. Алайда, дыбыстардың қайталануы көркем прозада да, публицистикада да бар» [5], – дейді ғалым О. Бүркіт.

Қаңқу емес, расы сол: қалаға қатер төндіріп тұрған селдің жолын біржола шабу үшін екі жақтан қаусырмаланып келген екі тауды қысаң жерде тас-талқан етіп қопарып бөгеп тастау керек (С. Ш.). Қ-дыбысының қайталанып келгенін аңғаруымызға болады. Мысалы, *қысаң* сөзінің орнына

тар; қаусырмаланып – жақын, жабысып; қопарып сөзінің орнына *бұзып* т.б. сөздерді беруге болады. Бұл жерде жазушы дыбысты еселей қайталау арқылы шығарма тілін тартымды етіп, ажарландырады. Оқырманға әсерлілігін күшейтеді.

Қайталамалар көркем мәтінде стильдік мақсатта жұмсалып, ойды ажарлап, ойға ектін түсірсе, кейде орынсыз қолданып көркем шығарма мазмұнына нұқсан келтіріп те жатады. Н.Уәлиев: «Сөзді орынсыз қайталау тілдің коммуникациялық қызметін күрт төмендетеді, ойды дәлме-дәл, мазмұнды жеткізуге кедергі болады. Аз сөзбен көп мағына беру принципі бұзылады. Өйткені айтылатын ойға әр сөздің қосар мағыналық, эмоциялық, эстетикалық т.б. информациясы болады. Ал бір рет айтылған сөздің сөйлем сайын мақсатсыз қайталана беруінен текстің информациялық мазмұны кемиді» [6]. Қайталама орынсыз қолданылса онда айтылар ойды жұтаңдатады.

Көркем мәтінді әдеби тіл нормалары қатысы тұрғысынан талдаудың да өзіндік маңызы зор. Көркем мәтінге тән ерекшелік онда түрлі терминдер, ауызекі сөйлеу үлгілері, ғылыми стиль, жалпы барлық стиль түрлерінің мақсатты түрде қолданыла беретіндігінде. «Көркем әдебиеттің стильдік ерекшеліктері жалпы халықтық тілде кездесетін фактілердің барлығын да керегінше қолдана беруден бас тартпайды. Сондықтан көркем әдеби шығармаларда әдеби нормамен қатар ауызекі тіл элементтері де, диалектизмдер мен архаизмдер де, жаңа қолданыстар мен варваризмдер де кездесуі заңды» [3].

Жазушының тіл байлығы жеке сөздердің көптігімен өлшенбейді, керісінше оларды ұтымды қолдану шеберлігімен айқындалады. Нәрсіз сөздер мен орынсыз тіркестер тіл жұтаңдығы мен ой жұтаңдығын туғызады. Өлемдегі қандай халықтың болса да белгілі дәрежеде дамыған сөз өнері бар. Біздің халқымыздың сөз өнері бірнеше ғасырлар бойы дамып жетіле келе, алдымен, жалпыхалықтық тілді байытты. Әр қаламгер мақал-мәтелдерді халық тіліндегі қалпында жұмсаумен қатар, жаңғыртып, өзгерте қолдану арқылы қосымша рең, мағына туғызып, айтар ойды шешендікпен жеткізеді.

Жалпыхалықтық сипаттағы фразеологизмдердің стильдік мақсатта жұмсалыуына келсек, Ж. Аймауытұлы прозасындағы фразеологизмдер кейіпкердің жан – дүниесін, күйзелісін, өкінішін, күйініш-сүйінішін, бір сәттік жан-күйін ашып жеткізуде орасан зор орын алады. Жазушы шығармаларындағы фразеологизмдерді бірнеше топқа топтастыруға болады. Алдымен, адамның ішкі күйін білдіретін фразеологизмдерді алсақ оларға прозада кездесетін *салы суга кету; қабырғамыз қайысады; бүйіріміз сөгіледі; бас терісі аузына түсіп кетіпті* т.б. жатқызуға болады. Жазушы негіз етіп алған қазақтың байырғы ауыз әдебиеті, әрбір оқырман көңілінен шығып, шығарма оқиғасын өзекті де өзгеше ете білген. Фразеологизмдерді

қолдану арқылы автор өзіндік ойын, соның ішінде көңіл-күйін береді және кейіпкердің жан күйзелісін, ашу-ызасын, қорқыныш сезімдерін, қуанышын суреттеу үшін пайдаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Сыздық, Р., Шалабай, Б., Әділова, А.** Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы, 2002. – 179 б.
- 2 **Шалабай, Б.** Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 121 б.
- 3 **Жанпейісов, Е.** Қазақ прозасының тілі. – Алматы, 1968.
- 4 Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 1998. – 383 б.
- 5 **Бүркітов, О.** Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. Филол. ғыл. канд... дисс. автореф. – Алматы, 2001. – 38 б.
- 6 **Уәлиұлы, Н.** Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998.

Материал 20.03.15 баспаға түсті.

Г. Т. Карипжанова¹, Г. Т. Абикенова², Г. К. Абзұлдинова³

Методы лингвостилистического анализа художественного текста

¹Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар;

²Казакский инновационный гуманитарно-юридический университет;

³Павлодарский государственный педагогический институт.

Материал поступил в редакцию 20.03.15.

G. T. Karipzhanova¹, G. T. Abikenova², G. K. Absuldinova³

Methods of linguistic analysis of artistic text

¹S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar;

²Kazakh innovative humanitarian-legal university;

³Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 04.05.15.

В статье определяются аспекты лингвистического анализа художественного текста. Приведены примеры, обосновывающие средства выразительности, которые служат для определения лингвопоэтической функции, пути их образования, анализ языковых единиц стилистической функции через язык художественного произведения для определения особенностей своеобразия компоновки начиная со звукового слоя до текстов.

The aspects of linguistic analysis of artistic text are determined in the article. The examples substantiating the means of expressiveness are made, that serve for determination of the linguopoetical function, the way of their formation, the analysis of language units for stylistic function through the language of artistic work for determination of the composition originality features, from the voice layer to texts.

ӘОЖ 81'34

Д. А. Қарағойшиева¹, С. Б. Бектемірова², Г. Н. Искакова³

¹PhD докторы, ²ф.ғ.к., доцент, ³аға оқытушы, жалпы тіл білі және шетел филологиясы кафедрасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕНІМДЕРІНДЕГІ ТОНАЛДЫ АҚЦЕНТТІҢ ЗЕРТТЕЛУІ (PRAAT ФОНЕТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША)

Мақалада қазақ тіліндегі дайындықсыз жазылған сөйленістердің тоналды ақцентті қарастырылған. Мақала аясында сөйленістердің интонациялық контурларындағы негізгі тонның жиілігіне жасалынған фонетикалық талдау сипатталған. Қазақ тілінің интонациясын зерттеуге алғаш рет сөйлеу сигналдарын өңдеуге, талдауға арналған Praat атты компьютерлік бағдарлама қолданылған. Praat бағдарламасын қолдана отырып, дикторларға дайындықсыз берілген хабарлы сөйленімдері жазылды, хабарлы сөйленімдерінің тоналды ақценттің интервал көлемі, аталмыш тоналды ақценттегі негізгі тон түрлері анықталды. Бұл бағдарламаны сегменттік және суперсегменттік деңгейдегі кез келген тілдердің дыбыстық жүйесін зерттеуге пайдалануға болады.

Кілтті сөздер: тоналды ақцент, интонация, компьютерлік бағдарлама, сөйленім, фонетикалық талдау.

Қазіргі таңда қазақстандық және шетелдік тіл білімінде интонацияның табиғатын анықтауға арналған теориялық материалдар баршылық екені бәрімізге белгілі. Осы құбылысты зерттеу барысында интонацияның кең және тар мағынада қолданыс табылған екі түрлі түсініктемесі анықталды, атап айтсақ, кең (кешенді, көпкомпонентті) мағынада интонация гетерогенді просодикалық құбылыстардың (интонемалардың) комбинациясы ретінде анықталды, яғни әр параметрдің өзіндік бірліктері мен мағыналары бар

(тонемалар, хронемалар, акцентемалар және т.б.) просодикалық құбылыстарға негізгі тон, темп, түйіскен жер типтері, интенсивтілік, ритмикалық құрылымдарды жатқызады. Бұл бағыттың өкілдері: А. А. Абдуазизов, В. А. Артемов, Ш. Атенев, З. М. Базарбаева, И. А. Баймуратова, В. А. Богородицкий, В. А. Васильев, Д. Джоунз, В. Н. Всеволодский-Гернгросс, Ж. К. Калиев, М. Г. Каспарова и Ж. А. Аралбаев, Т. Кеншинбаев, Дж. О'Коннор, Д. Кристал, Б. К. Мурзалина, А. Н. Нурмаханова, А. М. Пешковский, Г. П. Торсуев, Н. У. Туркбенбаев, Ж. М. Утесбаева, А. М. Фазылжанова, Л. К. Цеплитис және т.б.. Тар мағынада, интонация – бұл тек тонемалардан тұратын мелодика, яғни К. Жұбанов, А. Хасенов, Р. Сыздық айтқандай айтылу/ дауыс/сөз сазы және қазіргі кезде жиі пайдаланып жүрген әуен деген атау да осы құбылысқа сай келетінін баса айтпақпыз. Осы пікірді ұстанған ғалымдар мыналар: С. Аманжолов, Л. Армстронг, А. Байтурсынов, М. Балакаев, Н. А. Баскаков, Д. Болинджер, К. Жубанов, А. Жунисбек, С. К. Кенесбаев, С. В. Кодзасов, М. И. Матусевич, К. Пайк, Г. Е. Палмер, С. Оде, И. Уорд, Л. В. Щерба және т.б..

Шетелдік еңбектерде интонацияны сипаттаудың басқа да жолдары бар. Интонация практикалық емес құбылыс ретінде танылып, оның компоненттері ретінде тек интенсивтілік, ұзақтылық және тембрді ғана жатқызған. Осындай мектептердің бірі Голланд мектебі, яғни интонацияны *сөйлеу әуені* (тоналды акцент) ретінде анықтайды [1, б. 9; 2, б. 218] және осы құбылысты сипаттауда жиі эксперименталды әдісті жүзеге асыру үшін компьютерлі бағдарламаларды қолдана отырып зерттеуде. Әуен немесе мелодика интонацияның ең маңызды компоненті ретінде танылған, себебі сөйленімнің әуендік безендірілуіндегі әртүрлілігі оның қабылдауы мен интерпретациясын анықтайды: сөйлеуші коммуникативті маңызды мәліметті жеткізу үшін сөйленімдегі керек фрагменттерді (сөздерді, синтагмаларды) бөліп көрсетеді, мысалы, тон жоғарылығын көтерілу немесе түсіру арқылы *тоналды акцентті* жүзеге асырады.

Бірінші болып *тональный акцент* терминін Д. Болинджер қолданды, сонымен тоналды акцент дегеніміз: «Егер буындағы акцент тон жоғарылығы арқылы жүзеге асса, онда тон жоғарылығы екі қызмет атқарады. Біріншіден, ол осы буындағы акцент туралы белгі береді. Екіншіден, оның жоғары, төмен немесе оның бағыттарының деңгейі әуен жасайды. Осы контурдың қозғалысы белгілі бір әуенді жүзеге асырады. С. Оде, Д. Болинджердің тоналды акцентін қарастыра отырып, мынаған зер салған: «Тоналды акценттің жүзеге асуы тек айналасындағы сөздердің ішіндегі белгілі бір маңызды сөзді бөліп көрсету ғана емес, сонымен қатар сөйлеу әуенін де жүзеге асырумен де көрінеді» [3].

С. Оде бойынша, «интонация – бұл сөйлеу ағымындағы тон жоғарылығының өзгерісі. Тон жоғарылығының вариациясы – бұл тон қозғалысы, жоғары, төмен, түзу, тон жоғарлығы диапазонындағы жоғарыға

немесе төменге секіріс, сондай да басқа тонның қолғалыстары да көрініс тапқан. Тонның белгілі бір қимылы немесе тонның конфигурациясы сөздегі буын *перцептивті проминенттілікке* ие болады. Егер проминенттілік тон жағырылығы арқылы жүзеге асырылса, онда осы буын сөз екпіні бар тоналды акцентке ие болады. Сонымен айналадағы сөздермен салыстырғанда сөз *тоналды акцент* арқылы ерекше бөлініп көрсетіліп, үлкен проминенттілікке ие болады. Сөйлеуші белгілі бір сөздерде тоналды акцентті жүзеге асырып, тыңдаушыға сөздегі маңызды мәлімет ұстанған сөз туралы хабарлайды, сөздің басқа сөздермен байланысын, көңіл-күйді білдіретін сөздерді көрсетеді. Бұл қызметті тек тоналды акцент атқарады деп айта алмаймыз. Сонымен бірге басқа да просодикалық параметрлер, мысалы, интенсивтілік немесе дауыстың ұзақтылығы, сөйлеу қарқынындағы вариация мен ритмика сөзге немесе сөздер тобына проминенттілік бере алады» [4, б. 210], [5; 6].

Қазақ тілінің интонациясын зерттеуге алғаш рет сөйлеу сигналдарын өңдеуге және талдауға арналған *Praat, Doing phonetics by computer* атты компьютерлік бағдарлама қолданыс тапты. Praat бағдарламасын қолдана отырып, дикторларға алдын ала дайындалып берілген қазақ тілінің хабарлы сөйленімдері жазылды, қазақ тілінің хабарлы сөйленімдерінің интонациясы фонетикалық әдіс арқылы зерттелді. Бұл бағдарламаны сегменттік және суперсегменттік деңгейдегі кез келген тілдердің дыбыстық жүйесін зерттеуге пайдалануға болады. Сонымен қатар, осы бағдарлама көмегімен диссертациялық зерттеу негізінде дайындалған және дайындықсыз жазылған қазақ тілінің интонациялық бірлігін сипаттауға тырысты [7].

Амстердам университетінің Фонетика институтының қызметкерлері Paul Boersma и David Weenink (2006) өңдеп, ойлап тапқан. Praat бағдарламасының ыңғайлылығы ең соңғы нұсқасын интернеттен сақтап алу мүмкіндігі болып табылады (Нидерланды; www.fon.hum.uva.nl/praat). Praat бағдарламасының беретін мүмкіндіктері мынадай:

- **Praat** – сөйлеу сигналын зерттеуге, өлшеуге, модификациялауға және өңдеуге арналған, ол сонымен бірге кез келген табиғи тілдің тон жоғарылығын өлшеуге және интонациясын зерттеуге мүмкіндік береді.
- **Praat** бағдарламасын Интернеттен *тегін* сақтап алуға болады.
- **Praat** бағдарламасы компьютердің *кез келген түрінде* жұмыс істейді.
- **Praat** бағдарламасын *ғылыми мақсатта және оқу үдерісінде* пайдалануға болады.

Тоналды акценттердің формасын сипаттау үшін тон жоғарылығы өлшеніп, акценттелген фрагментте көрініс тапқан тон қимылының ең жоғарғы және ең төменгі нүктесі арасындағы аралық көлемі анықталды. Осылай тоналды акцент бір немесе бірнеше тон қимылынан тұратындығы айқындалды.

Аралық (интервал) арақашықтығының логарифмдік шәкілдегі бірлігі ретінде «полутон» алынды (ағылшын. *semitone*, қысқартылғаны ST). Тон қозғалысы герц арқылы өлшенді; аралық көлемі полутон арқылы өлшемін тапты, себебі адамзаттың есту қабілеті тон жоғарылығын сызықты шәкілде емес, логарифмдік шәкілде қабылданады.

Сонымен, біз мелодикалық аралық арасындағы арақашықтықты полутон арқылы сипаттап, логарифмдік шәкілдегі *Praat* бағдарламасының көмегімен контурлардың суреттерін саламыз.

Әр түрлі регистрлі дикторлардың аралығын салыстыру аралықты өлшеуге арналған полутон арқылы өлшенген өлшемдер сипаттауды жеңілдетеді. Мысалы, аралық қабылдау көлемі 12 полутонға тең әйел регистрі 12 полутонға тең еркек регистріне сәйкес келеді. Ал аралық қабылдауы әйел регистріндегі (мысалы, 200-ден 300-ке дейін гц) 100 гц тең еркек регистріндегі (мысалы, 100-ден 200-ке дейін гц) аралық көлеміне сәйкес келмейді (әр түрлі шәкіл сипаттау тәжірибесінен қараңыз. Оде, [5]).


Сонымен әр сөйленімге буын арасындағы арақашықтықты көрнекі көрсететін мәтінді суреттер жасалынған. Барлық сөйленімдердің мәтіндері суретке енгізілген, сондықтан әр суреттегі интонациялық контурлардың әр сөйленім сегментінің орнын анық көруге болады (қараңыз. Төмендегі суреттер).

Сонымен, аталмыш бағдарлама арқылы жазылған қазақ тіліндегі хабарлы сөйленімдердің талдауын бағдарлай аласыздар. Бұл зерттеудің мақсаты – жазылған сөйленімдердегі тоналды акценттің орнын, қызметін анықтап, адресат пен адресант арасында атқарып тұрған қызметін сипаттау болып табылады.

Хабарлы сөйленімдердің кезекті талқылауына назар аударайық.

1. Нәжіммен	бірге	Сәлім	келді.
nāzhimmen	birge	sālīm	keldī
с Нажимом	вместе	Салим	пришел

Вместе с Нажимом пришел Салим.





1 сурет. Еркек адам айтылымындағы *Нәжіммен бірге Сәлім келді* хабарлы сөйленімі. (D6-41) еркек дауысымен айтылған хабарлы сөйленім. Жоғарғы сурет сөйленімнің осциллограммасы. Тік сызықтар буындар арасындағы шекараларды көрсетіп тұр. Төменгі суреттегі көлденеңнен уақыт секундпен, ал тігінен логарифмдік шәкілдегі негізгі тон жиілігі герц арқылы берілген.

D6 *Нә-жім-мен* деген сөздің соңғы буынында өрлімелі тоналды акцентті жүзеге асырды. D6 үшін *Нәжіммен бірге Сәлім* келгені маңызды.

– *Мен* буынындағы интервал жоғарылауының 155 гц-тен 201 гц-ке тең; полутонмен алғанда екі нүкте арасындағы аралық өлшемі – 5ST. Осы мысалдар өрлімелі тоналды акцент хабарлы сөйленім басынын орын алып, ал сөйленімнің өзі тқмен түсетін немесе түзу тон жоғарылығымен аяқталатынын көрсетіп тұр.

2. Нәжім	мен	Сәлім	келді.
nāzhīm	men	sālīm	keldī
Нажим	и	Салим	пришли

Нажим и Салим пришли.



М. К. Мамбетова, А. М. Бисенбай

Роль современных наименований автозапчастей в словарном запасе

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 15.05.15.

М. К. Mambetova, A. M. Bissenbay

The role of modern names of autoparts in lexical resource

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.
Material received on 15.05.15.

В настоящей статье рассматривается использование наименований автозапчастей в сегодняшнее время.

In the article the usage of autoparts names nowadays is considered.

ӘОЖ 82.0.122

Р. М. Муталиева¹, М. С. Оразбек²

¹ф.ғ.к., профессор, қазақ филологиясы кафедрасы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.; ²ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Ғ. МҰСТАФИННИҢ «ҚАРАҒАНДЫ» РОМАНЫНА БҮГІНГІ КӨЗҚАРАС

Мақалада «Қарағанды» романындағы кейбір мәселелер бүгінгі көзқараспен қарастырылады.

Кілтті сөздер: «Қарағанды» романы, көзқарас, шығармашылық, қазақ әдебиеті, халық жауы, колхоз, совхоз, таптық саясат.

Ғ. Мұстафин шығармашылығы аз зерттелген жоқ, ол туралы С.Қирабаев, А. Нұрқатов, М. Қараевтар арнайы зерттеулер жазды. Атымов, Хасенов, Бердібаев, Сахариевтер еңбектерінде де қарастырылды.

С. Қирабаев «Қарағанды» романы туралы былай деді: «Кенес әдебиетінде партия басшысы мен халықтар достығын бейнелейтін мұндай кейіпкерлер кезінде штампқа айналып та кетіп еді, бұл жағдайдан Ғабиден де бұлтара алған жоқ. Соның өзінде жазушы Мейрам мен Щербаков бейнесін схемалық күйден жанды адамға, өмірінің қуанышы мен реніші араласа жүретін, халықпен қарым - қатынаста қарапайым, пендешілік мінездерден құр емес, нақты адамға айналдырып көрсете алды. Романдағы тартысты, өндірісті өркендетудің қиындықтарын «халық жауларының» мойнына аудару сияқты жасандылықтың ізі де романда кездесті. Бұл, өрине, сол дәуірдің ұғымынан туған» [1, 94].

Демек, жазушының негізгі кейіпкерлер жасауда схематизмге ұрынбауы шығарма құндылығын арттырады десек, «халық жауларын» бейнелеудегі жасандылықтан да ұтылып тұрған жоқ. Себебі, «халық жауы» Бейсек сөздерінен сол кездегі таптық саясатты, отарлаудың қандай жағдайда екенін аңғарамыз: «Бұл қазақтың бар байлығы жер мен мал еді. Қырда колхоз, совхоз, ойда қала мен завод жұтып жатыр бөрін. Ұлттық нысана дегеннен ең ақыры бастағы тымақ та қалмай барады. Осы күннің салқынын ерте-ақ сеземіз. Алауыз қазақ ақыры ұстап берді өзімізді» [2,156].

Жазушы өзі ашық айта алмаған шындығын сол кез үшін ұнамсыз Бейсекке айтқызып. Қала салынып, қазақ жерінде прогресс болып жатқанымен, ұлттық нысана дегеннен жұрдай болып барамыз деген қынжылуы, қазақ халқының болашағына, тағдырына алаңдауы байқалады. «Халық жауы» деген Бейсектің өзі «Алаштың» бірінші көсемімен қолтықтасып суретке түскенін де жазушы оқиға желісіне оңтайлы кірістірген. Сонда Бейсек «Алашпен» байланыста болса, бүгінгі көзқараспен қарағанда, Алаш көсемдері де, онымен қатысы барлар да дұрыс бағаларын әлдеқашан алды.

Романдағы ұнамсыз деген кейіпкерлер туралы белгілі сыншы М. Қаратаев та кеңес дәуірінің өзінде-ақ былай деген екен: «Партия қызметкерлерінің образы бұған дейін өзінің сәтті шешімін таба алмай келген актуальды проблема болатын, Ғабиденнің бұл бағытқа да батыл қадам жасағаны даусыз. Жалпы, ұнамды образ проблемасы бойынша бұл жазушының үлесі айтарлықтай бар. Ал, бірақ ондағы «ұнамсыз образ» жөнінде мұны айту қиын. Неге десеңіз, дәл сол кезең үстінде тап дұшпаны етіп көрсеткендері Рымбек, Жаппар, әсіресе, оның ішіндегі Әлібектің зиянды әрекеттері. Және оның өз қызы Ардақпен қарама-қарсы арақатынасы сол тұста аз уақыт бой көрсеткен бір жақты ұғымның схемасынан алыс емес сияқты» [3, 274].

Ұнамсыз образдар сол кездегі идеология жемісі болғанымен, көркем шығарма түгіл, өмірдің өзінде талай зиялы адам «халық жауы» деген атпен репрессия құрбаны болды. Бір жағынан, «ұнамсыз кейіп-керлер» шындықты айтудың тәсілі болды. Жоғарыдағы Бейсек сөзін айтуға ол кезде мүмкіндік болмады.

Шындықты айту туралы З. Қабдолов Мұстафинге қатысты бір жайтты келтіреді. Мәскеудегі партия съезінен оралған Ғ. Мұстафин Қазақстан жазушыларының басшысы ретінде есеп бергенде былай депті: «Шындықты айтар күн туды. «Шығанақта» елдегі жоқшылықты көрсетіп едім, кеңес құрылысына жала жаптың деп сынады. «Қарағандыда» Сойдактістің қабырғада ілулі тұрған Сталин портретіне қарай жұдырығын түйіп, тісін қайрағанын жазсам, жау жағына шықтың, «жауға мінбер бердің» деп жазғырды шолақ белсенділер. Қазір жағдай басқа. Ащы да болса ақиқатты айтуымыз керек. Мәселен, орыс мәселесі. Қазақта не жақсылық болса, бәрі орыстан дейміз. Қазан төңкерісіне дейін мал едік, орыс адам етті, қиракезік құрып бара жатыр едік, Қазан қайта туғызды, орыс тәжірибесі мен тәрбиесінің бәрі дұрыс дейміз. Жә, орыстан ештеңе қызғанбай-ақ қойдық. Бірақ ең болмаса мынаны ойламасақ бола ма? Қазаннан бұрын қазақ арақ дегеннің, маскүнемдік дегеннің не екенін білмеуші еді, осы індет орыстан жұққан жоқ па? Қазір орыстан асқан маскүнем қазақ болды. Ең жеңілі осыны айтсақ та, ұлтшыл болып шыға келеміз. «Бастаушымыз партия» дегізіп қойған партократтарымыз енді өзімізге өзімізді айдап салып, өз ішіміздегі «ұлтшылдықпен» күрестірді. Сөйтіп, ұлтымызды, ұлттық қасиетімізді

ұмытттырды. Енді кайтеміз! Бұрын ұлтшылдықпен күресіп едік, енді ұлтсыздықпен күресеміз бе?» [4, 118].

Жазушының осы сөздерінде кеңес үкіметі туралы бар шындық айтылған. Сонда Бейсектің сөзі жазушының өз ойы екендігіне енді күмән келтіре алмаймыз. Бейсек айтқан «ұлттық нысана дегеннен ең ақыры бастағы тымақ та қалмай барады» деген сөз бен жоғарыдағы жазушының «ұлттық қасиетімізді ұмытттырды» деген сөздері бірдей.

Қазаққа арақты үйреткен басқа ұлт екенін Ғ. Мүсірепов те «Оянған өлкеде» Байжан бейнесі арқылы көрсеткен. Қазақ жұмысшылары арақты ішпей отырғанда ең алғаш тартып жіберген Байжан емес пе еді? Мұстафиннің замандасы Мүсірепов мұны жайдан жай келтірмеген. Мұстафиннің жиылыста айтқанын ол шығармасында айтқан.

Ғ. Мұстафиннің жаңағы айтқан сөздерінен кейін жеті қазақ қол қойып, Мәскеуге арыз жазып, Мәскеу партократиясынан жеті кісі комиссия келіп, Ғабиден Мұстафинді жеті ай тексеріпті. Бірақ Мұстафин қыңырайып жатып алыпты.

Ал енді «Қарағанды» романында бүгінгі күнде де атап айтарлықтай маңызды мәселелер бар. Мысалы, ел басқарушылардың қазақ ұлтынан болуы. Жазушының «қазақты қазақ басқарса, жағдайы түзеледі» деген ұсынысы байқалады. Екінші, ұлттық кадр мәселесіне мән берген. Бұл М. Әуезовтің «Өскен өркен», З. Шашкиннің «Теміртау» романдарында да кездеседі. Мейрамның мына сөзін алайық: «Сіздің қарауыңызда үш мыңға жуық жұмысшы бар. Қазағы үш жүзге жетпейді, қалаушы, токарь, маляр сияқты маман қазағыңыз үшеуге де жетпейді. Партияның ұлт саясаты дегенін, ұлт кадрларын дайындауды ұмытқансыз ба?» [2, 206].

Бұл сөз де Ғ. Мұстафиннің авторлық позициясы екендігі аңғарылады.

Үшінші, тіл мәселесі. Басқа ұлттың алдында екі қазақтың орысша сөйлесуіне мысал келтірелік: «Щербаковты сырт қалдырып, қазақша сөйлесіп кетуді лайықсыз көрді білем, екеуі орыс тілінде сөйлесті. Ардақтың орысшасы тіпті жатық екен, Мейрам қатты сүйсінді [2, 100]. Бірақ осындай жағдайға жазушының іші сүйсініп тұрмағаны белгілі. Жазушы екі қазақтың орысша сөйлескенін үлгі тұтқандықтан емес, қынжылғандықтан айтқан секілді. Бұл мәселе қазір де өзгерген жоқ.

Кезіндегі таптық саясаттың салдары былай келтірілген: «Ел ішінде «бай-кулактан» жексұрын сөз жоқ. Біреуді біреу жамандаса, ата-бабасынан болса да бір жуанды табуға, таба алмаса соның құйыршығы етуге тырысады. Біреуді біреу мактаса, қалайда жұмысшы, кедеймен жағыстырады. Адамның өзінен бұрын тегіне қарайтын шақ. Тап тартысы қалдырған бұл салт асқақ махаббатқа да бір тосқын еді» [2, 183]. Бұл үзіндіден де кезіндегі заман шындығын көреміз. Талай ақын-жазушы, ғалымдардың, жалпы зиялы қауымның басы тегіне қарай саудаға түскенін, бай баласы болса, қуғынға ұшырағанын білеміз.

Қорыта айтқанда, жазушы өзін күйзелтіп жүрген мәселелерді бір жағынан ұнамсыз кейіпкерлерге айтқызып және басты кейіпкерлер арқылы да жеткізген екен. Сондықтан бұл шығарманы бірыңғай кеңестік идеологиямен жазылған, бүгінгі күнге жарамсыз деп айта алмаймыз, қайта романнан кезіндегі қоғам шындығын көре аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қирабаев, С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті / С. Қирабаев. – Алматы : Білім, 1998. – 224 б. – ISBN 5-7667-2314-8
- 2 Мұстафин, Ғ. Қарағанды / Ғ. Мұстафин. – Астана : Елорда, 2003. – 400 б. – ISBN 9965-06-328-1
- 3 Қаратаев, М. Изденіс іздері / М. Қаратаев. – Алматы : Жазушы, 1984. – 376 б.
- 4 Қабдолов, З. Көзқарас / З.Қабдолов. – Алматы : Рауан, 1996. – 254 б.

Материал 02.06.15 баспаға түсті.

R. M. Mutalyeva¹, M. S. Orazbek²

Современный взгляд на роман Г. Мустафина «Караганда»

¹Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар;

²Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 02.06.15.

R. M. Mutalyeva¹, M. S. Orazbek²

The modern view to the novel of G. Mustafin «Karaganda»

¹S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar;

²L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 02.06.15.

В статье излагается современный взгляд на некоторые события в романе «Караганда».

The article analyzes the modern view on the several cases in the novel «Karaganda».

ӨОЖ 82.0.122

P. M. Mutalyeva¹, M. S. Orazbek²

¹ф.ғ.к., профессор, қазақ филологиясы кафедрасы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.; ²ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ «КҮНІКЕЙДІҢ ЖАЗЫҒЫ» ПОВЕСІНІҢ ШЕШІМІ ТУРАЛЫ

Мақалада Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесіндегі Күнікейдің тағдыры туралы әр түрлі пікірлерге талдау жасалып, автордың өз тұжырымы ұсынылады.

Кілтті сөздер: Ж. Аймауытов, «Күнікейдің жазығы», повесть, салт, жан жарасы, тән жарасы.

Ж. Аймауытовтың шығармашылығы соңғы жылдары С. Қирабаев, Р. Нұрғали, Д. Ысқақов, Б. Майтанов, Р. Сағынбекұлы, А. Зейнуллина, Қ. Ергөбек зерттеулеріне өзек болды. Әсіресе, жазушының «Ақбілек», «Қартқожа» романдары біршама қарастырылды.

Біздің сөз етпегіміз – «Күнікейдің жазығы» повесіндегі Күнікейдің күйеуінің кім екендігі. Повесті зерттегендердің еңбектерін қарап шықсақ, Қ. Ергөбектен басқалары бірауыздан «Күнікей Байманмен қашып кетіп, бәрібір бақытты бола алмады» деген тұжырым жасайды.

Мысалы, С. Қирабаев: «Күнікейдің осы ортадан таза, өзінің басын, адамдық арын қорғап шығып, Байманға қосылуы, онымен ұзатылған жерінен қашып кетуі – қазақ қызының өз теңдігін қорғаудағы үлкен жеңісі» [1, 15].

Р. Сағынбекұлы: «Сөйтсек, Күнікейдің жазығы, жан-жарасының емі – Байман есімді сегіз қырлы, бір сырлы жігіт екен. Біз мұны шығарма соңында екі жастың табысуынан, қос жүректердің жарасты қуаныш, қауышуларынан көреміз» [2, 46].

А. Зейнуллина: «Міне, Күнікей жеңісі де, Күнікей жазығы да осы жерден басталады. Жеңісі – ата-баба салтын бұзып, сүйгенімен қашу болса, жазығы – басына түскен тағдыр тәлкегі – ауырып төсек тартуы, еш пендеге керек болмай, тіпті, сүйгені Байманның да қашқақтауы, жан жарасы мен тән жарасының ұласуы болады» [3, 77].

Қ. Ергөбек: «Күнікей Тұяқ босағасын аттады ма? Әлде Байманмен кетті ме? (Академик Серік Қирабаев осы жорамалды қолдайды. Қ. Е.). Тұяққа емес, Байманға тисе, көңілі қалап тиген адамы, онда Күнікей трагедиясы тумаса керек еді. Байманмен біржолата кетіп қалса, онда шығарма неге «Күнікейдің жазығы» аталады. Сүйгенімен, сүйіскен жанымен кетті емес пе?! Жазушы осы бір сәтті жұмбақ қалдырған» [4, 338].

Ал повесті бажайлай оқып шықсақ, Күнікейдің Тұяққа тигеніне көз жеткіземіз. Мысалы, шығарма басында Күнікейдің нашар халде жатуы суреттелгенде, оның күйеуі қайда деген сұраққа жазушы былай жауап береді: «Жалғыз перзент демесең, аулы да бар он шақты үй, байы да бар соқталдай, бауыры да бар байының – немерелес әмеңгер. Ауылды қойшы, ауыл ғой, жайшылықта бауыр ғой. Байы қайда Күнікейдің? Қосағы бүйтіп жатқанда, қолының ұшын бір бермей, жанына жақын бір келмей?»

Келмек тұрып сұңқа адым, жұлық жамап қаңғып жүр, қатқан бар деп қай үйде – көкше түтін андып жүр, жамауменен жан сақтап, қара басын камдап жүр», – дейді [1, 5].

Осындағы «жұлық жамап қаңғып жүр», «жамауменен жан сақтап» деген сөздер етікші Тұяққа қатысты, соның кәсібін білдіретін сөздер. Байманның жұлық, жамау жамайтын өнері жоқ еді. Және ол «қатқан бар деп қай үйде, көкше түтін андып» жүретін жігіт емес еді. Тағы да мына сөзге назар аударайық: «бауыры да бар байының – немерелес әмеңгер». Байманды жазушы кемпір-шалдың жалғыз баласы деп таныстырған. Оның немерелес інісі болған жоқ. Байман Тұяқтың туыс інісі деп айтқан болатын. Жазушы жоғарыда аттарын атамаса да ауырып жатқан Күнікейдің күйеуі Байман емес, Тұяқ екені аңғарылып тұр.

Енді Күнікей мен Байман арасында жасалған серт туралы, Күнікейдің Тұяққа ұзатылған түні Байманға қашып барудағы мақсатына рет-ретімен тоқталайық.

С. Қирабаев айтып отырған ортадан Күнікейдің өз басын, арын қорғап шыққаны рас. Күнікейдің ортасы – Мұсатай, Мәжікен, Қасым деген үйлі-баранды бай балалары, сонда да «жігітшіліктері» қалмаған, төуір қыз көрсе, өзімізге тиесілі сыбаға деп ойлайтын жігіттер. Олар әдеп сақтап та жатпайды, Қасым деген біреуі Күнікейді зорламақ болғанда, қыз оның бетін тырнап, құтылып кеткен болатын. Бұл жігіттер Байман мен Күнікейді андып, Байманмен өшігіп алған болатын. Және олар Күнікейге «Бізден құтылып, басқамен байланыссаң, оңдыртпаймыз» деп сес көрсетеді. Бәрінің мақсаты – Күнікей Тұяққа тигенше қызды қызықтап қалу, өз ұғымдарынша, «бозбала боп ойнап қалу».

Күнікей ортасындағы тағы бір адам – жеңгесі Бәден. Ол Күнікейге былай «ақыл» айтады: – Еркежан, мен десең көн. Одан артық патшаның баласы керек пе? Құдайға шүкір, жас емессің. Сендей күнімізде біз талай қызықты көргенбіз. Дүниеде бозбала құшқаннан қызық не бар дейсің? Сен оның дәмін өлі татқан жоқсың, білмейсің, – деп, қайдағы жоқты айтып қызықтырып азғырған» [1, 23]. Бәден Күнікейді Мәжікенге ыңғайлап жүр.

Күнікейдің ортасындағы ең басты адам – өз шешесі Шекер. Осы Шекер сұлу Күнікейді неге сонша қор етіп Тұяққа бермек болды екен деген сұрақ туады. Басқа шығармаларда көбіне қыздарын әкелері бақытсыз ететін болса,

мұнда керісінше шешесі қызын Тұяққа баруға көндіреді. «Бірақ Шекер шеше болам деп бекер арам тер болды. Баланы іспен емес, сөзбен, үлгімен емес, ақылмен үйретпекші адам сорлы ғой. Шекер өзіне «Құдай жұқтырмағанды» қызына оқыды. Қызы көргенін тоқыды. «Бозбаламен өзі неге ойнайды?» деген сұрау Күнікейдің ойына ерте бекіді» [1, 6].

Міне, бір жағынан шешесінің көрсеткен үлгісі, бір жағынан Бәден жеңгесінің «өсиеті» – бәрі Күнікейді тығырыққа тірейді. Ол шешесінен көргенін істемек емес, Бәденнің де азғырғанына ермек емес және аулының «серілерінің» де қолжаулығы болуға көнбек емес. Тұяққа да адал боп баруға ниеті жоқ. Бұл жерде Тұяқты ескеріп, Күнікейдің болашақ күйеуі-ау деп есепке кіргізіп жатқан ешкім жоқ. Ал Күнікейдің өз шешімі мынаған тіреледі: «Бозбаламен неткен... қандай болады екен?» деп, бір ауық әуес қылады. Біресе күйеуін де есіне алады, бірақ о жағына келгенде аяғына боқ басып алған кісіше жеркенді. «Оған сақтағанша, итке тастасам болмай ма? Оған қара басым да көп» дегендей қылады» [1, 24].

Сонымен Күнікейдің алдынан бір жол ашылады. Ол – Байман. Бірақ Байман Күнікейге «Саған үйленемін, сені алып қашамын» деген сөздерді айтпайды.

Байман мен Күнікейдің жарасты қуанышы, табысуы дегеніміз өмірлік емес. Байман Күнікейге:

– Кеше мен сені жақсы көріп кеттім ғой, оны білдің бе? – деді.

– Сүйттіңіз бе?

– Сүйттім...сенше?

– Мен бе? Білмеймін... – деп Күнікей тұқырып, мырс етті.

– Білмесең, түнде кетіп бара жатып неге сүйіп алдың?

– Кісі қайнысын сүймей ме?

– Жарайды... сүйсең, шын сүй... Кешегің шын ба?

– Шын болса, қайтер едіңіз?

– Шын болса, сені: «Жаным, күнім» деп жүрер ем... Сенің жолыңда басымды берер ем, – деп, Байман белінен қысып, бетінен сүйді.

– Көптің бірі боп кетпесем... – деп, Күнікей көп қарады. Байман «болмассың» деп уәде берді. Біраздан кейін «қашан, қайда жолығамызға» келді. Күнікей:

– Қоя тұрыңыз, мен әлі жаспын ғой, – десе де, Байман:

– Сүйгенің шын болса, несиеге қаратпа – деді [1, 54].

Осы диалогта Байман Күнікейге «сүйгенің рас болса, мендік бол», «көптің бірі болмайсың, жаным-күнім деп жүрер ем» дегеннен аса алмай тұр. Ол ағасы Тұяққа «қиянат» жасап, жеңгесін алып қашайын деп жүрген жоқ. Байманның қолқасы да Мәжікен, Қасымдардікіндей. Тек Күнікейдің оған келісіп тұрғаны – оны ұнатып қалғандығы, Байманның ауыл жігіттері мен Тұяқтан артық болып тұрғаны.

Күнікейдің Байманға келісуінен басқа жолы жоқ. Шығарма соңында Күнікей Тұяқты күттіріп қойып кетіп қалғанда Байман былай қарсы алады:

– Серт пе?

– Серт!

– Жүр, ендеше, былайырақ! – деп, Күнікейді шапанына тығып, қысып алып кетті.

Әнеугіден бері Күнікейдің күткені, көнгені осы серт, осы үміт еді. Қыбыртаған жаман-жұман бозбаланың да, қиқандаған кейқуат Тұяқтың да аузын аппақ қылып, қараңғы түнде қапысын тауып, ал-бырт Күнікей асыл қазынасымен ер жігіттің қолына тиді...» [1, 67].

Егер Байман қызды алып қашуға келген болса, оның аты қайда? Алып қашатын адам «жүр, ендеше, былайырақ» демейді ғой. Онысы – тасалау жерге барайық дегені. Оның үстіне «Күнікейдің күткені, көнгені осы серт, осы үміт еді» деген сөздерге назар аударсақ, «көнгені» дегеннің өзінен көп нәрсе аңғаруға болады. Ол Тұяққа тиюге көнді, Байманға асыл қазынасын беруге келісті. Егер қыз бен жігіт қашатын болса, жазушы «көнгені» деген сөзді қолданбас еді.

Сонда Күнікейдің жазығы – Байманды сүйіп, оған қазынасын беруі, Тұяққа адал болмай баруы.

«Оған сақтағанша, итке тастасам болмай ма? Оған қара басым да көп» деп, Күнікей шығарма соңында болған оқиғаны алдын-ала шешіп қойған. Күнікейдің бұл әрекетін Қ. Ерғөбек «ХХ ғасыр басында жасаған қазақ қызына тән емес, тән болмағандықтан, типтік емес құбылыс» – деп түйіндейді [4, 339].

Сонымен, жоғарыда келтірілген дәлелдерге сүйене отырып қорытарымыз – Күнікей Байманмен қашып кеткен жоқ, Тұяққа ұзатылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Аймауытов, Ж.** Алты томдық шығармалар жинағы/Ж. Аймауытов. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – 384 б. – ISBN 978-601-7317-58-4

2 **Сағынбекұлы, Р. Жүсіпбек / Р. Сағынбекұлы.** – Алматы : Санат, 1997. – 224 б. – ISBN 5-7090-0278-х

3 **Зейнуллина, А. Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылық шеберлігі / А. Зейнуллина.** – Павлодар : С. Торайғыров ат. ПМУ, 2002. – 111 б. – ISBN 9965539227

4 **Ерғөбек, Қ.** Қарасөз / Қ. Ерғөбек – Алматы : Ел-Шежіре, 2013. – 600 б. – ISBN 978-601-7317-38-6

Материал 02.06.15 баспаға түсті.

Р. М. Муталиева¹, М. С. Оразбек²

О развязке в повести Ж. Аймауытова «Проступок Күнікей»

¹Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар;

²Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 02.06.15.

R. M. Mutalyeva¹, M. S. Orazbek²

About the roundabout in the story of Zh. Aymaulytov «Misdemeanor of Kunikey»

¹S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar;

²L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 02.06.15.

В статье анализируются различные мнения, касающиеся судьбы Күнікей в повести Ж. Аймауытова «Проступок Күнікей», и предлагается собственная концепция автора.

The article analyzes the various opinions concerning the fate of Kunikey in Zh. Aymaulytov's story «A misdemeanor of Kunikey», and offers his own ideas of the author.

Ә. Н. Насыритдинова

ф.ғ.к., аға оқытушы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

**ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ СӨЗ
ТАПТАРЫНЫҢ ОРНЫ**

Қоғамдағы ғылым мен техниканың дамуы бір орында тұрмай, үнемі қозғалыста болатыны анық. Ендеше ғылымда кез келген жаңалық өзімен бірге сол жаңалыққа қатысты терминдер топтамасын дүниеге әкелетіні сөзсіз. Сондықтан да кез келген ғылымның белгілі бір тілде дамуының бір көрсеткіші сол тілде аталған сала терминдерінің жасалу деңгейі болмақ. Әдеби тіл стильдерінің бірі болып табылатын ғылым тілін қалыптастыруға негіз болатын термин сөздер туралы зерттеу еңбектерінде аз айтылып жүрген жоқ. Осы бағытта жазылған мақалада қазақ тілінің техникалық терминжасамындағы сөз таптарының орны сөз болады. Автор сөз таптарының техникалық терминдерді жасауға қатысуын саралап, олардың өзіндік үлесін анықтайды.

Кілтті сөздер: термин, техникалық терминжасам, сөз таптары, терминология, терминдену.

Термин қалыптастырудың бір жолы – жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі десек, сөздердің терминденуін сөз таптары тұрғысынан қарастырудың маңызы зор. Сөз таптарының терминденуі жөнінде тілші ғалымдар бұған дейін де сөз еткен, алайда олардың бұл бағыттағы пікірлері бір арнаға тоғыса бермейді.

XX ғасырдың 30-жылдарында Г. О. Винокуров терминдер тек зат есімнен жасалады, басқа сөз таптары зат есім негізіндегі сөз тіркестері қатарында ғана келеді деген пікір ұсынады. Ғалым техникалық терминдер қатарында көптеген етістіктер кездескенімен, олар терминологияға заттану арқылы енеді деп ой қорытады [1, 14]. Бұл көзқарасты қолдаған ғалымдар бұл пікірді сын есім, үстеуге қатысты да қолданды.

А. А. Реформатский болса, Г. О. Винокуровтың идеясын қолдап, зат есіммен бірге етістік, сын есім, үстеулер де терин бола алатынын айтып, зат есімге басымдық береді [2, 148].

Алайда бұл пікірмен келіспейтін де ғалымдар бар. Мәселен, В. П. Даниленко басқа сөз таптарынан жасалған терминдер жеке тұрып та белгілі бір мағына беретінін алға тартса [3, 80], О. С. Ахманова терминдердің

кем дегенде төрт сөз табынан: зат есім, сын есім, етістік, үстеуден жасалатынын нақты мысалдармен дәлелдейді [4, 474]. Н. А. Щеглова «терминологиядағы дерексіздікті (абстракция), зат, сапа мен әрекет туралы ғылыми-техникалық ұғымдарды білдірудің шын мәніндегі бірден бір лексика-грамматикалық құралы зат есім болады», деп алғашқы пікірді қолдай түседі [5, 17].

Шындығында да терминдердің барлығы тек зат есімдер бола бермейтінін ұзақ жылдар бойы терминология мәселелерімен кәсіптік дейгейде айналысып жүрген ғалым В. П. Даниленко өз зерттеулерінде дәлелдейді. Ол чех ғалымдарының аталмыш проблемаға қатысты зерттеулеріне сүйене отырып, тек зат есімдер ғана емес, сонымен қатар сын есім, етістік, үстеу, есімдік сияқты сөз таптары да термин бола алады деген қорытынды жасайды [3, 80].

Терминдердің негізінен зат есімдерден болуының негізгі себептері ретінде зат есім категориясының семантикалық мүмкіндігінің мол екендігі де, сондай-ақ, жоғары дәрежедегі абстрактілікті білдірудегі артықшылықты да жоғарыда аталған ғалымдар тарапынан әділ көрсетілгенін айтпасақ болмайды. Алайда зат есімдердің термин ретінде бірінші орында тұруының негізгі себебі осылар ғана ма, әлде өзге де себептер бар ма? – деген сұрақ туындайды. В. Даниленконың етістіктің бұйрық рай формасымен келетін тік түр! көзде! сияқты әскери терминдермен осы тәрізді спорт терминдерін зат есімдермен алмастыруға еш келмейтінін айтады [3, 81].

Автордың бұл пікірі алдымен зат есімдерімен қатар етістіктің де термин бола алатындығын аңғартса, сол арқылы зат есімнің семантикалық мүмкіндігінен гөрі терминделуші ұғымдардың мол болатынын, яғни терминдердің бір ғана сөз табымен шектелмейтіндігінен хабардар етеді. Мәселен ойлау, сезіну, қабылдау сияқты терминдерде абстракті ұғым процеспен тікелей байланысты.

Терминологияда зат есімдер дерексіз ұғымдармен бірге деректі ұғымдарды білдіруі жағынан да бірінші орында тұр. Мәселен, техникадағы иіндібілік, ебелек, қаңғалақ; медицинадағы асқазан, өт, сілекей; өсімдіктанудағы түйін, тұқымжарнақ, гүлтабан сияқты терминдер ұғымдардың атаулары.

Жалпы лексика негізінен сөздің тура мағынасының метафорлануы, сөз мағынасының тарылуы, кеңеюі (яғни нақтылануы) және калькалану тәсілдері арқылы терминденеді.

Жалпы терминологияда, оның ішінде техникалық терминологияда да етістіктер белгілі бір үдерістің, құбылыстың атауын білдіреді. Бұл туралы В. П. Даниленко былай деген: «терминами можно считать такие глаголы, которые... именуется важное основное понятие науки, называют основные процессы данной дисциплины» [3, 82].

Қазақ тілінің техникалық терминологиясында Айналу (вращение), бедерлеу (насекание), бүрку (опрыскивание), жонғылау (фрезерование),

майлау (смазывание), сұйықталу (конденсация) т.б. сияқты көптеген етістіктен жасалған терминдер кездеседі.

Терминологияда сын есімдер көбінесе сөз тіркесі құрамындағы терминэлемент ретінде қолданылады. Сын есімдер терминдену кезінде өзінің лексика-грамматикалық және лексика-семантикалық қасиетін өзгертеді, яғни сапалық реңкі төмендеп, қатыстық сын есімдер семантика-морфологиялық қасиет иеленіп, салыстырмалы шырай жасау мүмкіндігінен айырылады. Яғни сын есімдер ұқсас терминдердің ерекшеліктерін нақтылау үшін қолданылады. Мәселен, артқы ілмек (хвостовик), бастапқы күй (исходное положение), гидравликалық беріліс (гидравлическая передача) сияқты терминдерде сын есімдер үдеріс, зат атауының сынын, өзіндік ерекшелігін айқындап тұр.

Әдеби тілдегі сияқты терминологияда да сын есімдердің заттануы орын алады. Басқаша айтқанда, бірқатар терминдер сын есімдердің заттануы арқылы да жасалады. Мысалы, бояғыш, дербес, жанама, аспалы, тұйық, аудармалы, байытқыш сияқты терминдер осы сын есімдердің заттануы арқылы жасалған.

Тіліміздегі үстеу, есімдік сияқты сөздердің терминденуі өте сирек. Терминденген жағдайдың өзінде олар зат есім қатарына көшеді немесе тіркесті терминдер қатарында қолданылады.

Қазақ тілінің техника саласына қатысты терминдерінде де осы заңдылық сақталады. Әрине, аталған салада да сөз таптарының терминденуі түрлі дәрежеде жүзеге асырылады. Яғни, техникалық терминологияда әр сөз табының үлес салмағы әртүрлі болады. Олардың ішінде, әлбетте, басымдық алатын зат есімнен жасалған терминдер. Зат есім терминдер түбір күйінде де туынды зат есім түрінде де кездесе береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін біз Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен 31 томдық сөздіктің 7- машинажасау саласына арналған томына талдау жасадық. Басқаша айтқанда, аталмыш томдағы қазақ тіліндегі терминдерді сөз таптарының, соның ішінде жасалу жолдары шегінде қарастырдық. Осы жұмыста зат есімді терминдердің көптігі дәлелденді.

Кесте 1

Жұрнақ	Сөздіктегі сөз саны	Мысалдар
1	2	3
-у жұрнағы. Қимыл атаулы терминдер жасайды	93 термин	Айналу (вращение), бедерлеу (насекание), бүрку (опрыскивание), жонғылау (фрезерование), майлау (смазывание), сұйықталу (конденсация) т.б.

-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш жұрнағы.	65 термин	Тиегіш (загрузчик), шоғырлағыш (концентратор), тартқыш (тяга), теңгергіш (балансир), сақтандырғыш (предохранитель), қоректендіргіш (питатель) т.б.
-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнағы	35 термин	Айқастырма (крестовина), аспа (подвеска), бекітпе (закреп), белдеме (буртик), қаптама (кожух), құрсама (обойма) т.б.
-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнағы	33 термин	Жалғастық (штуцер), толастатқыш (демпфер), тозғандық (изношенность), сынғыштық (ломкость) т.б.
-ша, -ше жұрнағы	19 термин	Арқанша (тросик), ауызша (дульцо), аралықша (мостик), қалқанша (щиток), қайрақша (брусок), қамытша (хомуток) т.б.
- у ы ш , - у і ш жұрнағы	13 термин	Тежеуіш (тормоз), санауыш (счетчик), тіркеуіш (сцепка), тіреуіш (стойка), тиеуіш (погрузчик), бұрауыш (отвертка) т.б.
-ыс, -іс, -с жұрнағы	8 термин	Бүгіс (сгиб), кептеліс (загор); кідіріс (выстой), құйылыс (сток), үйкеліс (трение) т.б.
- ш ы қ , - ш і к жұрнағы	6 термин	Науашық (желобок), ершік (седло), кемершік (запечник), айқаршық (крестик), соташық (шток), тегершік (маховик)
-ық, -ік, -қ, -к жұрнағы	6 термин	Сызық (линия), қыспақ (прижим), қарнақ (штанга), қырылдақ (храповик), тұғырық (подставка), тістеуік (кусачки)
- ы м , - і м , - м жұрнағы	5 термин	Қосым (присадка), ойым (впадина), пішім (формат), қысым (давление), төсем (прокладка)
-ғы, -гі, -қы, -кі жұрнағы	4 термин	Сүзгі (фильтр), жұлынғы (выдра), бұрғы (сверло), бағдарғы (ориентир)
-шы, -ші, -хана, -шек, -қақ, -кек, -ын, -ін, -н жұрнақтары	Б ұ л жұрнақтар а р қ ы л ы бірді-екілі терминдер кездеседі.	Пішін (форма), іскек (пинцет), күпшек (ступица), қайрақшы (заточник), ұстахана (кузница)

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша, аталған сөздіктегі терминдерді жасауға қатысқан жұрнақтар арасында –у, –ғыш, –гіш, –қыш, –кіш, –ма, –ме, –ба, –бе, –па, –пе, –лық, –лік, –дық, –дік, –тық, –тік

журнактары өте белсенді қызмет атқаратындығы, -ша, -ше, -уыш, -уіш, -ыс, -іс, -с, -шық, -шік, -ық, -ік, -қ, -к, -ым, -ім, -м, -ғы, -гі, -қы, -кі журнактарының белсенділігі орташа екендігі, ал -шы, -ші, -хана, -шек, -қақ, -кек, -ын, -ін, -н журнактарымен бірді-екілі термин ғана жасалғанын көреміз. Бұл көрсеткіш бір ғана сала сөздігін талдауда анықталып отырғандықтан, техниканың барлық саласындағы журналдардың термин жасауға қатысу деңгейі осындай деуден аулақпыз. Дегенмен де, осы мысалдардың өзінен-ақ техникалық терминдерді қалыптастыруға белсенді қатысып жүрген журналдарды анықтауға және олардың түбір сөзге жалғану арқылы оған үстейтін мағыналарына сай қандай ұғымға атау болатындықтарын анықтауға болады.

Сонымен бірге, біз жоғарыдағы кестеде тек төл сөздерге журнал жалғану арқылы жасалған терминдерге тоқталдық. Ал техника саласында кірме терминдер құрамындағы түбір тұлғасы өзгеріссіз қалып, қосымшасы қазақ тіліндегі баламасымен алмастырылуы арқылы жасалған терминдер жеткілікті. Ондай терминдерді біз кірме терминдерге арналған тараушада талдайтын боламыз.

Жалпы, техникалық терминдерді жасауда морфологиялық тәсілдің өзіндік орны бар. Әлемдік тілдер арасында жалғамалы тіл тобына жататын қазақ тілінде жаңа атау жасауда сөз тудырушы журналдардың термин жасауда да үлесі мол екендігі сөздіктерде берілген техникалық терминдерді талдау кезінде анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Винокур, Г. О.** О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии. // Труды Московского института истории, философии и литературы. – Т.5. – сборник статей по языковедению. – М., 1939. – с. 3-54.

2 **Реформатский, А.** Что такое термин и терминология // Вопросы терминологии (материалы всесоюзного терминологического совещания). – М. : Изд. АН СССР. 1961. – 233 с.

3 **Даниленко, В. П.** Русская терминология. Опыт лингвистического описания. – М. : Наука, 1977. – 243 с.

4 **Ахманова, О. С.** Словарь лингвистических терминов. – М. : Советская энциклопедия, 1969. – 607 с.

5 **Щеглова, Н. А.** К проблеме термина. – Тула, 1983. – 32 с.

6 **Құдайбергенов, Р.** Техникалық терминдер сөздігі. – Алматы : Таймас, 2009. – 616 б.

Материал 13.04.15 баспаға түсті.

A. N. Nassyritdinova

Роль частей речи в техническом терминологическом образовании

Казахский агротехнический университет
имени С. Сейфуллина, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 13.04.15.

A. N. Nassyritdinova

The role of parts of speech in technical terminologies formation

S. Seifullin agrotechnical university, Astana.

Material received on 13.04.15.

Известно, что развитие современного общества определяется достижениями науки и техники. Следовательно, развитие науки находит отражение в совершенствовании языка, в котором новые научные понятия закрепляются в терминах. В связи с чем, одним из показателей развития любого языка является уровень образования отраслевых терминов. Во многих исследованиях ученых термины рассматриваются как основа формирования языка науки и фактором образования стиля литературного языка. В этом направлении исследуется продуктивность различных частей речи в терминологическом образовании казахского языка. Автором выявляются и анализируются способы использования частей речи в образовании технических терминов.

It is known that the development of modern society is defined by the achievements of science and technology. Consequently, the development of science is reflected in the improvement of the language where new scientific concepts are fixed in terms. In this connection, one of the indicators of any language development is the formation level of specific terms. In many studies of scientists the terms are considered to form the basis of the language of science and the factor of formation of language style. In this direction we investigate the productivity of different parts of speech in the term formation of the Kazakh language. The author reveals and analyzes how to use parts of speech in the formation of technical terms.

Э. В. Нестерик¹, О. В. Беликова², А. Т. Махметова³

¹к.ф.н., доцент; ²магистр филологического образования, ст. преподаватель;

³магистр филологии, ст. преподаватель, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда

СПЕЦИФИКА ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ЭВФЕМИЗМОВ, ОБОЗНАЧАЮЩИХ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ ПОЛОВ, В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ XIX-XX ВВ.

Данная статья посвящена рассмотрению эвфемизмов с точки зрения лингвокультурологии. Эвфемизм как лингвокультурное явление представляет особый интерес, так как процесс образования эвфемизмов протекает с растущей интенсивностью, и они получают широкое распространение в различных сферах речевой деятельности. Анализ эвфемизмов осуществлен на материале произведений Джейн Остен «Эмма» (1816), Дэвида Герберта Лоуренса «Любовник Леди Чаттерлей» (1928) и Фионы Уокер «Скажи “да”» (1996). Данное исследование позволило более глубоко понять сущность явления эвфемии и выявить ее специфику на современном этапе существования.

Ключевые слова: эвфемия, эвфемизм как лингвокультурное явление, эвфемизмы, обозначающие взаимоотношения полов, эвфемизмы в художественной литературе, специфика функционирования эвфемизмов.

В последние десятилетия процесс образования эвфемизмов протекает с особой интенсивностью. Это объясняется тем, что в современном мире одним из наиболее важных факторов, способствующих образованию эвфемизмов и их закреплению в языке, является их способность быть мощным средством формирования новых общественных установок, и эвфемизмы получают исключительно широкое распространение в общественно значимых сферах речевой деятельности.

Обращаясь к теме «эвфемизмы», исследователь вынужден привлекать к анализу не только сами эвфемистические выражения, но и тот социально-культурный и языковой фон, на котором возникает нужда в эвфемизмах. Эвфемизмы – это интереснейшее лингвокультурологическое явление, которое заслуживает внимания не только специалистов, но и просто ценителей языка [1, 120].

Эвфемизм как лингвокультурное явление представляет особый интерес, так как процесс образования эвфемизмов протекает с растущей интенсивностью, и они получают широкое распространение в различных сферах речевой деятельности. Изучение эвфемизмов позволяет внести вклад в изучение национального своеобразия языковой картины мира и речевого поведения носителей английского языков [2, 200].

Многочисленные работы, посвященные проблемам эвфемии, базируются исключительно на лексикографическом материале (А. М. Кацев, О. Ф. Иванова, Л. В. Порохницкая, О. В. Обвинцева, Л. В. Артюшкина, А. П. Кудряшова, И. П. Павлова, J. Lawtence и др.). Анализ проводится на основе примеров, взятых из словарей эвфемизмов, которые группируются по определенному признаку (согласно тематике, способам образования, времени появления и т.п.). В конечном итоге, подобные работы представляют собой «инвентаризацию» эвфемистических переименований, зарегистрированных в лексикографических источниках. Мы в нашем исследовании пытаемся преодолеть один из существенных недостатков этих работ – оторванность анализа эвфемизмов от их реального употребления, так как современная научная парадигма ориентирует исследователей на рассмотрение любой языковой единицы в функциональном аспекте. Кроме того, анализ функциональной стороны позволяет более глубоко понять сущность явлений эвфемии и выявить их специфику на современном этапе существования.

Изучение проблемы эвфемизмов в диахроническом аспекте позволяет выявить влияние социально-культурного фона общества на язык в художественной литературе. Это влияние легко проследить при анализе произведений Джейн Остен «Эмма» (1816), Дэвида Герберта Лоуренса «Любовник Леди Чаттерлей» (1928) и Фионы Уокер «Скажи “да”» (1996). Наш выбор пал именно на эти произведения, т.к. они принадлежат перу английских писателей, первые два относятся к одному жанру – исторический роман, а «Скажи “да”» Ф. Уокер схож по сюжету с романом Дж. Остен. Целью писателей было представить общество своей эпохи. Произведения исследовались с их неразрывной связью с эвфемизмами в области сексуальной жизни.

Эвфемизмы Дж. Остен из романа «Эмма»:

“match of affection” – happy marriage;

“good-looking” – physically attractive;

“engage the affections of” – to flirt;

“seduce [someone’s] affections” – to flirt;

“warm admiration” – heated affection;

“conscious preference” – fondness;

“upstart” – of person, families;

“double dealing” – sexual deception;

“*celibacy*” – Latin “*celibates*” – life without love/sex;
 “*affair*” – French “*affaire*” – extra – marital activity;
 “*sanguine*” – Latin “*sanguineus*” and French “*sanguin(e)*” – optimistic about love;

“*outré*” – excessive/revolting;
 “*Kitty*” – prostitute [4]; [6].

Рассмотрим какие эвфемизмы употреблял Д.Г. Лоуренс в романе «Любовник Леди Чаттерлей»:

“*beau*” – lover;
 “*paramour*” – illicit sexual partner;
 “*copulate*” – sexual intercourse;
 “*in puris naturalibus*” – naked;
 “*sturdy body*” – fat body;
 “*sexual love*” – sexual intercourse;
 “*sex experience*” – sexual intercourse;
 “*give [one’s self]*” – participate in sexual intercourse;
 “*love-making*” – sexual intercourse;
 “*lover*” – sexual partner;
 “*make love*” – have sexual intercourse;
 “*buttocks*” – ass;
 “*fulfillment*” – orgasm;
 “*drawers*” – underwear;
 “*love*” – sexual intercourse [5]; [7].

Рассмотрим роман Ф. Уокер «Скажи “Да”»:

“*bum*” – ass;
 “*tit*” – breast;
 “*boob*” – breast;
 “*effing/eff*” – fucking/fuck;
 “*knickers*” – women’s underwear;
 “*her pair*” – her breasts;
 “*unfortunate places*” – genital area;
 “*take/go [someone] to bed*” – have sexual intercourse;
 “*sleeping with [someone]*” – having sexual intercourse with someone; “*near-ecstasy*” – close to achieving orgasm;
 “*one-night/fortnight-stand*” – sexual relations lasting just one night/two weeks;
 “*globes*” – breasts;
 “*talking dirty*” – talking about sex;
 “*the big event*” – sexual intercourse [3]; [8].

Сразу оговоримся, что вычленив все эвфемизмы в указанных произведениях практически невозможно, поскольку каждый индивид

трактует то или иное образование по-своему, со своей точки зрения. Но мы и не ставили себе такой цели, т.к. для анализа специфики формирования эвфемизмов не требуется полный их список.

Приведённые примеры наглядно демонстрируют, как при помощи ярких эвфемистических замен авторам удаётся завладеть вниманием читателя, фокусируя его не столько на излагаемых фактах, сколько на общем юмористическом настроении, создаваемом при помощи этих замен. Употребление слов-табу в этом ряду также привлекает внимание, что связано с общим, психологически обусловленным интересом к запрету в любом его проявлении. Все вышеперечисленные факторы, безусловно, способствуют созданию «занимательного» материала, что является одним из главных признаков литературных текстов.

Романы Дж. Остен включают в себя ухаживания и, как следствие, свадьбу. Однако нельзя игнорировать и тот факт, что в них всегда имела место тема близости между мужчиной и женщиной.

Роман Дж. Остен «Эмма» был опубликован 200 лет назад. С тех пор наше общество подверглось значительным изменениям. Писательница жила в эпоху благопристойности и высокой морали, тогда как в современном обществе совсем иные нравы. Отсюда следует необходимость применить стандарты, при которых создавалось произведение, и определить подлинные границы прагматического контекста.

В попытках установить, какие отношения были допустимы в то время между мужчиной и женщиной, ученые обращаются к «благовоспитанным романам», таким как романы Дж. Остен и её современников.

Маленькое сообщество в произведении Дж. Остен является отражением Британского общества XIX века. Данное общество соблюдает строгие правила поведения, особенно если это касается взаимодействия полов. Влюбленные могли быть вместе лишь в больших компаниях, как то балы и приемы. Наедине они могли остаться только после предложения руки и сердца.

Под своими героями Дж. Остен подразумевала представителей воспитанного, высокоморального общества XIX века. Однако с этой точки зрения и в таком контексте эвфемизмам, употребляемым романисткой, не место в её произведениях. Дж. Остен дает нам возможность увидеть больше, заглянуть за кулисы внешне благовоспитанного общества Британии.

Сила романов Джейн Остин неотделима от их конкретности, и о ней необходимо говорить отдельно, т.к. она резко отличается от той атмосферы очарования и уюта, которые часто упоминают в ряду характерных черт творений писательницы. Чтение «Эммы» доставляет большое удовольствие, однако не действует успокаивающе. Наоборот, оно возбуждает наши чувства, вселяет в нас желание приобщиться к жизни посредством сильных и тонких переживаний и будит интерес к моральным проблемам гораздо более

глубокий, чем тот, который рождает в нас наше повседневное существование. В «Эмме» важно все. Когда Фрэнк Черчилль откладывает свой первый визит в Рэнделс, это имеет меньшее значение для Уэстона, чем для его жены, и читатель точно определяет различие в реакции обоих супругов, понимает его и выносит об этом суждение.

«Эмма» не только доставляет эстетическое наслаждение, но и представляет интерес с точки зрения морали. Джейн Остин меньше всего интересуется теорией, жизнью «вообще». Она поглощена процессом конкретного бытия. Однако ее способность увлекать нас своими описаниями и героями абсолютно неотделима от ее интереса к моральным проблемам. Мораль никогда не преподносится ею как самостоятельная «надстройка». Мораль всегда заложена в чувстве, пробуждаемом чтением ее книг.

Даже когда моральный вывод ясно формулируется у Остин (к примеру, когда Найтли высказывается после происшествия на Бокс-хилл или читает объяснительное письмо Фрэнка Черчилля), правильность этого вывода зависит не от его абстрактной «правильности», а от заложенной в нем эмоциональной убедительности, основанной на том, что в нас уже укрепилась вера в суждения и характер Найтли. Некоторые замечания Найтли, взятые вне контекста, могут показаться чрезмерно нравоучительными.

Исследуя эвфемизмы Дж.Остен, можно заметить отсутствие фонематической трансформации. Однако есть потенциальные примеры, такие как *darn* [damn] с 1770 и *gosh* [God] с 1757. Тем не менее, в тяжелую минуту героиня романа Дж.Остен, Эмма, прибегает к распространенному ругательству «*Good God*». Немаловажным является и тот факт, что Дж.Остен не употребляет эвфемизмы латинского происхождения. В то же время автор использует слова «*leg*» и «*breast*», считавшиеся непристойным и подвергавшиеся эвфемизации, и слово «*gay*», утратившее свое семантическое значение «*happy/lively*».

«Любовник Леди Чаттерлей» является самым известным произведением Д. Г. Лоуренса, принесшим ему дурную славу. Этот роман вызвал большой скандал, связанный с многочисленными откровенными описаниями сцен сексуального характера, и был одно время запрещен в разных странах. Идея Д. Г. Лоуренса заключалась в том, чтобы внести свободу и правдивость в рассказ об отношениях между мужчиной и женщиной. Д. Г. Лоуренс считал, что табу – это болезнь языка.

Роман «Любовник Леди Чаттерлей» изобилует эвфемизмами. В нем часто встречаются слова одной семантической группы греческого и французского происхождения. Кроме того, Д. Г. Лоуренс, в отличие от Дж. Остен, употреблявшей инверсию, преувеличение и преуменьшение, отдавал предпочтение метафоре и метонимии в формировании своих эвфемизмов. Слово «*intimate*» Д. Г. Лоуренс применяет как для обозначения

дружеских, так и сексуальных отношений, тогда как Дж.Остен в романе «Эмма» употребляет его только для обозначения последних. Общим у обоих авторов является отсутствие фонематической трансформации.

Общество, современное Д. Г. Лоуренсу, уже не настолько высоко нравственно и высоко морально, хотя еще настаивает на высоких стандартах приличий. «Язык любви» становится допустимой нормой в художественном произведении, тема взаимодействия между мужчиной и женщиной, что раньше была только в мыслях, теперь на устах и, как следствие, появляется множество эвфемизмов.

Прагматический контекст эвфемизмов в произведениях Ф. Уокер определить значительно легче, т.к. границы дозволенного в них более очевидны для нас, современных читателей.

В романе «Скажи “Да”» Ф. Уокер оперирует большим числом метафор, преувеличений, преуменьшений и заимствованных слов. Однако, в отличие от произведений Дж. Остен и Д. Г. Лоуренса, заимствованные слова здесь уже не указывают на уровень образованности персонажа. Метонимия встречается очень редко, но, как ни странно, весьма созвучна с работой Д. Г. Лоуренса. Присутствуют фонематические трансформации, хотя все еще в недостаточной степени.

Ф. Уокер использует эвфемизмы преднамеренно и искусно, вовлекая и погружая читателя в образ мыслей своих персонажей.

Подобно Д. Г. Лоуренсу, Ф. Уокер употребляет слово «*intimate*» как для дружеских, так и для сексуальных отношений.

Прагматику употребления эвфемизмов в анализируемых произведениях можно проследить, придерживаясь принципа их тематической отнесенности – здесь эвфемизмы заменяют лексические единицы, относящиеся к понятийной сфере «сексуальные отношения». Одной из отличительных особенностей исследуемого материала является повышенное внимание к табуированной тематике, где тема интимных отношений занимает важное место.

Употребление эвфемизмов «*tit*», «*boobs*», «*globes*» и «*bulky forms*» для обозначения частей тела обусловлено тем, что прямые номинации могли быть восприняты как неприличные, чересчур откровенные и даже пошлые при том внимании к деталям интимных отношений, которое имеет место в анализируемых текстах. Данные эвфемизмы образованы путем метафорического переноса, и их восприятие, в отличие от восприятия прямых номинаций, требует творческих усилий со стороны читателя, сопряжено с воссозданием цепочки ассоциаций, образов, конечным звеном которой является метафора. Они сильнее воздействуют на воображение и эмоции, чем делают повествование более увлекательным и волнующим. Кроме того, метафорический эвфемизм выполняет интригующую функцию – задает установку на восприятие последующего повествования в

определенном ключе и повышают интерес к излагаемому. Иными словами, рассматриваемые эвфемизмы позволяют не только смягчить описание, но и избежать однообразия, невыразительности, задействовать эмоции читателя и оказать на его восприятие желаемое воздействие.

Проанализировав три произведения разных эпох, мы можем проследить, какое влияние оказывает культура на язык. Романы Дж. Остен «Эмма», Д. Г. Лоуренса «Любовник Леди Чаттерлей» и Ф. Уокер «Скажи “Да”» разделены сотнями лет, за которые общество претерпело значительные изменения. Изучение эвфемизмов в диахроническом плане позволяет нам глубже проникнуть в историю языка и увидеть воочию, как язык подвергается давлению общественной морали и принципов.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Крысин, Л. П.** Эвфемизмы в современной русской речи // Русский язык конца XX столетия / Л. П. Крысин. – М., 2000. – 189 с.
- 2 **Маслова, В. А.** Лингвокультурология: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений / В. А. Маслова. – М., 2001. – 312 с.
- 3 Macmillan English Dictionary for Advanced Learners. – London, Macmillan and Heinemann, 2003. – 1692 p.
- 4 Dictionary.com // <http://dictionary.reference.com>
- 5 The Free Dictionary // <http://www.thefreedictionary.com>
- 6 **Austen, J.** «Emma». – London: Bloomsbury Publishing, 1981. – 301 p.
- 7 **Lawrence, D. H.** «Lady Chatterley's Lover». – Devon : Northcote House, 1991. – 478 p.
- 8 **Walker, F.** «Say “Yes”». – New York: Random, 2005. – 227 p.

Материал поступил в редакцию 04.05.15.

Э. В. Нестерик, О. В. Беликова, А. Т. Махметова

XIX-XX ғғ. көркем әдебиеттегі жыныстардың өзара қатынасын білдіретін эвфемизмдердің қызметінің ерекшеліктері

Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
Материал 04.05.15 баспаға түсті.

E. V. Nesterik, O. V. Belikova, A. T. Makhmetova

Specificity of functioning of euphemisms denoting gender relations in literature of the XIX-XX centuries

E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.
Material received on 04.05.15.

Берілген мақала эвфемизмдерді лингвомәдениет тұрғысынан қарастыруға арналған. Лингвомәдени құбылыс ретінде эвфемизмге ғалымдар ерекше қызығушылық танытады, себебі эвфемизмдердің қалыптасу процесі қарқындылықпен жүреді, әрі олар тілдік іс-әрекеттің түрлі салаларында кең қолданылады. Эвфемизмдерді талдау Джейн Остеннің «Эмма» (1816), Дэвид Герберт Лоуренстың «Любовник Леди Чаттерлей» (1928) және Фиона Уокердің «Скажи “да”» (1996) шығармаларының негізінде жасалды. Жүргізілген зерттеу эвфемия құбылысының мәнін тереңірек ұғынуға және оның қазіргі замандағы көрінісінің қыр-сырын анықтауға мүмкіндік берді.

This article deals with euphemisms in terms of linguocultural studies. Euphemism as a linguocultural phenomenon is of particular interest, since the formation of euphemisms occurs with increasing intensity, and they are widely distributed in various areas of speech activity. Analysis of euphemisms is done on the material of Jane Austen's «Emma» (1816), David Herbert Lawrence's «Lady Chatterley's Lover» (1928) and Fiona Walker «Say» yes» (1996). This study has allowed us to come to a deeper understanding of the essence of the phenomenon of euphemism and identify its specificity at the present stage of existence.

УДК 811.111.61

А. М. Нұрханова

2 курс магистранты, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

«ҰРЫН БАРУ» ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІК КОНЦЕПТІНІ КОГНИТИВТІ-ПРОПОЗИЦИОНАЛДЫ АНАЛИЗ ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ТАЛДАУ

Мақалада когнитивтік-пропозиционалдық талдау тәсілі арқылы «ұрын бару» концептісі талдауға салынады, оның социолингвистикалық, когнитивтік және лингвистикалық (пропозиционалдық) деңгейлері қарастырылады.

Кілтті сөздер: когнитивтік-пропозиционалдық талдау, «Ұрын бару» концептісі, социолингвистикалық, антропоэзеттік.

Бүгінгі таңда тіл білімінде когнитивтік, антропоэзеттік және лингвомәдениеттік бағыт үстемдік алып, адам факторына, оның көзқарасын,

ділін, дүниетанымын зерттеуге ерекше мән беріледі. Тіл – адамның дүниетанымын көрсететін ерекше құбылыс, ол этномәдени белгілер арқылы айқындалып отырады. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы туралы алғаш тұжырымды айтқан В. фон Гумбольдт. Ғалым «тілді зерттеу арқылы адам мен ғалам арасындағы байланысты айқындауға болатынын» ескерте келіп, тілді халықтың рухы мен мәдениеттің байланысы ретінде сипаттайды [1, 68].

Мәдениет тілдің сөздік қорында көрініс табады. Белгілі бір этнотілдік қауымдастықтың мәдениеті, білімі мен тәжірибесі тілде көрініп, ділін қалыптастырады. Білім қоры ұжымның ұлттық, мәдени тәжірибесі тілдегі сөздердің семантикасында көрініс береді. Ғаламның тілдік бейнесінен дүниетанымның ұлттық ерекшеліктері көрінеді. Ғаламның тілдік бейнесі туралы түсінік беретін бірліктер – концептілер және лингвомәдени бірліктер.

Бірсыпыра ғалымдардың еңбектерінде концепт «жадының ментальды лексиканың оперативті мазмұнды бірлігі ретінде» сипатталады [2, 90]. Зерттеушілер «концепт» ұғымын адам санасында қалыптасқан ментальды құбылыс ретінде сипаттайды. Қазақ тіл білімінде концептілер жүйесі когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика тұрғысынан қарастырылып келеді. Этнолингвистикалық зерттеулерде концептілік ұғымдарды қарастырған қазақстандық ғалымдар Ә. Қайдар, М. М. Копыленко, Ж. Манкеева, Н. Уәли, Ғ. Смагулова, Э. Оразалиева, А. Ислам концептіні зерттеуге қомақты үлес қосты. Орыс тіл білімінде, жалпы когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану білімдерінде концептілердің әр түрлері зерттелінген. Солардың ішінде когнитивтік концепт, лингвомәдени концептіні Н. Ф. Алиференко, С. Воркачев, В. В. Воробьев, В. А. Маслова өз еңбектерінде лингвомәдени бірліктен айыру керек деген пікірді білдіреді. Лингвомәдени бірлікке мәдени, халықтың мәдениеті туралы түсінік беретін сөздерді жатқызуға болады. В. В. Воробьевтың пайымдауынша, лингвомәдени бірлікте тілдік мағына мен мәдени мән бірігеді. Лингвомәдени бірліктің сөзге ұқсас тұлғасы бар. Сол тұлға лингвистикалық және экстралингвистикалық (ұғымдық және заттық) мағыналардың диалектикалық бірлігі болып табылады [3, 96]. Сөз денотатты атап, зат туралы жай түсінік береді. Ал лингвомәдени бірлікте денотаттық құрамынан басқа ұғымдық компонент те бар. Лингвокультуреманың ұғымдық компоненті сөзді мәдени феномен ретінде сипаттайды, халықтық мәдениет туралы әртүрлі ақпаратты жүзеге асырады. Лингвомәдени бірліктің концептіден де айырмашылығы бар, себебі концепт нақты дүниенің менталдық, білімдік бөлігі. Ол адамның танымдық іс-әрекетінің өзегі, сол арқылы адам әлемнің концептуалдық бейнесін сақтап, ғалам нысандары туралы ойын, түсінігін, ғалам заттары туралы білімін санасында жинақтап, концептуалды жүйе құрайды.

Концепт түрлі қырынан – лингвокогнитивтік, лингво-мәдениеттанымдық сипатта қарастырылады. Лингвокогнитивтік тұрғыдан алғанда, концепт

адамның санасында ғаламның концептуалды бейнесінің оперативті мазмұнды бірлігі болып табылады. Лингвомәдени концепт – көпөлшемді, ментальды, вербалды құрылым ретінде зерттелінеді. Оның құрамында ұғымдық, бейнелілік, денелі-белгілік құрамалар жүзеге асырылады [4, 11]. Соңғы компонент арқылы лингвомәдени концепт логикалық, математикалық, семиотикалық концептілерден ерекшеленеді. Лингвомәдени концептің лингвистикалық, белгілілік табиғаты оның тілдік бірліктер арқылы жарық дүниеге шығып, объективациялану қабілеттілігінің бар екенін дәлелдейді. Лингвомәдени концептінің когнитивті лингвистикалық құрылымын зерттеу үшін оның когнитивтік моделін зерттеу қажет. «Ұрын бару» лингвомәдени концептісін сипаттау үшін оның когнитивтік моделін құрайық. Бұл модель үш деңгейде көрініс береді: элеуметтік-мәдени, когнитивтік, лингвистикалық.

1. Элеуметтік-мәдени деңгей. Элеуметтік құрылымның түрі: институционалдық емес. Жағдаяттың түрі: таптауырлық. Этникалық норманың жүзеге асыру тәсілі: дәстүрлік (әдет-ғұрып). Мәдени ақпаратты жеткізу тәсілі – сөздік-символикалық: күйеу, «қалыңдық», «құда», «құдағи», «жеңге», «жаушы», «күйеу жолдас», күйеудің киімінің символикалық мағынасы.

2. Когнитивтік деңгей: 1) ғаламды ерекше түрде қабылдау, тану нәтижесінде адамның, ұжымның санасында құрылған әлемнің концептуалдық суретінің бір фрагментін бейнелеу; 2) қазақ тіліндегі әлемнің тілдік суретінің дәстүрлік лингвомәдени концептінің когнитивтік моделін құру; 3) концептің когнитивтік құрылымдарын қарастыру; 4) әдет-ғұрыпта архетиптік тұлға ретінде көрініс беретін, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетін мінез-құлықтық әдепті сақтау ережелерін жүзеге асыру, әдет туралы конвенциялық ұстанымдар туралы ақпаратты жеткізу; 5) конвенциялық ұстанымдардың фреймін сипаттау. Фрейм – санада сақталынатын ой-толғаумен байланысты бейне. М. Минскийдің пайымдауынша, фрейм – таптауырлық жағдаяттың ой-толғаулық бейнесі. Фреймнің бірінші белгісі – таптауырлық жағдаятпен байланысу, екінші белгісі – құрылымдығы. Фрейм бір когнитивтік бейненің шеңберінде тілдік және тілдік емес білімдерді біріктіреді [5, 149].

«Ұрын бару» концептінің фреймдік құрылымы бірнеше когнитивтік және элеуметтік-мәдени, лингвистикалық құрамалардан тұрады. Қараңыз: конвенциялық ұстанымдардағы білімдердің (когнитивті-менталдық, символикалық, әдептік) шоғырлануы: **а) жаңадан келетін күйеу жігіттің келуін салтанатты рәсімдеу:** М. Әуезовтің «Абай жолы» романында Абайдың күйеу ретінде баруы суреттеледі. Күйеуді қалыңдығымен кездестіру үшін Құнанбай ауылынан отыз шақты аттанған адамдарды Алшынбай, құда жағы салтанатпен қарсы алады: «құда, құдағи келген күні түнде-ақ барлық кең жазық сый құдалардың қандайлық мырзалықпен келгенін біліп қалған. Сол түннің өзінде Алшынбайдың барды аямай, мырзалыққа мырзалықпен

орай етіп, көсілетіні мәлім болған. Құдағи мен күйеулерге арналып үш үлкен аппақ үйлер оңашарақ тігілген екен» (М.Әуезов, «Абай жолы», 259 б.). «Бұл той Алышынбайдың үлкен той етем деген бір мерекесі екен. Жиылған қонақтардың аттары топ-топ. Үйірім-үйірім қара нөпір болып көрінеді. Жалғыз сол аттардың өзі де бір қос жылқыдай. Әсіресе, үлкен белгі, тойға тігілген үйлер. Солар саны елу-алтыс. Алышынбай ауылынан бір шақырымдай жоғары қалың көк шалғынның ортасына ұзыннан-ұзақ екі қатар болып тігіліпті. Ас піскен жер ол үйлердің маңында емес, жаңа Абайлар шыққан ауылдың шетінде. Қазір сол ас басынан анау алыстағы қонақ үйлерге қарай күтушілер жосылып жатыр. Күтушінің бәрі де ат үстінде. Бастарын ақ шытпен керте байлап алған аспазшылар жиырма шақты жігіт» («Абай жолы», 265 б.); ә) **күйеу жағы қалыңдық жағына сый тартады:** Ұлжан Алышынбайдыкіне көп қазына алып келді. Келген жылқы, түйеден басқа, жыртыстың бұл – матасының өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақбал, манат, дүрия, ..бөлек салынған бірер сандық. Осы қымбаттарға толы болса, өзге теңдері құда-құдағилар сыбағасы шапан, кемзал, көйлек, шаршы және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сипат» («Абай жолы», 258 б.);

б) күйеу жігіт ерекше «күйеудің киімін» киіп келуге міндетті: «Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Ол гана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу, бұл өңірдің бар күйеуінің жолы болатын. Абайға ауылдан шығар жерде Зере, Айғыз сондай киімдерді әзірлеп, ұсынған-ды. Кәрі әже әшейінде Абайдың дегеніне көне берсе де, бұл тұста ырық бермей, қатты бұйрық еткен: «Ата-баба жолы осы! Барған елің сені кіналамайды. «Әкесі күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» деп, бізді мінейді. Ки!» – деп, аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу киімінің бәрін кигізді» («Абай жолы», 260 б.). Күйеудің киімінің символикалық мәні – күйеуді ерекше көзге түсіру. Оның киімі оны күйеу екенін танытады;

в) күйеудің келуі құпиялы түрде өтеді (ұрын бару): ешкім оның келгенін білмеуі керек. Қыз бен жігіттің кездесуі алғашқы кезде ұрын түрде өтеді. Қыз бен жігітті оңаша қалдырады. Бұның бәрі қалыңдықтың әкешешесінің келісімімен олардың еркімен жасалатыны түсінікті, бірақ олар түк сезбегендей болады. Қыз ауылдан аса сақтықпен, ешкімге білдірмей шығып кетеді, күйеу жігіт те ешкімнің көзіне түспей, құпия түрде қалыңдығына келеді [5, 149]. Абайдың бірінші рет барғаны «ұрын бару» да, күйеудің құдалармен бірге бірінші баруы да болып тұр: «Абайдың бұл келісі: ұрын келу деп, жыртыс ала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те аталады. Ең алдымен алғашқы келіс осы» («Абай жолы», 264 б.);

г) қыздың туыстары күйеуге «шашу» шашады: «Шымылдық түсірулі. Үй ішіне үлкен әйел кірді. Ортадағысы Абайдың үлкен енесі –

Алышынбайдың әйелі, семіз, қара бәйбіше. Қасындағы орта жаста, ақ сары әйел – Абайдың өз енесі, Түсіптің қатыны.

– Ал, шешелер, көрімдік! /- Көрімдік кәні! /- Болмаса, балаларыңызды көрсетпейміз, беті ұялады! – деп, алғашқы келген келіншектер күлген бойларында шымылдықтың шетін ұстады. /- Алыңдар! Көрімдік сендердікі! Үлкен бәйбіше: «Өмір жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылғасын, қарағым!» – деп, шашуын шашты» («Абай жолы», 263 б.);

ғ) қалыңдықты «ұрын барып», көру үшін күйеу міндеттерді орындауға тиіс: «ентікпе», «балдыз көрімдік», «есік ашар», «күйеу табақ», «сұтақы», «ат байлар» т.б. сыйларды үлестіреді: Жақын отырған қыздар күліп жіберді. Жеңге Абайдың қолын өзі көтеріп апарып, Ділданың арқасындағы қос бұрымына тигізді. Әлі де Абай қолының астында жаңағы жібек жүр. Сол жібекпен Абай бір-екі рет сипап өтті. «Қол ұстау», «шаш сипау» деген атақты ырымдар осы («Абай жолы», 267 б.);

д) қалыңдық жағы той жасайды: «...мезгіл түске тақай беріп, жастар еттерін жеп болған кезде, тыстан: Той!Той басталды!» («Абай жолы» 265 б.).

«Қына менде» дәстүрі туралы С. Кенжеахметов «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен рәсімдері» кітабында былай дейді: «Қына менде, ұрын бару – күйеу жігіттің қалыңдыққа баруын құдалықты жасап, қалың малды төлегеннен кейін күйеу бірінші рет өзінің қалыңдығын көруге барады. Осы күйеудің салтанатты түрде баруы «ұрын келу» деп аталады. Кей жерде ол «қалыңдық ойнау» деп аталады. «Қына менде» жастар мен жеңгелер үшін – той. Болашақ күйеу қалыңдық ауылына жасырын түрде келеді. Оны ешкім көрмеуі керек. Қалыңдық көру үшін жігіт жағы ...тиісті әдет-ғұрыптарын орындайды: «ентікпе»(жеңгелер тез жүргенде ентігіп қалады, сол үшін «сый беру керек», «балдыз көрімдік», «ат байлар» т.б.) [6, 310].

3. Лингвистикалық деңгей: бұл деңгейде «Қына менде» дәстүрінің менталдық-тілдік сипаты: осы концепті қандай сөз, сөз тіркестер арқылы репрезентацияланатыны анықталады. Лингвомәдени концептінің лингвистикалық деңгейін пропозиционалды деңгей деп атауға болады. Концептінің пропозиционалдық деңгейін аталымды-дүниетанымдық кеңістік түрінде көрсетіп, сондағы өзекті пропозицияларды және перифериялық пропозицияларды табу қажет. Бұл кеңістікте өзекті пропозиция деректі тілдік, парадигмалық, синтагмалық, ассоциативтік байланыстар арқылы жүзеге асырылады. Ал пропозициялар тілдік мазмұнның бірлігі. Бұл бірлік адамның сөздік-ойлау әрекетінде ой мен мәннің «жеке квантын жүзеге асыруға» бағытталған [7, 79].

«Қына менде» лингвомәдени концептінің функционалдық кеңістігінде өзекті пропозициялар және перифериялық пропозициялар көрініс береді: **а) өзекті пропозициялар, яғни «Қына менде» концептіні**

репрезентациялайтын аталымдар: жасаушы, сәтті күн, құда түсер, шегешанан, қарғыбау, бас құда(главный сват), бауыздау құда(отцы жениха и невесты), сырға тағар, баталасу, ниет білдіру, жігіт түйе, кесімді бата, кесімсіз бата, құда тартар, қалың мал, сүт ақы, өлі-тірі, кәде, киім тігу, құйрық-бауыр және т.б.;

ә) шеттегі, яғни перефразиялық пропозициялар: құда болуға келді, құда деспек, құдалап келді, құда – мың жылдық, күйеу – жүз жылдық, бел құда, қарын құда, бесік кертті құда, бесік құда, қарын құда, аманат құда. Олар парадигмалық қатынастарға кіретін синонимдер, анонимдер, синтагмалық қатынасқа кіретін мақал-мәтелдер, фразеологизмдер арқылы репрезентацияланады.

Лингвомәдени концептінің менталдық мазмұнын объективациялаудың тәсілдері көп. Когнитивті-пропозиционалдық талдау арқылы концептінің менталды мәнін, оның функционалдық кеңістігін жүзеге асыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гумбольдт, В. Избранные труды по языкознанию. – М. : Прогресс, 1984.
- 2 Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігі. – М., 1996.
- 3 Воробьев, В. В. Лингвокультурология: теория и практика. – М., 1997.
- 4 Ляпин, С. Х. Концептология: к становлению подхода // Концепты. Научные труды центроконцепта. Вып.1. – Архангельск, 1997. – С. 11-35.
- 5 Минский, М. А. Framework for representative knowledge // The psychology of computer vision. Ed. by P.H.Winston. – N.-Y., 1975.
- 6 Кенжахметов, С. К. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2003.
- 7 Ли, В. С. О когнитивно-пропозициональной структуре концепта // Языкознание, 2004. – № 3.

Материал 18.06.15 баспаға түсті.

А. М. Нурханова

Анализ лингвокультурного концепта «Первое посещение женихом дома невесты» методом когнитивно-пропозиционального анализа

Университет «Туран-Астана», г. Астана.
Материал поступил в редакцию 18.06.15.

А. М. Nurhanova

Linguocultural analysis of the concept «First visit of the groom to the house of the bride» through cognitive-propositional analysis

University «Turan-Astana», Astana.

Material received on 18.06.15.

В статье при помощи метода когнитивно-пропозиционального анализа исследуется концепт «Первое посещение женихом дома невесты», рассматриваются его социолингвистический, когнитивный и лингвистический (пропозициональный) уровни.

The article analyzes the concept of «First visit of the to the house of the bride», using the method of cognitive-propositional analysis, discusses its sociolinguistic, cognitive and linguistic (propositional) levels.

ӘОЖ 373.412.2

Б. С. Ожекенева

магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

ҚАЗАҚ КҮНТІЗБЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ МӘСЕЛелЕРІ

Қазақ күнтізбесіне байланысты терминдердің тіл білімінде әр тұрғыдан аз да болса зерттеліп келгені мәлім. Мақалада қазақ күнтізбесіне байланысты терминдердің ағылшын тіліне аударылу мәселелері қарастырылған.

Кілтті сөздер: күнтізбе, қазақ күнтізбесі, эквиваленттік сәйкестіктер, аударма нұсқалары, аудармашылық ерекшеліктер.

Халықтық ұғым-түсініктер мен рухани, мәдени құндылықтардан мол мағлұмат беретін қазақ және ағылшын тілдеріндегі күнтізбеге байланысты терминдер осы кезеңге дейін салғастырыла зерттелмей келеді. Соңғы кездері аударма тілдік кедергілерді жоятын күрделі құрылымға айналды. Аудармашының кездесетін қиындықтары тілдің ерекшелігімен және сол тілдің әр түрлі жағдаяттарда кездесетіндігімен тығыз байланысты. Бұл жерде үш түрлі қиындықты атауға болады: тілдік бірліктің семантикалық, яғни мағыналық ерекшелігі, «өмір құбылысының» сәйкес келмеуі, тілден тысқары өмір шындығын суреттеудегі тілді пайдалану, өмір шындығы мен осы шындықты мәтінде суреттеп берудегі өзгешелік. Әрбір тілдің өзіне тән тұрақты белгілері бар, өзіне тән өзгеше мән-мағынасы бар. Бұл өзгешеліктер

басқа бір тілмен сәйкес келмейді. Аударма ісі бір формада екінші формаға жай ауыса алмайды. Ол үшін аудармашыға қай тілдік бірліктің мәні түпнұсқадағы мазмұнға сәйкес елетінін біліп алу керек.

Лингвистикада кездесетін тағы бір екінші кедергі – әрбір тілдің ерекшелігі мен өмір шындығын суреттеуі [1]. Әрбір ұлт өз таным деңгейінің негізінде жалпы мәдениетке, өркениетке өз таңбасын қалдырып отырады. Ұлттардың, этникалық қауымдастықтардың мәдени таным негізінде қалыптасып, түрлі дәуірде түрлі өзгеріске ұшыраған тәжірибелі ілімдерінің бірі – халықтық күнтізбе мен жылнама. Күнтізбе мен жылнаманы әр ұлт өзінше түсініп, өзінше анықтама береді. Ал, Қазақстан ұлттық энциклопедиясында күнтізбе мен жылнамаға мынадай анықтама берілген: «Жылнама – оқиғаларды болған жылы, күні бойынша баяндайтын аса маңызды жазба деректер [2; 123]. Күнтізбе (латын тілінен аударғанда 124 қарыз кітабы деген мағынаны білдіреді) – ұзақ уақыт мезгілін есептеудің аспан денелерінің көрінерлік қозғалысының ауық-ауық қайталану ерекшелігіне негізделген жүйесі, анықтамалық басылым» [2, 132 б.].

Аудармадағы қиындықтар түпнұсқада аталған кейбір құбылыстарға байланысты немесе қабылданып, аударылып отырған мәдениеттің аударма рецепторларына белгісіз жақтарына байланысты туындауы мүмкін. Бірақ тілдік факторлар тек аудармада ғана қиындық келтірмейді және оны жою үшін де жағдай туғызады. Әрбір тіл өз дербестігімен ерекшеленгенімен, оның құрылысы мен қолданылуы бiрлiктi тiлдерге ортақ бiр принцип бар, ол аудармада қолайлы жағдай туғызады. Барлық тілдер екі жақты бірліктерден құралады, ол тілдің дыбысталуы мен мағынасына байланысты. Олардың бәрі сөздік құрамнан, грамматикалық құрылысынан тұрады, ойды жүйелеп бір адамнан басқа ұлт өкіліне жеткізудің құралы болып есептеледі. Барлық тілдер хабарлама құраудың, тілден тысқары шындықты берудің басты құралы. Тілдер әр түрлі амал-тәсілдермен түсінікті болған уақыт категориясын, уақытын жекелеген заттар мен құбылыстардың атауларын, жекелеген объектілердің белгілерін, басқа да модельді атауларға түсініктеме береді.

Парсы аңыз бойынша, адам бұдан сегіз мыңдай жыл бұрын, фервердин айының бірі күні (хурмуз күні) жаралған. Ол уақытта Күн жазғытұрғы күн мен түннің теңелу нүктесінде болған. Осы 127 аңызға сүйеніп парсылар бірінші фервердинді жыл басы деп есептейді де, оны жаңа жыл күні – науруз деп атайды. Сондықтан өзге он бір айдың бірінші күндері ғана хурмуз деп аталады, фервердиндегі хурмуз наурыз болады. Науруз – біздің есебімізше 22 март. Парсылар бұл күнді су шашысып, біріне-бірі қонақ болып, қант жеп т.б. ырымдар жасап мейрамдаған [3, 75 б.].

Аударма кезіндегі процесте әртүрлі тілдегі мәтіндер арасында белгілі бір қатынас орнатылады, аудармаға зер сала отырып, оны қолдану кезінде салыстырмалы түйіндеу жасалады. Мәтіндерді салыстыру-аударма

туралы аса маңызды ақпараттың қайнар көзі. Аудармашылықта төрт түрлі жүйелі анализ жасалады: 1) аудармашының мәтіні түпнұсқалық мәтінмен салыстырылады. Бұл салыстыру түпнұсқа мен аударманың мазмұны мен құрылымының жақындығы туралы бағалы деректер береді. Аударма ісі барысында қолданылған стандартты амал-тәсілдердің үйлесімі туралы да хабарлар етеді; 2) бір түпнұсқаның аударылған бірнеше варианттары, нұсқалары салыстырылады, бұл аударма нұсқалары бірнеше аудармашының жұмысы болуы мүмкін. Бұлай ету жеке-жеке әр аудармашының өзіне тән аудармашылық ерекшеліктері мен кәсіби қасиеттеріне тәуелді емес болатын, олардың бәріне ортақ жалпы заңдылықтарды шығаруға мүмкіндік туғызады; 3) аударылған мәтіндер сол аударылған тілдегі түпнұсқалармен салыстырылады. Осы жолмен мәтін аударылуға тиісті аударма тілінің өзіне тән ұлттық ерекшелігі мен ұлттық қасиеттерін ашуға мүмкіндік аламыз.

Компонетті анализді қолдану тілдік бірліктерді бөліп алуға және оны түпнұсқадағы тілдік бірліктердің ой жиынтығымен салыстыруға мүмкіндік береді. Шетел тілдегі және сөз аударылуға тиісті тілдегі сөздің бір-біріне сәйкес келушілігі қарастырылады. Аударма процесін суреттеп жазу үшін трансформацияны әдіс түпнұсқаның мазмұнын түсіну үшін беріледі және аударманың түпнұсқасын анықтайды. Екінші жағынан аудару процесі тіл аралық трансформацияның маңызды бір түрі болып есептеледі.

Аударманы зерттеу кезеңінде аса маңызды орын алатын тәсіл – лингвистикалық модельдеу. Бұл процесс аудармашының басында бірнеше ойлану операциялары арқылы жүзеге асады, ол бақылауға алынбайды, өз алдына «қара жәшік» болып көрінеді. Лингвистикалық модель аудару процесінде түпнұсқаның түрленіп аударма мәтініне айналып, жақсы ойға алынған, көзделген нәтижеге жететінін дәлелдейді. Қазіргі аудармада аударманың бірнеше моделі бар, бұл аударма процесінің бірнеше әдіс-тәсілдерімен іске асатындығын айқындайды [3]. Аударманы лингвистикалық әдіспен зерттеу толық дәлелденген. Сөз аудармасы ең алдымен қазақ тіліндегі мағынасы бойынша сәйкес келетін сөзді табудан басталады.

Аударма теориясында, қандай да бір ағылшын сөзіне қазақ сөзінің мағынасы бойынша жақын болуы – лексикалық немесе сөздік ұйқастық деп аталады. Ағылшын және қазақ тілінің сөздік құрылымдары бірліктерін салыстыру кезінде, осы тілдердің сөздері арасындағы мағыналық қатынастардың екі негізгі түрлері анықталады. Ағылшын сөзінің мәні, толық қазақ сөзінің мәніне сәйкес. Мұндай мәндердің ұйғаруы, барлығында дерлік жағдайларда, мәтінде ағылшын сөзінің қолданылуы аудармада осы қазақ сөзі болып беріледі. Мұндай тұрақты тең бағалы сәйкестіктерді біз эквиваленттер деп атаймыз [5]. Мысалы: London, Cypress, twenty, Monday, March – деген ағылшын сөздері қазақ тілі эквивалентті сәйкестігінде: Лондон, Кипарис, дүйсенбі (понедельник), Наурыз (Март) болады. Эквиваленттік сәйкестіктер

көп емес, бірқатар сөздер – көп мағыналы сөздерді жеке мағынасынан ғана қарастырады. Мысалы: күнтізбені ертеде Қазақстанлы мекендеген халықтар табиғат құбылыстарына негіздеген; «аласапыран», «күзем», «соғым» т.с.с. Біріншіден, алғашқы күнтізбелер жеке бір данышпан адамның немесе бір дарынды халықтың ойлап шығарған өнертабысы емес, көптеген халықтардың мыңдаған жылдар бойы жинақталған өмір тәжірибесінің нәтижесі. Екіншіден, алғашқы күнтізбелер жер бетіндегі табиғи құбылыстарға – қардың кетуі, өзендердің тасуы, дауылдардың соғуы, құстардың келуі тағы басқаларға сайып келгенде ауа райына байланысты болған. Үшіншіден, алғашқы күнтізбелер әр түрлі болған, олардағы жыл басы, жыл ішіндегі айлар мен күндердің саны әр түрлі және әр халықтың тұрмысына сәйкес болған. Төртіншіден, алғашқы күнтізбелерде сағат, минут, секунд, ғасыр өлшемдері болмаған, ай есебі тиянақсыз болған [2, 50 б.].

Бір ағылшын сөзінің мағынасына, бірнеше қазақ сөздерінің ұқсас болуы мүмкін, яғни берілген сөздің қазақ тілінде бірнеше аналогтың сәйкестігі болады. Бұл ұқсастық – варианттық немесе нұсқалық ұқсастық. Аудармашыға дәл ұйқасатын нұсқаудың бірін таңдауы қажет. Сөздікте берілген кейбір лексикалық нұсқаулы ұйқастықтар, аудармашыны қанағаттандырмайды. Контекстуалды мағынаны көрсету үшін аудармашы өзі керекті сөзді табуы тиіс.

Аударманың негізгі тәсілдері: аударманың транскрипті және транслитерациясы, калькалық және лексикалық-семантикалық ауыстырулар. Контекстік лексикалық-грамматикалық трансформацияға антонимикалық аударма, көркем аударма және колигенсациясы жатады. Аудармада әр түрлі қосылуларды, қосымшаларды қолдануға болмайды. Аудармашы мәтінге сырттай мағыналы аудармаларды қоса алады. Кейбір кезде аудармашы қазақ тілінің заңдарын бұзбау үшін қосымшаларды қосады. Лексикалық ауыстыруда аудармашы аудармада контекстке байланысты сөздік және эквиваленттік сәйкестіктерді қолданбауы мүмкін. Ол осы сөздің аудармасын контекстке байланысты іздейді. Осындай әдісті «контекстік ауыстыру» деп атайды.

Ағылшын тілінде кең мағыналы кейін басқа тілдерде толығырақ, дәлірек анықталатын сөздер көп: violence, nation. Қазақ тілінде осыған ұқсас жалпы кең мағыналы сөздердің қолданылуы өте сирек кездеседі. Аудармашы лингвистикалық және статистикалық қазақ тілі нормасынан құтылу үшін бірнеше сөздерді жіберуі мүмкін. Бірақ әрбір жіберілген сөз айқындалып, аудармаға қиын сөздерді жібермей, ағылшын тілінде синонимдік нұсқаларын қолданады. Аудармада әр мағыналы синонимдер жіберіледі [5]. Аударма кезінде сөз тіркесі, мағыналық топ немесе сөйлем таныстырлмайды. Шамадан сөздік сәйкестіктен немесе сөйлем құрамындағы бөлек сөздің мағынасынан бас тарту, тек қана қажеттісі. Мағынаның маңыздысын түсіну, бүкіл аударманы толық қазақ тілде мәнерлеу керек, кейде өте алшақ сөз ұзақтығы болған кезде, біз қабылдау мағынаға жүгіреміз.

Мағыналық даму дегеніміз – сөз немесе сөз тіркесіне сәйкес сөздіктен тікелей бас тарту деген сөз. Олай болса, негізінде мағналық даму тым қарапайым жеңіл қабылдаудың лексикалық өзгеруден, дәлелдеуден, топтап қорытудан айырмашылығы жоқ. Айырмашылығы – қиындықты қабылдауда ғана. Мағыналық даму бір ғана алынған сөзге ғана емес, сөз тіркесіне немесе мағыналық топқа қарайды. Сөз және сөз тіркесі ұзақтықта және аудармада себеп-салдарлы қатынаспен байланысты. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиологиялық бірліктерді тіл иелерінің тарихымен, дүниетанымымен, рухани және дәстүрлі тұрмыстың мәдениетімен сабақтастыра қарастыру нәтижесінде қарастырылған тұжырымдар жалпы және тіл білімі, аударма, лингвомәдениеттану ғылымдарын теориялық тұрғыдан жетілдіруге белгілі бір дәрежеде үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Аристов, Н. Б.** Основы перевода. – М., 1959.
- 2 **Ысқақов, М.** Халық календары. – Алматы : Жазушы, 2009.
- 3 **Латышев, Л. К.** Технология перевода. – М., 1989.
- 4 **Львовская, З. Д.** Теоретические проблемы перевода. – Минск, 1985.
- 5 **Асанова, Г. Н.** Қазақ тіліндегі халықтық күнтізбе мен жылнаманың этномәдени болмысы. – Алматы, 2014.

Материал 27.04.15 баспаға түсті.

Б. Ожекенева

Проблемы перевода терминов казахского календаря на английский язык

Евразийский национальный университет
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.
Материал поступил в редакцию 27.04.15.

B. Ozhekeneva

Problems of translation of terms of the Kazakh calendar into English language

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.
Material received on 27.04.15.

В данной статье рассматриваются проблемы перевода терминов казахского календаря на английский язык.

In this article the problems of translation of terms of the Kazakh calendar into English language are examined.

Г. Ж. Өтемісова

ф.ғ.к., доцент, Алматы Менелдмент Университеті, Алматы қ.

УӘЖ ЖӘНЕ УӘЖДІЛІК ТЕОРИЯСЫ: ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕГІ КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРҒА ҚАТЫСЫ (НҰРТУҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

Бұл мақалада шығарма тіліндегі көнерген аталымдардың даму жолдары мен қалыптасуында сапалық өзгеріске ұшырауын саралау тіл біліміндегі уәж және уәжділік теориясы тұрғысынан қарастырылды.

Кілтті сөздер: уәж, уәжділік, көнерген аталымдар, әдеби шығарма, сөздердің көнеруі, зерттеушілер.

Әр атаудың астарында ұғым тұрады, ал ұғым зат я құбылыстар жөнінде пайымдаудың жиынтығынан қалыптасады. Ономазиология таныммен тікелей байланысты, яғни ұғымның қалыптасуына қандай уәждер негіз болады, соны зерттейді, анықтайды.

Негізінен, тілдің ішкі дамуы – таза лингвистикаға қатысты жағы болса, ал сыртқы дамуы – экстралингвистикалық жағы (қоғам, табиғат, таным) арқылы атаудың мәні ашылады, яғни **зат – ұғым – атау – таңба** арасындағы үдеріс тікелей аталым теориясымен жүзеге асады.

Тіл бірліктерінің уәжділік қасиеттері туралы пікірлер Н. О. Оралбаева, А. Салқынбай, Б. Қасым, Л. К. Жаналина еңбектерінде қарастырылады. Осы мәселені көтерген ғалымдардың барлығы уәжділікті сөздің ішкі мағыналық құрылымымен байланыстырады.

Уәжділік форма мен мазмұн арасын байланыстырушы құрал, маңызды белгілерінің бірі. **Уәжділік** кез келген сөзге тән емес, дәлірек айтсақ оның ішкі формасына. Сөздің уәжділігін ашпас бұрын оның мазмұны мен ішкі формасының сәйкестілігіне мән берген жөн. Уәжділік шекарасы лексикалық мағынаның оның ішкі формасына өзектелген бөлігімен айқындалады [1, 158 б.].

А. И. Моисеев сөздің ішкі мағыналық құрылымы мен уәжділігін бір деңгейде қарастырады. Ғалым уәжділік белгіні таңдау кездейсоқ әрекет еместігін дәлелдеуге тырысады, нысанға ат беруде адам оның ерекшеленер белгісін таниды және таңдайды дейді [2, 130 б.]. Яғни атаулардың уәжділігі сөз мағынасын тудыратын түбіртектің мағыналық қатынасынан анықталады.

Алғаш уәждеме мен уәжділік ұғымдарын ажырата қарастырған М. М. Гинатулина. «От мотивации следует отличать мотивированность. Мотивация есть обязательная степень предноминативного процесса.

Мотивированность лексических единиц и может отсутствовать» [3, 27 б.]. Яғни уәждеме барлық туынды сөздерге ортақ ұғым болса, сөздің уәжділігі кез келген туындыға тән құбылыс емес. Лексикалық бірліктер өзінің уәжділігін тарихи тұрғыдан жоғалтуы мүмкін, бұл оларды жалған уәжділікке де апарды. Л. К. Жаналина сөз уәжділігін сөзжасамдық негізгі көрсеткіш ретінде таниды [4, 374-390 бб.]. Сөздердің ішкі мағыналық құрылымынан олардың лексикалық мағынасын айқындай алмау, олардың уәжділігін, яғни мағына себептігін жоққа шығарады. Көнерген аталымдарда олардың уәжділігі адам танымымен тығыз байланысы қарастырылады. Олардың уәжділік дәрежесі тура мағыналы сөздерден алшақтау болады. Өйткені, нақты заттардың білім қорын негізге алуда **адамның ассоциациялы түсінігі де аталым жасауға қатынасады**. Нақты заттар мен құбылыстар туралы ақпарат оның лексикалық мағынасынан танылады. Өйткені сөздіктерде таңбалардың беретін ұғымдары мен түсініктері лексикалық мағынада жинақталады.

Сөздің уәжділігі құбылысын, оның ғылыми мәртебесін жан-жақты саралауға арналған еңбегінде О. И. Блинова «уәжділік – сөздің таңбалануы мен мағынасының байланысын көрсететін құрылымдық-мағыналық қасиеті» деген анықтама береді [5, 191 б.]. Ғалым сөздің уәжділігін айқындауда, оның дыбыстық тұрпаты мен лексикалық мағынасына назар аударамыз деп көрсетеді. Сөздердің таңбалық сипаты мен лексикалық мағынасының арасындағы байланысты зерделесек, туынды сөздердің көбінің таңбалық сипаты мен лексикалық мағынасы арасында байланыстың барлығы көрініп тұрады, сондықтан да олар уәжді сөз деп танылады. Тек олардың уәжділігі тура мағыналы сөздердегідей бір денотатқа бағынбайды. Көнерген аталымдардың уәжділігін анықтау үшін ауыспалы мағынаға арқау болып тұрған нысан белгісін тану қажет болады.

Тіл бірліктерінің ішкі мағыналық құрылымы аталым процесінің өту заңдылықтарының көрінісі болғандықтан, оның уәжділігін де көрсетіп тұрады. Ол жайында М. Н. Янценецкая мынадай пікір айтады: «Внутренняя форма слова – выраженных мотивировочный признак. Особенности ее строения, определяемые закономерностями номинативного процесса, тесно связаны с явлением мотивированности слова» [6, 17-33 бб.]. Демек, аталым процесі заңдылықтарына сәйкес сөздің уәжділігі оның құрылымындағы уәждемелік белгімен айқындалады. Сөзжасамдағы негізгі ұғымдар ретінде сөздің ішкі мағыналық құрылымы, уәжділігі, уәждемелік белгісі барлығы да аталымның жасалуын, оның мағыналық негізділігін сипаттауға қолданылады. Сөздің мағыналық құрылымы аталым жасаудың негізгі категориясы болып табылады. Ол туралы ғалым Б. Қасым: «Заттың күрделі атауларының мағыналық құрылымы – көп жайттардың себебін, мәнін ашуға мүмкіндік береді. Демек, ішкі мағыналық құрылым – аталымның дербес мағыналы лексема ретіндегі ұстанымы. Заттың күрделі аталымдары сыңарларының арасындағы мән-мағыналық байланыс

түрлері олардың уәжділік дәрежелерін көрсететін болса, солардың негізінде екіншілік аталымның жасалуы, дәлірек айтқанда уәж түбір және құрылымға, сол сияқты мағынаға тәуелді келеді» – деп анық көрсетеді [7, 84 б.].

Тіліміздегі өсімдік атауларының уәжділігі жайында жазылған Ұ. Б. Әділбаеваның зерттеу жұмысында **уәж, уәжділік** теориясы туралы, олардың термин ретіндегі ролін, орнын өзге ғылым салаларындағы уәжділіктің ұғымдық сипаттарын, сөзжасаммен байланысын, номинация теориясымен арақатынасын өсімдік атауларын негізге ала отырып жазған. Зерттеуші өсімдік атауларына байланысты уәжділікті төрт түрге бөліп қарастырады: 1) дыбыстық уәжділік; 2) морфологиялық-синтетикалық уәжділік; 3) синтаксистік-аналитикалық уәжділік; 4) лексика-семантикалық уәжділік – деп бөледі де, уәжділік ұғымына мынадай анықтама береді: «Уәжділік – атау сөз бен сол сөз белгілеп тұрған реалды заттар арасындағы мағыналық байланысты айтады» – деген пікірге келеді [8, 121 б.]. Мағыналық байланыс нысандардың білім қорындағы ақпараттары арқылы жүзеге асады.

Сөз мағынасының өріске түсуі қоғамның дамуымен бірге жүріп отыратын құбылыс. Белгілі тарихи кезеңдер мен уақыт сол кеңістікке сай ұғымдық жаңалықтар әкеледі. Жаңадан танылған ұғымдар тілде түрлі тәсілдер арқылы, соның ішінде сөз мағынасының өзгеруі, жаңаруы арқылы іске асады. Сөз мағынасының өзгеруін тілімізде соңғы кезеңдерде бұрыннан сөздік қорымызда бар атаулардың қолданыс аясы тарылып, бір кездердегі көнерген (архаизм) делінген аталымдар жаңа мағынаға ауысып, тілдік айналымға кіре бастағанынан да көруге болады. Академик І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев: «Сөз мағыналарының көпшілігі семасиологияның белгілі заңдылықтары бойынша жасалады. Оның бастылары: ұқсату заңы (метафоралану); функционалдық семантика заңы, бөлшектің бүтінге айналу заңы; мағыналардың кеңеюі мен тарануы» деген секілді заңдылықтардың негізінде жүзеге асатындығын атайды [9, 315 б.]. К. Аханов та жаңа жоқтан пайда болмайтынын, оның байырғы тілде бар жалпы халықтық лексикадағы лексемалардың мағыналарының өзгеріске түсуінен жасалады деген түйін жасайды [10, 496 б.].

Уақыт өте келе сөздің атау болып қалыптасуындағы бейнесі, уәжі солғынданып, тіпті, бұрынғы мағынасы тасаланып, ұмытылады. Сондықтан көнерген аталымдарды да басқа тілдік құбылыстардан ажырататын негізгі белгілерін уәжділік теорияларына сүйеніп, анықтауға болады.

Ақын шығармаларының лексикасындағы көнерген аталымдарды (архаизмдер мен историзмдерді) әңгіме еткенде, объектіге екі шамадан қарау керек. **Бірі** – ақындардың өз тұсында-ақ көнерген немесе көнере (пассивтене) бастаған аталымдар тобы, **екіншісі** – қазіргі нормадан қарағанда көнерген болып есептелінетін аталымдар.

Халықтың ауызекі сөйлеу тілін, ғасырлар бойы шыңдалған ауыз әдебиетін, сондай-ақ өзіне дейінгі және өзіне тұстас қаламгерлер үлгілерін

жақсы біліп, солардың тілін сарқа пайдаланған ақындар өз лексиконына қазақ тілінде бұрынырақ қолданылып, өз заманында көнерген немесе көнере бастаған аталымдарды да шебер енгізген.

Бір кезде тіпті ұмытылып кейінгі ұрпақтарға түсініксіз көнерген аталымдар әртүрлі себептермен лексиканың активті құрамына қайта оралып, күнделікті тұрмысқа жиі қолданылатын дәрежеге жетіп, активтенеді.

Ескере кететін құбылыс, көнерген аталымдардың сол дәуірде бірнеше мағынасы болған, ал қазір қайтадан қолданысқа енген көнерген аталымдардың бір ғана мағынада қолданылатыны немесе бір ұғымды білдіретін көнерген аталымдардың бірнеше жаңа мағыналары кездеседі. Бұл құбылысты Нұртуған шығармаларындағы көнерген аталымдарды арнайы зерттеу барысында анық байқауға болады.

Уәжділік, аталым теорияларын жан-жақты қарастырып, нақты тұжырым жасаған ғалым Б. Қасым: «Дәуір өткен сайын атаудың қалыптасуындағы о бастағы негіз – уәж белгілер ұмытыла бастайды. Егер тілдегі атаудың түп-негізіндегі мағынасы ұмытылса немесе көмескіленсе, яғни неғұрлым ішкі құрылым өзінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтаған сайын, жасалымдағы дерексіз мағыналардың қалыптасуына, мағыналы дамуына, ауыспалы мағынаның пайда болуына әкеледі. Күрделі атаулардың жасалуындағы метафора, метонимия, мағынаның тарануы, кеңеюі т.б. сөзжасамдық амалдар күрделі аталымның ауыс мағынасын тудыратын өнімді тәсілдердің бірі» [11, 7 б.], – дейді.

Ғалым Ғ. Қалиев пен Ө. Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде: «сөз мағынасының кеңеюі деп сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ бұрыннан белгілі мағынасының үстіне жаңа қосымша мағыналарға ие болуын айтамыз. Ал, сөз мағынасының тарылуы тарихи, қоғамдық, әлеуметтік т.б. жағдайларға байланысты сөздің кейбір мағынасының қолданыстан шығуып қалуын білдіреді» деп нақты тұжырымдайды [12, 86 б.].

Жоғарыдағы айтылғандарды мына бір мысалмен дәлелдеп кетуге болады:

Мысалы, *Сен хан қызы ханымға, Зайыптың келді қайымы. Әрі батыр, әрі бек Көрсеткен жауға зайырды* [17, 111 б.]. Мұндағы *зайыр* қазіргі *ашық, жарқын* сөзімен еш қатысы жоқ және осы құрамда мағынасы бұрынғы мағынасынан алшақтап, көмескіленген, түп-негіз мағынасы – ақын өмір сүрген тұста *көрнекті, көрсетерлік, мақтанарлық* деген мәнді білдірген. Кейіннен *зайыр* – мағыналық дамуға түскен: *анық, тәуелсіз, күмәнсіз* деген мағынада жұмсалған. Қазақ тілінің сөздігінде «зайыр», «зайыры» және «зайырлы» сөздерінің мағынасы айтылған: **I Зайыр** – *анық, айқын, ашық*; **II Зайыры** – *сірә, тегінде*; **III Зайырлы** – *білгір, білімдар* [13, 267 б.].

М. Бұралқыұлының басқаруымен шыққан қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «зайыр» сөзінің бір ғана мағынасы түсіндірілген: **Зайыр** – анық, нақ, дәл [14, 224 б.].

Н. Оңдасыновтың «Арабша-қазақша сөздігінде» *зайыр* сөзінің екі түрлі мағынасын түсіндіреді: **I Зайыр** – *анық ашық, күмәнсіз, жарық, жылтыр, көрнекті, көзге түсетін*; **II Зайыр** – *сыртқы, сырт, тұр, келбет* [15, 110 б.].

Араб тілінде *заһирун* (блестящий, яркий, цветущий, прекрасный) *жарқын, анық, айқын, тамаша, көркем* деген мағынада қолданылады [16, 421 б.].

Келтірілген деректердегі аталымдарға уәж (себеп, негіз) болған негізгі қасиеті, олардың *ерекшелік, айрықшалық белгісінің болуы* және олардың *көзге көрсетерлік* қасиетін көрсетеді, яғни ономазиологиялық белгісі уәжі және атаудың жасалуында ішкі мағыналық үйлесімі мағына мен тұрпатының қалыптасуына, сөйтіп аталымның таңбалануына себеп болған.

Шынында да мұндағы *зайыр* сөзі қазір жоғарыда келтірілген шығармадағы мағынасында қолданылғандай еркін қолданылмайды. Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болғалы кешегі көнерген аталым қолданысқа қайта ене бастады. Қазіргі тілімізде *зайыр* сөзі бұрынғы тар мағынасында емес, *зайыр* зат есіміне *-лы*, сын есім тудыратын жұрнақ жалғанған түрінде (формасында) кең мағынада қолданыс табуда. Мысалы, *зайырлы мемлекет, зайырлы ел* т.б. Бұл жерде «жарқын мемлекет, тәуелсіз мемлекет» деген мағынаны білдіреді. *Зайыр* сөзінің мағыналық өрісі: *анық, күмәнсіз, дәл, нақты, ашық* деген синонимдік қатар түзеді. *Зайыр* сөзінің өзек семасы *анық* деген сөздің негізінде пайда болған.

Ақын шығармаларындағы көнерген аталымдардың қолданылуын қазіргі тіл қолданысымен салыстырғанда, сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы бірден көзге түсетін құбылыс.

Қорыта келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

– көнерген аталымдардың астарында уәж жатады, уәжділік аталымның пайда болуына негіз болады;

– көнерген аталым негізіне себепші уәжділіктің бір белгісі түрткі болу керек;

– уәжділік белгілерге: пішін, түс, қызмет, көлем, сапа, мөлшер, орын т.б. жатады;

– әрбір көнерген аталымның семантикалық құрылымында уәжділік ерекшеліктері әртүрлі қалыптасқан. Дегенмен, көнерген аталымның лексикалық мағынасының қалыптасуына заттық белгілер, сол аталымның уәжемесіне негіз болғандығы айқын аңғарылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Княк, Т. Р.** Мотивированность лексических единиц (количественные и качественные характеристики). – Львов, Вища школа, 1988. – 158 с. – ISBN 5-292-00119-8

2 **Мойсеев, А. И.** Мотивированность сложных слов // Исследование по грамматике русского языка. Уч. Записи ЛГУ /серия филология/, 1963. – № 322. – С. 120-136. – ISBN 978-5-7511-2105-1

3 **Гинатулин, Р. М.** К исследованию мотивации лексических единиц (на материале наименований птиц): автореф. ... канд. филол. наук. – А., 1973. – С. 27 – ISBN 978-5-7511-2105-1 .

4 **Жаналина, Л. К.** Производность и словообразовательная мотивация в русском и казахском языках //Қазіргі қазақ тілінің бүгінгі мен болашағы. – Алматы, 1998. – С. 374-390. – ISBN 583-801-747-3

5 **Блинова, О. И.** Явление мотивации слов (лексикологический аспект). – Томск, 1984. – 191 с. – ISBN 978-5-397-02030-5

6 **Яценецкая, М. Н., Резанова, З. И.** К проблеме внутренней формы слова // Вопросы слово и формообразования в индоевропейских языках. – Томск, 1991. – С. 17-33. – ISBN 5 - 85127 - 349 – 6

7 **Қасым, Б.** «Қазақ тіліндегі заттық күрделі атауларының теориялық негіздері»: филол. ғ. д. ... дисс. – А., 2002. – 313б. – ISBN 978-601-228-115-6.

8 **Әділбаева, Ұ. Б.** Қазақ тіліндегі өсімдік атаулардың уәжділігі: филол. ғ. канд. ... автореф. – Алматы, 2001.– 121 б. – ISBN 978-601-304-000-4

9 **Кенесбаев, І., Мұсабаев, Ғ.** Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы : Мектеп, 1975. – 315 б. – ISBN 978-601-273-002-9

10 **Аханов, К.** Тіл білімінің негіздері. – Алматы : Санат, 1993. – 496 б. – ISBN 9965-664-07-2

11 **Қасым, Б.** Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы : КИЦОО, 2007. – 167 б. – ISBN 9965-14-168-1

12 **Қалиев, Ғ., Болғанбаев, Ә.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2006. – 356 б. – ISBN 978-601-7293-12-3

13 Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 2008. – 824 б. – ISBN 9965-798-99-0

14 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008. – 656 б. – ISBN 9965-798-99-0

15 **Оңдасынов, Н. Д.** Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы : Мектеп, 1984. I т. – 255 б. – ISBN 5-625-01352-7

16 Арабско-русский словарь, – М., 1958. – 1020 б. – ISBN 5-901278-05-4

17 **Кенжеғұлұлы, Н.** Кәнеки, тілім, сөйлеші...I том. – Алматы : Ғылым, 1992. – 224 б. ISBN 5-89800-123-9

Материал 24.04.15 баспаға түсті.

Г. Ж. Утемисова

Теория мотивов и мотивации: отношение устаревших названий к языку произведений (по произведениям Нуртуғана)

Алматы Менеджмент Университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 24.04.15.

G. J. Utemisova

Motives and motivation theory: obsolescent names in relation to the language of creative works (based on creative works of Nurtugan)

Almaty Management University (ALMA University), Almaty.
Material received on 24.04.15.

В данной статье выбраны устаревшие названия, встречающиеся в языке поэтов, и проведен этимологический анализ их особенностей через мотивацию.

The article under consideration, dwells on obsolescent names, which occur in the language of poets. It also covers the etymological analysis of their peculiarities, conducted through motivation.

УДК 711.161.1-112 `18

М. В. Пименова

д.ф.н., профессор, Военный институт железнодорожных войск и военных сообщений Военной академии материально-технического обеспечения, г. Санкт-Петербург, Россия

КУЛЬТУРНЫЙ КОД И МОДЕЛИ МЕТАФОР

Идеи В. Н. Телия, В. В. Красных, Д. Б. Гудкова, М. Л. Ковшиовой и других лингвистов находятся в основе одного из перспективных направлений исследования в лингвокультурологии и методике РКИ – описания языка сквозь призму кодов. Поэтому одной из важных проблем становится выявление кодов культуры и их репрезентация в языке в аспекте изучения.

Ключевые слова: коды культуры, лингвокультурология, категория, картина мира, модели метафор.

Теория информации определяет код как совокупность сигналов. В философии код – знаковая структура, это система, правила упорядочения и сочетания символов (определенный способ структурирования), это непредвиденное взаимобратное соответствие одного символа одному означаемому (У. Эко). В наше время актуальным представляется

семиотический подход к исследованиям в рамках лингвокультуры. В культуру, рассматриваемую как знаковый феномен, входит система образов, выполняющих семиотическую функцию в коммуникации. Эта система подразделяется на подсистемы, которые получили название культурных кодов. Представления о культурном коде встречаются в работах Ю. М. Лотмана, М. К. Петрова, М. В. Пименовой, У. Эко, Р. О. Якобсона и др.

Каждая культура имеет свою модель мира, которую в лингвистике чаще именуют картиной мира. Постичь картину мира всегда непросто; мы не замечаем то, как эта картина мира фиксируется в знаках языка. Картина мира чужой культуры более заметна, ее можно увидеть через призму языка, если подобрать ключ к системе метафор.

Содержание культуры представлено различными областями: это нравы и обычаи, язык и письменность, одежда, поселения, работа (труд), воспитание, экономика, армия, общественно-политическое устройство, закон, наука, техника, искусство, религия, проявления духовного развития народа. Все эти области в языке реализуются в виде системы кодов культуры. Код культуры – это макросистема характеристик объектов картины мира, объединенных общим категориальным свойством; это некая понятийная сетка, используя которую носитель языка категоризует, структурирует и оценивает окружающий его и свой внутренний мир (Пименова 2004: 147). Культурный код помогает постичь глубинные смыслы норм, ритуалов, традиций, символов. Код обеспечивает взаимосвязь между знаком и значением. Код культуры характеризуется самодостаточностью, универсальностью, открытостью. Его можно обозначить как тип культурной памяти. Коды культуры соотносятся с древнейшими архетипами. При переносе в языке характеристик из одного кода в другой возникает метафора или метонимия.

Код культуры – это таксономия элементов картины мира, в которой объединены природные и созданные руками человека объекты (биофакты и артефакты), объекты внешнего и внутреннего миров (физические и психические явления). Культура – это «та часть картины мира, которая отображает самосознание человека, исторически видоизменяющегося в процессах личностной или групповой рефлексии над ценностно значимыми условиями природного, социального и духовного бытия человека. Из этого следует, что культура – это особый тип знания, отражающий сведения о рефлексивном самопознании человека в процессах его жизненных практик» (Телия 1999: 18).

Коды культуры проявляются в процессах категоризации мира. Категоризация как процесс сжатия многообразия – всегда лишь этап взаимодействия с миром. Сами категории формируются в нашем сознании в соответствии с конкретными требованиями культуры. Любой язык является воплощением культуры его носителей, предоставляя в распоряжение

говорящих средства для выражения актуальных понятий и отношений. В основе процесса категоризации находятся сложившиеся у народа представления о сходстве и различии объектов, будь то объекты внешнего мира (небо, звезды, облака, солнце) или феномены внутреннего мира (душа, сознание, ум, рассудок). Процессы категоризации связаны с человеком, особенностями его восприятия мира.

Каждую национальную культуру отличают специфические языковые образы, символы, образующие особый код культуры, с его помощью носитель языка описывает окружающий его мир, используя его в интерпретации своего внутреннего мира. Образы, признаки которых относятся к кодам культуры, функционируют в режиме подобия. Образные признаки актуализируют только те черты, которые являются образом образа. Такие признаки лежат в основе типовых представлений о реалиях внешнего и внутреннего миров. Образ может «подняться» до символа.

Код культуры имеет два важных признака: иерархичность и экономичность. Иерархичность проявляется в упорядочении субкодов (термин ввел Р. О. Якобсон): главенствующее положение одного и подчиненное состояние остальных. Экономичность кода заключается в общей информативности высказывания, при этом выбранный код уже сам по себе ограничивает поле информации.

Любая коммуникация предполагает некоторую знаковую систему и некоторый код, разделяемый всеми участниками процесса. Кодом выступает единая система записи, хранения и передачи информации. Культурные коды предназначены для кодирования культурных смыслов. Метафорическая система предполагает владение ею всем социумом. Поэтому метафора считается способом выражения кода лингвокультуры.

Метафора имеет два начала: эпифорическое и диафорическое. Эпифорическое начало способствует созданию нового смысла, диафорическое имеет тенденцию к его закреплению (метафора переходит в разряд «стертых»).

В связи с тем, что работа мышления определяется несколькими этапами: первоначально – развитие образов, и только после их появления – выработка понятий, все метафоры в языке (в основе которых всегда находится некий образ) можно оформить в виде ограниченного количества категорий. Метафора и метонимия – одни из способов актуализации тех или иных признаков в языке. Таким образом, метафора может описываться как процесс в двух смыслах: как когнитивный процесс, который выражает и формирует новые понятия, и как культурный процесс, с помощью которого изменяется сам язык.

В когнитивной лингвистике сохраняется интерес к метафоре, что объясняется возможностью осмысления основ мышления, процесса освоения

мира, связи концепта и его реализацией в языке. Особое внимание уделяется универсальным (свойственным большинству языков) моделям метафор.

Модели метафорических переносов у существительных:

- сходство формы (конь: лошадь, шахматная фигура, спортивный снаряд),
- сходство месторасположения (хвост: животного|самолёта),
- сходство производимого впечатления (нырять: в воду|в толпу),
- сходство функций (дворник: человек, щетка машины),
- сходство цвета (золотые: часы|волосы),

Модели метафорических переносов у качественных прилагательных:

‘человек’ – ‘механизм/инструмент’ (ср. надежный: друг|велосипед, чувствительный: юноша|прибор)

‘пространство’ – ‘время’ (ср. длинный: коридор|день, далекий: станция|юность)

‘жидкость’ – ‘множество’ (ср. жидкий: каша|толпа)

‘жидкость’ – ‘эмоциональное/ментальное состояние’ (ср. глубокий: река|депрессия)

‘конкретный предмет’ – ‘событие’ (ср. крупный: кусок|успех).

Модели метонимических переносов:

- действие/результат действия (сочинение),
- действие/место действия (выход),
- материал/изделие из материала (золото).

Метафорическая модель обуславливает перенос по общему правилу у идеографически (тематически) соотносительных слов: с одного класса предметов или явлений на другой класс на основе реального или виртуального сходства свойств у них. Метафорическая модель имеет такие критерии определения, как регулярность (следование общим правилам при переосмыслении двух и более единиц, связанных системными парадигматическими, деривационными и синтагматическими отношениями) и продуктивность (возможность образования новых значений у тематически близких слов).

В семантических преобразованиях слов по определенной модели участвуют два идеографических поля; в процессах метафорического переосмысления они соотносятся как поле-источник (в которое многозначные лексемы входят в своем прямом значении) и поле-цель (включающие слова в переносном мотивированном значении).

Приоритетными моделями метафор для носителей разных языков являются **пространственная** (ориентационная), **временная** и **культурная** (Пименова 2006: 42). «К числу **пространственной (ориентационной) модели** относятся следующие разновидности:

- вместилище (контейнер, емкость) (*хранить в сердце; таить в душе*);
- поверхность (*на уме; на памяти*);

• оппозиции «верх – низ», «передняя (фасадная) сторона – задняя сторона», «правый – левый», «близкий – далекий», «центр-периферия» (*высокие помыслы; низкие мысли; задним умом крепок; левые деньги «приработок»; недалекий «неумный»*).

• биологическая (*повышение роста; высокая/ низкая всхожесть культуры*);

- географическая (*горизонты науки; «Архипелаг ГУЛАГ»*);
- геометрическая (*пересеклись «встретились»; параллельно выдвинуть идею*);
- соматическая (телесная) (*коротышка; позвоночный столб*);
- физическая (*Пей из ковша, а мера души; Мерить на свой на аршин*);
- химическая (*улетучиться из помещения «исчезнуть, уйти»*).

• кинестетическая (*он сечет/ рубит/ волокёт в математике прост. «разбирается»; продираться сквозь слова разг. «с трудом понимать»*).

- социальная (*верхи/ низы общества; высокая/ низкая социальная ступень*);
- метеорологическая (*выпали осадки; тучи закрыли солнце*);
- зооморфная (*надёж скота; высокий/ низкий рост поголовья*);
- строительная (*возводить воздушные замки «мечтать»; подводить фундамент «обосновывать»*).

• военная (*мозговой штурм; «Иду на вы» ист. «объявляю войну»*);

• транспортная (*Проехали!* восклицание со значением «прекратим это обсуждать»; *выдвинуть кандидатуру*).

- косметическая (*подводка для глаз*);
- кулинарная (*взбить тесто; тесто поднялось/ опало*);
- механическая (*дать на горá «выработать объем руды/ угля»*);
- производственная (*высокое/ низкое качество продукции; высокие/ низкие темпы производительности труда*);

• экономическая (*уровень цен; высокий/ низкий уровень жизни*).

Временная модель включает в себя такие разновидности метафор:

- космическое время (*ждать целую вечность*);
- календарное время (*весна/ осень жизни*);
- жизнь бога (*бессмертное творение; вечная душа*);
- жизнь живого организма – человека, животного, насекомого (*рождение любви*);

• время суток (*на заре/ закате жизни*);

• единицы времени (*мгновения любви*).

Культурная модель метафор является самой обширной по видам и их разнообразию, представленному этой моделью. В языке отобразилось свойство мышления человека, живущего в природной и социальной среде, переносить на физический мир и свой внутренний мир и его объекты антропоморфные, биоморфные и предметные характеристики. Способность человека соотносить явления из разных областей, выделяя у них общие

признаки, находится в основе существующих в каждой культуре системе культурных кодов, среди которых: природный (стихийный и вещественный), растительный (вегетативный, фитоморфный), зооморфный (анимальный, териоморфный), перцептивный, соматический, антропоморфный, предметный, пищевой, метеорологический, химический, цветовой, пространственный, временной, духовный, теоморфный (божественный), галантерейный, игровой, математический, медицинский, музыкальный, этнографический, экологический, экономический. Растительный, зооморфный и антропоморфный коды иногда объединяют под общим названием биоморфного (натуралистического) кода. Основу культурных кодов составляет мифологический символизм, суть которого состоит в переносе образов конкретных предметов на абстрактные явления (в том числе внутреннего мира). Устанавливая параллелизм объектов физической (реальной) и виртуальной (иллюзорной) действительности, мифологическое сознание основывается на гносеологических операциях сравнения и отождествления» (Пименова 2006: 42-44).

Человек обладает способностью соизмерять, сопоставлять и ассоциировать разные категории. Такие способности соответствуют собственно масштабу знаний и представлений человека о мире. Человек познает мир через свою практическую и теоретическую деятельность в нём. Таким образом, языковая специфика интерпретации мира носителями языка является ценным источником информации об отражении объектов познания и источником выявления «человеческого фактора» в языке.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Пименова, М. В. Коды культуры и принципы концептуализации мира / М. В. Пименова // *Studia linguistica cognitive*. Вып. 1. Язык и познание: Методологические проблемы и перспективы. – М. : Гнозис, 2006. – С. 172-187.

2 Телия, В. Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М. : Языки русской культуры, 1996. – 285 с.

Материал поступил в редакцию 08.06.15.

М. В. Пименова

Метафордын мәдениет коды мен өрнегі

Теміржол әскерінің және әскери қатынас материалдық-техникалық қамсыздандыру әскери академиясының әскери институты,

Санкт-Петербург қ., Ресей.

Материал 08.06.15 баспаға түсті.

M. V. Pimenova

Cultural code and model metaphors

Military Institute of Railway Troops and Military Communications of the
Military Academy of Logistics, St-Petersburg, Russia.

Material received on 08.06.15.

В. Н. Телия, В. В. Красных, Д. Б. Гудкова, М. Л. Ковшовой және басқа тіл білімі ғылымдарының ойлары болашаққа бағыт беретін негізгі зертеу лингвомәдениеттану және орыс тілі шет тілі ретінде әдістемеге – тілді призма коды арқылы баяндау. Сондықтан мәдени кодты анықтау тілдің аспектілерін оқытуда маңызды мәселелердің бірі.

The ideas of V. N. Teliya, V. V. Krasnykh, D. B. Gudkov, M. L. Kovshova and other linguists lie in the foundation of one of the most promising research directions in cultural linguistics and methodology of Russian as foreign language – description of language through codes. Therefore, the identification of cultural codes and their representation in the language are becoming one of the most important problems in the study aspect.

УДК 711.161.1-112 `18

М. В. Пименова

д.ф.н., профессор, Военный институт железнодорожных войск и военных сообщений Военной академии материально-технического обеспечения, г. Санкт-Петербург, Россия

АНТРОПОМОРФНЫЙ КОД КУЛЬТУРЫ

Каждая культура имеет свою модель мира, которую в лингвистике чаще именуют картиной мира. Постичь картину мира всегда непросто; мы не замечаем то, как эта картина мира фиксируется в знаках языка. Картина мира чуждой культуры более заметна, ее можно увидеть через призму языка, если подобрать ключ к системе метафор. В связи с целым рядом достижений в лингвокультурологии, когда накоплено и объяснено значительное количество языковых фактов, наступила пора изменить лингвометодическое сознание, т.е. систему сложившихся стереотипов и взглядов на язык и текст и способы их преподавания.

Ключевые слова: коды культуры, лингвокультурология, категория, картина мира, модели метафор.

Коды культуры проявляются в процессах категоризации мира. Категоризация как процесс сжатия многообразия – всегда лишь этап взаимодействия с миром. Сами категории формируются в нашем сознании в соответствии с конкретными требованиями культуры. Любой язык является воплощением культуры его носителей, предоставляя в распоряжение говорящих средства для выражения актуальных понятий и отношений. В основе процесса категоризации находятся сложившиеся у народа представления о сходстве и различии объектов, будь то объекты внешнего мира (небо, звезды, облака, солнце) или феномены внутреннего мира (душа, сознание, ум, рассудок). Процессы категоризации связаны с человеком, особенностями его восприятия мира.

Актуальными выступают исследования когнитивных аспектов языка, в частности, когнитивной интерпретации носителей разных языков фрагментов своего внутреннего мира, а также ключевых концептов культуры, под которыми понимаются обусловленные культурой «ядерные (базовые) единицы картины мира, обладающие экзистенциальной значимостью как для отдельной языковой личности, так и для ... сообщества в целом» (Маслова 2001: 51).

Антропоморфный код делится на индивидуальный и социальный субкоды. Кодам культуры в основной своей части свойственен **изоморфизм**, т.е. в каждой культуре наличествует весь перечисленный спектр кодов, однако не все элементы указанных кодов будут изофункциональны. Поиск специфических элементов, отличающих тот или иной код культуры, позволяет указать на особенность культуры, отраженной в мышлении народа. Элементы кодов выступают как классификаторы и квантификаторы друг для друга, за ними закреплена некоторая символическая культурная соотнесенность.

Соотношение образа, символа и метафоры в культуре можно представить в виде системы координат, где центральной точкой является образ, вертикальным измерением символ, а горизонтальным – метафора. Образ по своей сути целостен и синкретичен. Для перехода в пласт понимания его необходимо вербализовать и конкретизировать, и эти процессы осуществляются посредством символов и базовых метафор. В символах заключены основные культурные смыслы и мифы. Метафора представляет собой принцип связи всех элементов реальности в единую картину. Построение целостной картины мира осуществляется за счет механизмов переноса, уподобления и аналогии.

XX век ознаменовался появлением теории концептуальной метафоры. В основе создания каждой метафоры находится признак того или иного кода культуры.

В центре теории концептуальной метафоры, естественно, стоит термин *концепт*. Последние два десятилетия в когнитивной лингвистике исследователей при изучении языковых категорий интересуют конкретные принципы выделения концептов, их таксономия и установление иерархии концептов, которые обусловлены языковой категоризацией. Дж. Лакофф выдвинул гипотезу, что категории формируются когнитивными структурами, получившими название идеализированных когнитивных моделей (*idealized cognitive models*), под которыми понимаются особые когнитивные сущности, лежащие в основе языковых категорий. Дж. Лакофф выделяет четыре их типа: 1) пропозициональные модели, определяющие характер элементов категории, их свойства и отношения между ними; 2) образ-схематические модели, отражающие основные образные представления, формирующие категориальные классы; 3) метафорические модели, позволяющие представить некоторую абстрактную область посредством отождествления ее с другой областью, обычно конкретной и доступной эмпирическому изучению; 4) метонимические модели, действующие совместно с тремя первыми типами идеализированных когнитивных моделей и обеспечивающие перенос характеристик одного элемента множества на всё множество (Lakoff 1987).

Концептуальная метафора в языке не имеет частеречного и уровневого ограничения: она может принимать любое вербальное воплощение. Не

только слова и их сочетания, идиомы, но и пословицы, аллегории, афоризмы попадают в круг концептуальных метафор. Например, выражение «Всяческая человеческая голова подобна желудку: одна переваривает входящую в нее пищу, а другая от нее засоряется» входит в метафорическую модель «Слова и мысли – это пища», которая реализуется в таких лексических единицах, как, например, *варить, разжевывать, глотать запоем, подпитывать*.

Метафора привычна в описании любых реалий, «наша обыденная понятийная система, в рамках которой мы мыслим и действуем, метафорична по своей сути... Наш понятийная система ... носит преимущественно метафорический характер, ... наше мышление, повседневный опыт и поведение в значительной степени обуславливаются метафорой» (Лакофф, Джонсон 1990: 387). Метафора концептуальная не равнозначна понятию языковая метафора. По словам А. Ченки, «в когнитивных исследованиях принято отличать метафору как термин от метафорического выражения. Под метафорой подразумевается концептуальная метафора – способ думать об одной области через призму другой, например «ЛЮБОВЬ – ЭТО ПУТЕШЕСТВИЕ»... Метафорические выражения – это отражения метафор в языке (например, *Our relationship has hit a dead-end street* ‘Наши отношения зашли в тупик’). Важно заметить, что, согласно данной теории, метафоры могут быть выражены разными способами – не только языковыми формами, но и жестами, и культурными обычаями. Изучение метафор поэтому может пролить свет на более широкую тему: связи между языком и культурой» (Ченки 1997: 351–352). Жестами могут быть выражены разнообразные концептуальные метафоры. Так, носители русского языка жестом, который обозначается как «прижать к груди, сердцу, обнять», передают концептуальную метафору ‘ТЕЛО – ДОМ’. Кон-цептуальные метафоры могут соотноситься с языковыми выражениями таких метафор (ср.: *пригреть на груди*). В русской языковой картине мира грудь – вместилище сердца – представляется в метафорах очага, печи (*греться у груди/ у сердца*). Тело человека в разных языках описывается метафорами дома (*во мне живут воспоминания; чердак «голова»*), сердце при этом метафорически предстает как символический центр дома – очаг, печь. В английском языке лексемы *heart* «сердце» и *hearth* «очаг» имеют общую этимологию (см. подробнее: [Пименова 2001: 298]).

В современных исследованиях по метафоре упускаются из виду те производные слова, которые имеют только метафорическое значение и лишены прямого, буквального. Например, прилагательное *трогательный* производное от глагола *трогать*, имеющего в словаре помету «перен.». Однако слово *трогательный* не имеет такой пометы и формально оно не является метафорой. Поскольку традиционно переносное значение рассматривается на уровне слова и предполагает двуплановость (например,

лиса как животное определенного вида → хитрый человек), слова, имеющие только метафорическое значение, выпадают из зоны внимания. «Способ представления мира у разных народов национально-специфичен в силу различных факторов: природных, социальных, культурных, этнопсихологических» (Маслова 2007: 257).

Согласно когнитивной концепции метафоры, суть метафоризации заключается в следующем: человек сравнивает некоторые сущности, принадлежащие к разным категориям или к разным уровням категории, предполагает, что концепт X похож скорее на концепт Y, чем на концепт Z в некоторых аспектах (например, Жизнь в каком-то аспекте – это, скорее, игра, а не борьба), и условно отождествляет концепт X с концептом Y, имеющим какие-нибудь сходства (в широком смысле, включая и корреляцию опыта) с концептом X (например, Жизнь – это Игра). Опираясь на это условное отождествление, человек далее ищет и другие сходства, переносит структуру знаний и систему социо- и культурно обусловленных ценностей, связанные с концептом Y, мыслит и действует в соответствии с перенесенным концептом (перенос концепта игры на концепт жизни значит: раз жизнь всего лишь игра, незачем воспринимать ее всерьез). Фактически концептуальная метафора строится на основе «метафорической модели» в форме «X – это Y», то есть на существующей в сознании носителей языка взаимосвязи между понятийными сферами.

Представление фактов определенных сфер жизни человека посредством других – явление универсальное для разных языков. Однако сами сферы, определяющие друг друга, не совпадают. Так, на-пример, носители русского языка прямо определяют свою национальную принадлежность посредством особых признаков концептов *душа*, *дух*, *сердце* и *ум* (см. подробнее: Пименова 1999). Человеку не нужно придумывать слова; он пользуется теми ресурсами, которые есть в его языке. Внутренний мир человека – область абстракции; составляющие этой области – явления метафизические, ирреальные. Для того, что передать эти ирреальные сущности, язык предоставляет возможность использования знаков, закрепивших за собой уже существующий физический опыт. Концептуальные метафоры и соответствующие когнитивные модели, используемые для описания внутреннего мира человека, можно представить в виде универсальной типовой (присущей большинству концептов) структуры (подробнее см.: Пименова 1999; 2003: 28-39).

В сознании современного человека сталкиваются две различные исторические традиции. Первая отражает ценности, идеалы и представления людей, сложившиеся как формы исторического опыта бытия в мире и образующие ядро сознания человека, т.к. именно это ядро и есть концептуальная картина мира, которую человек осваивает с языком. Другая историческая традиция обусловлена системой научного знания, которая не

появилась одномоментно, а развивалась в течение всего периода становления народа. Система научного знания осваивается сознательно, именно это знание человеку дается со школьной скамьи, а концептуальная система скрывается в недрах языка, познается стихийно, неосознанно, ее усвоение происходит с момента рождения. Человек, не задумываясь, употребляет те или иные формы языка, потому что так принято.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Лакофф, Дж., Джонсон, М.** Метафоры, которыми мы живём // Теория метафоры. – М., 1990. – С. 387-415.
- 2 **Маслова, В. А.** Введение в когнитивную лингвистику : учеб. пособие / В. А. Маслова. – М. : Флинта : Наука, 2007. – 296 с.
- 3 **Пименова, М. В.** Этногерменевтика наивной языковой картины внутреннего мира. – Кемерово: Кузбассвузиздат; Landau: Verlag Empirische Pädagogik, 1999. – 262 с. (Серия «Этногерменевтика и этнориторика». Вып. 5).
- 4 **Пименова, М. В.** Концепты внутреннего мира (русско-английские соответствия): дис. ... докт. филол. наук. – СПб., 2001. – 497 с.
- 5 **Пименова, М. В.** О типовых структурных признаках концептов внутреннего мира человека (на примере концепта душа) // Язык. Этнос. Картина мира. – Кемерово: Комплекс «Графика», 2003. – С. 28-39 (Серия «Концептуальные исследования». Вып. 1).
- 6 **Пименова, М. В.** Душа и дух: особенности концептуализации. – Кемерово : Графика, 2004. – 386 с. (Серия «Концептуальные исследования». Вып. 3).
- 7 **Пименова, М. В.** Концептосфера внутреннего мира человека // Попова З. Д., Стернин И. А., Карасик В. И., Борискина О. О., Кретов А. А., Пименов Е. А., Пименова М. В. Введение в когнитивную лингвистику: учебное пособие. – Кемерово : Графика, 2004. – С. 133-185 (Серия «Концептуальные исследования». Вып. 4).
- 8 **Ченки, А.** Семантика в когнитивной лингвистике // Фундаментальные направления современной американской лингвистики. – М. : МГУ, 1997. – С. 340-369.
- 9 **Lakoff, George.** Women, fire, and dangerous things: What categories reveal about the mind. – Chicago : University of Chicago, 1987.

Материал поступил в редакцию 08.06.15.

М. В. Пименова

Антропоморфия мәдениет коды

Теміржол әскерінің және әскери қатынас материалдық-техникалық камсыздандыру әскери академиясының әскери институты, Санкт-Петербург қ., Ресей.
Материал 08.06.15 баспаға түсті.

M. V. Pimenova

Anthropomorphic culture code

Military Institute of Railway Troops and Military Communications of the Military Academy of Logistics, St-Petersburg, Russia.
Material received on 08.06.15.

Әрбір ел мәдениетінде әлемдік өз үлгісі болады, тіл білімі ғылымында әлем суреті деп жиі аталатын. Әлем суретін ұғыну оңай емес, себебі онда тіл белгілері қойылғанына көңіл бөле бермейміз. Жат ел мәдениет суреті көрнекті, оны призма тілі арқылы көруге болады егер теңеу жүйесінің кілтін тапсаң. Қазір тіл білімі ғылымының жетістіктері қатары, тіл дәлелдерінің елеулі ықпалдары мен түсініктері толық жинақталған. Лингвоәдістеме санасын өзгерту уақыты келді. Яғни тілді және мәтінді оқыту қалыптасқан қозғарас пен стереотиптік жүйеде болмау керек.

Each culture has its own model of the world, which is often called worldview in linguistics. It is not always easy to master the worldview; we do not notice how the worldview is fixed in the language signs. The worldview of other culture is more noticeable, it can be seen through language prism if the key to the metaphor system can be found. Due to the range of achievements in cultural linguistics, when a significant number of language facts are accumulated and explained, it is high time to change the linguistically methodical conscience, i.e. the system of set stereotypes and views on the language and text and their teaching methods.

УДК 82 (574)

К. Х. Рахимжанов¹, М. К. Акишева²

¹к.ф.н., доцент, профессор; ²к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

О РОМАНЕ Ж. АЙМАУЫТОВА «ҚАРТҚОЖА»

В статье рассматривается роман Ж. Аймауытова «Карткожа», в котором показан духовный рост героя.

Ключевые слова: Ж. Аймауытов, роман, духовный рост, советская власть, духовная раскрепощенность.

С целью формирования интеллектуального потенциала общества в рамках грантового финансирования научных исследований (в соответствии с Законом Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2013-2015 годы» № 54-V от 23 ноября 2012 г., постановлением Правительства Республики Казахстан «О реализации Закона Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2013-2015 годы» от 30 ноября 2012 года № 1520, Законом Республики Казахстан «О науке» № 407-IV ЗРК от 18 февраля 2011 г., решением Национального научного совета о грантовом финансировании, приказами Председателя Комитета науки № 23-к от 9 февраля 2012г. и № 37 от 4 сентября 2012 года проводится большая работа по изучению жизни и сферы деятельности писателя, педагога и общественного деятеля Ж. Аймауытова.

Творческим достижением писателя Ж. Аймауытова является роман «Карткожа» (1926), написанный на уровне лучших образцов европейской прозы. Судьба романа была трагичной. В годы репрессий все произведения писателя были запрещены и уничтожены, и лишь в конце 80-х годов XX века романы «Карткожа» и «Ақбилек» были возвращены читателю.

Ученые считают, что это «Одно из первых значительных художественных произведений казахской литературы, отвечающее требованиям реалистической прозы, европейским требованиям жанра. Роман «Карткожа», названный в русской аннотации романом, а по определению самого автора – длинным рассказом, опубликован в 1926 году в Кызыл-Орде. По современным меркам, это небольшое произведение, объемом 7-8 печатных листов. В отличие от вышедших в это же время произведений «Несчастливая Жамал» («Бақыткыз Жамал»), «Красавица Камар» («Қамар Сұлу»), «Калым» («Қалың мал»), «Смотрины невесты» («Қыз көрелік»), в которых проза и стихи чередуются, здесь нет смешения стилей, от начала до конца это серьезная, спокойная проза» [1, 117].

В произведении затрагиваются многие вопросы, волновавшие народ: это и насильственная мобилизация казахской молодежи на окопные работы 1916 года, и установление советской власти большевиками, и непростая судьба казахского народа. Автора интересуют внутренний мир и характер героя, человека из народа. Все происходящее в ауле передается через восприятие главного героя романа – Карткожи, судьба которого прослеживается с детских лет. Он чист душой и добр, великодушен.

Родители Карткожи – это люди бедные, но любящие свой народ и чистые душой. Писатель пишет о них с большой симпатией. Так, про мать пишет: «И каждому – и малому и большому: «Милый, дорогой!» – вот и вся она». Про отца говорит так: «Никогда не зарился на чужое, а когда мир поделился на две непримиримые партии, не соблазнился на дармовые».

В своем романе писатель стремился создать образ казаха, вобравшего в себя лучшие черты своего народа.

В начале романа перед нами мальчик Карткожа, сердцем и душой тянущийся к знаниям. Природный ум позволяет Карткоже в жизни, полной противоречий, бед и лишений понять и осмыслить главное – защита нужна, прежде всего, обездоленным и бедным. Вот, к примеру, эпизод, когда голодный Карткожа встречает по дороге девочку-сироту, забрав ее к себе, принимает активное участие в ее судьбе, по-братски заботится о ней, обучает ее. События 1916 года, а именно насильственная мобилизация казахской молодежи на окопные работы, становятся переломным моментом в жизни Карткожи: именно после мобилизации начинается водоворот в степи. Начинается обман и ложь, подкуп, чтобы оставить дома имущих, а обездоленных отправить в окопы, на фронт.

Закономерно перерастание народного недовольства в национально-освободительное восстание 1916 года. Силы неравны, молодежь насильственно отправляют на тыловые работы. Карткожа всегда находится в гуще событий, при этом всегда оставаясь чист душой. Большие преграды встают перед Карткожей: его обворовывают, он теряет документы, его высылают на фронт, насильно женят по закону степей на вдове брата. Однако все это не останавливает его на пути к знаниям, он заканчивает учительские курсы, полон стремления нести свет в казахские степи.

Аймауытов показывает рост самосознания героя, его духовное раскрепощение. Необразованный простой юноша из народа приходит к осознанию социального неравенства и необходимости борьбы с ним.

По мнению исследователя, «справедливо будет охарактеризовать его роман как своеобразный дастан или жырау о человеке из народа, пережившем многое. Это царская колонизация Степи, которая в 1916 году вызвала стихийное народное восстание: надежда на создание мусульманской автономии в рамках Советской России; жестокое самоуправство большевиков,

обманувших народ в вопросе национального самоопределения; НЭП, наконец, начало советского тоталитаризма, который потребовал от всех безусловного единомыслия и политического компромисса. Никуда не делся и Карткожа – стал марксистом: «На мир смотрит глазами автора «Капитала» Карла Маркса. Да вот незадача: никак не в силах избавиться от веры в Судьбу. Мелькает перед глазами череда лет и несчастий, и ничего изменить невозможно, какими бы ни были жуткими пережитые дни...» [1, 152–153].

«Возвращается Карткожа с молодой супругой в аул, туда, где труднее всего, куда вот-вот надвинется голод и мор. И утешает себя этот выносливый, негеройский, но чистосердечный человек, учитель только тем, что «ищущий найдёт». Исследователь справедлив, отмечая, что «Здесь автор расстается со своим героем без всяких посулов... Надвигается ещё на Степь и растлевающее советское бюрократическое чиновничество... Как оставаться в такую эпоху человеком честным и добрым? – вот романная проблема, превращающая доверительный, как бы изустный рассказ о различных перипетиях в судьбе бедняги Карткожи в правдивую и в общем страшную картину жизни Степи» [2, 152–153].

Писатель прослеживает духовное раскрепощение своего героя, раскрывая саму логику жизни; честный и мыслящий человек из угнетенной среды неумолимо приходит к осознанию социального неравенства и необходимости борьбы с ним [2, 152–153].

В романе «Карткожа», писатель, проанализировав губительные последствия насильственного оседания кочевников, отвечает на вопрос, что такое оседлость, как она видится казахам. Если перейти на оседлый образ жизни, станет ли казахам легче жить? Жизнь говорит об обратном. Аулы, ставшие оседлыми, превратились в могилы. Люди, упавшие духом, потерявшие скот, не знающие языка земледелия, ни орудий труда, ни средств передвижения, нищенствующие. Автор справедливо задается вопросом: оправдан ли перевод населения к такому типу хозяйствования? Как спасти людей, обреченных на голод и вымирание, не приученных к земледелию, веками кочевавшим по степи, людей с другим укладом и ритмом жизни, с другим миропониманием, с иными подходами ко времени и пространству? Значит, звучит мысль, нужен постепенный переход к новому укладу жизни в соответствии с ценностными установками людей [3]. Путешествия Карткожи (тыловые работы, учеба) и возвращение домой к точке циклического отсчета происходит всегда в новом статусе и качестве. Возвращение героев к родным истокам, и в то же время к себе другому, происходит через преодоление расстояния и времени, что помогает им видеть новые грани мира с высоты приобретенного жизненного опыта и знаний. То есть отмечается духовный рост героев, когда спиралевидный жизненный путь, постепенно приводит человека к новым высотам жизни [3]. Герой (тезис),

уезжая из аула (антитезис), возвращается в новом качестве (синтез). Но здесь числовая гармония представлена не как магическое действие, а как жизненный путь человека, связанный с реальным изменением человека, его активной деятельностью по собственному преобразованию. Числовая гармония как тождество этического и эстетического, по Ж. Аймауытову, ведет к свершению, к деянию. Этически доброе и эстетически прекрасное, сливаясь в деянии на каждом новом витке жизненной спирали, дают импульс развитию человека на новом уровне. В этом основании сокрыт бесконечный процесс становления человека» [3].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Нурғали, Р.** Жусупбек Аймаутов. // Библиографический указатель: ООУНБ им. С. Торайгырова. – Павлодар : ЭКО, 2011. – С. 117–130.
- 2 **Бадиков, В.** Основоположник казахского романа: О романах Ж.
- 3 **Ахметова, Г. Г., Айтказин, Т. К.** Этическое и эстетическое в творчестве М. Ж. Копеева, С. Торайгырова и Ж. Аймауытова : учебное пособие для студентов специальности 050204 Культурология / Г. Г. Ахметова, Т. К. Айтказин. – Павлодар : Кереку, 2010. – 98 с.

Материал поступил в редакцию 04.05.15.

К. Х. Рахимжанов, М. К. Акишева

Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романы туралы

С. Торайгыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 04.05.15 баспаға түсті.

K. Kh. Rakhimzhanov, M. K. Akosheva

About the novel of Jusipbek Aimauytov «Kartkozha»

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 04.05.15.

Мақалада Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романы туралы жазылған, романда басты кейіпкердің рухани өсуі көрсетілген.

The article discusses the novel of Zh. Aymauytov «Kartkozha», which shows the spiritual growth of the hero.

ӨОЖ 130:159

Ә. М. Сармекенова

магистрант, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

КАЛЬКАЛАУ – МЕДИЦИНАДАҒЫ ТЕРМИНЖАСАУДЫҢ ТӘСІЛІ

Мақалада медициналық терминдерді қалькалау әдісі қарастырылады, калька түрлері сипатталады (сөзжасам, семантикалық, фразеологиялық).

Кілтті сөздер: қалькалау, медициналық термин, сөзжасам, семантикалық, фразеологиялық, терминология.

Салалық терминология мәселесіне назар аудару ғылым мен техниканың сан түрлі салаларында қазақ тіліндегі терминдер жүйесін қалыптастыру үшін алатын орны ерекше. Қазіргі кезде салалық терминологияны зерттеудің маңыздылығы елімізде ғылыми-техникалық прогрестің дамуынан әрбір өнеркәсіптік сала мен қоғамдағы саяси-өмірдің өзгерістеріне келіп саяды. Бұл жөнінде Ә. Қайдар: «Салалық терминология мәселесін зерттеудің бірнеше себептері болады. Атап айтқанда, біріншіден, ғылыми-техникалық прогресс талабына сай әрбір өркениетті елдің терминологиясы да заман талабына орай дамуы тиіс; екіншіден, қазақ әдеби жазба тілі мемлекеттік тілдің негізі болса, терминология мен ғылым тілі оның жөн арқасы болуға тиіс; үшіншіден, қазақ тілі терминологиясы әр түрлі жағдайларға байланысты үлкен дағдарысқа ұшырап отыр. Әркім өз бетінше термин жасау орын алып отыр», – деп атап көрсетеді [1].

Медицина саласындағы терминдер де қазіргі заманға сай дамып келеді. Медициналық терминологияда әртүрлі пәндерден енген кірме терминдермен қатар қазақ тіліндегі терминдердің саны да мол. Олардың кейбіреуін жасағанда қазақ тіліндегі сөзжасам тәсілдері пайдаланылады. Медициналық терминжасамда аударма тәсілінің – қалькалаудың – рөлі зор.

Калька жазбаша түрде өтетін тілдік қатынастардың нәтижесі, себебі тілдік қатынастар кезінде лингвокультуралық қауымдастықтың өкілдері екінші тілді білмегеннің салдарынан қауышу кезінде тіл қорының жетіспегенін сезіп, тілдік тапшылықты жабу үшін әр-түрлі тәсілдерді қолданады. Соның бірі – реинтерпретация. Реинтерпретация үдерісін В. Фон Гумбольдт бір тілді басқа тілдік элементтерін кіргізу арқасында толықтыру деп көреді [2]. Бірінші тілді екінші тілдің әр-түрлі элементтерін ендіру арқылы толықтыру мүмкін. Сондай толықтырғыш элементтерге кірме сөздер, калькалар, грамматикалық және синтаксистік конструкциялар жатады. Бір тілден басқа тілге ауысатын

элементтердің арасында калькалар бар. Калька тәсілін кірме сөздерден айыра білу керек. Калькалар мен кірме сөздердер бір шетелдік сөздердің тобына жатпайды. Ал Э. Хаугеннің пікірінше, калькалар кірме сөздердің тобына кіре алады. Бірақ ғалымдардың көбі бұл пікірді қолдамайды. Ш. Балли, Л. П. Ефремов, Б. Унбегаун, К. Шуман, Н. Мольнар кірме сөздермен калькаларды бір-бірінен айырып бөлек қарайды. Б. Унбегаунның айтуы бойынша, кірме сөздерде дыбыстық және мағыналық тұлға басым болады.

Л. П. Ефремовтың пікірінше, калькаларды және кірме сөздерді бір-бірімен шатастырмай ажырата білу керек [3]. Калькалар мен шетел сөздердің ара жігін ажырата ашатын белгілерді атауға болады: шетел сөздер қабылдаушы тілге өз материалдық тұлғасымен бірге енеді, ал калькалардың материалдық тұлғасы қабылдаушы тілдегі материалдан сомданып, шетел сөзінің тек ішкі құрылысы, мағынасы ғана алынады. Кірме сөздер басқа тілге өз тіліндегі материалдық формасымен келеді. Бұл жағдайда рецептор – тіл кірме сөздерді өзінің ұғымдық және материалдық жақтарымен қабылдайды. Ал калькалау кезінде шетел тіліндегі сөздің ұғымдық компоненті ғана алынып, материалдық жағы, яғни белгіленуші жағы қабылдаушы тілдің материалынан құралады. М. М. Копыленконың пайымдауынша, калькалар бір тілдің басқа тілге көрсеткен ықпалы арқылы пайда болады [4].

Калька – тілдер бір-біріне тығыз қатынаста болу кезінде пайда болады. Калькалар тілдердің конвергенттену, яғни жақындасу, бір-біріне ұқсау моментінде тілге енеді. К. М. Әбішева бойынша, кірме сөз бен кальканың айырмашылығы келесіде: 1) калька шетел сөзінің ішкі мағынасын, құрылысын қабылдаудың нәтижесі. Бұл жағдайда тілге шетел сөзінің ішкі құрылымы, желісі, мағынасы ғана енгізіледі.

Сөздің қабыршағы туған тілдің материалы арқылы сомдалынады; 2) егер де кірме сөздердің материалдық тұлғасы сөзбен бірге бөтен тілге кірсе, калькаларда материалды тұлға кірмейді; 3) калькалардың үлгісі – шетел сөздердің мағына құрылымы мен мотивациясы, бірақ жасалымы көне тілдің материалынан жасалынады, кірме сөздердің мотивациясы да, материалдық базасы да шетелден кірді; 4) калькалар – шетел сөздер емес, олар шетелдік сөздердің ішкі тұлғасымен мотивацияланған жаңа сөздер; калькалар адаптация, ассимиляция үдерісінен өтеді [5]. К. М. Молдабеков та калькалар мен кірме сөздердің бір топқа жатпайтынына назар аударады: «Калькалар – жаңа сөздер немесе сөз тіркестер. Калькалау негізінде шетел сөзінің мағынасы мен құрылымы ғана қабылданып, сөзжасамдық элементтер (түбір, жұрнақ, жалғау) өз тілінен алынады» [6]. Калькалар аударма сөз де емес. Калькалау тәсілі аудармадан ерекшеленеді. Ш. Құрманбайұлының пайымдауынша, «калькалаудың аудармадан ерекшелігі – қабылдаушы тілде жаңа сөз пайда болып, ол сөздің мағынасы сол жаңа сөздің жасалуына негіз болған тілдегі сөздің мағынасымен сәйкес келеді».

А. В. Суперанская, Н. В. Подольская, Н. В. Васильеваның пайымдауынша, калькалау – терминдену, терминжасам және терминалмасым сынды негізгі үш тәсілдің бірігуінен (киылысуымен өзара әсерінен) тұрады [7, 219].

Калькада алдыңғы екі (а, ә) түрлі сипаттың болуын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, үшінші тұжырымның негізі берік деуге болады. Калькалау барысында өзге тілдегі сөздің мағынасының, құрылымының пайдаланылатыны рас. Өнімділігіне қарай кальканы жеке тәсіл ретінде танып, өзге тілден сөз алынбай ұлт тілінің өз сөзін пайдаланылатындықтан оны «жасырын сөзалмасым» немесе «жабық сөзалмасым» деп атайды. Калькалау барысында бір тілден екінші тілге сөз мағынасы да, сөздің құрылымы да алмасумен қатар нәтижесінде қабылдаушы тілде жаңа термин жасалады. Яғни мұнда тіларалық терминдену мен терминжасамдық сипат бар. Сол себепті калькалауды үш тәсілдің бірлігінен тұратын, терминжасамның құранды тәсілі ретінде қарастырудың негізі бар.

Кальканың құрылымы мен қабылдаушы тілде игерілуіне қарай кальканың негізгі үш түрі жіктелінеді: сөзжасамдық калька, семантикалық калька, фразеологиялық калька. Медициналық терминжасамда калькалардың осы негізгі түрлері жиі кездеседі, қараңыз: 1) сөзжасамдық калькалар шетел сөзін әр морфемалар бойынша дәл аудару тәсілі болып табылады. Сөзжасамдық калькаларды құрылымдық калькалар деп атауға да болады, себебі олар басқа тілден алмастырылған сөздің құрылымдық компоненттерінің орнын бұлжытпай сақтайды (не компоненттердің орналасу ретін сақтайды, не түбірді түбірмен, жұрнақты жұрнақпен алмастырады), қараңыз: алмения (*талақсыздық*), бескровный (*қансыз*), безумие (*ақылсыздық*), векорасширитель (*қабақкеңейткіш*), выборка (*сұрыптау*), вскармливание (*тамақтандыру*), вязность (*тұтқырлық*), глаукома (*суқараң*), глазоносный (*көзмұрындық*), двусторонняя (екі жақты), глухота (*саңыраулық*), хриплый (*қарлыққан*), дезинтоксикант (*ұйтқайырғы*), дезинфаль (*бүріккіш*), дивергенция (*салмақтау*), дифония (*қосүнділік*), дольки (*бөлікшелер*), нехирургический (*отасуыз*), дробление (*ұсақтау*), заболеваемость (*аурушаңдық*), жирулеователь (*майтұтқыш*), заместительный (*алмастырғылық*), т.б. [8]. Семантикалық калькалау – терминжасам амалы, онда басқа тілдің термині басқа пайымдалып, басқасының ықпалымен қосымша мәнге ие болады. Семантикалық калькалау – өзге тілдік үлгідегі семантиканың соңынан уәжді ілесу үдерісі: блокада (*қоршау*), блок (*бөгет*), близнец (*егіз*), борозда (*жылға*), бред (*сандырақ*), бүж (*сүмбіл*), витилиго (*ақтаңдақ*), впадина (*ойық*), давление (*қысым*), дефект (*ақау*), диагностика (*нақтама*), диета (*емдем*), доминантный (*басымдықты*), дуга (*имек*), дуне (*себезгі*), жаба (*қыспа*) т.б.

Фразеологиялық калька – фразеологизмді сөзбе-сөз аудару. Фразеологиялық калькаларды жасағанда шетелдік терминологиялық

тіркестерден құрылымын алып, сөзжасамдық материалдарды қабылдаушы тілден алады. Олардың екі-үш түрі болады: 1) дәл калька. Мұндай калькаларды жасағанда шетелдік терминологиялық тіркеске өз тілінен содан айнымайтын фразеологиялық эквивалентті табуға тырысады. Дәл калькаларда шетелдегі терминологиялық тіркестің үлгісі алынып, қабылдаушы тілдің материалы пайдаланады, бірақ шетелдік құрылымдық үлгі бойынша жасалған фразеологиялық калькаларда компоненттердің орны сақталады, мағынасы өзгермейді, қараңыз: нестирильный иммунитет (*бейстерильдік иммунитет*); пассивный иммунитет (*белсенді емес иммунитет*); аффективные иллюзии (*сезімдік иллюзии*); еюногастральная инвагинация (*аийшек-асқазан қынапталуы*); влажные ингаляции (*ылғалды ингаляциялар*); инкурабельная индурация (*ем қонбайтын байдауа*), т.б. Шетел тіліндегі фразеологиялық, яғни терминологиялық тіркестер әр түрлі тәсіл арқылы жасалады, мәселен: а) сын есім + зат есім; в) зат есім + зат есім. «Сын есім + зат есім» моделімен жасалған терминологиялық тіркестер екі тәсіл арқылы калькаланады: а) а) «зат есім + зат есім». Бұл жағдайда шетелдік сын есімнің жұрнағы қысқартылады, қараңыз: фосфатный камень (*фосфат тас*); желчный каналец (*от түтікше*); б) зат есім + зат есім моделімен жасалған шетел терминологиялық тіркесі «сын есім + зат есім» моделімен аударылады: капля жира (*май тамшысы*); контрактура челюсти (*жақсүйек контрактурасы*); конфигурация сердца (*жүректік пішіндеме*); кровоток капилляров (*қылтамырлық қанағыш*), т.б.

Егер шетелдік терминологиялық тіркестің анықтамалық жағы екі сөзден, мәселен, – *образный*, – *видный*, – *подобный* – құралса, онда ол қазақ тіліне келесі түрде калькаланады: негізгі түбір, егерде аударуға жатпаса, өзгеріссіз қалады да, аударылған жағы қазақ тіліндегі балама сөзбен алмастырылады [9]. Жоғарыда көрсетілген компоненттер тәрізді деген сөзбен алмастырылады, қараңыз: конусообразная капсула (*конус тәрізді капсула*); курареподобный купол (*кураре тәрізді*); ногтевидный (*тырнақ тәрізді*).

2) дәл емес калькаларда шетел фразеологизмдердің не мағынасы, не құрылымдық компоненттері өзгереді (*орын алмастырады*), қараңыз: журнал регистрации (*тіркеу журналы*); жир насыщенный (*қаныққан май*); звук перкуторный (*перкуссиялық дыбыс*); зрачок неподвижный (*қимылсыз қарашық*); зрачок прыгающий (*өзгермелі қарашық*); зрение стереоскопическое (*стереоскопиялық көру*); игла аспирационная (*аспирациялық ине*); изгиб ободочной кишки (*тоқішектің оңжақ иіні*), т.б.

Шетел тіліндегі сөздердің толық немесе жартылай игерілуіне қарай да калькалар жіктеліп жатады. Егер өзге тілдегі сөз үлгісі жартылай көшірілсе, оны жартылай калька, ал тұтастай көшірілсе, онда оны толық калька дейді. Толық калька – кальканың шет тілі сөзінің мағынасы мен мазмұнын ашуға барлық компоненттері қатысатын түрі. Толық калькалардың

медицина саласындағы қолдануы, мәселен: несвязность мышления (*ойдың байланыссыздығы*); обертывание холодное (*салқын құндақ*); область глазницы (*көзұя аумағы*); облик больного (*науқас кейпі*); онемение лица (*беттің ұюы*); оснащение больницы (*аурухананы жабдықтау*). Ал жартылай калькада шетел терминінің мағынасын ашуда сыңарларының бір бөлігі немесе біреуі ғана қатысады, қалған сыңарларын терминнің дыбысталуына ғана ықпал етіп, дербес мағынасы сақталмайды, мәселен, острый нефрит (*жіті нефрит*); нефропатия беременных (*жүктілі нефропатия*); облучение лазерное (*лазермен сәулелеу*); ослабление симптома (*симптомны бәсеңдеуі*); осложнение неврологическое (*неврологиялық асқыну*); перифигус контагиозный (*жұққыш перифигус*); перикард серьезный (*сірнелі перикард*); периколит левый (*оңжақ периколиті*); перимизий внутренний (*ішкі перимизий*), т.б.

Калькалау – өзге тілдердің сөзін өзгерусіз көшіру емес. Ол жаңа сөзжасам тәсілінің бірі. Толық калька жасау кезінде ұлт тілінің сөздері мен қосымшалары пайдаланылады. Термин жасаудың жаңа үлгілері пайда болады. Семантикалық калька жасау барысында метафоралау, алмастыру жолымен тіліміздегі сөздерді арнайылану, терминдену үрдісі жүзеге асады. Калькалауды механикалық түрде айнытпай көшіру деп қана қабылдамай, оның белгілі дәрежеде шығармашылық үрдіс екендігін ескерген дұрыс. Бұл орайда, «Калька – тіл тұтынушыларының шет тілдері сөздерінің еш өзгеріссіз ұлт тіліне енуіне қарсылығы» деген пікірдің негізсіз емес екендігіне назар аударған абзал [9]. Жалпы қай тәсілмен болмасын жаңа термин жасау әркімнің қолынан келетін оңай іс емес. Сондықтан да Г. Ц. Пюрбевтің ойынша, термин шығармашылығында бұл тәсілді пайдалану қиындықтарды тудырады, «Калькалау тәсілімен термин жасау – оңай іс емес. Аударма сәтті болуы үшін шет тілі сөзінің семантикасын, морфологиялық құрылымы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» [10]. Медициналық терминдердің барлығы калькалауға келе береді деген ойдан аулақ болу керек. Калькалау барысында сөз аударылып, мағына аударылмай қалатын жағдайлар да кездеседі. Бұндай терминдер ұзаққа бармай, қолданыстан шығып қалады. Калькалау үдерісінде сөздің нақты мағынасы аударылып, жетті деген жағдайда осы терминжасам тәсілі қолданылуға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қайдар, Ә.** Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.
- 2 **Гумболдт, В.** Язык и философия культуры. – М. : Прогресс, 1985. – 450 с.
- 3 **Ефремов, Л. П.** Лексическое и фразеологическое калькирование// Учен. труды Самаркандского гос. ун-та. Вопросы фразеологии. – Самарканд, 1961.

4 Копыленко, М. М. Кальки греческого происхождения в языке древнерусской письменности // Византийский временник. – М., 1993.

5 Абишева, К. М. Казахско-русские языковые контакты и вопросы ассимиляции иноязычных слов в системе языка-реципиента. – Алматы : РИО ВАК РК, 2000. – 276 с.

6 Молдабеков, К. М. Освоение русских и интернациональных слов в современном казахском языке. – Алма-Ата : Мектеп, 1989. – 117 с.

7 Суперанская, А. В., Подольская, Н. В., Васильева, Н. В. Калькирование // общая терминология. Вопросы теории. – М., 1989.

8 Медициналық терминдер сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 2009. – 800 б.

9 Урекенова, Р. А. Освоение казахским языком русских терминов путем калькирования // Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы, 1986.

10 Пюрбеев, Т. Ц. Современная монгольская терминология. – М., 1989.

Материал 27.04.15 баспаға түсті.

A. M. Sarmekenova

Калькирование – эффективный метод составления терминов в медицине

Университет «Туран-Астана», г. Астана.
Материал поступил в редакцию 27.04.15.

A. M. Sarmekenova

Tracing – an effective method of drawing up the terms in medicine

University «Turan-Astana», Astana.
Material received on 27.05.15.

В статье рассматриваются способы калькирования медицинских терминов, характеризуются виды калек (словообразовательные, семантические, фразеологические).

The article discusses the ways of tracing medical terms, describing the types of cripples (word-formation, semantic, phraseological).

ӨОЖ 81'42; 801.7

А. Қ. Таусоғарова

филол.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

БҮРКЕНШІК ЕСІМДІ МӘТІНДЕРДІҢ АВТОРЫН АНЫҚТАУДАҒЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ӨЛШЕМДЕР

Бұл мақалада XIX ғ. аяғы XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ басылымдарында бүркеншік есіммен жариялаған әдеби, ғылыми, публицистикалық сипаттағы шығармалар және олардың авторларын анықтау мәселесі туралы сөз қозғалады. Бүркеншік есіммен жарияланған шығармалардың авторын анықтаудағы квазисинонимдердің, біркелкі құрылымды синтаксистік конструкциялар мен метафоралардың жүйелі қолданылу ерекшеліктерінің, тілдік тұлға дискурсына тән вариативті интерпретация құралдарының тұрақты жиынтығының орны көрсетіледі.

Кілтті сөздер: бүркеншік есім, идиостиль, квазисинонимдер, тілдік тұлға дискурсы, синтаксистік конструкция.

Тарихымыздың түрлі алмағайып кезеңдерінде көпшілік жағдайда саяси-идеологиялық, сондай-ақ басқа себептерден де болуы керек авторлардың өз әдеби, ғылыми, публицистикалық сипаттағы шығармашылық еңбектерін (мақалаларын) бүркеншік есіммен жариялағандары, әсіресе, мұның қазақ басылымдарында XIX ғ. аяғы XX ғасырдың алғашқы ширегінде кеңінен орын алғаны көпшілікке белгілі. Әдебиет пен мәдениет және тарих үшін аса маңызды мәліметтер қамтыған бұл зор көлемді әдеби шығармашылық мұра авторлық мәселесі төңірегінде төмендегідей дауларды тудыруы, біздіңше, заңды құбылыс: «Арғын» есімі Міржақып Дулатовқа да, Мұхтар Әуезовке де телінеді (Ү. Субханбердина. Қазақ халқының атамұралары. 813-бет). «Айқап» (1912. №6. 134-136 б.), «Қазақстан» (1912. №8. 6 наурыз), «Қазақ» (1913. №33, 34, 35) газеттерінде осы есімнің атынан жазылған «Ай астында ешнәрсе байқалмай тұрмақ емес», «Газет пайдасы», «Аурудың аз болуына не керек» атты мақалалар кездеседі. «Арғын» есімі Міржақыптікі деген тұжырымдар «Қазақ» газеті жинағында, басқа да басылымдарда тараған. ... Біздің пікірімізше, «Арғын» есімінің М. Дулатовқа да, М. Әуезовке де қатысы жоқ. Себебі жоғарыда көрсетілген мақалалардың бірінде «Ветеринарный врач Арғын» деп қол қойылыпты (Айқап. 1912. №6. 136 б.)» [1, 10].

Бүркеншік есімді мәтіндердің атрибуциясында ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей, *құжаттық-өмірбаяндық* (қолжазба, шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін көрсететін күнделік, жазбалар) дәлелдемелермен

бірге, шығарманың идеялық мазмұнын зерттеу негізіндегі *идеологиялық* және шығарманың тілі мен стилін қарастыру барысындағы *стилистикалық* тұжырымдар басты орын алады [2, 183].

Атрибуция үдерісінде әр түрлі бүркеншік есімдермен берілген мәтіндерді өзара стилдік ерекшеліктері тұрғысынан салыстыру арқылы идентификация жүргізіледі. Мұнда стилдік ерекшеліктер қатарынан А. Н. Баранов [3, 46] көрсеткендей, тақырыптық маңыздылығы жоқ квазисинонимдердің түрлі авторлар тарапынан біркелкі қолданылмауы да орын алады. Мысалы, өзара синонимдес *қалау*, *тілеу* тілдік бірліктеріне келгенде, «Алашұлы Азамат» және «М. Д.» бүркеніш есімдерімен жарияланған мақалаларда *тілеу* сөзіне үнемі таңдау түскенін көреміз¹. Мысалы, Алашұлы Азамат бүркеншік есімімен берілген «Жер мәселесі. Қала болу керек деушілердің пікірі» мақаласында: Соның үшін жоғарыдағы пікірлерде бір жақсылық болмаса екеуі де қатар салыстырылып тексерілуі тілеулі, ... қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты хукіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, ... («Айқап», 1911 ж, №11) деген сөйлемдерде *тілеулі* сөзі қолданылса, М. Д. бүркеншік есімімен жарияланған «Земство не нәрсе» мақаласында: «Заман нені тілесе, сол нәрсе закон болмақшы» (Қазақ, 1913 ж., №29 75-бет; II том), тағы М. Д. бүркеншік есімімен жарияланған «Земство не нәрсе» мақаласында: «Түркістанға земство беру керек екенін 1908-1909 жылдардың земски сметасын бекітерде Госдарственный Дума тілеп еді...» (Қазақ, 1913 ж., №39 111-бет; II том).

«Алашұлы Азамат» және «М. Д.» бүркеніш есімдерімен жарияланған мақалалардағы стилдік ұқсастықтар тек біркелкі квазисинонимдердің қолданылуымен ғана шектелмейді. Сонымен қатар өзара ұқсас синтаксистік конструкциялардың екеуінде бірдей кездесетінін аңғарамыз: Алашұлы Азамат бүркеншік есімімен берілген «Жазу тәртібі» мақаласында «*Керек мұсылманша, керек орысша* оқығандарды *құрметтеу*» («Айқап», 1912 ж., №8) түріндегі синтаксистік конструкция М. Дулатовтың 1914 жылы 15 қаңтар күні «Қирағат» кітабына алғысөз ретінде жазылған «Мұғалімдерге» мәтініндегі «Кісі қайда оқыса да: *керек ногайша, керек орысша, керек басқаша*, ақыл мақсұты білім үйреніп, асса халқына, қалса өзіне *пайда келтіру*» деген сөйленіске қимыл есімімен аяқталуы сипатындағы құрылымы жағынан да, кейбір сөз тіркестерінің (*керек ногайша, керек орысша,...*) сипаты жағынан да сәйкес келеді.

Және Алашұлы Азамат бүркеншік есімімен берілген «Жер мәселесі. Көшіп журу керек деушілердің пікірі» мақаласында («Айқап», 1911 ж., №11): «Соның үшін түбін ойлағанда, қазіргі тұрмыстың неше ғасырлардан бері бекіп қалған негізін *бұзбасқа керек*» деген сөйлемдегі ерекше бөлініп

көрсетілген тіркеске ұқсас синтаксистік құрылымдар жоғарыдағы соңғы аталған «Мұғалімдерге» мәтінінен орын алған: жадында *қалдырарға керек*, өз ойымен *ойларға керек*, үлгілі *боларға керек*, кезек *берерге керек*, қарап *отырарға керек*, байқағанын *сездіретге керек*, *түзеттіретге керек*, айттырып *шығарарға керек*. Мұнда, әрине, мақалалардың көлемі де, тақырыбы да талдауға алынып отырған синтаксистік конструкциялардың сан мөлшері жағынан өзара сәйкес келмеуіне ықпал етуі мүмкін. Ал, жалпы, бұл сияқты синтаксистік деңгейдегі өзара балама тілдік бірліктердің қолданылу жиілігіне қарай оны автордың идиолектісі ретінде қабылдап, Алашұлы Азамат және М. Д. бүркеншік есімдерінің бір ғана тұлғаға тиесілі екендігі тұрғысынан болжам жасауға болады.

Алашұлы Азамат және М. Д. бүркеншік есімдерімен «Қазақ», «Айқап» газеттеріне жарияланған мақалалардағы тілдік ұқсастықтарды ой, идеяның семантикалық-мазмұндық жағынан және метафоралық қолданыстардың біркелкілігі жағынан да топтастыруға болады.

Мәтін атрибуциясы тікелей жазбаша сөзі арқылы тілдік тұлғаны тануға, оны автор ретінде сәйкестендіруге бағытталады. Бұл тұрғыда тілдік тұлғаны жазбаша сөзі арқылы зерттеу оның тілдік дағдыларын қарастырумен ғана шектелмеуі тиіс. XX ғасырдың басында түрлі басылымдарда бүркеншік есімдермен қоғамдық-әлеуметтік, саяси-идеологиялық мәселелер бойынша үзбей мақалалар жазған жасырын авторды анықтауда оның мәтініне (мақаласына) прагматикалық аспектіде де талдау жүргізу маңызды. Интерпретаторлардың тілдік таңбаны қолдану және қабылдау ерекшеліктері арасындағы қатынастарды қарастыратын тіл прагматикасы (грек. прагма – іс-әрекет) мәтінді зерттеу барысында тілдік таңбаны қолданушы субъектінің (я сөйленіс, я мәтін, я дискурс авторының) өз көздеген мақсатын жүзеге асыруына оңтайлы келуіне орай тілдік құралдары іріктеп қолдану ерекшеліктері, ниет-пиғылы, стратегиясымен бірге, коммуниканттар (бұл жерде мақала авторы мен оқырман) арасындағы фондық білім, прессупозиция тұрғысындағы қатынастарды да зерттеуді қамтиды.

